ТҮРКІ
АКАДЕМИЯСЫ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ

МАҒЖАН

Шығармаларының
а к а д е м и я л ы қ
толық жинағы

ҮШІНШІ ТОМ

Астана, 2023

ӘЖК 821.512.122
КБК 84 Қаз 7-44
Ж 87

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. (жалпы редакциясын басқарған), Мустафаев Ш., Қасқабасов С., Қалиева А., Қыдыр Т., Әкімова Т., Мүрсәлімова Н., Рақыш Ж. (жауапты редактор), Салтақова Ж. (жауапты шығарушы). Сариев Ш., Сәрсек Н.

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторы Г.Орда, филология ғылымдарының докторы Қ.Әбдезұлы, филология ғылымдарының докторы С.Жұмағұл

Ж 87 **Мағжан**
Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 3-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Н. Мүрсәлімова, Ж. Рақыш, Ж. Салтақова. – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 728 бет.

ISBN 978-601-339-232-5 (жалпы)
ISBN 978-601-339-235-6 (3-том)

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық жинағы ғалымның 130 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Жинақтың үшінші томына «Педагогика» (1922), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Қызыл әскер әліппесі» (1926), «Сауатты бол» (1926), «Сауатты бол» (1930) атты бес оқулығы мен мақалалары берілді.

ӘЖК 821.512.122
КБК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-339-232-5
ISBN 978-601-339-235-6

© М.О. Әуезов ат. Әдебиет және
өнер институты, 2023

ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

ПЕДАГОГИКА

ТАРТУ

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.

Еліміздің аз ғана жылдың ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі.

Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері!

Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылдым.

Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаев

СӨЗ АЛДЫ

Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге шейін басылып шығып жарық көре алмады. Бұл айып менікі емес. Бүлінген замандікі.

Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым (көп пайдаланылған Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектері).

Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым.

Мен педагогика майданында бәйгі алып жүрген жүйрік емеспін. Кітаптың құрылысында, тілінде, түрлі ат қоюда, хатта, кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуға мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, қате жерлерін көрсетсе, сансыз рахмет айтар едім.

Мағжан Жұмабаев,
1922 жыл, 15 сентябрь,
Қызылжар.

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

ЖЕТЕКШІ СӨЗ

Тәрбие деген не?

Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі.

(Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұрғандықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда адамға шың мағынасымен «адам» деген атты осы жанға да беретіндігінен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе, жаның тәрбие қылу керек деп ұғу керек).

Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал, адам баласы туғанда іңгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды.

Тәрбие бөлімдері

Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осылай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала аурулы, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел.

Тәрбиеден мақсұт

Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсұт «адам» деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.

Педагогика қандай пән?

Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін, оған қандай тәрбие беру керектігін, һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, еш тәрбиені оқып білмей-ақ өз бетімен бере алмақ па? Әркім өзі-ақ жол тауып кеткендей, бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Сол басқа адамдардың тәрбие майданындағы тәжірибелерін көрсеткен жеке бір пәнмен, яғни тәрбие пәнімен таныс болу керек. Тәрбие пәні – педагогика деп аталады.

Педагогика грек елінің сөзі. Пед – бала, агоги – жетектеу деген екі сөзден құралған. Баяғы Грецияда балаларды бағып, мектепке алып келіп жүретін кәрі құлдар педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мақтаулы болмағандығы осыдан көрінеді. Бірақ, соңғы заманда пән, ғылым өсіп адамзат өнерленген сайын педагог деген ат қадірлі, қасиетті болып барады.

Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі

Балаға тәрбие қылғанда әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы – өз тәжірибесі. Яғни бала күнде өзі қандай тәрбие алған, һәм баланы бұрын өзі қалай тәрбие қылған. Міне, осы жолмен жүреді. Әрине, бұл жолды тіпті қисық жол деуге болмайды. Қисық болу былай

тұрсын, тәрбие туралы әрбір тәрбиешінің өз тәрбиесі – аса қымбат нәрсе. Адамның өз тәжірибесі – жүріп кеткен жолы. Ол жолдың жақсы-жаман жағы көз алдында сайрап тұр. Естігеннен көрген анық. Көргеннен бастан кешкен анық. Бірақ бұл әркімнің өз тәжірибесі қанша қымбат болғанмен, қатесіз жол деуге болмайды. Бір адамның тәжірибесі тым тар, тым бірбеткей тәжірибе. Тәрбиешінің өзіне қолайлы болған жол тәрбие қылатын балаға қолайлы болмасқа мүмкін. Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой. «Баланды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!» деген Әзірет Әлінің сөзінде көп шындық бар. Бұл – бір.

Екінші, әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ, ұлт тәрбиесін, ұлттың тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиесінің ішінде ұнамсыз, зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі – біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиесі қанша қадірлі, керек жол болғанмен, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді.

Жоғарыда айтқаннан көрінеді, балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін, тәрбиешінің өз тәжірибесі, һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы ғана жетпейді екен. Бұлар – бірбеткей шикі тәжірибелер. Бұлар сыннан өткізіліп, пісірмеген күйде берік негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтын мен мысын тізіп ала білу үшін тәрбие майданында шабылып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсу үшін тәрбие пәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек.

Педагогикаға жәрдемші пәндер

Педагогика адамның денесін һәм жанын дұрыс тәрбие қылу жолдарын үйрететін пән болғандықтан, педагогика пәнімен дұрыс пайдалана білу үшін, екінші түрлі айтқанда, адамды дұрыс тәрбие қыла білу үшін адамның денесі, һәм жанының жайын кеңес қылатын басқа пәндермен таныс болуға тиісті. Бұл пәндер төмендегілер.

Дене туралы пәндер

Анатомия – адам денесінің құрылысын баяндайды (денеде қандай мүшелер бар, жаратылысы қандай).

Физиология – адам денесінде болатын көріністерді баяндайды (қан жүру, демалу сықылды).

Гигиена – саулықты сақтау пәні.

Гимнастика – саулықты бекіту үшін түрлі дене қозғалысы туралы пән.

Жан туралы пәндер

Психология. Адамның жанының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл-ойдың жайын баяндайтын пән.

Логика. Дұрыс ойлау жолдарын көрсететін пән.

Этика. Құлық туралы пән. Яғни адамшылық не? Осыны баяндайды.

Педагогикаға тағы бір керекті пән

Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Міне, педагогика тарихы осыларды баяндайды.

ПЕДАГОГИКА БӨЛІМДЕРІ

Педагогика пәні беске бөлінеді:

1) Жалпы педагогика. Адамның дене, һәм жан күштерін, тәрбие жолдарын көрсетеді.

2) Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын керсетеді.

3) Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп белгілі бір пәнді қалай оқыту жолын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілін қандай жолмен оқыту керек екендігін үйретететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады.

4) Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай ұсталуға тиісті, сыныптарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек, міне, осылар сықылды мектеп құрылысы жұмыстарын көрсетеді.

5) Педагогика тарихы. Бұл пәннің не нәрсені кеңес қылатындығы жоғарыда айтылды.

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

Жалпы педагогика екі нәрсе жайынан сөйлейді:
1) Дене тәрбиесі, 2) Жан тәрбиесі.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Жан дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі зат та берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты. «Сау жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі, шын дұрыс мәтел.

Жаңа туған баланы тәрбие қылуға кіріскенде тәрбиеші төмендегі нәрселерді білуге һәм істеуге тиіс.

Өлшеу. Егер де сау болса, жаңа туған баланың салмағы 8 қадақ шамасында болады. Нашар, аурулы бала 6 қадақ шамасында, нағыз сау, таза бала 10-11 қадақ шамасында салмақты болады. Бастапқы 2-4 күн ішінде түрлі себептерден баланың туғандағы салмағынан $^{1}/_{2}$- $^{3}/_{4}$ қадақ шамасында кемиді. Мұнан соң бірте-бірте салмағы арта бастайды. 7-10 күнде туғандағы салмағына қайта түседі. Айдың аяғында туғандағы салмағының 1/3, алты ай шамасында 1/2, жыл аяғында үш есе артады. Мұнан

соң салмақ арту шабандай береді. Екінші жыл бойына бастапқы салмағының $^{1}/_{5}$, үшінші жыл бойына $^{1}/_{10}$, ал енді төрт жастан онға шейін жылына 4-5 қадақтан артып отырады.

Бала сау болып туды ма, аурулы болып туды ма, сау болып өсіп келе ме, жоқ ауруға айналды ма осыларды дұрыс біліп отыру үшін жоғарғы мөлшер бойынша баланы өлшеп отыру керек. Бастапқы айда күн сайын, мұнан соң жыл толғанша жетіде екі-үш рет, екінші жылда жетіде бір, үшінші жылда айында бір өлшеп отыру мақұл.

«Баламды безбенге сал деп айттың» деп қазақтың ыршып кетуінде сөз бар ма?! Тәрбиенің басқа түрлерін ести келе, адуын әжелер ыршымақ түгіл, ұрсып сөгіп тастар. Әйткенменен, амал қанша, көтерерміз. Мойнымыз жуан болғанмен, өзіміз жуаспыз. Біздің бар тілегіміз ырши-ырши, бізді ұрса-ұрса, тек біздің айтқанымызды естісе екен. Қайткенмен де біреу болмаса біреу, жүздерін болмаса да мыңнан біреу осы педагогика көрсеткен жолмен жүрер деп сенеміз. Біз өзімізді ақынның:

Сөзімді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар, –

деген сөзімен жұбатамыз.

Жылылық. Баланың да, жеткен адамның да өлшеулі жылылығы (Цельсий бойынша) 37-37$^{1}/_{2}$ градус болады. Бірақ, жаңа туған бала денесінің жылылығы бастапқы күндерде түрлі себептерден мынау өлшеуден 2-3 градус кем болады. Әйткенмен де ұзамайды, бұрынғы қалпына

түседі. Және баланың да, жеткен адамның да жылылығы бір тәулік ішінде бір қалыпта тұрмайды. Біресе өлшеуден асып кетеді, біресе төмен түседі. Жылылықтың төмендейтін уақыты – таңертең. Жоғарылайтын уақыты кеш. Дене жылылығы «термометр» деген бір құралмен өлшенеді. Осы құралмен баланың денесін күн сайын өлшеп тұру керек. Жылылық белгілі өлшемде тұрса, баланың сау болғаны, не жоғарылап, не төмендеп кеткен болса, баланың ауру болғаны. Жылылық өлшеніп отырылса, келе жатқан науқастың алдын алуға болады. Болмаса, науқас билеп алып, баланы қолды-аяққа тұрғызбай шыңғыртқанда, оның науқас екенін білу, көбінесе пайдасыз болып шығады ғой.

Дем алу. Жаңа туған бала бір минутта 40-44 рет дем алады. Мұнан соң бірінші жыл бойынша 35-40 рет, екінші жылда 28, үшінші жылында 25 рет, сөйтіп кеми-кеми, 15 жаста бір минутта 17-20 рет дем алатын болады. Міне, дем алудың осы мөлшерден кем немесе артық болуы баланың сау болмауын көрсетеді. Баланың дем алуын ояу отырғанда санау қиын. Ойнап, қозғалып отырғанда дем алуды мөлшерден арттырып жібереді. Дұрысы, ұйықтап жатқанда санау.

Тамыр соғу. Жаңа туған баланың тамыры бір минутта 150 рет соғады. Екі жасар баланың тамыры 120-ға шейін соғады. Жеткен адамның тамырының соғуы бір минутта 65-70-тен аспайды. Бала ояу отырғанда, әсіресе, жылағанда тамыр соғуы жиілеп кетеді. Мұндайда мөлшерлі соғудан 20-25 рет артық соғады. Баланың тамырын бала ұйықтап жатқан кезде байқау керек. Сонда белгілі мөлшерден тамыры артық иә, кем соқса, баланың сау болмағаны. Тамырын ұстау арқылы бір адамның ауру-сау

екені білінетін болса, тамыршылық деген әулиелік емес екені өзінен-өзі көрініп тұр.

Бірақ надандыққа не шара? Біздің надан еліміз тамыршыны жынымен сөйлесіп, күбірлесіп, тәңірімен тілдесіп отыр деп біледі.

Бала бөлмесі. Мынау сөзді оқығанда «атыңның басы тиіп, жорғасы қалып па?» дегендей, қазақтың өзіне үй бітіп, баласының бөлмесі қалып па деп күліп кекетуші де табылар. Шынын айтқанда, қазақта үй дерлік үй бар ма? Жоқ. Өнерлі ауылдың адамы түгіл малы да жатпайтын бір былық қора.

Қазақтың қысқы үйінің көбі жермен жексен болып жатқан шымнан жасалған бір қуыс. Терезе деген тышқанның көзіндей ғана бір тесік. Есіктен, тесіктен, үстінен аңырап тұрған суық. Желдің жыбыр-жыбыр сөйлегенін, дауыл, боранның адасқан аңдай ұлығанын естігің келсе, сорлы қазақтың қысқы үйіне кір. Шым қабырғадан, төбедегі сирек салынған сырғауылдың арасынан сорғалаған су. Жер әбден саз. Босағада қатар-қатар малдың төлі. Иіс-қоңыс, түтін. Егер қазақ жаз шығысымен мынау сасық үңгір зынданын тастап, киіз үйіне шықпаса, сөз жоқ, бірнеше жылдың ішінде қырылып бітер еді. Мінеки, жыл он екі ай ішінде сегіз-тоғыз ай қазақ тұратын үйдің түрі осы. Әрине, мұндай үйде тұрған қазаққа бала бөлмесі пәлендей болсын деп айту тіпті орынсыз болар еді. Бірақ, біздің үмітіміз келешекте. Сорлы қазақ мәңгі сасық үңгірде құрттап, шіріп жата бермес, тұрмысын, үйін, күйін түзетер деп сенеміз. Бізді жұбататын ақынның әлгі өлеңі.

Сөзге келейік.

Бала бөлмесінің ішінде 5-6 куб сажын ауа болсын. Және ауа жиі-жиі жаңартылып тұрсын. Бала жатқан үйде

кір жуу, кір кептіру, кірлеген киім тастау жарамайды. Себебі, кірдің кірі бу болып, ауа болып баланың ішіне кіріп, саулығына зиян келтіреді. Бала бөлмесінің жылылығын да бақылап тұру керек. Жаңа туған бала жатқан бөлменің жылылығын Рьюмер бойынша 17-18 градус, бір жеті мен алты жеті арасында 16-17 градус, мұнан соң 15-16 градус болуы тиіс. Қандай үйдің болса да жарық болуы керек болатын болса, бала бөлмесінің жарық болуы тым керек. Қараңғы үйде тәрбиеленген баланың өсуі шабан болады. Тамағы қанша жақсы болса да, зағып, нашар болып өседі. Сондықтан бала жатқан бөлменің жарығы мол болуы керек. Бөлменің жарығы мол болу үшін терезелері оңтүстік күн шығысқа, не оңтүстік күн батысқа қарауы шарт. Терезелері тура оңтүстікке қараған бөлме қыстыгүні жарық, жылы болғанымен жаздыгүні ыстық, қапа болады. Ал енді терезелері солтүстікке түн жаққа қараған бөлме қашан да қолайсыз. Сөз аяғында қазақтың киіз үйде бала өсіруі, асырауы туралы бір-екі сөз айтып өтейік.

Бала тәрбиелеу үшін киіз үйді аса қолайлы деуге болмайды. Аңғал-саңғал, ашық-тесік киіз үй баланың жел тиіп, суық тиіп ауру болуына көп себепші. Бірақ, баланы киіз үйден біржола бездіріп кетуге орын жоқ. Киіз үйдің зиянды болғаны сықылды, пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Тегінде жаратылыспен бауырласып құшақтасқан, алдындағы малымен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік етіп, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болар еді. Бұл сөзбен мен баланды баяғыдай «шалбардың ішіне салып асыра» дейін деп отырғаным жоқ. Ол заман озды ғой.

Әйткенмен, де қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл.

Баланың тамағы. Баланың жақсы өсуі үшін оның тамағы жақсы болуға тиіс. Тамақ баланың өсуіне қарай өзгеріп отыру керек. Бастапқы кезде балаға ең дұрыс тамақ – ананың сүті. Сүттің ішінде денеге керек заттардың бәрі бар. Ана сүті бала өскен сайын өзгеріп отырады. Ана бір себептерден баласын емізе алмайтын болса, әрине қолдан асырауға тура келеді.

Бірақ, емізуге мүмкін болғанда абзалы – ананың өзі емізу. Статистикалық санақ пәнінің көрсетуі бойынша ана сүтін емген жүз баладан 15-20-сы ғана өледі. Ал, қолдан асыраған жүз баладан бір жылда 65 шамалы өледі.

Қолдан асырау. Қолдан асырағанда балаға лайықты тамақ – есек сүті мен ешкі сүті. Бұл екеуінің бірі болмаған күнде сиыр сүті. Бірақ сиыр сүтінде ақ (белковина) пен май көп, қант аз. Сондықтан сиыр сүтін сұйылту һәм тәттілеу керек. Жаңа туған балаға берілетін сиыр сүтіне үш есе су қосу керек. Мұнан соң 2-3 айға шейін бір бөлім сүт, екі бөлім су, 3 айдан 6 айға шейін екеуін де бірдей, ал тоғыз айдан былай таза сүттің өзін беріп отыру керек. Бір ішкізгеннен қалған сүтті екінші рет беруге жарамайды. Балаға беретін сүттің жылылығы адам денесінің жылылығындай болуы керек (Цельцей бойынша 35-37, Рьюмен бойынша 26-28).

Сүтті тәттілеу үшін сүтке кәдімгі қант салу керек. Бір стакан сүтке бір бал қасық қант жетеді. Балаға берілетін сүт сау сиырдың жаңа туылған сүті болсын. Әр сиырдың сүтін бір бергеннен бір ғана сиырдың сүтін берген дұрыс. Сүт ыдысы таза болсын һәм берілетін сүт қайнатылуға тиісті.

Емізік. Қолдан асырағанда балаға тамақ беру үшін қолайлы әдіс – емізік. Ішіндегі сүтін емізіп болған соң құр емізікті балаға сорғызып қою тіпті дұрыс емес. Біріншіден, баланың іші желге толып аурулы болуға себеп болады. Екіншіден, желімнен жасалған емшек баланың денесіне зиян келтіреді. Баласына құр емізікті сорғызып қойып, ауыл қыдырып өсек аңду анаға лайықты іс емес, баланы таба білсең, ерінбей дұрыс баға біл.

Аралас тамақтандыру. Анасы емізген бала біраз өскен соң анасының сүтінен басқа тамақ тілей бастайды. Ол уақытта ана сүтінен басқа тамақ бере бастауға мүмкін. Жай тамақты алты айсыз бере бастау дұрыс емес. Жай тамақты бергенде әуелі жеңілінен бастап, бірте-бірте ауырына көшу керек. Мысалы былай: сиыр сүті, бал қаймақ, ақ ірімшік, қатық (ащы қылып ұйытпау шартымен), қаймақ, жұмыртқа һәм сорпа.

Ал, енді жас балаға (бір жасқа толған) май, нан, ет беру тіпті дұрыс емес. Қызыл иегімен қажалатқызып балаға нан беріп, ет беріп, сорғалатып май беріп қойған ана, баланың досы емес, қасы. «Маған майлы бауырсақ, қазы, қарта бере көр» дегенде баласына ет, нан шайнап беретін ана – ананың нағыз оңбағаны, барлық денесі, асқазаны тіпті нәзік баланың нан, май, ет жеп көтеретін қанша күші бар? Қазақ баласының ауру болуы, көбінесе осы талғамай тамақ жегеннен болады. «Ауру – астан» деген қазақ мақалынан айналып кетсең болмас па?

Тамақтандыру тәртібі. Баланы ананың өзі емізсе де, яки қолдан асыраса да, баланы белгілі бір тәртіппен тамақтандыру керек. Баланы ана емізген күнде емізу тәртібі былай: жаңа туған баланы күндіз 2-3 сағатта бір, түнде 3-4 сағатта бір емізу тиіс. Ал енді бала өскен са-

йын емізуді сиректете беру керек. Былайша бірінші айда тәулікте 8-9 рет, 4-айға шейін 7-8 рет, жарты жасқа шейін 7 рет, 9 айға шейін 6 рет. Түн – ұйқы уақыты. Сондықтан, баланы түнде сирек емізуге әдеттендіру керек. Мысалы, 5 айлық баланы түнде бір емізу жетеді. Баланы қолдан тамақтандырғанда да тамақтандыру тәртібі осы. Бірақ қолдан тамақтандырғанда тамақ белгілі бір мөлшермен беріліп отыруға тиісті. Бала тамағының мөлшері баланың асқазанының зорлығына байлаулы. Жаңа туған баланың асқазанына бастапқы жетіде 3 қасық ас сияды, екінші жетіде 6 қасық, екінші айда 9-10 қасық. Міне, осы асқазанның зораюына қарай балаға берілетін тамақ мөлшері де зорайып отыруға тиісті.

Балаға тамақты тәртіппен беру оның дұрыс өсуіне, аурулы болмауына, мінезінің дұрыс болуына да көп пайдасы бар. Балаға тамақ тәртіпсіз, ретсіз, былапыт берілсе, бала аурулы болады. Асқазаны бұзылады, ішкен-жеген тамағын сіңіре алмайды. Ит тию сықылды бала аурулары сол тәртіпсіз тамақ беруден.

Жер жүзінде балаға тәртіпсіз тамақ беретін әйел екеу болса, біреуі – қазақ әйелі. Бала ұйқысы қанып оянса да, бір жері ауырып, яки төсегі тынышсыз болып жыласа да, оны шешіп алып қарау жоқ, емшегін алып барып баланың аузына сала қояды. Бала түнде ың етсе, бесікті албастыдай басып отырып алады. Емшек – балада, ана – ұйқыда. Жазаласа, баласын басып өлтіріп те тастайды. Баланың аузынан емшегін алса, баланың қолына басқа бір тамағын ұстатады. Сорлы баланы бір минут тамақтан босату жоқ. Яки, мынандай іс те болады. Шеше не бір жұмыспен, не жай қыдырып кезіп кетеді, мана кеткен шеше әлі жоқ.

Ерте күн түс болды. Түс кеш болды. Бала аштан аш жатыр. Қарны ашады. Шырқырап, ішегі қатып, жылайды. Бейшара бала жылап-жылап әлсіреп, талып барып ұйықтайды. Кешке келіп ұйқылы-ояу талып жатқан баланы көріп: «Құлынымның тамақ іздемей, жыламай, тәтті ғана ұйықтап жатқанын қарашы!» – дейтін шешеге не дерсің?

Қазақ қатыны! Өзіңде өзіңнің қастығың болмаса, баланың аузын астан алмай, аспен ұрып жығып, болмаса тамақ бермей, аштан қатырып, талдырып ұйықтатып бала асырауыңды қой. Тамақты беріп-беріп баланды қарнын қапақтай, бұтын таяқтай көк қарын, ши борбай қылма. Баланды аурулы қылма. Асты мезгіл-мезгіл беріп, тәртіпке үйрет. Тамақты тәртіппен берсең, баланның дені сау болады. Құр ас иесі қомағай болмайды. Аузынан ас алмайтын мешкей болмайды. Тамақты тәртіппен ішіп үйренген баланың мінезі де дұрыс болады.

Емшектен айыру. Бала аурулы болмаса, бір жасқа толғанда ана сүтінен басқа ас ішіп, біраз тісі (8-12) шыққан болады. Міне, осы уақытта баланы емшектен айыру керек. Айырғанда күл, көмір сеуіп, насыбай жағып әурелемей-ақ, емізуді сиретіп, баланы бірте-бірте бездіру керек (3-6 жеті ішінде). Ал енді кейбір қатындардың еркелеткеннің жөні осы екен деп, 5-6 жасар балаларын арда емізіп қоюлары тым-ақ ұнамсыз іс. Ұнамсыз ғана емес, балаға да, анаға да зиянды іс.

Екі жасар һәм үш жасар баланың тамағы. Екі жасар баланың денесі әжептәуір берік болады. Сондықтан бұл жаста балаға бірте-бірте ет, нан сықылды күшті ас беруге мүмкін. Ет бергенде жеңілінен бастау керек.

Ешкі, қой, сиыр еті. Жылқы еті ауыр. Оны 2-3 жасар балаға бермеген дұрыс болар.

Баланың асқазанына лайық нан – бидай ұнынан пісірілген нан. Балаға май ішкізу тіпті дұрыс емес. Кәмпит, пряник, өрік, мейіз сықылды тәтті беруге де жарамайды. Бір жасқа толмаған жас бала түгіл, 2-3 жасар балаға да қымыз ішкізу мақұл емес. Қымыз баланың тынышын алып, мең-зең бейшара қылады. Екі-үш жасар балаға тәулікте төрт рет тамақ беру керек. Түнде емес, күндіз, төрт сағатта бір. Балаға тамақты бөлек үйде беру артық. Үлкен кісілермен бірге ішіп, бірге жесе, үлкендерді еліктеп, мөлшерден артық ас ішеді. Мұның зиян екені белгілі.

Баланы шомылдыру. Баланы шомылдыру оны кірден тазартады. Бойын жеңілдетеді, еңсесін көтереді. Жаңа туған баланы шомылдыратын судың жылылығы үш айға дейін Рьюмер бойынша – 29 градус. Үшінші айдан жыл аяғына дейін 28 градус, екінші жылда 27 градус, мұнан соңғы жылдарда 25-26 градус болып, бала өскен сайын төмендей берсін. Ең төмендегенде 22 градустан кем болмауға тиісті. Жаңа туған баланы су ішінде 5 минут, ай жарымдық баланы 8 минут ұстау керек. Бұдан артық ұстауға жарамайды. Бала әлсіреп қалады.

Әуелгі тоғыз күн ішінде тәулікте екі рет, ай жарымға дейін бір рет, 6 айға дейін жетіде 2-3 рет, екі жастан соң жетіде бір шомылдырып отыру керек. Баланы тамақ берердің, ұйықтаудың алдында шомылдыру артық. Баланы шомылдыратын үйдің жылылығы 17-18 градустан жоғарырақ болсын.

Баланы шомылдырып болған соң, әсіресе, қолтықтарын, мойнын, шабын жақсылап қарау керек. Көзін,

құлағын, басын таза ұстау керек. Былық қолыңмен баланың көзін тазартушы болма. Неше түрлі көз ауруы осыдан болады. Тамақ бергеннен кейін баланың аузын тазалап отыру керек. Таза шүберекті қайнаған суға малып, шынаяққа орап тазарт. Есін білген баланы ас ішкеннен кейін аузын шайқауға үйрету керек. Аузы иісті болмайды, тісі бұзылмайды. Қазақ қатынының баланы тұзды сумен шомылдыруын теріс деуге болмайды. Еттің пісуіне, шынығуына тұзды судың пайдасы бар. Ал енді, баланы маймен сылау тіпті де дұрыс емес. Май терінің тесіктерін бітеп тастайды. Еңсені көтертпейді. Ауыр айтады, кірлетеді, терлетеді. Баланы «өс, өс, өс!» деп денесінің құрыс-тырысын жазу аса теріс болмас. Бірақ еп керек. «Өс, өс, өс!» деп баланың бір жерін шығарып алып жүрме.

Киім. Баланың дұрыс өсуінің негізгі бір шарты киімнің дұрыс болуы. Баланы желге, күнге тигізбеймін деп орап-шымқап, үлбіретіп өсіруде қасиет жоқ. Бұлай өскен бала аурымпаз болады. Шынықтырамын, денесін берік қыламын деп, жалаңаш-жалпы ұстау да жарамайды. Шынықтырамын деп жүріп, ауруға шалдықтырып, жазатайым өлтіріп алуы да мүмкін. Киім дененің жылылығын сыртқа, сырттың суығын денеге жібермейтін болсын. Сондықтан да, бала киімі жұмсақ, жеңіл нәрседен тігілуі қажет.

Бала киімін үлкен кісілер киімімен бірге жууға жарамайды. Үлкен кісі киімінен бала киіміне бір нәрсе жұғуға мүмкін. Жеткен адам денесіне зиян келтірмеген нәрсе жас баланың денесіне зиян келтіруі оп-оңай. Баланың киімі қолпылдаған кең, денені қысып тұрғандай тар да болмасын, шақ болсын. Балаға биік өкшелі етік

кигізу, белін белбеумен қысып тастау жарамайды. Жалпы айтқанда, бала киімі әдемі болсын деп емес, ыңғайлы болсын деп білу керек.

Бөлеу һәм бесік. Педагогика ғалымдары бала бөлеуге атымен қарсы. Баланың дұрыс өсуіне, қаны жүруіне, асы сіңуіне кесел деп көп дәлелдер көрсетеді. Бұл дәлелдердің салмақты екендігіне талас жоқ. Бірақ қазақ тұрмысы көзінен қарағанда бөлеуден безуге бола қоймас. Көшпелі абыр-сабыр тұрмыста бөлеудің пайдасы да бар шығар. Әңгіме бөлей білуде. Тас қылып бөлеп тастасаң, қанын тоқтатпақ түгіл, жанын да шығарып аларсың. Саулығына зиян келтірмей бөлеу туралы ой жүгірту үшін бесік хақында сөз қозғамай болмайды.

Қазақ бесігі – аса ұсталықпен жасалған нәрсе. Жөргегі, тартпалары, астындағы тесігі, шүмегі, түбегімен баланың таза, жинақ жатуына көп себепші. Бірақ әңгіме мұнда, осы бесікке баланы қалай бөлеу керек. Қазақ қатыны баланы жөргекке орап, бесікке екі жерден кеудеден бір, аяқ үстінен бір тас қылып таңып тастайды. Бұлай таңып тастау, әрине, балаға зиянды. Баланы бесікке бөлейтін болсақ, осы зияннан қалай құтыламыз?

Маған мынадай бір ой келеді, баланы екі жерден қысып, қан жүруіне кесел қылмас үшін, тартпаны кеңейту жолын қарастыру керек. Менің ойымша тартпаны екеу қылмай, біреу қылсақ. Біреу қылғанда, баланың мойнынан аяғына жететіндей қылсақ. Енді тартпа демей-ақ жабу дейік. Жабу бесіктің бір жағына, айталық, 6-7 баумен байланған болса, баланы жөргегіне орап, төсегіне салып, әлгі жабуды жаппай жауып, бесіктің екінші жағынан алып келіп, тағы 6-7 баумен байласақ. Міне,

осындай жабумен таңылса, қысу бар денеге тегіс түскендіктен аса зиянды болмас еді.

Бұл бір – тәжірибе көрмеген ой. Мүмкін, қате болуға. Мен үшін емес, баласын дұрыс тәрбие қылу үшін ата-ана осы ойды бір тәжірибе қылып көрсе, игі болар еді.

Жә, баланы бесікке бөлеуді мақұлдадық. Қалай бөлеу туралы да ой жүгірттік. Енді тербетуге келейік.

Күн батып барады. Үй іші қара көлеңке. Қыс болса, сасық үңгірдің ішінде терезе аталған тесіктерден суық жел азынап кіріп, аш аңдай ұлып тұр. Жаз болса, туырлықтың етегінен, шидің арасынан жыландай жүз бұралып, қоңыр жел кіріп, жолдасын жоғалтқан жандай мұңды, зарлы бір қоңыр әнге басады. Үйдің бір босағасында бесік тұр. Ішінде бөлеулі бала жатыр. Жылап-жылап шаршаған. Енді айқай салып жылауға шамасы жоқ. Әлсіз ғана ыңыранады. Бесік жанында баланың анасы жоқ. Әлдеқайда кеткен. Мал жайлап, шаруа қылып жүр ме? Әлде көрші үйдің қатынымен басын шұлғи-шұлғи бір қысыр кеңесте отыр ма, кім білсін? Бесік жанында көзі көрдей сүп-сүр бір кемпір отыр. Құрысқан қолы бесіктің арқалығында. Салмақпен бесікті тербетеді. Бала ыңыранады, бесік күңіренеді, кемпір де күңіренеді.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін...
Әлди-әлди, әлди-ай, –

деп күңіренеді кемпір. Кемпірде талу жоқ. Тербетеді, күңіренеді. Күңіренеді, тербетеді.

Баланың ыңылы баяулап келеді. Басылды. Бала ұйықтады. Кемпір күңіренеді. Болмаса сол кеште, бос үйде бесіктің жанына жас баланың жеті жасар апасын отырғыз. Жел жылайды, бесіктегі бір жасар да жылайды. Жанында отырған жеті жасар да жылайды. Бос үйде дауыс шығарып, қорқуын азайту үшін бесікті тарсылдатып тұрып тербетеді. Әлдене уақытта бала ұйықтайды. Бесік жанында өксігін баса алмай апасы әлі отыр.

Не болмаса, мынадай картинаны көз алдыңа алып кел. Түн. Бала бесікте бөлеулі жатыр. Жанындағы төсектегі шешесі қалың көрпені жамылып шырт ұйқыда. Қарны ашты ма, тоңды ма, төсегі тынышсыз болды ма, бір мезгілде бала оянып жылайды. Бастап ақырын жылайды. Елең де қылған ана жоқ. Дауысты молайтыңқырайды, оянған ана жоқ. Шыры шығып, шырылдап, ішегі түйіліп жылады. Ыңырана түсіп шеше оянады. Бастап тербетіп ақырын қозғайды. Оған бала уанбайды, «тұрмадың» деп ашуланғандай айқайын үдете түседі. Үй ішінде жел долданады, шеше де долданады. «Өй, көгала келсін, шешек шықсын», – дейді шеше. Тарс-тұрс, тарс-тұрс тербетеді. Баланың айғайын бесіктің тарсылы жеңеді. Әлдене уақытта бала ұйықтайды. Баласын күбірлеп қарғай-қарғай қорылдап, ұйқыға кетеді шеше. (Әрине, қазақ қатынының көбі мұндай емес қой. Бірақ, көбі осындай десек, аса адаспаймыз. Пысық, сергек, бала қадірін білетін аналардан мына сөзіме кешірім сұраймын).

Жә, күңірене, күңірене баланы әжесі ұйықтатты. Жылай-жылай бала ұйықтайды. Қарғай-қарғай баланы ана ұйықтайды. Баланың осы ұйқысы сау ұйқы ма? Шын

ұйқы ма? Жоқ.

Бұл дұрыс ұйқы емес. Бұл ұйықтату емес, шайқап-шайқап баланың басын айналдыру, естен тандыру.

Тербетіп ұйықтату – баланы талдырып ұйықтату деген сөз. Тербетіліп ұйықтатылған бала ұйықтап жатқан жоқ. Талып жатыр. Өзіңді бір нәрсеге тас қылып байлап тұрып, ерсіл-қарсыл шайқап-шайқап тербетіп-тербетіп талдырып тастаса, жақсы болар ма? Қазақ әйелі! Балаңда қасың болмаса, тербетпе баланы. Бесік – баланың жататын орны. Естен тандырып, талдыратын орны емес. Осыны ұғыну керек, ұғу керек.

Ұйқы. Ұйқысы тыныш болу үшін баланы көзді шағылыстыратын жарығы жоқ, құлақты жаратын айғайы жоқ жерде ұйықтату керек. Әсіресе кенет айқай болмасын. Баланың тыныш ұйықтауына себеп болатын бір нәрсе – баланы белгілі бір уақытта ұйықтату. Және баланы жаратылыстың өзі ұйқы үшін белгілеген уақытында яғни түнде ұйықтату керек. Баланы түнде ұзақ ояу отырғызу дұрыс емес. Баланы тамақ берісімен ұйықтату тіпті жөнге келмейді. Ұйқысы тынышсыз болады, һәм саулыққа зиян. Тамаққа тоя сала ұйықтату – біздің жалпы зиянды әдетіміз. Ұйықтағанда дененің, мүшенің бәрі демалатын, тыншығатын уақытта, асқазанға сен тынықпа, мынау жеп-ішкеніңнің бәрін сен қайнатып денеңе сіңіріп қой деу тіпті жөнге келмейтін бір зорлық емес пе? Ол сорлы қайтсін, бұл қызметті атқара алмайды. Міне, осындайдан асқазан бұзылып, адамда неше түрлі аурулар пайда болады.

Жас бала тіпті көп ұйықтайды. Жаңа туған бала ұйқыдан тамақ үшін ғана оянады. 24 сағат бір тәуліктің 20 сағатын ұйқымен оздырады.

Бала жарты жас шамасында әжептәуір уақыт ояу отырады. Әйткенмен де екі жасқа қарағанша ояуынан ұйқысы көп болады. 2-3 жасар бала күндіз 1-3 сағат, түнде 9-12 сағат, 4-5 жасар бала күндіз сирек ұйықтағанымен, түнде 10-11 сағат ұйықтайды. 6-7 жасар бала 8-10 сағат, 12-13 жасар бала 8-9 сағат ұйықтайды. Жеткен адамға 6-7 сағаттан артық ұйқы дұрыс емес.

Қозғалуы. Адам денесі қозғалуды тілейді. Адам неғұрым жас болса, солғұрлым қозғалуды көп тілейді. Екі жасар дені сау бала бір минут тыныш отыра алмайды. Күні бойы шаршау білмей, ойнайды да жүгіреді. Бала жүре бастамаған күнде де тек отырмай, аяқ-қолын шолтаңдатып отырады. Бірақ бастапқы кездегі баланың қозғалуы оймен, тілеумен қозғалу емес, «рефлекс» бойынша соқыр қозғалу. 5-6 айдан былай бала маңайындағы нәрселерді ұстауға, қолына алып ойнауға өзі тілей бастайды. Міне, бала қозғалуды өзі тілей бастаған кезде ана оған түрлі жеңіл ойын көрсетіп, көмекші болу керек.

Бірақ көмекші боламын деп қозғалуға шамасы жоқ баланы зорлықпен қозғалуға үйрету дұрыс емес. Жаңа туған бала басын һәм барлық денесін билей алмайды, оның шамасының келетіні – жату. Бала төрт ай толмай басын билей алмайды, жеті-сегіз ай толмай еркін отыра алмайды. Сондықтан 4 айға толмаған баланы жатқан орнынан көп қозғай беру жарамайды.

Тегінде, баланы өзінің отыруға шамасы келмейтін кезде еріксіз отырғызу қате. Бала бүкір болып қалуға ықтимал.

Жас баланы көтеру де дұрыс емес. Денесіне зиян келеді, бұл – бір. Екінші, көтеріп үйрету ата-анаға бір пәле ғой. Аяғы бар, тілі бар дардай баланың «апа, көтер, әке,

көтер» деп мазаны алуы ұнамды ма?.. Жас баланы арбаға салып сүйреу – қазақтың бір қате жұмысы. Тақтай арбаның ішіне жаман көрпеге оратқызып, баланы салып алып, 6-7 жасар балалар: «Мен ағамның қара кер атынша шабамын» деп тұрып арбаны дүрілдеткенде баланың не жаны қалады? Үлбіреген жас денеге зиян келетін болған соң, аман жаннан не пайда? Баланы еңбектеуден тыюға дұрыс емес. Еңбектесін, қозғалсын, жас күшін жұмсай берсін. Бірақ бала еңбектейтін жер таза, тегіс болсын, мүмкін болғанда тегіс жерге кілем төселген болсын. Қазақтың еңбектеген баласының күні қараң ғой. Ол баланы қараушы болмайды. Бала еңбектеп от орнына барып күйіп қала ма, күл, көмір жей ме, нәжіске былғана ма, сызға, сазға отыра ма, оны бақылаушы жоқ. Үсті-басы күл-топырақ, нәжіс қолын аузына салады, көзін уқалайды. Жағының жүні үрпиіп, сызда, сазда отырады. Баланың неше түрлі ауру болатындығы осы сыз өтуден. Сызда, былық жерде асыралса, мал баласы да оңбайды ғой. Адам баласы мал баласы емес, баланы жақсылап бағу керек. Баланы қолынан ұстап тәй-тәй қылуды дұрыс деуге болмайды. Денесінің бір жеріне зиян келтіруге мүмкін. Кейбір ата-ана баланың тәй-тәй болғанын қызық көріп, тәй-тәй болғысы келмей орнынан тұрмай отырған баланы еріксіз тұрғызып тәй-тәй қылады. Бұл істері, әрине, қате. Балаға итарба жасап беру дұрыс емес демейміз. Бірақ итарбамен зорлап жүргізбе дейміз. Жағалағысы келгенде үстелді бала өзі-ақ жағалайды ғой. Итарба да баланың жанында жай тұрсын. Жүргісі келсе бала өзі де жүреді. Шеше бірақ байқап отырып, баланы арбаға дұрыс ұстатқызып жіберсін. Тоғыз ай мен он алты ай арасында бала жүруге үйренеді. Есте болу керек, бала-

ның мешел болуы тәй-тәй кеш болғандықтан, итарбасы болмағандықтан емес, аурулы болғандықтан. Балам мешел болмасын десең, балаңды дұрыс күт...

Серуен. Ылғи үйде, нашар ауада бала құп-қу, нашар, меңіреу болады. Сондықтан баланы күн сайын таза ауаға серуенге шығарып тұру керек. Киіз үй ашық ауамен бірдей. Киіз үйдегі баланы шығарсаң да бір, шығармасаң да бір. Ал енді қазақтың «қысқы үй» деп аталған үңгіріндегі баланы әлсін-әлсін серуенге шығарып тұрмай болмайды.

Үй саулыққа дұрыс салынған болса да, баланы серуенге шығарып тұру керек. Себебі, үйдің ауасы бұзылып отырады. Алты ай толмаған баланы қыстыгүні серуенге шығару жарамайды. Баланың саулығы нашар болса, доқтырлар бір жасқа толмай қыстыгүні шығаруға қоспайды. Күзгі, жазғы 2 градустық салқында бір жылдық баланы күн сайын 15-20 минут серуенге шығаруға болады. Ал енді 2 жастан былай баланы күн сайын кем дегенде 15-20 минут серуенге шығарып отыру керек. Жаңа оянған, яки шомылдырылған баланы су жаялықпен серуенге шығару дұрыс емес, серуенге шығаруға нағыз қолайлы уақыт – түстен кейінгі 2-4 сағат арасы.

Тісеу. Тісеу – баланың дене тұрмысында зор өзгеріс. Жас иекті жарып бірінші тісі 6-8 ай арасында шығады. Иекте тамыр көп болғандықтан, тісей бастағанда бала әжептәуір ауырады. Ұйқысы тынышсыз, бас-аяғы ыстық болады. Аузынан сілекей шұбырады. Бала әлсін-әлсін қолын аузына сала береді. Мұндай уақытта баланы таза ауа, серуенге жиі шығару керек. Жылы суға жиі-жиі шомылдыру керек. Балаға тісі төмендегі ретпен шығады. Тісі төрт түрге бөлінеді.

Бірінші түр – күрек тіс. Саны 8 болады. 5-12 ай арасында шығады. Екінші түр – ит азу. Саны – төрт. 12-16 ай арасында шығады. Үшінші түр – ас азу. Саны – 4, 17-20 ай арасында шығады. Төртінші түр – түпкі азу. Саны – 4, 20-24 ай арасында шығады.

Міне, осымен баланың 20 сүт тісі болған болды. 7 жаста бұл сүт тісі түсе бастап, 7-11 жас арасында балаға дәйімгі тісі шығады. Яғни жаңағы айтылған – 20 тісі түсіп қайта шығып, олардың үстіне тағы азу қосылады. 12 жаста тағы төрт азу шығады. Сөйтіп, дәйімгі тістің саны 28-ге толады. 22-25 жас арасында төрт азу шығады. Мұны ақыл азуы дейді.

Баланың сүт тісі өте нәзік болады. Ыстық та, суық та жарамайды. Қатты асты шайнай алмайды һәм бұзылымпаз келеді. Сондықтан баланың тістерін таза ұстау керек. 3 жастан былай тамақ берген сайын баланың аузын жуып отыру керек. Тісті жаман бұзатын нәрсе – тәтті. Жас балаға тәтті беруге жарамайды. Біраз есейген соң беруге мүмкін, бірақ аз һәм сирек беру керек.

ЖАН ТӘРБИЕСІ

Бастапқы кезде жөпшенді білінбейтін баланың жан тұрмысы бала өскен сайын бірте-бірте біліне бастайды. Сондықтан баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып бару керек. Қатар алып бару емес, бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Тегінде берік ұғу керек: адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол – жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол – жан. Жанды дұрыс тәрбие қыла білу үшін жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек.

Психология
(Жан тілі)

Психология – ескі пән. Бұл пәнді пән қылып дүниеге шығарушы – Айса пайғамбардан бұрын болған грек ұлтынан шыққан Александр Македонский (Ескендір Зұлхарнайын) патшаның тәрбиешісі Аристотель данышпан. «Психология» деген сөз грекше екі сөзден құралған. «Психо» – жан, «логос» – сөз деген мағынада. Яғни жан туралы сөз, жан туралы пән деген сөз болып шығады.

Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығында дау жоқ. Бірақ, сол жан деген не нәрсе? Жанның не нәрсе екендігі туралы үш пікір бар. Үшеуі үш түрлі философия пікіріне негізделген. Біріншісі, жан денеден бөлек өз алдына бір нәрсе дейді. Бұл – баяғыдан бері келе жатқан пікір. Қазақтың «жан шыбын сықылды бір зат, өлгенде ауыздан ұшып шығып кетеді, ұйықтағанда мұрнынан шығып серуендеп жүреді-мыс» деген ертегісі – осы пікірдің бір сәулесі.

Бұл жан денеден тіпті бөлек, өз алдына қандайда болса бір зат деген пікір «спиритуализм яки идеализм» деп аталады. Екінші пікір – жан деген дене іскерлігінің әсіресе нерв системасы мен ми іскерлігінің бір түрі дейді. Яғни жан деген жеке зат жоқ, жан деген – дененің бірлігі деген сөз. Бұл пікір «материализм» деп аталады.

Үшінші пікір – жан деген жан көріністерінің жиынтығы дейді. Яғни, жан деген ойлау, сезу һәм басқа жан көріністерінің жалпы аты дейді. Бұл пікір «феноменализм» яғни эмпиризм деп аталады. Қайткенмен де адамзат бұл күнге шейін жанның не зат екенін біле алған жоқ.

Жанның не зат екені білінбеуінен жанның барлығына күмән қылуға болмайды. Жан бар. Барлығы сол – оның істері, көріністері бар. Ақша қарда жосылып жатқан айқын ізге түссек, алдымызда аңның барлығына күмән қыламыз ба? Бұ да сол сықылды, жалғыз-ақ айырма мынау – ізіне түсіп зерттеп отырып адамзат аңды баяғыдан бері соғып келсе де, жанға жете алған жоқ. Яғни істері, көріністері бойынша жанның не зат екенін қанша білмекші болса да, әлі күнге біле алғаны жоқ. Бірақ бұдан бала тәрбиесі ақсамайды. Баланың жанын жақсы тәрбие қылу үшін жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ, оның істерін, көріністерін жақсы тексеру жетеді.

Жан көріністерінің дене көріністерінен айырмасы

1) Жан көріністері мен дене көріністерінің арасында көп айырма бар: сыртқы дүние заттарының бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады. Қандай зат болса да, оның орын алатыны бізге белгілі. Егер де бір заттың алып тұрған орнын өлшеген болсақ, пәлендей орын алып тұр дейміз. Өлшемеген болсақ, пәлен зат зор, не болмаса кіші, яки пәлен зат пәлен заттың не оң жағында, не сол жағында тұр дейміз. Сыртқы дүниедегі заттың өзі түгіл ол заттың ісі де белгілі бір орын алады, яғни белгілі бір орында болады. Мысалы, жүру – адамның ісі. Осы іс белгілі орында болмай ма? Әрине. Ал енді жан көріністері белгілі орын иелемейді. Мысалы, біз бір ойымызды пәлендей орын иелеп тұр, яки пәлен ой пәлен ойдың оң жақ, яки сол жағында тұр деп айта алмаймыз. Жан көріністері жалғыз уақытпен

ғана өлшенеді. Біз жан көріністері туралы, мысалы, ой туралы пәлен уақытта болды, яки қазір ғана болып тұр дей ғана аламыз. Бұл – бір айырма.

2) Сыртқы дүние заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сипап білеміз. Ал, енді жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды.

Мысалы, ұялу деп аталған жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине, жоқ. Біз екінші адамда болып тұрған жан көрінісін өзімізді-өзіміз сынаумен ғана білеміз. Мысал үшін ұялу деген жан көрінісін алайық, қасымызда бір кісі бір орасан істі істеді де, қызарып кетті, біз осы кісіде ұялу жан көрінісінің болғанын біле қоямыз. Мұны қалай білдік? Ұят деген бір зат болып көзімізге көрінді ме? Яки иіс болып мұрнымызға келді ме? Жоқ, бірі де болған жоқ.

Біз жалғыз-ақ қарсыда отырған кісінің бетінде кенет қызылдық көрдік, басқа ешнәрсе сезгеніміз жоқ. Олай болса жаңа қарсыдағы адамда ұялу жан көрінісі болды деген білім бізге қайдан келді? Мұның мәнісі мынау: күндерде бір күн біз де орасан бір іс істеп, жанымыз қысылып қалған, яки ұялған, жанымызда осы ұялу көрінісі болып қалған уақытта бетіміз дуылдап, қып-қызыл болып кеткен, сонда біз біліп қойғанбыз: «ә-ә-ә... жанда ұялу көрінісі болғанда бет қызарады екен» деп. Жаңа қарсымыздағы адам қызарғанда біздің оны ұялды дегеніміз осы. Яғни, ана адамның бетінде қызылдықты көргенде, біздің өз басымыздан кешкен іс есімізге түсе қалды, яғни біз өзімізді-өзіміз сынай қойдық. Қысқасы,

жан көріністерін адам сыртқы сезімдерімен біле алмайды, өзін сынап қана біледі.

3) Сыртқы дүниеде бірнеше заттар, яки көріністер бір уақытта бола береді. Мысалы, денеде қан жүру, дем алу сықылды дене көріністері бір уақытта болып жатады, біріне-бірінің бөгеті жоқ. Ал енді жан көріністері бір уақытта болмайды. Олар бірінің артынан бірі болады. Мысалы, біз бір уақытта екі ой ойлай аламыз ба? Жоқ. Дұрыс, кей уақытта ойлар бірінің артынан бірі нажағайдың жарқылындай тез-тез келгенде, бізге осы ойлар бірақ уақытта болған сықылды көрінеді. Бірақ бұл көрінуі ғана, шынында әрқайсысы әр уақытта, яғни бірінің артынан бірі келіп-кетіп жатыр.

Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам

Жан көріністері мен дене көріністері арасында қанша айырма болғанымен, араларында тіпті жақындық жоқ емес, қайта бірлік, байлам бар. Дене жанға, жан денеге байлаулы, біреуінің біреуінсіз күні қараң.

Өзімізге мәлім: денеміз сау болса, жанымыздың ісі де сау, жақсы болады. Яғни, ақылымыз түзу, сезіміміз дұрыс, қайратымыз берік болады. Егерде денеміз ауру болса, яки жұмыс қылып шаршаса, жанымыз да ауру, жанымыз да шаршайды. Басқа ауру, мидың ауруы жан ісіне жаман әсер қылады. Нашар ауа басты айналдырып, қанды дұрыс жүргізбей, денеге әсер қылады да, жанға барып қол салады. Яғни, жанның ісі шабандайды, бұзылады. Ой күңгірт тартады, сезім топастанады.

Қайрат жасиды. Денең салбырап ауырған кезде ыстық қою шайды ішіп жіберсең, денең жадырап кетеді. Денең жадырап кеткен соң, жаның жадырап кетеді. Бұл мысалдармен біз жанның денеге байлаулы екенін көрсеттік. Ал енді, дене де жанға байлаулы, жан көріністері денеге қатты әсер береді. Адамның көзқарасы, дауысы, аяқ басуынан жанның қандай күйде екені көрініп-ақ тұрады. Қайғы һәм ойлау денені жабықтырады, қуаныш адамды күлдіреді. Бетке қан жүгіртеді. Ақынның «бетке шықпай қала ма жүрек ізі» дегені жанның жайын білетіндігі ғой. Қорыққанда дене дірілдеп, қан қашып кетеді. Аса қатты қорыққаннан, яки аса күшті қайғыдан бірнеше сағатта шаштары аппақ болып қалғандар да болған. Міне, жан көрінісінің денеге әсер беруі қандай дәрежеге жетеді.

Жан көріністерін үйрену жолдары

Әр нәрсені үйренудің белгілі түзу жолдары бар. Жан көріністерін үйренудің жеке жолдары бар.

Өзін бақылау жолы

Жан көріністерін үйренудің жолы, бірінші – өзін бақылау. Адам өз жанының көріністерін өзі бақыламаса, жан көріністерімен таныс бола алмайды. Мысалы, ашу, қуаныш сықылды жанымыздың көріністерін бақыласақ қана біз олардың қандай мінезде екенін һәм араларында қандай айырма бар екенін біле аламыз. Бірақ бір жан көрінісін сол көрініс болып тұрғанда бақылау оңай емес. Себебі, өзін бақылау деген сөз адамның яғни жанның бір уақытта екі іс істеуі, әрі бақылаушы, әрі бақыланатын зат

болуы деген болып шығады. Бұл істе мүмкіндік аз. Бұған мысал алайық. Менде ашу деген жан көрінісі болып тұр, яғни мен ашуланып тұрмын. Егер де мен осы ашуланып тұрғанымда осы ашу көрінісін бақылай бастасам, яғни ашудың тууына не себеп болды, ашу деген қандай нәрсе екен деп ойлай бастасам, сол ашу бұрынғы күйінде тұра ма? Әрине, тұрмайды. Мұндай ойға кірісумен ашудың күші кеми бастайды. Осы мен неге ашуланам деп ойлай бастасаң, ашуың біте қалады. Міне, өзін бақылаудың оңай емес екендігі осыдан көрінеді.

Әйткенмен де, жан көрінісі артық күшті болмаса, өзін бақылауға болады. Мысалы, жеңіл-желпі ашуланып отырған адам сол ашуының себебін тексеріп отыруға мүмкін.

Бірақ өзін бақылау деген сөздің шын мағынасы – өткенді еске түсіру деген сөз. Мысалы, ашу деген жан көрінісін бақылау үшін біз бұрын өткен бір ашуымызды, яғни бұрынғы бір ашуымыздың не себептен туғанын, қалай күшейгенін, қандай мінезді болғанын һәм қалай басылғанын еске түсірсек, сол уақытта біз ашу деген жан көрінісін өзін бақылаған жолмен бақылаған боламыз. Өзін бақылау деген сөз – бұл мағынада бұрын болып озған жан көріністерін еске түсіріп тексеру деген сөз болып шығады. Адамға өзін-өзі тексеру, өзіне-өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін-өзі тексеріп, қаталарын көруге адамның менмендігі бөгет болады. Әйткенмен де, бұл адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт. Өз қатасын көре білген адам келешекте сол қатаны істемеске ұмтылады. Адамның өзін-өзі яғни өз қатасын өзі көре білуі оның жанының енді алға, қасиетті қияға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді.

Міне, осы себептен зор жазушылардың өздері жазған әсерлеріне көңілі толмайды. Қайта-қайта түзейді. Жазаласа, өртеп, жыртып та жібереді. Жалба-жұлба киім киіп, аш-жалаңаш жүретін бұзақылық, күнә деген нәрсені білмейтін дуаналардың өз кеуделерін өзі жұдырықтап:

Кешіре гөр, Құдайым,
Көп қой менің күнәйім, –

деп зарлаулары өздерін тым тексеріп, кішкене қаталарын тым зор көріп жіберулерінен, жандары ұмтылатын қияның тым биік болуынан ғой. Дұрыс, адамның бәрі дуана болмағанмен, өзін тексермесе, адам ілгері баса алмайды. Өзінен ешбір кемшілік көрмей, қата таппай, өзіне-өзі риза болып, мәз болып жүретін адам зор адам емес, шөбір адам болады. Жаны жабайы, ауданы тар болады.

Бақылау. Жан көріністерін үйренудің екінші жолы – бақылау, яғни бір адамның өзінен басқа адамдардың жан көріністерін бақылауы. Бірақ, біз жоғарыда айтып өткенбіз, жан көріністерін сыртқы сезімдермен бақылауға болмайды деп. Сондықтан басқа адамның жан көріністерін бақылау дегенде оның жан көріністерінің сыртқы белгілерін бақылау, тексеру керек деп ұғу керек. Мысалы, біреудің пішініне, қозғалуына, сөзіне, жүріс-тұрысына қарап, бақылап, солар бойынша жан көріністерін тексереміз.

Біз егер өзін бақылау жолы мен өзіміздің жан көріністерімізді ғана бақылап, мына бақылау жолымен басқа адамдардың жан көріністерін бақыламасақ, біздің жан көріністері туралы біліміміз толық болмас еді. Сон-

дықтан бұл бақылау әбден керек нәрсе. Бақылауы, байқауы көп адам бір адамның пішінінен, жүріс-тұрысынан, бір-екі ісінен, біраз сөзінен ол адамның қандай мінезді екенін біліп ала қояды. Мүмкін болғанша тәрбиешінің пішіншіл «физиономист» болуы керек.

Жан тұрмысының түзу болу шарттары

Жан тұрмысының, жан көріністерінің түзу, сау болуы үшін нерв системасының сау болуы шарт.

Нерв системасы

Жан тұрмысын жарыққа шығаратын жан мен дене арасында тіл хатшы болатын құрал, жан мен денені бір-бірімен байлайтын байлам – нерв системасы деп аталады. Нерв системасы екі бөлімнен тұрады: 1) Орда бөлім (ми жұлыны) һәм бұтақ бөлімі, яки «перрифериясы». Нерв системасының бәрінің түбі – бастағы ми. Мидан 12 егіз нерв шығады. Бұл нервілер мидан шығысымен бұтақтанады. Онан соң бір-біріне қосылады, бір-бірімен топталады. Барып-барып тағы бұтақталып, денеге жайылады. Бұлардың кейбіреулері теріге барып бітеді. Кейбіреулері сыртына шығып, жат бір түрде шоғырмақталып бір құрал болып, аппарат болып бітеді.

Нерв системасының қызметі

Нерв системасының ағасы, биі – ми. Ми – жанның құралы. Жан ми арқылы сыртқы дүниеде һәм өз денесінде не болып жатқанын біледі. Миды жұмсап, жан денені

қозғайды. Егер ми зағып болса, яки зиянданса, адамның жан тұрмысы дұрыс болмайды. Мидың белгілі бір жері зиянданса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни «паралич» болады. Мұны біздің қазақ «пері соққан» дейді. Яки тілі, кеңірдегі сау болып тұрса да, сөйлей алмай тілсіз болып қалады. Яғни, афазия ауруы пайда болады.

Ал енді, мидан шығатын нервілер телеграмның сымы сықылды мидан денеге, денеден миға бұйрық тасиды. Бұл нервілер қызметтеріне қарап екіге бөлінеді. Біреулері әсерді сыртқы дүниеден, яки денеден ордаға, яғни миға алып барады. Бұл нервілер сезу нервілері, яки ордаға ұмтылатын нервілер деп аталады.

Бұл нервілер арқылы біз салқын, жылылық, жарық, дауыс сықылды сыртқы дүние көріністерін білеміз. Ал енді біреулері әсерді ордадан нервінің ұшына алып барады. Бұлар қозғау нервілері, яғни ордадан қашатын нервілер деп аталады. Бұл нервілер арқылы біз қол-аяқ һәм бар денемізді қозғаймыз. Егерде бір мүшенің сезу нервілері кесілсе, мысалы, саусақтың, ол уақытта саусақ ешнәрсені сезбейтін болады. Егер де, мысалы, саусақтың қозғау нервілері кесілсе, ол уақытта саусақ тіпті қозғалмайтын болады.

Нерв системасыныц саулығын сақтау

Жоғарыда айтылғаннан нерв системасының қандай нәзік һәм қандай қымбат екендігі ашық көрініп тұр. Олай болса, жалпы нерв системасын, әсіресе миды сау қылып ұстап, оған зиян келтірмеске керек... Мысалы, балаға миға зақым келтіретін ойын ойнауға жарамайды. Және баланы басқа ұру жарамайды.

Балаға насыбай атқызуға, шылым тартқызуға жарамайды. Біздің қазақтың кейбір атқа мінгендерінің жапжас баласына шылым тартқызып, «қарағымның аузынан түтінді пәлен төредей шығаруын қарашы» деп қарқ-қарқ күліп мәз болатындары бар. Мұның надандық, есерлік екендігінде не сөз бар? Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрсені ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі тұр.

Нерв системасын өсіру һәм берік қылу

Нерв системасының сау болуы керек болған сықылды, оның дұрыс өсуі һәм берік болуы да керек. Бар дененің жақсы өсуінің шарты денені тек жатқызбай жұмыс қылдыру болса, нерв системасының жақсы өсуінің һәм берік болуының да шарты сол. Нерв системасына әсіресе миға істететін жұмысы сол мидың өсу дәуірлеріне тура келетін болсын. Есте болсын, адамның бар денесі бастапқы кезде өсуді ғана біледі. Біраздан қозғалымпаз һәм сезімпаз болады. Ұлғая келе ғана адамда есті тұрмыс басталады. Сондықтан балаға бастапқы кезде оның сыртқы сезімдерін ұлғайтатын һәм дене мүшелерін көп қозғалтатын жұмыстар істету керек. Сурет салдыру, жабыстыру (балшықтан түрлі заттар жасау), қол еңбегі һәм гимнастика сықылды. Мұнан соң бала ұлғая, өсе келе оның істейтін жұмыстары да тереңдей беру керек. Қысқасы, нерв системасының тәрбиесі дененің өсуіне қабысып отыруға тиісті. Белгілі жолдармен басқыштап тәрбие қылынған ми сау, өткір һәм талмайтын берік болады. Миын іскер қылып үйренген адам қартайып, бар денесі қаусап іске жарамай отырған күнде де сау милы,

дұрыс ойлы болады. Ал енді «жасыңда қылжың болсаң, өскенде мылжың боларсың» деген мақал ып-ырас.

Мидың қажуы һәм оны тынықтыру. Ми – дененің бір мүшесі. Ол жұмыссыздықтан қажыған сықылды жұмыстан да қажиды. Қажыған соң тыныҒуды керек қылады. Миды бет алдына жұмсай беру күшін азайтады, хатта оны паралич соғып, адам есалаң болып қалады. Денемен жұмыс қылсаң да, мидың өзімен жұмыс қылсаң да, мида бір у пайда болып отырады. Сол уды қан жуып алып кетіп, миды тазартып отырады. Егерде жұмыс тым қатты болса, миға у тым көп жиылады да, қанның жуып алып кетуіне шамасы келмей қалып, нерв системасының бәрі уланады. Және миға қатты жұмыс істеткенде, қан миға ұмтылып, өзге дене ашығып қалады да, әлсірейді, сола бастайды. Міне, осы себептен ақылға жұмыс қылдырғаннан кейін әр уақыт тыныҒып отыру керек.

ТыныҒу екі түрлі болады: не біржола жұмысты доғару, не болмаса жұмысты жаңарту. Жұмысты жаңартқанда да, яҒни бір жұмыстың орнына екінші жұмыс қылғанда да адам тыныҒады. Мысалы, көру жұмысынан соң (оқу, жазу) есту жұмысына көшсе (әңгіме тыңдау), бала әжептәуір тыныҒып қалады. Әйткенмен бұл тыныҒу жұмысты біржола доҒарып тыныҒуға жетпейді. Әсіресе жас балаларды жиі-жиі жұмыссыз тынықтыру керек. Ал енді тыныҒу уақытында бала не қылады? Бұған жауап беру үшін мынаны білу керек: бала қозҒалмай отыра алмайды. Баланы ең қажытатын нәрсе – тек отыру. Сондықтан баланы тынықтыру дегенде оны таза ауада ойнату, таза ауада гимнастика жасату деп ұҒу керек. Ойын һәм гимнастика туралы алдымызда тағы сөз қозҒармыз.

ЖАН КӨРІНІСТЕРІН ТАП-ТАПҚА БӨЛУ

Жан көріністері қанша түрлі болғанмен, оларды түп негіздері бойынша үш тапқа бөлуге болады: білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері. Қазақтың данышпаны Абай бұл үш тапты ақыл, жүрек, қайрат деп атайды. Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі.

Жан тұрмысының бірлігі. Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде, осы үш тап жан көріністерінің үшеуі де қатынасады. Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі. Ал енді, адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатынасатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті. Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес. Бұл туралы данышпан Абайдық төмендегі сөзі шын дұрыс сөз.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды асық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

АҚЫЛ КӨРІНІСТЕРІ ЯКИ ЖАННЫҢ БІЛУІ. ӘСЕРЛЕНУ

Әсерлену ұғымы. Нерв системасы алып келген әсерді жанның ұғуы, аңдауы әсерлену деп аталады. Жан алдымен білімді осы әсерлену арқылы алады.

Әсерлену көрінісі қалай болады?

Әсерлену көрінісінің болуы былайша: сыртқы дүниедегі бір зат біздің денемізге, яғни нервінің ұшына (периферия нервілеріне) әсер қылады. Мысалы, дауыс құлақ нервісіне әсер қылады. Осы әсерді нерв орда нервіге, яғни миға алып барады. Ми осы келген әсермен әсерленеді, яғни мида бір аңдау пайда болады. Міне, осы нерв системасы алып келген әсерді жанның аңдауы – әсерлену деп аталады.

Әсерлену көрінісінің болу шарттары. Жанда әсерлену көрінісі болу үшін төмендегі шарттар табылу керек.

1) Әсер білінгендей күшті болсын. Яғни әсер тым әлсіз болса, яки тым күшті болса, әсерлену болмайды. Мысалы, бетке шаң қонады. Сол шаң беттегі нерв ұштарына, әрине, әсер бермей қоймайды. Бірақ бұдан әсерлену болмайды. Яғни, жан бетке шаң қонғанын білмейді, аңдамайды. Мұның себебі, әсердің тым әлсіз болғаны. Және әсер тым күшті болса да, әсерлену болмайды. Мысалы, күшті дауыс құлақты тұндырады, шулатады. Бірақ, одан жан дұрыс әсерлену ала алмайды.

2) Бір әсерден соң екінші әсерге шейін белгілі бір уақыт өтсін, яғни бірі артынан бірі болған екі әсерден екі әсерлену болу үшін екі әсердің арасында белгілі бір уақыт өтуге тиісті. Мұның мәнісі мынау: сыртқы бір заттың нервке берген әсері тоқталған күнде не нервтің өз-өзінен біразға шейін қытығы басылмай тұрады. Сондықтан екінші әсер бірінші әсердің артынан іле-шала келсе, екі әсер қосылып кетіп, екеуінің де мінездері өзгереді. Мысалы, зырылдауық қатты айналғанда, бір дөңгелек болып қана көрінеді. Егерде сол зырылдауықты түрлі бояуға бояп зырылдатсаң, ана бояулардың бірі көрінбей, зырылдақ сұр болып көрінеді.

3) Әсер миға барып жетсін, һәм жан миға келген әсерге іскерлігін жұмсасын. Егер де әсер миға барып жетпесе, әсерлену болмайды. Мысалы, көру нервісін мидан айырсақ, жанда көру әсерленуі болмайды. Және миға келген әсерге жанның іскерлігін жұмсауы шарт. Бұлай болмаса, яғни жанның іскерлігі басқа затта отырса, жанда әсерлену болмайды. Мысалы, біз бір қызық кітап

оқып, яки қызу әңгімеге кіріп отырсақ, есіктен кірген адамды байқамаймыз.

Қан майданда көзіне қан толып жан алып, жан беріп жүрген жауынгер денесіне түскен жараны сезбейді дейді.

Грек ғалымы Архимед туған, өскен шаһарына жау кіріп, шаһар іші азан-қазан, айғай-ұйғай болып жатқанда, ешбір дыбыс естімей, өзінің ойына батып, бір сызықтарын сызып отырды дейді.

Әсерленудің іші, күші һәм тоны. Әсерленудің сын-сипаты әсерленудің іші деп аталады. Яғни біз бір сыртқы сезім арқылы болатын әсерленуден екінші сыртқы сезім арқылы болатын әсерленуді айырамыз. Мысалы, бір дыбысты, түсті, иісті, дәмді бір-бірінен айырамыз. Мысалы, қараны ақтан, жусан иісін сасыр иісінен айырамыз.

Түрлі сезім арқылы алынатын әсерленулердің, хатта бір сезім арқылы алынатын әсерленулердің арасындағы айырма зор. Зорлығы сонша: оларды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Мысалы, біз қызыл түс пен тәтті дәм арасында, яки жусан иісі мен адамның айғайы арасында қандай айырма барын, яки қызыл түс пен сары түс арасында, тұщы дәм мен ащы дәм арасында қандай айырма барын айта алмаймыз. Себебі, бұларды салыстыруға мүмкін емес. Бір әсерленудің сынын білу үшін сол әсерленудің адам жанында болуы шарт. Мысалы, тума соқырға түстің не екенін, тума саңырауға дыбыстың не екенін ұқтырып болмайды. Себебі олардың жаны дыбыстан, түстен әсерленіп көрген емес.

Әсерлену көрінісінің дәрежесі әсерленудің күші деп аталады. Мысалы, біз ауыр салмақ пен жеңіл салмақты, қатты дыбыс пен ақырын дыбысты айырамыз.

Әсерленудің күші сыртқы әсердің күшіне байлаулы. Сыртқы әсер күшті болса, әсерлену де күшті болады. Бірақ, әсерленудің дәрежесінің артуы әсер дәрежесінің артуына ылғи тура келіп отырмайды. Яғни әсер бір есе күшейгенде, әсерлену де бір есе күшейіп, яки әсер екі есе күшейгенде әсерлену де екі есе күшейіп отырмайды. Мысалы, бір қолға бір қадақ гир ұстап тұрып, тағы бір қадақ гир алсақ, салмақтың артқанын, яғни әсерленудің күшейгенін айқын сеземіз.

Ал енді, егер біз қолымызға бір пұт гир ұстап тұрып сол бір пұтқа бір қадақ гир қоссақ, онда салмақтың артқанын тіпті сезбейміз. Күшею үшін әр түрлі әсерлену әсердің әр түрлі өсуін тілейді. Мысалы, салмақ һәм дыбыс әсерленулері күшею үшін әуелгі әсердің үстіне жаңадан сол әсердің өзінің үштен бірі қолданылуы шарт. Ал енді, жарық әсерленулері күшею үшін яғни күшейгені сезілу үшін әсердің тағы жүзден бірі қосылуы шарт.

Әсерленудің жұғымды яки жұғымсыз болуы әсерленудің тоны деп аталады. Мысалы, дыбыс әсерлеулерінің жұғымды һәм жұғымсызы бар. Бақырған дауыс – жұғымсыз. Қоңыр әуен – жұғымды. Әсерленудің тоны көбінесе біздің денеміздің қандай күйде екенін көрсетеді. Дене сау болса, әсерлену жұғымды болады. Дене ауру болса, әсерлену жұғымсыз болады. Мысалы, ауру адамға ешнәрсе ұнамайды. Нағыз жұғымды әсерленулер де оған ләззат бермейді. Кейбір аурулар тіліне бұрыш яки насыбай салғанда, хатта аяғын кескенде аурудың не екенін сезбейді. Есалаң адам өз денесін өзі тасталқан жара қылса да, ауруды білмейді.

Әсерленулерді орындастыру. Әсерлену орда нервте, мида, жұлында ғана болса да, денеміздің қай жеріне әсер болса, біз әсерленуді сол жерге алып барамыз. Мысалы, саусағымызды суық затқа тигізгенде, суық саусаққа әсер бергендіктен, біз суық әсерленуін саусаққа алып барып жапсырамыз. Яғни саусақ тоңды дейміз. Міне, осы әсер денеміздің қай жерінде болса, сол жерге әсерленуді орындастыру.

Перцепция. Әсерленуді туғызған себепті яки затты табу перцепция деп аталады. Мысалы, біз бір саусағымызды шоққа басып алып күйдіріп алсақ, біздің жанымызда күю әсерленуі пайда болады. Сол уақытта біз алдымен қай жерде әсер болғанын табамыз (локализация), одан соң не себептен бұл әсерлену болғанын, яғни саусақты шоққа басып алғаннан мынау әсерленудің болғанын ойлап табамыз (перцепция).

Апперцепция. Әсерленуді бұрынғы болған тәжірибелермен толықтыру апперцепция деп аталады. Мысалы, біз бір шағым қант көрсек, соның бір ақ зат екендігі туралы әсерлену алып, осы әсерленуді бұрынғы тәжірибемен яғни қанттың қаттылығы, тәттілігі һәм суға салғанда еритіндігін еске түсіріп толықтырамыз.

Перцепция мен апперцепция арасындағы байлам мынадай: перцепция неғұрлым күшті болса, апперцепция соншә әлсіз болады. Һәм керісінше, апперцепция күшті болса, перцепция соншә әлсіз болады. Мысалы, бір затты ең алғаш көргенде бізде перцепция күшті. Көп көргенде апперцепция күшті.

Ал енді апперцепция перцепцияны тіпті жеңіп кететін болса, ол уақытта адамда иллюзия яғни сезім алдауы пайда болады.

Иллюзия – болып тұрған әсерленуді бұрынғы әсерлену жеңіп кеткенде болатын сезім алдауы. Келе жатқан бір кісіні екінші біреу деп ойлап қалу, шілікті қасқыр деп білу, міне, осылар – иллюзия. Аристотель тәжірибесі яғни орта саусақ пен сұқ саусақты айқастырып (ортаны үсіктің үстіне салып), екеуінің арасында бір домалақ нәрсені домалатқанда, әлгі бір домалақ нәрсенің екеу болып көрінуі, бұ да иллюзия. Екі қолымызға екі ыдыс алсақ, екеуі бір-біріне тіпті ұқсас болса, екеуі де бір нәрседен жасалған болса, екеуінің салмағы да бірдей болса, бірақ екеуінің зорлығы екі түрлі болса, осы екі ыдысты біз екі қолымызбен көтерсек, бізге зор ыдыс жеңіл көрінеді. Мұның себебі – біз зор нәрсенің салмағы ауыр болатындығына әдеттенгенбіз. Зор ыдысты көтермекші болғанда біз мұның салмағы ауыр ғой деп күшті көп даярладық. Бірақ күткеніміздей күшіміз көп жұмсалмай қалды. Сондықтан зор ыдыс бізге жеңіл болып сезіліп отыр. Міне, бұ да иллюзия.

Бала әсерленулері мен жеткен адам әсерленулері арасындағы айырма. Бала әсерленулері бастапқы кезде тұманды болады. Бала әсерленудің ішін де, күшін де айыра алмайды. Және бала локализация, перцепция һәм апперцепцияны да жасай алмайды. Айталық, баланың қолы ауырады екен, бала құр жылайды, тынышсызданады. Яғни балада ауру әсерленуі болады. Бірақ бұл әсерлену қай жерден болып тұр, оны білмейді. Ауырған жерінің аяқ екенін білмейді, яғни әсерленуге локализация жасай алмайды. Және осы аурудың не себептен болғанын білмейді, яғни перцепция жасай алмайды. Балада апперцепция жоқ. Сондықтан шоққа қолын басып алады. Шыр ете түсіп, тағы апарып басады. Бұл істерге бала бірте-бірте, әсіресе сипау һәм көру сезімдері арқылы

үйренеді. Шоққа қолын көбірек басса, күю қолда болғанын, оны күйдірген шоқ екенін, шоқтың күйдіретіндігін біледі.

Әсерленуді бөлу. Барлық әсерленулер екіге бөлінеді: жалпы сезім яки дене әсерленулері һәм сыртқы сезім әсерленулері.

Жалпы сезім яки дене әсерленулері. Дене әсерленулері денеміздің қандай күйде екенін білдіреді. Дене әсерленулерін былай бөлуге болады: 1) ет әсерленулері (кесіп, соғып алғанда, ұйып қалғанда, шаршағанда, демалғанда болатын әсерленулер); 2) нерв әсерленулері (нервтің солуы һәм ауруы, саулық әм жадырау әсерленулері); 3) тамақтану һәм қан жүру әсерленулері (ашығу, сусау, жүрек айну һәм жүрек ауырғанда болатын әсерленулер); 4) дем алу әсерленулері (тұншыққанда, жөтелгенде, таза ауаға шыққанда болатын әсерленулер); 5) жылылық, суықтық әсерленулері.

Бұл дене әсерленулерінің адамның дене тұрмысына болмаса, білу-ақыл тұрмысына артық пайдасы жоқ. Бірақ бұлардың дұрыс тәрбие қылуы адамның ақыл тұрмысына да әжептәуір әсер береді. Мысалы, ерке болып, тым бетімен өскен бала дене тұрмысы кішкене ғана бұзылса да, айталық, бір жеріне бір нәрсе тиіп кетсе де, кішкене жөтелсе де, жылап, тынышсызданып, мазаны алады. Бұл дене әсерленулерінің жақсы тәрбие қылынбағандығынан.

Сыртқы сезім әсерленулері

Сыртқы сезім – 6: көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі. Осы 6 сезім бізді сыртқы заттармен таныстыра-

ды. Яғни олардың түсі, түрі, дәмі, иісі һәм басқа сындарымен адам жанына түрлі білімді осы 6 сезім береді. Бұлар түгел болмаса, адамның жан тұрмысы түгел болмақ емес. Бұл алтаудың ішінде адамның жаны үшін аса қымбаттары – көру мен есту. Бұлардан соңғы – сипау. Сипау – ет сезімі. Ал енді иіскеу мен тату сезімі жан тұрмысы үшін аса қымбат сезімдер емес. Бұлар көбінесе дене тұрмысына қызмет қылады.

Сыртқы сезімдерді тәрбие қылу. Сыртқы сезім адамның жан тұрмысы үшін аса қымбат болғандықтан, баланың бұл сезімдерін аса жақсы тәрбие қылу керек. Бірінші, бұл сезімдердің сау һәм берік болуына, екінші, бұл сезімдердің өткір, терең, дұрыс болуына ыждиһат қылу керек. Және бұл сезімдерді тең тәрбие қылу керек. Бұлардың біреулері жақсы тәрбие қылынып, біреулері нашар тәрбие қылынса, жан-тұрмысы да тегіс, бүтін болмақ емес. Онда да кетіктік, кемдік болмақ.

Енді сыртқы сезімді жеке-жеке тексерейік.

Көру. Көру құралы – көз. Көз ұясы деп аталған шұңқырдың арт жағында мидан көру нервтері келіп бұтақтанады. Сыртқы дүниедегі бір зат яки бір көрініс көру нервтеріне әсер береді. Нервтер бұл әсерді миға алып барып, миды оятады. Мидан әсерді жан қабыл қылып алып, жанда көру әсерленуі болады. Таза көру әсерленулері екеу: жарық әсерленулері һәм түс әсерленулері. Бұлардан басқа тағы екі әсерлену бар: заттың қозғалысы һәм түрінен әсерлену, екінші түрлі айтқанда, зорлық һәм қашықтық әсерленулері ұзақ тәжірибелерден соң ғана болады. Бұл сөздің дәлелі мынау: тума соқыр адам операция жасап доктор көзін ашып жібергенде заттар-

дың түрін айырмайды дейді. Яғни, мысалы, заттардың қайсысы домалақ, қайсысы төрт бұрышты екенін айырмаса керек. Және көзі ашылған тума соқыр заттардың қашықтығын да айырмайды дейді. Яғни заттардың бәрі көзге жап-жақын тұрғандай. Аяқ аттаса соғылып қалатындай көрінсе керек. Тегінде жас бала да бастапқы кезде осы көзі жаңа ашылған тума соқыр сықылды болатын шығар-ау.

Баланың көру әсерлері. Баланың көру сезімі бірте-бірте көп тәжірибелер арқылы ғана ұлғаяды. Бастапқы кезде баланың көзі тіпті көрмейді деуге болады. Жаңа туған баланың көзіне жақындатып бір затты алып барсаң, бала кірпігін де қақпайды. Тегінде баланың ұзақ уақыт кірпік қақпауы – көрмегендіктен. Жұмыс қылмаған дене шаршай ма? Қажи ма? Әрине, жоқ.

Бала ең алдымен жарықты көреді, шамға қарайды. Шамды жүргізсең, шамға еріп көзін жүргізеді. Бірақ балада екі көзбен бір жерге қарау тез болмайды. Баланың бір көзі бір затқа қарағанда, екінші көзі екінші затқа қарап тұрады. Яки басы бір жаққа бұрылғанда, көзі екінші жаққа қарап тұрады.

Үшінші айға қарағанда ғана бала екі көзімен бір жерге қарай алады. Және бала бастапқы кезде көзін билеп, өзі тілеп, бір затқа қарай алмайды. Баланың көзін билеп, өзі тілеп қарай бастауы екінші айда басталады. Ал енді үшінші, төртінші айда бала бақылап қарауға үйрене бастайды. Бұл уақытта баланың бар ісі заттардың түсін һәм түрін айыру болады. Үш жасқа дейін бала түстерді төмендегі тәртіппен айырып үйренеді: сары, қызыл, күрең, қара, алқызыл, сұр, жасыл, көк. Түр айыру қиынырақ болғандықтан, заттардың түрін бала кеш

айырады. Әйел бала түстерді, ер бала түрлерді тезірек айырады деседі. Ал енді заттардың қашықтығын айыру балаға өте қиын жұмыс. Алты айға толған бала да кішкене саусақтарын жайып аламын деп айға ұмтылады. Бала заттардың қашықтығын көп тәжірибелерден соң ғана айыра бастайды. Екі жасқа қарағанда бала кәдімгідей көретін болады.

Көру сезімін тәрбие қылу. Көру сезімін тәрбие қылу дегенде алдымен көзді зиянды нәрселерден сақтау деп ұғу керек. Көзге шаң, түтін тигізбеу, көзді әлсін-әлсін жуып тұру, былық саусақпен ұстамау, уқаламау, шағылыстырғандай жарыққа қаратпау, қараңғыдан жарыққа кенет шығармау керек. Және балаға нәрсені тым жақын алып келіп қаратпау тиіс. Көз бен нәрсенің арасы 5-10 дюймнен жақын болмасын. Жақын қаратып әдеттендірсең, бала сығыр (близорукий) болады. Яғни сығалап қарамаса, көрмейтін болады. Баланы нәрсеге түзу қаратпай, қисық қарату да зиянды. Баланың жүре қыли болуы да осыдан. Көру сезімін жақсы тәрбие қылу үшін көзді зияннан сақтау ғана жетпейді. Бәлки, көру сезімінің күшті болуына күш жұмсау керек. Біз жоғарыдағы сөзден білдік: бала түрді, түсті һәм қашықтықты кеш айыратын көрінеді. Міне, тәрбиеші балада осы әсерленулердің дұрыс оянуына көмек көрсетуі керек. Яғни ойнау үшін түрлі түсті доп, түрлі түсті қағаз һәм ағаш беруі мақұл. Бұлармен бала түстерді айырып үйренеді. Ал енді заттардың түрлерін беріп үйрету үшін балаға түрлі зорлықта һәм түрлі қағаз һәм ағаш беріп, қағаздан түрлі зорлықта, түрлі түрде кескізіп үйрету керек. Көру сезімінің күшеюі, ұлғаюы үшін ең пайдалы нәрсе

– балаға сурет салғызу. Сурет салу баланың көру сезімін ұлғайту үстіне әдемілік сезімін де ұлғайтады.

Көру сезімінің жан тұрмысына керектігі. Сыртқы алты сезім ішінде жан үшін ең қымбаты – осы көру сезімі. Жанымызда болатын барлық әсерленулердің, екінші түрлі айтқанда, біз барлық білімнің 3/4-ін осы көру сезімі арқылы аламыз. Басқа сезімдер арқылы алынған білімдерді, әсерленулерді көру арқылы анықтауға ұмтыламыз. Мысалы, бір дыбыс естісек, сол дыбыс шығарған затты көргіміз келеді. Хатта басқа сезімдерді жабайы, өтірікші көреміз. Көзбен көрмеген соң қойшы дейміз.

Адамның әдемілік сезімінің ұлғаюына да көру сезімі көп көмек көрсетеді. Әдемі түс, әдемі түр, жаратылыстың сұлу заттары, сұлу көріністері адамның әдемілік сезімін тереңдетпей қоймайды.

Есту сезімі. Есту сезімінің құралы – құлақ. Мидан шығып, құлақта есту нервтері бұтақтанады. Бір дыбыс осы есту нервтеріне әсер береді. Әсерді нервтер миға алып барып, оны оятып, мидан жан қабыл алып, жанда есту әсерленуі болады.

Есту әсерленулері екі топқа бөлінеді: шу һәм дыбыс. Белгілі бір тәртіпсіз шыққан түрлі дыбыс жиынтығы шу деп аталады. Желдің зуылы, судың сылдыры, жапырақтың сыбдыры, күннің күркіреуі сықылды. Ал енді белгілі бір тәртіппен шыққан түрлі дыбыс жиынтығы тура дыбыс деп, яки музыкалы тон деп аталады. Әннің әуені, домбыраның, қобыздың күйі, адамның сөзі сықылды. Адам сөзі азғантай ғана негізгі дыбыстардан яғни сол дыбыстардың бір-бірімен бір олай, бір былай қосылуынан тұрады. Қазақ сөзі 24-ақ дыбыстан тұрады.

Баланың есту әсерленулері. Бастапқы кезде бала тіпті естімейді десе болады. Мысалы, жаңа туған баланың бесігі жанында айғай салып сөйлескенде оянбайды. Баланың есту сезімі екінші, үшінші жетіде біліне бастайды. Төртінші жетіде бала күшті дыбысқа селт етпесе, оның мылқау болғандығы. Үшінші, төртінші айда балаға бесік жыры әжептәуір әсер береді. Бұл уақытта бала дыбыстың жұмсақ, қоңырын, қатты, тынышсызын айыратын болады. 4-5 айда бала дыбыстың қайдан шыққанын біліп, дыбыс шыққан жаққа бұрылатын болады. Алты айда дыбысты өзі тілеп тыңдайды. Бір жылдың аяғында дыбыстарды түгел айырып, сөздерді ұғып, хатта сөйлеудің тонын, ыңғайын да (ашулы сөз, жылы сөз) байқай алады. Екінші жасқа қарағанда бала сөз дыбыстарын өзі айта алатын болады.

Есту сезімін тәрбие қылу. Баланың есту сезімін тәрбие қылу – алдымен оның құлағын түрлі зияннан сақтау деген сөз. Мысалы, баланы қисық яки еңкейтіп ұстау жарамайды. Себебі, басқа шапшыған қан құлаққа зиян келтіреді. Қатты дыбыс, құлаққа суық тигізу, шомылдырғанда су жіберу жарамайды. Құлық ағып, яки басқа түрлі баланың құлағы ауыра бастаса, тез докторға емдету керек. Надан алдауыш дәрігерге емес, ғылым иесі докторға. Әсіресе, қызылшадан соң баланың құлағы ауырымпаз болады. Қысқасы, ауру білінсе-ақ емдету керек.

Баланың құлағын зияннан сақтаумен бірге баланың сақ құлақ болуына да көмек көрсету керек. Құлақтың сақ, естімпаз болуы үшін баланың түрлі дыбысты есті беруі шарт. Сондықтан ана баланың жанында ешбір уақыт үндемей отырмауы керек. Дұрыс, ол анасының

сөзін ұқпайды. Әйткенде де әдеттене берсін. Біз айтпай-ақ, баласы ешнәрсені ұқпаса да, баласын шын сүйген ана өзі-ақ айналып-толғанып жатады ғой.

Қысқасы, балаға қандайда болса дыбыс естіртпей қою дұрыс емес. Бала жансыз заттардан шығатын шуды, судың сылдырын, жібектің судырын, шөптің сыбдырын, темірдің қаңғырын, һәм жанды заттардан шығатын дыбыстарды, жылқының кісінеуін, қойдың маңырауын, мысықтың мияуын, құстың шырылын ести берсін. Бала малдың дыбысына еліктегіш болады. Бала қошақанша маңыраймын деп әуре болып жатады.

Баланың есту сезімін ілгерілету үшін біраздан балаға түрлі музыка құралдарының үнін естірте беру керек. Домбыраға түрлі күй тартып отырсаң, алдыңда отырған бала тырп етпей, шын ынтасымен тыңдап отырмай ма? Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін – бесік жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың «Әлди-әлди, ақ бөпем» деп басталатын ескі бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де тәтті. Біраз есейген балаға жырлау үшін қазақ әйелі төмендегі бесік жырымен таныс болса игі болар еді.

Бесік жыры

Күнім, айым,
Еркетайым,
Бөлейін енді
Тыста дауыл,
Жатқан ауыл,
Ұйқың да келді.

Жұмсақ бесік,
Жылы төсек,
Жата ғой, қозым,
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Ұйықта, жұм көзің.
Құлыншақтар,
Қозы, лақтар –
Бәрі-ақ ұйқыда.
Сен – жұлдызым,
Сен – көз нұрым,
Кір тәтті ұйқыға.
Сая жаным,
Балапаным,
Соқсын дауыл, жел,
Болма алаң,
Сүйген анаң
Сақтар, анық біл.
Беу-беу, бөпем,
Беу-беу, бөпем,
Әлди, әлди-ай!
Сәулем, еркем,
Күні ертең
Толарсың сен ай.
Пісіп алмам,
Толып бағлан,
Жүгіріп жүрерсің.
Сұлу сүйрік,
Жорға жүйрік
Тайға мінерсің.
Қара жарғақ,

Түлкі тымақ
Шоқтап киерсің.
Қуанып, қалқам,
Ерке марқам,
Қысып сүйермін.
Мініп тұлпар,
Алып сұңқар,
Тауға кетерсің.
Сен боп сөзім,
Жасты көзім,
Сағынып күтермін.
Қуып бақыт,
Тілеп тақыт,
Жолдар шегерсің.
Жүрек жара,
Мен – бейшара,
Жастар төгермін.
Қайнап қаның,
Батыр жаның
Ерікке ұмтылар.
Сен еріме,
Жас бөріме
Қарсы кім тұрар?
Алмас қылыш,
Найза құрыш
Белге буарсың.
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың.
Туған жерден,
Өскен елден

Ерге не қымбат?
Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,
Шаңға, қанға бат.
Айбатыңды,
Қайратыңды
Көріп қарт анаң
Төгіп жасын,
Жайып шашың,
Тілер: «Бол аман!»
Күтем, күйем,
Көрсет, ием,
Сол алтын күнін.
Ұйқың тәтті,
Ұйқың қатты,
Қозым, құлыным.
Жаным да сен,
Тәнім де сен,
Қарашығым-ай!
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Есту сезімінің жан тұрмысына керектігі. Адамның дыбысы жан тұрмысына байлаулы. Жан жат болса, дауыс та жат шығады. Жан күңгірт болса, дауыс та күңгірт. Жанның терең түкпірінде жатқан ойларды, жүректің жеті қабат астында жатқан ыстық сырларды ашып, шешіп беретін адам сөзінен дүниеде не қымбат нәрсе бар? Міне, бізді шет адамның жанымен шын табыстыратын нәрсе – осы есту сезімі.

Бізді сыртқы жаратылыспен таныстыратын да осы есту сезімі. Біз егер жануарлардың шулауы, бұлттың күркіреуі, судың сылдыры сықылды жаратылыстың түрлі әуенін естімесек, жаратылыс бізге жансыз, мылқау болып көрінер еді.

Есту сезімі адамның көру сезіміне де көп көмек көрсетеді. Көз нәрсенің сыртын көреді. Құлақ бізге бір заттың ішін, жанын шешіп береді. Грек данышпаны Сократ алдында тұрған кісіге:

«Қане, сөйлеші! Мен сені көрейін», – дейді екен. Мылқауға қарағанда тума соқырдың ақылды, құлықты болуы һәм оның жанының, жүрегінің жұмсақ, нәзік болуы осыдан.

Адамның әділеттілікті сүю сезімін тереңдететін де – осы есту сезімі. Әдемі ән, сұлу күй бойды билеп, денені балқытып, адамға терең ой салмай ма?

Құлақтан кіріп бойды алар,
Тәтті ән менен мұңды күй.
Жүрекке терең ой салар
Әнді сүйсең, менше сүй, –

дейді Абай. Күй адам жанын белгілі бір күйге түсіреді. Шат күй-шаттыққа, мұңды күй мұңға батырады. Кісі өлгенде өлім күйі, тойда қуаныш күйі, соғыста адамды есаланғандырып көтеріп жіберетін соғыс күйі ой-налуының мәнісі осы. Грек елінде бір әдемі ертегі бар. Орфей деген күйші күйімен, әнімен тағы аңдарды ұйытып алады екен. Қазақтың әдемі ертегісінде Қорқыт қайда барса да алдынан кез келе берген көрден, яғни жанын жеген өлім туралы ойдан құтылам ба деп бір тоқтаусыз

қобыз тартатын болыпты.

Қысқасы, баланың жаны кетік болмай, бүтін болсын десе, тәрбиеші баланы әннен, жырдан, музыкадан қашырмасын.

Сипау сезімі. Сипау сезімінің құралы – адамның терісі. Мидан һәм жұлыннан шығып, сипау нервтері терігe келіп бұтақтанады. Сипау нервтерінің көп жиылған жері – қол. Қол болғанда, саусақтардың ішкі жақ бас терісі. Мұнан соң алақан, тілдің ұшы, ерін, мұрынның ұшы, саусақтардың сыртқы жағы, табан һәм жақ терісі. Сипау сезімінің ең әлсіз жері – арқа.

Сипау сезімі арқылы біз заттардың үстін, яғни қаттылығын, тегістігін, бұдырлығын, өткірлігін, топастығын һәм ыстықтығын, жылылығын, суықтығын білеміз.

Баланың сипау сезімін жақсы тәрбие қылудың керектігінде дау жоқ. Сипау сезімін тәрбие қылу үшін алдымен сипау сезімінің құралы – терінi түрлі зияннан сақтау керек. Теріні кір басып кетсе, сипау сезімі топас болып қалады. Екінші, балаға түрлі нәрсе бере беру керек. Сипау сезімі жақсы тәрбие қылынса, тіпті өткір болады. Мысалы, кассада отыратын адамдар саусағымен бір сипап жіберіп, қағаз ақшаның асылы мен жасығын айыра қояды. Соқырлар қолымен ақшаларды, һәм жазылған қағаз бен жай қағазды айырып біле алады.

Сипау сезімінің адамға қымбаттығы сонша, адамның көрген, яки естіген нәрсесін ұстап көргісі келмей қоймайды.

Ет сезімі. Ет сезімінің құралы – терінің астындағы ет. Етке келіп тараған қозғау нервтері бар. Ет сезімі арқылы біз өз денеміздің қандай халде екені, яғни қозғалып тұр

ма, тек тұр ма, қозғалғанда қалай қозғалып тұр, тек тұрғанда қалай тек тұр, міне, осыны білеміз. Бұл бір. Екінші, ет сезімі арқылы түрлі заттардың салмағын білеміз.

Баланың еті оның ойыны мен секіруі, жүгіруімен өседі һәм бекиді. Сондықтан баланың еті жақсы өсіп, берік болсын деген тәрбиеші баланы ойыннан қыспау керек. Ал енді, бала мектепке кіріп, сабақ оқи бастағанда оған әлсін-әлсін гимнастика жасату керек. Бірақ гимнастиканың шарттары бар. Сол шарттар табылмаса, гимнастикадан пайда орнына зиян шығады. Мысалы, гимнастика лайықты киімде, таза ауада болсын. Әсіресе гимнастика бір міндетті іс сықылды, сабақ сықылды болмасын. Мұндай гимнастикадан бала безіп кетеді.

Ет сезімі адамның жан тұрмысы үшін яғни адамның білімін арттыруына көп көмек көрсетеді. Біздің сыртқы дүниедегі заттар туралы толық білімді болуымызға осы ет сезім себепші. Заттардың түрін һәм салмағын біз осы сезім арқылы ғана білеміз.

Иіскеу һәм тату сезімдері. Иіскеу сезімінің құралы – танаудың терісі. Сол теріде иіскеу нервтері бар. Ауада ұшып жүрген иіс сол нервтерді қытықтап, одан әсер миға барады. Иістің арнап қойылған аттары жоқ. Иіс не заттан шықса, сол заттың атымен жүргізіледі. Мысалы, сасырдың иісі, жұпардың иісі деген сықылды.

Тату сезімінің құралы – тілдің үсті. Сол тілдің үстіне тату нервтері тараған. Негізгі дәмдер мыналар: тәтті, қышқыл, ащы, тұзды, тұщы.

Иіскеу һәм тату сезімдері адамның жан тұрмысы үшін аса қымбат сезімдер емес. Бұлар – денемізге қызмет қылатын сезімдер. Бұл сезімдер басқа ішкі сезімдерді оя-

туға ұста болады. Мысалы, жақын адамның иісі сіңген бір нәрсені иіскесең, әлгі адамың есіңе түсе қалады.

Жас бала қолына түскен нәрсенің бәрін аузына апарып салады. Мұның себебі ең алдымен оянатын – осы тату сезімі. Бала қолына түскен нәрсені татып білмекші болады. Балада татудан соң оянатын сезім – сипау. Біраздан соң көру һәм есту, бәрінен соң иіскеу сезімі.

ІСКЕРЛІК

Адам жанында әсерлену болу үшін жалғыз әсерлену ғана емес, барлық жан көріністері болу үшін бір шарт бар. Ол шарт – іскерлік. Іскерлік сыртқы дүниедегі бір затқа яки ішіміздегі бір жан көрінісімізге, ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның төнуі, нүктеленуі деген сөз. Іскерлік болмаса, біз сыртқы заттардан әсер алып, олармен таныса алмаймыз. Ойымыздың дұрыс, ашық болуы, ішкі сезімдеріміздің жанды болуы, қайратымыздың түзу бет алуы осы іскерлікке байлаулы.

Іскерліктің түрлері. Іскерлік төмендегі түрлерге бөлінеді:

1) Әсер берген заттың яки көріністің мінезіне қарап екіге бөлінеді. Еріксіз іскерлік һәм ерікті іскерлік. Біз тілемеген уақытта яки тілегімізге қарсы бір нәрсе біздің іскерлігімізді еріксіз тартса, міне осындай уақытта болатын іскерлік еріксіз іскерлік деп аталады.

Мысалы, біз шын ынтамен бір кітап оқып отырмыз. Іскерлігіміз кітапта, кенет үй артында біреу ән шырқай бастады. Сонда осы ән біздің іскерлігімізді кітаптан еріксіз тартып алады. Ал енді, егер біз өзіміз тілеп бір нәрсеге іскерлігімізді өзіміз аударсақ, міне осындай уақытта болатын іскерлік ерікті іскерлік деп аталады.

Мысалы, біз қазір бір өлеңді жаттап алайықшы деп жаттап отырғанда іскерлігімізді өз еркімізбен өлеңге жұмсап, жан-жақта сөйлесіп жатқан сөздерді естімейміз.

2) Іскерлік табандылығына қарап екіге бөлінеді: табанды іскерлік, табансыз іскерлік. Бір затқа қажымай қадалған іскерлік табанды деп аталады. Мысалы, жанжаққа көз, құлақ салмай, бар дүниеден безіп үйрену үшін бір әнді қайта-қайта домбыраға салып отырған жігітте табанды іскерлік болып отыр. Ал енді бір затқа тұрақтай алмай, бірінен-біріне секіретін іскерлік табансыз іскерлік деп аталады. Өзі бір әнді домбыраға салып үйренем деп отырып, біресе сөзге кірісіп, біресе домбыра тартып отырған жігітте табансыз іскерлік болып отыр.

3) Іскерлік тартатын заттың тұқымына қарай іскерлік екіге бөлінеді: ішкі іскерлік һәм тысқы іскерлік. Сыртқы дүние затына жұмсалған іскерлік сыртқы іскерлік деп аталады. Өзіміздің бір көрінісімізге жұмсалған іскерлік ішкі іскерлік деп аталады.

Баланың іскерлігі. Баланың іскерлігі жеткен адам іскерлігінен көп төмен, көп нашар. 1. Баланың іскерлігі ерікті емес, еріксіз яғни бала өзі тілеп іскерлігін бір нәрсеге байлай алмайды. Бір нәрсе еріксіз тартса, сонда ғана бала іскер бола алады. 2. Баланың іскерлігі ішкі емес, сыртқы. Яғни сыртқы заттарға ғана іскер бола алады. Өз жанында болып жатқан көріністерге іскер бола алмайды. 3. Баланың іскерлігі табансыз. Бала бір нәрсеге табанды іскер болам десе де, бола алмайды. Бір нәрседен екіншіге әп-сәтте ауып жүре береді. «Жас бала жеңсікқой, әуесқой» деп қазақ дұрыс айтады. Балада табанды іскерлік 11-12 жастарда ғана бола бастайды.

Іскерліктің қымбаттылығы һәм оны тәрбие қылу жолдары

Іскерлік – жан тұрмысының негізі. Бала іскер болмаса, ешнәрсе ұқпайды һәм ешнәрсе үйрене алмайды.

Іскерлік осындай қымбат болса, сөз жоқ, оны тәрбие қылу керек. Тәрбие қылудың жолдары мыналар:

1) Әсер күшті болса, бала еріксіз іскер болады. Мысалы, мұғалім қатты сөйлесін, тақтайға жазғанда айқын қылып жазсын, балаға көрсететін суреттің бояуы ашық болсын... Балаға кестелі әліп-бидің берілетін себебі осы. Және де есте болу керек, әсер неғұрлым күшті болса, іскерлік те сонша күшті болады дедік қой. Ал енді, сол әсердің өзінің күшті болуына бірнеше шарт бар. Бірінші, әсерді қабыл алуға сыртқы сезімдер неғұрлым көп қатынасса, әсер сонша күшті болмақ. Сондықтан балаға бір нәрсені білдірмекші болғанда, сол нәрседен әсер алуға баланың көп сыртқы сезімдерін қатынастыруға тырысу керек. Мысалы, баланы бір затпен таныстырмақшы болсақ, сол зат туралы сөйлеп қана қойма, алып келіп балаға көрсет, көрсетіп қана қойма, сол заттың суретін салдыр. Суретпен ғана қанағаттанба, балаға балшықтан сол затты жасат. Әсердің күшті болып, іскерлікті көп тартуының бір шарты осы. Екінші, әсерді қабыл алу денеге қолайсыз болмасын. Денеге қолайсыз болса, әсердің күші бітеді. Әсердің күші бітсе, іскерлік бітеді. Мысалы, бір нәрсеге қанша іскер болып отырсаң да, отыруың қолайсыз болса, іскерлік бітіп қалады. Баланы партаға жатқызбау, таяндырмаудың керектігі осыдан.

2) Әсер жеке болсын. Егер біздің көз алдымызда бір ғана зат тұрса, біз сол затқа іскерлікті көп жұмсап, тек-

серіп қараймыз. Егер бірнеше зат тұрса, іскерлігіміз бытырап, жақсы қарай алмаймыз. Бір әсермен әсерленіп, соған іскерлігін жұмсап отырып, екінші әсердің өзін тыйып қалу балада тіпті болмайтын жұмыс. Бала бір әсерден бір әсерге тез көше береді. Сондықтан балаға сабақ берген уақытта баланың алдында оның іскерлігін бөлгендей беріліп отырған сабаққа жанасы, қатынасы жоқ ешнәрсе тұрмасқа тиіс. Балада жақсы оқысам, молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам, молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой да болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды.

3) Әсер жаңа болсын. Әсер неғұрлым жаңа болса, іскерлікті сонша көп тартады. Бір нәрсе қанша жат, қызықты болғанмен, ылғи көз алдымызда тұрса, біраздан соң ол біздің іскерлігімізді оятпайтын болады, біз оны байқамайтын боламыз. Сондықтан бала іскер болсын десең, балаға әсерді жаңалап беріп отыру керек. Мысалы, бір сабақтың артынан екінші түрлі сабақ. Қазақтың ендігі жас балалары баяғы күн батқанша балдырған жас балаларды қалғытып, мүлгітіп «әліпсін-ә, әлбәсін-әй, әліптүр-әу» дегізіп шұлғытып қоятын надан молдалар заманында тумағанына қанша шүкірлік қылса да аз-ау. Түрлі сабақты ауыстырып отыру ғана емес, бір сабақтың өзін де түрлеңдіріп, жаңалап беруге болады. Мысалы, бір харіппен таныстырғанда, мұғалім әуелі харіпті көрсетіп, онан соң кеспе харіптің ішінен тапқызады. Онан соң жазғызады. Қысқасы, баланың іскерлігі сөніп қалмас үшін әсерді жаңалап отыру керек. Бірақ түрлендіргеннің жөні осы екен деп, үсті-үстіне бастырмалай беру

жарамайды. Онда бала біреуіне іскерлігін тоқтата алмай қалады. Міне, баланы түрлі ойыншыққа көміп тастаудың дұрыс емес екендігі осыдан. Жаңа бастаған жас балаға 5-10 минуттан артық сабақ беру дұрыс емес.

4) Жаңа алынатын білім мен ескі білімнің қатынасы болсын. Біз өзіміздің туғандарымыз яки таныстарымыз туралы сөз естісек, іскерлікті жұмсап, құлақты түріп тыңдай қаламыз. Егер жат кісілер туралы сөз болса, тыңдамаймыз. Міне, балаға білім бергенде осы жолды ұстау керек. Яғни балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек. Мысалы, балаға дыбыстарды айыртқанда, балаға таныс сөздерді алып, дыбыстарға айырту керек. Жағрафия оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек.

5) Болашақ әсерге даярлану болсын. Яғни бір нәрсені күтіп барып жолықтырсаң, сол нәрсеге іскерлік күшті болады. Сондықтан мұғалім балаларға жаңа бір нәрсені білдірмек болғанда балаларды күткізіп, даярландырып қойсын. Мысалы, сұрауды жалпы класқа берсін. Сонда бар класс құлағын түріп тұрады.

Іскер болмау себептері. Жоғарғы айтылған шарттар табылмаса, адам іскер болмайды. Олардан басқа іскер болмаудың тағы мынадай себептері бар:

1) **Дененің һәм жанның шаршауы.** Жұмыс қылып дене шаршаса, яки бір іс істеп жан шаршаса, адамда іскерлік болмайды. Сыныпта отырғанда баланың тез шаршауы оның ақылының жұмыс қылуынан, әсіресе тік отыруынан һәм ауаның бұзылуынан. Сондықтан сабақ уақытында балалар іскер болмай бастаса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып, кластың

ауасын жаңарту керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырғызып гимнастика жасатып, ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала сергіп қалады. Ән мен гимнастиканы бір келтіруге де болады. Бір сағаттық сабақтың орта кезінде солай істелсе, балалар тіпті көтеріліп қалады.

Мысалы, балалар қосылып айтады[1]:

Баяғыда болыпты тоғыз тоңқылдақ,
Тоғызы, тоғызы, тоғыз тоңқылдақ.
Олар ішпейді, жемейді,
Қарнымыз аштыдемейді.
Бір уақыт істеді былай
(дегенде екі қолды жоғары көтереді);
Құрсақтары тоғыздың тоғыз қорқылдап,
Тоғызы, тоғызы, тоғыз қорқылдап,
Сонда да олар жемеді,
Жыртаң-жыртаң күледі.
Сөйтіп істеді былай
(дегенде қолдарын қанаттай жаяды);
Жата берді тоғызы тоғыз қоңқылдап,
Тоғызы, тоғызы, тоғыз қоңқылдап,
Олар ішпеді, жемеді,
Бәрі де аштан өледі.
Өлгенде істеді былай

(дегенде екі қолды төмен жібереді).

Мұғалімдер қолайлы тапса, осы өлеңді айтқызып, гимнастика жасатар. Әрине, бұл өрнек үшін ғана.

2) Жанның толқынданып тұруы, яғни бір іспен, яки уақиғамен жан толқынданып тұрса, жанда іскерлік бол-

[1] «У дедушки Якова семеро детей» әнімен.

майды. Толқын басылып, жан тыныштануы керек. Мысалы, ойнап, жүгіріп, ән салып тоқтасымен бала іскер бола қоймайды. Мұғалім осыны ескеру керек.

3) Іскер болмаудың үшінші себебі – бейғамдық (рассеянность). Бейғамдық тума да болады, жүре де болады. Бейғамдық екі түрлі – тіпті ешбір нәрсеге іскерлікті тоқтата алмайтын адамның бейғамдығы һәм бір нәрселерге іскер болып, басқа нәрселерге іскер болмайтын адамның бейғамдығы. Бұл екі бейғамдықтың бастапқысын бір ауру деп атауға болады. Бұл – терең, ұзақ тәрбие тілейді. Ал енді екіншісін зиянды бейғамдық деуге болмайды. Қайта мұндай бейғамдық данышпан адамдарда көп ұшырайды..

Жоғарыда саналған іскерлік түрлерінің ішінде адамға ең қымбаты адамның терең, толық білімді болуына себепші болатыны, сөз жоқ, ерікті іскерлік. Сондықтан тәрбиеші күшін баланың ерікті іскерлігінің өркендеуіне жұмсау керек. Ерікті іскерлікті өркендету әсіресе, жоғарыда айтылған іскерлік шарттарын орындаумен танылады.

СУРЕТТЕУ

Суреттеу ұғымы. Бір заттан яки көріністен болған әсерлену, зат яки көрініс жоғалса, ол да, яғни әсерлену де тоқтайды. Бірақ әсерлену өзі тоқтағанмен, жоғалғанмен, оның жанда ізі қалады. Яғни жанды заттың яки көріністің суреті қалады. Мысалы, біз жаздыгүні көрген кемпірқосақты қыстыгүні суреттей аламыз.

Міне, осы заттың өзі бізге әсер беруден тоқтаған күнде де, біздің ой мен жанымызда сол затты тірілте алуы-

мыз, сол заттың суретін көз алдымызға алып келуіміз суреттеу деп аталады.

Суреттеу мен әсерлену арасындағы айырма. Суреттеу мен әсерлену арасындағы айырмалар: 1) әсерленудің болуына жан да, дене де қатысады. Ал енді суреттеу – жалғыз жанның ғана ісі; 2) әсерлену әсер беріп тұрған зат болса болады. Зат жоғалса, тоқтайды. Ал енді суреттеу қайта зат жоғалса – болады; 3) суреттеудің күші әсерленудің күшінен кем болады. Мысалы, күн күркіреуді есту бар. Күн күркіреуді еске түсіріп, оймен суреттеу бар. Күн күркірін ойлап, суреттеп отырғанда біз естіп отырғандағыдай қорықпаймыз. Ал енді егер суреттеудің күші әсерленудің күшіне жетсе, ол уақытта суреттеу ауруға айналады. Аурулы суреттеу галлюцинация деп аталады.

Галлюцинация – бізге ешбір әсер бермеген бір затты яки көріністі суреттеу деген сөз. Бұл адамның миы, жалпы сау болмағандықтан болады. Мысалы, өлген адамды көру, жын, пері көру, әлдеқайдағы бір затты көру, жоқ дауысты есту сықылды. Қазақтың бақсы-балгері осы галлюцинация ауруына ұшырағандар ғой.

Суреттеулердің бөлінуі. Суреттеулер ауданына қарап екіге бөлінеді: жалқы суреттеу һәм жалпы суреттеу. Егер біз жалқы бір затты суреттесек, жалқы суреттеу деп аталады. Мысалы, Сәрсенбай деген бір жалқы адамды суреттеу болады. Ал енді біз бір-біріне ұқсас, тұқымдас көп затты суреттесек, жалпы болады. Мысалы, жалпы сиырды суреттеу жалпы суреттеу болып шығады.

Суреттеулер ішіне қарап тағы екіге бөлінеді: жабайы һәм күрделі суреттеулер. Заттың өзін емес, сынын ғана суреттеу жабайы суреттеу деп аталады. Мысалы, қара-

лықты яки қызылдықты суреттеу сықылды. Ал енді затты барлық сындарымен суреттеу күрделі суреттеу деп аталады. Мысалы, қара сиыр, жирен атты суреттеулер сықылды.

Баланың суреттеулері. Бір затты дұрыс суреттей алу үшін сол заттан адам жанында көп әсерлену болу шарт. Егер бір заттан бірлі-жарым ғана әсерлену болса, ол уақытта заттың барлық сыны жанда қалмайды. Баланың әсерленулері әлсіз. Бұл – бір. Сыртқы заттармен бала жаңа танысып келеді, яғни балада әсерлену әлі көп болған жоқ. Бұл – екі. Міне, осы сабақтардан бастапқы кезде баланың суреттеулері дұрыс болмайды. Жас балада бір заттан әсерлену болғанда, заттан түгел әсерлену емес, сол заттың бір балаға жат көрінген сынынан ғана болады. Мысалы, бала қанттан әсерлену алғанда қантты қатты ақ зат деп емес, тура тәтті бір зат деп қана біледі. Сондықтан ол екеуі де тәтті болғандықтан, қант пен кәмпитті айыра алмайды.

Балада дұрыс суреттеу болу үшін оның жанында көп һәм ашық әсерленулер болуы шарт. Сондықтан тәрбиеші баланы көп заттан әсерлендіруге, әсерлендірген соң, дұрыс һәм ашық әсерлендіруге ыждиһат қылу керек.

Суреттеу ассоциациясы

Біздің жанымызда сансыз көп суреттеулер бар. Осы суреттеулер қанша көп болғанымен, біз оларды бір-бірімізге араластырып, жанастырып алмаймыз. Мұның себебі біз суреттеулерді байлам-байлам қылып байлаймыз да, жанымыздың әр түкпіріне тастаймыз. Бізге бір байламның ішіндегі бір суреттеу керек болса, біз сол сурет-

теулерді алып келеміз. Бұл суреттеу анау өзімен бірге байлаулы тұрған суреттеулерді бірге ала келеді. Міне, осы суреттеулерді бір-біріне байлау суреттеулер ассоциациясы деп аталады. Бірақ суреттеулерді беталдына бір-бірімен байлай беруге болмайды. Байлаудың яғни ассоциацияның белгілі жолдары бар. Олар: 1) жақындық ассоциациясы; 2) тұқымдастық ассоциациясы.

Жақындық ассоциациясы

Бір уақытта яки бірінің артынан бірі болған әсерленулерді біз бір байлам қылып тастаймыз. Яғни сол бір уақытта яки бірінің артынан бірі болған әсерленулердің біреуін суреттегенде, сонымен бірге байланған әсерленулер өздері келіп суреттеледі. Жақындық ассоциациясы дегеніміз осы.

Жақындық ассоциациясы екі түрлі болады:

1) орында бірлік ассоциациясы һәм,

2) уақытта бірлік ассоциациясы.

Орында бірлік ассоциациясы. Біз бір затты суреттесек, сол заттың жанында тұрған басқа заттарды да суреттемей қоймаймыз. Мысалы, біз киіз үйдің оң жақ босағасында тұрған кебежені суреттесек, соның жанында тұрған қазан, ошақ, шелек, астау өздері ана кебежеге еріп келіп суреттеледі.

Балада осы орында бірлік ассоциациясы күшті болады. Мұның себебі: бала басқа сыртқы сезім құралдарына қарағанда көзді көп жұмсайды. Балаға не нәрсе үйретсең де, көрсетіп (наглядно) үйрету керек екендігі осыдан. Балаға берілетін кітаптың ірі харіппен басылуы және осыдан. Орында бірлік ассоциациясы балаға, әсіресе жағрафия оқығанда көп көмек көрсетеді.

Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер көз алдына елестей қалады.

Уақытта бірлік ассоциациясы. Бір уақытта яки бірінің артынан іле-шала суреттеулердің бірі келсе, басқалары да соған еріп келеді. Мысалы, біз ұстау үшін бір атқа құрық салғанымызды суреттесек, аттың үркіп кеткендігі, біраз барып тоқтағаны, біздің жүгендегеніміз өздері келіп суреттеледі. Уақытта бірлік ассоциациясы балаға әсіресе тарих оқығанда көп көмек көрсетеді. Бір нәрселерді, мысалы, өлең жаттағанда да біз осы уақытта бірлік ассоциациясымен пайдаланамыз. Яғни белгілі бір сөздерді бірінің артынан бірін айтуға біздің кеңірдегіміз машинаша үйреніп қалған болады. Егер жаттаған өлеңді суылдатып айтып отырғанда тоқтай қалсақ, біз қазір жаңылып қаламыз.

Осы уақытта бірлік ассоциациясына ұқсас, себеп ассоциациясы бар, яғни екі көрініс іле-шала бірінің артынан бірі келеді. Соңғы көріністің болуына әуелгі көрініс себеп болады. Сіреңке сызсаң, жарық болады. Бірақ барлық бірінің артынан іле-шала бірі болатын екі көріністің әуелгісі соңғының болуына себеп деуге болмайды. Бұлай болу әншейін тура келіп қалудан, қазақ айтқандай, мергеннің басуына құланның қасынуы тура келгеннен яки басқа бір себептен болуға мүмкін. Мысалы, қонақ келген күні қой егіз тапса, қонақтың құттылығынан емес. Қой егіз қозыны қонақ келген соң көтерген жоқ қой одан пәленше ай бұрын көтерген. Қойдың егіз табуы қонақтың келуіне тура келіп қалды.

Бірінің артынан бірі болатын екі көріністің біреуі біреуіне ылғи себеп болып отырады деп ұғу адамды зор қатаға түсіреді.

Қазақтың неше түрлі ырымдары осы қате ұғынудан туған. Тәрбиеші баланы осы қатеден, яғни ырымшыл болудан сақтау керек.

Тұқымдастық ассоциациясы

Біз бір нәрсені суреттесек, соған тұқымдас, ұқсас екінші нәрсе бір орында, бір уақытта болмаса да, ана нәрсеге өзі еріп суреттеледі. Тұқымдастық ассоциациясы дегеніміз осы.

Тұқымдастық ассоциациясы екі түрлі: 1) ұқсастық ассоциациясы һәм 2) қарсылық (контраст) ассоциациясы.

Ұқсастық ассоциациясы. Біз бір нәрсені суреттесек, соған ұқсас екінші бір нәрсені де суреттейміз. Мысалы, біз бір адамды суреттесек, сол адамымыз пішіні, сөзі, жүріс-тұрысымен біздің бір досымызға ұқсайтын болса, сонда біз мынау досымызды да суреттейміз.

Осы ұқсастық ассоциациясы бойынша оқуды тез һәм жақсы меңгеріп алу үшін оқу материалын концентр қылып құрудың керектігі келіп шығады. Концентр – бір пәнді басқыштап, кеңейтіп оқыту деген сөз.

Қарсылық ассоциациясы. Бір нәрсені суреттегенде соған тіпті ұқсамайтын қарама-қарсы нәрсені суреттеуге болады. Қысты суреттегенде – жазды суреттеу, қараны суреттегенде – ақты суреттеу, байды суреттегенде кедейді суреттеу сықылды.

Бұл қарсылық ассоциациясы тұқымдастық ассоциациясына жатады. Себебі біз тұқымы жат екі нәрсені бір-біріне байлай алмаймыз. Яғни бір нәрсені суреттегенде, соған қарсы болып тіпті тұқымы жат екінші нәрсе

суреттелмейді. Мысалы, қысты суреттегенде, оған қарсы сиырды суреттемейсің, бәлки жазды суреттейсің. Себебі қыс пен сиырдың тіпті тұқымы басқа.

Балаларды оқытқанда қарсылық ассоциациясының көп пайдасы тиеді. Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, балаға жер ортасының ыстығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр.

ЕС (ЗЕЙІН)

Ес һәм еске түсіру. Суреттеулерді жанның жоғалтпай сақтай білуі ес деп аталады. Ал енді сақталып тұрған суреттеулерді бұрынғы түрі, бұрынғы ретімен жанның тірілтіп алып келе білуі еске түсіру деп аталады.

Әр адамның есі әр түрлі. Кейбіреулер тез алып, яғни тез жаттап алып, тез ұмытады. Кейбіреулер шабан алады, бірақ тез ұмытпайды. Кейбіреулер тез алады, сонда да ұмытпайды. Адамның білімді болуына, әрине, естің осы төртінші түрі, онан соң үшінші түрі пайдалы. Адамның есі тағы төмендегі түрлерге бөлінеді:

1) **Көру есі.** Көру есі күшті адам нәрсенің сыртқы түрін есінде ұстап қалады. Мысалы, таныс адамдарының пішіні есінде болады, аты, фамилиясы есінде болмайды. Яки бір шәкірт бір пәннің бір жерінен жауап беріп тұрғанда сол пән кітабының айтып тұрған сөздер жазылған бетін көргендей болады.

2) **Есту есі.** Есту есі күшті адам заттың дыбысын есінде ұстампаз болады. Мысалы, кейбір адам таныс адамдарының аты, фамилиясы, пішінін де ұмытып қалып, жалғыз даусын ғана есінде ұстайтын болады. Яки

кейбір шәкірт сабақты өзі оқығаннан да мұғалімнің сөйлегенін тыңдағанда тез жаттап алатын болады.

3) **Қозғалу есі яки мотор есі.** Қозғалу есі күшті адам заттың қозғалуын есінде ұстайтын болады. Мысалы, кейбір адам таныстарының жүріс-тұрысын ұмытпайтын болады. Адамда осы ес түрлерінің біреуінің күшті болуы көбінесе тұқым қуалайды. Мысалы, әнші, домбырашы, өлеңшінің баласында есту есі күшті болады. Және бір адам көңіл қойған нәрселеріне есті болып, көңіл қоймағандарына ессіз болуға мүмкін. Мысалы, өлеңші өлеңді тез жаттампаз болады. Атақты жаратылыс ғалымы Линей өсімдік аттарын жаттауға шебер болған да, шет тілдерді үйренуге тым-ақ топас болыпты.

Адам өмірі үшін естің керектігі. Ес өмір үшін аса керек. Ес болмаса, бүгін жаттағанын бүгін ұмытып тұрса, өмірінде адамның білімі артпас еді. Адам адам да болмас еді. Ес болса ғана адам білімді бола алады. Ес болса ғана адам дұрыс ойлай алады. Ес неғұрлым мол, бай болса, ой да терең болады. Терең ойлы адамдардың аса есті болғандығы бізге тарихтан белгілі. Балада ес болмаса, оған ешбір нәрсе үйретуге мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші баланың есті болуына аса көп күш жұмсау керек.

Баланың есі. Жеткен адамның есіне қарағанда баланың есі тым әлсіз. Бала тез ұмытады. 2-3 жасар бала аз уақыт ата-анасынан айырылып тұрса, оларды танымай қалады. 9-12 жасар бала шетелде ана тілін біржола ұмытып қалады. Бала ұмытып қалып, бір нәрсенің атын қайта-қайта сұрай береді, бір көрген нәрсесін қайта-қайта қарай береді. Ес түрлерінен балада есту есінен көру һәм қозғалу есі күшті.

Есті өркендету жолдары. Естің өркендеуі үшін төмендегі шарттардың орындалуы керек.

1) **Әсердің күштілігі.** Әсер күшті болса, есте ұзақ ұсталады. Мысалы, қатты дауыл, сұрапыл боран сықылды күшті көріністер тез ұмытылмайды. Қатты дауыс пен ашық ұқтырылған сабақ баланың есінен шықпайды. Бір сабақтан бала күшті әсер алу үшін баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болу керек. Мұғалім сабақ бергенде өзі есіней түсіп, ыңылдап тұрса, шәкіртте құмарлық бола ма?

2) **Сыртқы сезімдердің көбінің қатынасуы.** Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Міне, балаға бір нәрсені білдіру керек болғанда, осы жолды ұстау керек. Яғни, мүмкін болғанынша, баланың сыртқы сезімдерінің көбін қатынастыру керек. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сипат, суретін салғыз. Баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің көрген нәрсесін ұстағысы келеді, естіген нәрсесін көргісі келеді. Ұстаған нәрсенің дәмін татқысы келеді. Міне, осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болмақ. Мысалы, дұрыс жазу үшін құр ережелерді білу жетпейді. Қолдың, көздің, құлақтың әдеттенуі шарт.

3) **Жаңа білімді бұрынғы біліммен байлау.** Бір нәрсенің еске тез алынуы һәм естен тез шықпауы үшін ол нәрсенің бұрын есте бар нәрсеге байлануы шарт. Мысалы, саудагер заттардың бағасын есте ұстампаз келеді. Мұғалім осыны ескерту керек. Яғни бір нәрсені бала есіне тез алсын һәм есінде ұзақ ұстасын десе, балаға жаңа беретін білімді жат күйінше бермесін, баланың бұрынғы таныс білімдеріне байлап берсін.

4) **Пысықтау.** Бала жаңа білімді неғұрлым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады. Бұрынғы Рим елінен қалған бір дұрыс мәтел бар «пысықтау – білудің анасы» деген. Мұғалім балаға оқытқан нәрсесін көп пысықтату керек. Бірақ, мұғалім, құрғақ жаттауға кірісіп, баланы бұзып алып жүрме.

Осы жоғарыдағы айтқан шарттар табылмаса, адам ессіз, ұмытшақ болады. Бірақ психология пәні адамда біржола ұмыту болмайды дейді. Яғни адам бір білген нәрсесін біржола ұмытпаса керек. Тек кейбір нәрсені еске түсіру қиын болады дейді.

Адамның жасындағы өзгеріске қарап ес өзгерісі. Бастапқы кезде нәрсені еске шабан алып, тез ұмытады. Естің аса күшті болатын кезі – 7 мен 15 жас арасы. Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқанда адам бір нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын ғылымдарды үйренуге нағыз қолайлы шақ – осы 7 мен 15 арасы. Бұл жеткіншектік шағы деп аталады. Бұл жасында бала өмірлік білім даярлайды. Яғни бұл жаста баланың міндеті ой жүргізіп білімді іске асыру емес, білімді молайта беру, даярлай беру, бар нәрсені еске ала беру. Ал енді жігіттік жасында адам жаңадан жаттай беруге емес, бар білімді оймен тереңдетуге ұмтылады.

Жігіттіктен соңғы кекселік шағында адам ойын белгілі бір бетке салып, өзінің ұстаған жолына қатынасы бар нәрселерді ғана еске алатын болады. Ал енді шалдық шағында адамның есі бірте-бірте сөне бастайды. Бір нәрсені тез еске алмайтын, алса, тез ұмытып қалатын болады. Шалдық шағында адамның жас күніндегі естері

көзге елестей береді. Шалдардың жастық шағын кеңес қыла беретіндері сол.

«Балаларым, тегі, мен қартайсам керек, жастықтағы істерімді көп айта беретін болдым-ау!» – депті Абылай хан.

ҚИЯЛ

Қиял ұғымы. Жанның өзінде бұрыннан бар суреттеулерден жаңа суреттеулер жасай алуы қиял деп аталады.

Мысалы, қанатты ат, яғни тұлпар болады деп қиял қылу, жеті басты адам яғни жалмауыз болады деп қиял қылу сықылды. Бірақ адам жанында тіпті болмаған суреттеулерден сурет жасай алмайды. Мысалы, тума соқыр заттардың түстері туралы қиял жүргізіп, түстерді ешбір уақыт біле алмақ емес.

Еріксіз һәм ерікті қиял. Егер жанымыздағы суреттеулерді біз билемей, суреттеулер бізді билеп алып кетсе, яғни жанымыздағы суреттеулерден жаңа бір суреттеу жасаймыз деп өзіміз қайрат жұмсамай, бар суреттеулерден жаңа суреттеулер өздері жасала берсе, міне, жанның осы ісі яғни бұрынғы суреттеулерден жаңа суреттеудің өз еркімен жасалуы еріксіз қиял, бос қиял яки мечта деп аталады. Ояу отырып берекесіз бос қиялға батып отыру, яки ұйықтап жатқанда түс көру сықылды. Ал енді жанымызда бар суреттеулерден жаңа суреттеулерді қайрат жұмсап, өзіміз тілеп жасау ерікті қиял, берекелі қиял яки фантазия деп аталады. Мысал үшін Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалын» алайық. Дәл романда суреттелгендей Жамал деген қыз қазақта болған емес.

Бірақ Нұрила, Сағила, Аққыз, Ақбала... деген қазақтың қыздары бар. Осы – сүйгенімен қосыла алмай, қосылса, бақытты өмір сүре алмай, сар даланы көз жасымен көл қылатын қазақтың сорлы қыздарын оймен бірге жинасаң, солардың бәрінен сорлы, бәрінен бақытсыз Сәрсенбайдың Жамалы келіп шығады. Міне, Міржақып жанында бұрыннан бар суреттеулерден яғни Нұрила, Сағила, Аққыз, Ақбала... суреттеулерінен жаңа суреттеуді, яғни бақытсыз Жамал суретін қайрат жұмсап өзі тілеп жасап отыр.

Фантазия төмендегі жолдармен жасалады:

1) Заттардың өздерін яки олардың бір мүшелерін зорайту яки кішірейтумен. Мысалы, біз бойы бір тұтам ергежейлі деген адам болады екен деп, төбесі көкке тиіп жүретін алып болады екен деп қиял қыламыз.

2) Әр заттың түрлі мүшелерін алып қосумен. Мысалы, адам басты, ит кеуделі, жылан құйрықты бір жануар болады-мыс деп қиял қылу сықылды.

3) Реті келгенде өздері де жиыла алатын көріністерді бір суретке жиюмен, түрлі адам мінездерін бір адамға жиюмен. Мысалы, Міржақып Нұрила, Сағила, Аққыз, Ақбалалардың мінезін һәм олардың тұрмысындағы болған көріністерді, уақиғаларды Жамалға жинап отыр. Міржақып қолдан жасамай-ақ, сондай мінезді, сондай тұрмысты Жамал деген қыздың шынында болуы да мүмкін.

Адам өмірі үшін фантазияның керектігі. Фантазия өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі діңгегі. Фантазиясыз адам – тұсаулы есек. Фантазия ақылды кеңітеді. Фантазиясыз жаңадан бір нәрсені ойлап табуға мүмкін емес, фантазия құлықты түзейді. Біз құлықсыз

адамның орнына өзімізді қойып, құлықсыздықтан жиренеміз. Фантазия әдемілік сезімін тереңдетеді. Біз неше түрлі әдеміліктерден фантазия арқылы ғана ләззат ала аламыз.

Фантазиясыз адам өмірі үнсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қылатын, бізді арсыға аяқ басқызып, тәңірімен тілдестіретін – сол фантазия. Осы фантазияны қазақтың ең терең сыршыл ақыны Шәңгерей Бөкеев мынадай деп суреттейді:

Таудағы тас ұядан,
Лашындай сарыққан қиядан
Шалқып сөзім шығады,
Ойласам пікір-қиялдан.
Аспалап қиял кетеді,
Шыққан оқтай жаядан.
Жасыңдай барып жалт етіп,
Көк қапысын ашады,
Жарығына алданып,
Дидарға қадам басады...

Баланың қиялын – фантазиясын тәрбие қылу жолдары. Біз жоғарыда қиял деген жандағы бір суреттеулерден жаңа суреттеу жасау дедік. Бұдан көрінеді: қиял терең һәм бай болу үшін жанды суреттеулер көп болу керек екен. Адам неғұрлым білімді, тәжірибелі болса, қиялы да сонша бай болмақ. Міне, осы себептерден баланың қиялы терең, бай болсын десек, оның білімді болуына ыждиһат қылу керек. Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын. Оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жа-

нуардың тұрмысын бақыласын. Жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың қиялы өткір һәм бай болмақ.

Қиялды өркендетудің екінші жолы – баланы қиялды аса керек қылатын ғылымдармен таныс қылу: әдебиет, тарих, жағрафия, жаратылыс сықылды.

Сөз арасында арнап қазақ баласының қиялы туралы бір-екі сөз айтып өтейік. Жаратылыстың құшағында, меруерт секілденген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып, өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті. Бірақ қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі тағы, әлі бала. Біз күндер, жылдар өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесін бастайтын бір жарық жұлдыз болар деп иманымыз кәміл.

Тағы бір сөз. Орыс учительдерінің аузында және солардан сабақ алған қазақ оқығандарының аузында бір сөз бар – қазақ баласы әдебиет, тарих сықылды ғылымдарға зерек болмайды, бәлки математика, есеп пәніне зерек болады деген. Мен бұл пікірді қате ме деп ойлаймын. Менің ойымша, қазақ баласы математикаға емес, әдебиет, тарих, жағрафия, жаратылыс сықылды ғылымдарға зерек болуға тиісті. Дәлелім: қазақ баласының жаратылысы осыны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сықырлы даланың баласы қазақ баласы да қиялқұмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті. Ал енді орыс школасында оқыған қазақ баласының математикашыл болуы: әдебиет, тарих сықылды ғылымдарды

сөйлеуге, жазуға орыстың тілін білмеген соң бейшара қазақ баласы тіл керек қылмайтын математиканы, есепті айналдырмағанда қайтсін.

Баланың фантазиясы һәм оның өркендеуі. Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Әйткенмен де бала әсерленімпаз болғандықтан, оның аз, тайыз қиялы ашық, жанды болады. Бала түсін өңім деп біледі. Балаға дүниедегі бар заттың бәрі жанды сықылды көрінеді. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ. Бәрі мүмкін, бәрі болатындай. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады. Жоғарғы ерні қыбырлап, төменгі ерні жыбырлап Қобыландының Тайбурылы сөйлейді десең, көк ешкінің құйыршығы жұлынып қалған соң, бір құйыршық бала болыпты десең, қотыр тай құрық салғанда құнан болды, жүгендегенде дөнен болды, ерттегенде бесті ат болды десең, бала осылардың бәрін шын көреді.

Ертегі. Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды. Ертекке шын көңілімен нанады. Бала құрғақ ақылды ұқпайды. Жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші туралы ертек айтсаң, сол ертекте өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады. Қысқасы, балаға ертегі – тым қымбат нәрсе. Бірақ ертегінің ертегісі бар. Кейбір ертектер баланы бұзудан басқаға жарамайды. Мысалы, дию, пері, жалмауыз кемпір, аруақ, көрден кебінін жалмап шығатын обыр, жын-шайтан

секілді ертегілерді балаға айту тіпті дұрыс емес. Мұндай ертегілер баланы бұзады, қорқақ, жасық қылады. Қазақтың баланы «бөки келеді», «қызыл көз келеді» деп қорқытулары да тым-ақ жарамайтын іс.

Бала ойыны. Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын – балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала әсерлерімен пайдаланады. Айналасындағы тұрмыста нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды. Балшықтан мал жасайды, қуыршақтан қыз жасап, таныстырады, күйеу келтіреді, құда түсіреді.

Жалқы һәм жалпы ойын. Тіпті жас бала жалқы ойынды – жалғыз ойнауды жақсы көреді. Әлі тілі еркін жетілмегендіктен, ол басқа балалармен қатынаса алмайды. Ал енді өскен сайын жалпы ойынды бірігіп ойнауды жақсы көре бастайды. Жалғыз ойнаса, іші пысады. Жалпы ойын баланың тілінің өркендеуіне көп пайда. Бірігіп ойнағанда тоқтаусыз қозғалып, күліп, былдырлап сөйлей береді. Жалпы ойын жалпы тұрмысқа яғни басқа адамдармен бірігіп тұруға үйретеді. Өзінің сөзін, тілегін біреуге тыңдатып, басқаның тілегін, сөзін өзі тыңдап, қысқасы біріккен тұрмыстың бірінші шарты – жалпы заңдарды орындап, атқарып үйренеді. Ал енді жалқы ойын яғни жалғыз ойнау баланың алаңғасар, еліктегіш болмай, өз ісіне ынталы, тиянақты болуына пайдалы. Бірақ осы екі түрлі ойынның екеуінің де кемдік жағы бар. Ылғи жалғыз ойнап үйренген бала тағы, менменшіл болып, ылғи көппен бірге ойнап үйренген алаңғасар, тиянақсыз, еліктегіш болып шығуға мүмкін. Сондықтан абзалы ойынның екі түрін кезекпен ауыстырып отыру.

Осы екі түрдің қай түрімен болса да ойнап отырған баланың ойынын бақылауға тәрбиеші міндетті. Бірақ бақылаймын деп бүлдіріп алма. Бүлдіріп алу былай болады: былай ойна деп бұйырсаң, баланың ойыннан ынтасын суытып аласың. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы бітеді. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсені бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болу керек, бақыла деген сөз қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп қақиып тұр деген сөз емес. Олай тұрсаң, бала ойнай алмайды. Егер енді баланың ойынына қатысқың келсе, өзің бала болып қатыс. Яғни ойындарына бөгет, оралғы болма. Балалар сенің жеткен адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын.

Ойыншықтар. Ойыншық деген сөз – баланың жанындағы суреттеулердің белгісі деген сөз. Балаға уқалауына көнетін, не қылса соған жарайтын жабайы ойыншық ұнайды. Әшекейлі ойыншық баланың ішін пыстырады. Балаға нағыз қолайлы ойыншық бір үйім құм деген бір педагогтің сөзі дұрыс сөз. Базардан алып келген әшекейлі ойыншығыңнан бірде құрық болатын, бірде ат болатын бір шыбық балаға көп артық. Әшекейлі жат бір ойыншықпен бала сүйіп ойнамайды. Алады да, сындырып тастайды. Және балаға көп ойыншық беру жарамайды. Олай болғанда балада іскерлік болмайды.

ОЙЛАУ

Ойлау ұғымы. Әсерлену, суреттеу, еске түсіру, қиял жүргізу арқылы біз бір затты түгелімен білеміз, яки оның бөлімдерін, мүшелерін білеміз. Мысалы, мен бір

жылқыға қараймын, оның бар мүшелерін, ол мүшелердің қандай екенін һәм қандай қызмет атқаратынын байқаймын. Осылай тексеріп қараған соң сол жылқы көз алдымнан кетсе де, мен оны суреттей аламын, бірталай заман өтсе де мен оны еске түсіре аламын. Егер көп жылқыны көрген болсам, қиял жүргізіп, басқа түрлі жылқыны да суреттей аламын. Мысалы, бір арғымақ жылқы болар деп ойлай аламын. Міне, менде осы жоғарыда айтылған жан көріністері болса, мен жылқыны білген боламын. Тағы мен жылқыны қарап, тексеріп тұрып мынадай нәрселер істеймін: жылқыға мына мүшелер неге керек екен, мына бір мүше болмаса, жылқыға не болар деп ойлаймын, яғни жылқының мүшелерінің арасындағы байламды табамын. Бұл ғана емес, тағы ойлаймын, жә, жылқының мүшелерінің арасында мынадай байлам бар екен. Бұл жылқының мүшелері қойдың мүшелеріне ұқсай ма, ұқсайды. Жылқының ана мүшесі қойдың ана мүшесіндей, мынасы мынасындай. Ә, қой мен жылқы, екеуі де төрт аяқты жануар екен деймін. Енді мен жылқыны жалғыз біліп қана тұрғам жоқ, ұғып тұрмын. Яғни жылқының мүшелері арасында қандай байлам барын, жылқы мен басқа төрт аяқты жануар арасында қандай ұқсастық, қандай айырма барын мен ұғып тұрмын. Міне, осы заттарды ұғу үшін жұмсалатын жан көрінісі ойлау деп аталады. Ойлау ұғым, хүкім һәм ой тізулерді жасаумен болады. Енді осы үшеуін шешейік.

Ұғым һәм оның жасалуы. Бір-біріне ұқсас бірнеше заттарды суреттесек, біз сол заттарды бір-бірімен салыстырамыз. Мысалы, біздің жанымызда суреттері бар көп адамды біз бір-бірінен айырамыз. Себебі оларды бірінен-бірін айыратын сындары бар. Бірақ сол адамдардың

айыратын сындары болған сықылды соларды бірін-бірі-не ұқсататын да сындары бар. Дене бітімдері сықыл-ды. Әрине, салыстыру үшін заттарды тар тапта алсақ, олардың ұқсастықтары көп болады. Егер кең тапта ал-сақ, ұқсастықтары аз болады. Мысалы, жылқы мен сиыр арасындағы ұқсастықты табу оңай. Себебі араларында ұқсастық көп. Ал енді жылқы мен ағаш арасындағы ұқ-састықты табу қиын. Себебі, араларында ұқсастық аз. Қысқасы, біз бір затты бір затпен салыстырғанда олар-дың әрқайсысының өздеріне ғана арналған дербес сын-дарын алып тастап, ортақ сындарын ғана аламыз. Ортақ сындарды екеуіне де жабамыз, ортақ сындарды жалпы-лаймыз. Яки екі заттың, яки көп заттың ортасынан ой-мен жасалған бір зат шығады. Мысалы, мен адам ту-ралы ойлаймын. Сәрсембай, Бейсембай, Фахыредден, Иван туралы емес, жалпы адам туралы. Сонда мен Сәр-сембайдың қара шашын, Фахыредденнің сопақ басын, Иванның сары сақалын, яғни солардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастап, бәріне ортақ сындарды, мысалы, екі аяқты, екі қолды болуы, сөйлей, ойлай білуі сықылды ортақ сындарды аламын. Міне, осы көп зат-тардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі ай-тқанда, зат туралы ой, ұғым деп аталады.

Ұғым мен суреттеу арасындағы айырма. Суреттеу қашанда болса жалқы болады, яғни бір затты суреттеу деген сөз – сол затты белгілі бір орында, белгілі бір уақыттағы түрімен, барлық сындарымен тірілтіп алып келу деген сөз. Мысалы, адамды суреттеу деген не Сәр-сембайды, не Бейсембайды, әйтеуір дербес бір адамды суреттеу болып шығады. Белгілі бір түрсіз жалпы адам-ды суреттеу мүмкін емес.

Ал енді ұғым жалпылықты тілейді. Жалпыламасаң, яғни бір топ заттардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастамасаң, ұғым болмайды. Мысалы, жылқы туралы ұғым – әрбір жылқының дербес сыңдарын алып тастасаң, торылығын, көктігін, жалдастығын, қайқылығын сықылды, сонда ғана ұғым болады. Яғни ұғым болу үшін заттардан алып, жалпы зат жасау керек. Бірақ дүниеде жалпы зат болмайды. Мысалы, дүниеде жалпы жылқы жоқ: не көк, не қара... Сондықтан ұғым – ойдың ғана ісі. Ұғымды оймен ғана жасауға болады.

Ойлау мен қиял арасындағы айырма. Қиял суреттеулерден жасалады. Ал ойлау болса ұғымдардан жасалады. Мысалы, Қобыландының Тайбурылы туралы біз ойлаймыз, қиял жүргіземіз. Жалпы жылқы туралы біз қиял қыламыз, ойлаймыз. Қиял – суретті, жанды көрініс, ойлау – белгісі бір тірі суретсіз жалаңаш көрініс. Қиял мен ойлау арасындағы айырма – осы.

Ұғымның іші һәм ауданы. Бір ұғымды басқа ұғымдардан айыратын сол ұғымның сындары ұғымның іші деп аталады. Сол ұғымға кіретін заттар ұғымның ауданы деп аталады. Мысалы, құс деген ұғымның сыны, яғни ұша алатындығы, тұмсығы, қанаттары – бұлар іші болады. Ал енді құс деген ұғымға кіретін заттар: торғай, қарға, бүркіт, үйрек... – ұғымның ауданы болады.

Ұғымның іші мен ауданының арасы. Іші мен ауданын салыстырғанда әр ұғым әр түрлі. Іш пен аудан арасында қарсылық бар, яғни ұғымның іші неғұрлым кең болса, ауданы сонша тар болады. Ал енді аудан неғұрлым кең болса, іш сонша тар болады. Адам һәм қазақ, ағаш һәм қайың деген сықылды.

Ұғымдардың ішіне қарап бөлінуі. Егер де ұғымның бір ғана сыны болса, ондай ұғым – жабайы ұғым деп аталады. Мысалы, тәттілік деген ұғым – жабайы ұғым. Ал енді, ұғымның сыны көп болса, ондай ұғым күрделі ұғым деп аталады. Мысалы, ағаш деген ұғымның сыны көп, сондықтан ол – күрделі ұғым. Егер бірнеше ұғымдардың бір яки бірнеше ортақ сындары болса, мұндай ұғымдар ұқсас ұғымдар деп аталады: қасқыр, түлкі сықылды. Егер бір ұғымның сындары екінші ұғымның сындарына қабысатын болса, мұндай ұғымдар қабысатын ұғымдар деп аталады: хайуан һәм жануар, қазақ һәм алаш сықылды. Ортақ сындары болмаған ұғымдар ұқсамайтын ұғымдар деп аталады. Адам һәм тас сықылды сындары бір-біріне қарсы болған ұғымдар қарсы ұғымдар деп аталады: жақсылық, жауыздық сықылды.

Жалаңаштау. Біз жылқы, ағаш, адам сықылды заттар туралы ғана ойлаймыз. Сол заттардың қаралық, аласалық, кәрілік, қайырымдылық сықылды сындары туралы да ойлаймыз. Яғни бір затты жалаңаштап, сының бөліп алып, сол сынды жеке бір зат сықылдандырып ойлаймыз. Заттың сынын заттан бөліп алып, сол сынды жеке бір зат қып ойлау жалаңаштау деп аталады. Осы заттан бөлініп алынған сын ұғымы жалаңаш (абстракты) ұғым деп аталады. Қаралық, алыстық, жақсылық сықылды барлық сындарымен алынған зат ұғымы киімді (конкретті) ұғым деп аталады: жылқы, ағаш, мұрын сықылды.

Ұғымдардың қомағына қарап бөлінуі. Көп заттарды қомағына алатын ұғым жалпы ұғым деп аталады. Қомағына санаулы заттарды ғана алатын ұғым дербес ұғым деп аталады. Қомағына бір-ақ затты алатын ұғым

жалқы ұғым деп аталады. Жалпы ұғым дербес ұғымның тұқымы деп аталады. Дербес ұғым жалпы ұғымның түрі деп аталады. Бір ұғым оны қандай ұғыммен салыстыруымызға қарап, әрі жалпы, әрі дербес, әрі тұқым ұғым, әрі түр ұғым болуға мүмкін. Мысалы, «адам» деген ұғым «қазақ» деген ұғымға қарағанда, жалпы һәм тұқым ұғым. Ал енді сол «адам» ұғымы «жанды зат» деген ұғымға қарағанда дербес һәм түр ұғым.

Өзінің қомағына басқа ұғымдарды алатын ұғым соның қомағына кіретін ұғымдарға қарағанда бағындырушы ұғым деп аталады. Ал енді бағындырушы ұғымның қомағына кіретін ұғымдар бағынушы ұғым деп аталады. Жоғарғы бір ұғымға бір дәреже бағынатын ұғымдар бірге бағынатын ұғымдар деп аталады. Мысалы, «ағаш» ұғымы терек, қайың, қарағайға қарағанда бағындырушы ұғым, терек, қайың, қарағай бағынушы һәм бірге бағынушы ұғымдар.

Жалпылау һәм шектеу. Дербес ұғымдардан жалпы ұғым жасау жалпылау деп аталады. Мысалы, біз ағаштардың, шөптердің, гүлдердің дербес сындарын алып тастап, ортақ сындарын ғана алып, өсімдік деген жалпы ұғым жасаймыз. Ал енді жалпы ұғымдардан дербес ұғымдар жасау шектеу деп аталады. Мысалы, біз сындарды қоса-қоса қайың деген ұғым жасаймыз.

Категория. Бір ұғымдарды жалпылай-жалпылай ең жалпы, ең жоғарғы ұғымға жетеміз. Ең жалпы, ең жоғарғы ұғым категория деп аталады. Категория үшеу:

1) зат (адам, жануар, тас, зат);
2) сын (түс, түр, сын);
3) іс (сөйлеу, бөлу, істеу).

Хүкім

Хүкімнің жасалуы. Ұғымдарды жеке-жеке ойлаған сықылды, біз оларды бір-біріне байлап та ойлаймыз. Яғни біз екі ұғымды қатар алып, сол екеуінің арасында не байлам барын, не байлам жоғын табамыз. Мысалы, бізде «жылқы», «шабу», «ұшу» деген үш ұғым бар. Біз осы ұғымды бір-біріне байлап байқаймыз да, «жылқы» ұғымына «шабу» ұғымын байлау мүмкін екенін тауып, «жылқы шабады» дейміз. Сол «жылқы» ұғымына «ұшу» ұғымын байлау мүмкін емес екендігін тауып, «жылқы ұшпайды» дейміз. Осы екі ұғым арасында байлам хүкім деп аталады.

Хүкім берілген ұғым – ие деп, иеге жапсырылған ұғым айтылыс деп аталады. Айтылыс иенің ісін көрсеткендіктен, ол хүкімнің іші деп аталады.

Ұғым мен хүкім арасындағы айырма. Бір заттың ұғымын ойлағанда, сол заттың сыны заттың өзімен бірге, яғни зат сынымен қосылып, бір зат болып ойланады. Ал енді сын заттан жеке ойланып, біз сол жеке сынды затқа алып барып не бекітеміз, болмаса заттан сол сынды алып тастаймыз. Мысалы, «қызыл сиыр» деген сөз ұғым болады. «Сиыр қызыл» деген сөз – хүкім болады. Біріншіде сиыр деген заттың қызыл деген сынын затпен бірге ойлап отырмыз. Екіншіде қызыл сынын шеттен алып келіп бекітіп отырмыз.

Хүкімдердің бөлінуі. Хүкімдер былай бөлінеді: 1) жасалуына қарап, 2) қомағы яки санына қарап, 3) іші яки сынына қарап, 4) ие мен айтылыс арасындағы байланысқа қарап, 5) хүкімнің шындық дәрежесіне (модальность) қарап.

1) Хүкімнің жасалуына, яғни біз иеге айтылысты қайдан алып отырмыз, соған қарап екіге бөлінеді;

а) шешетін хүкім (анализ хүкімі). Егерде иеге сол иенің өз ішінде жоқ бір сынды айтылыс қылсақ, шешетін хүкім жасаған боламыз. «Көмір қара, қар суық» деген сықылды;

б) қоспа хүкім (синтез хүкім). Егерде біз иеге сол иенің өз ішінде жоқ бір сынды айтылыс қылсақ, қоспа хүкім жасаған боламыз. «Құлақ құлдыр, шаш сары» деген сықылды.

2) Қомағы яки санына қарап хүкім үшке бөлінеді:

а) жалпы хүкім. Егер де ие қомағы таратылмай, өзіне бағынатын дербес ұғымдардың бәрімен кәдімгі күйінде алынып хүкім жасалған болса, мұндай хүкім жалпы болады. Адам ақылды деген сықылды;

б) дербес хүкім. Егер иенің бұрынғы қомағы таратылып алынып хүкім жасалған болса, бұл хүкім дербес болады.

«Кей адам ақын болады» деген сықылды;

г) жалқы хүкім. Егер иеміз жалқы болса, хүкім де жалқы болады. «Абай ақын болған» деген сықылды.

3) Ішіне яки сынына қарап хүкім екіге бөлінеді:

а) бекітетін хүкім. Айтылыс сын иеге жапсырылып бекітілсе, бекітетін хүкім болады. «Жылқы шабады» деген сықылды;

б) бекітпейтін хүкім. Айтылыс иеге бекітілмей, бекерленсе, бекерлейтін хүкім болады. «Жылқы ұшпайды» деген сықылды.

4) Ие мен айтылыс арасындағы байламға қарап үшке бөлінеді:

а) кесімді хүкім. Егерде сын (айтылыс) затқа (иеге) күдіксіз, шартсыз байланатын болса, «адам өледі» деген сықылды;

б) шартты хүкім. Егерде сын затқа белгілі бір шарттармен ғана байланатын болса, «қалауын тапса, қар жанады», «жаз жетсе, қар ериді» деген сықылды;

г) бөлмелі хүкім. Егерде затқа бірнешесі жапсырылып, бірақ қайсысы екені көрсетілмесе, яки бір айтылысқа бірнеше ие көрсетілсе, «мынау әйел не ұл табар, не қыз табар», «Я мақсұт, яки өлім – екіден бір» деген сықылды.

5) Шындық дәрежесіне қарап хүкім үшке бөлінеді:

а) мүмкін хүкім. Егер де айтылысты иеге байлаудың мүмкін екендігі ғана көрсетілсе, «мүмкін Марста халық бар шығар», «сар далада адасып, суық кебін жамылып қалармын, кім біледі» деген сықылды;

б) шын хүкім. Егер де айтылыстың иеге жапсырылуы тәжірибе, бақылау, куәлік арқылы тексеріліп, шын деп табылса. «Ақмолла – қазақ ақыны», «Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілін көп тексерген», «Абылай данышпан хан болған» деген сықылды;

г) міндетті хүкім. Егер де дәлелдермен бекітіліп, бір сынның бір затта болуы міндетті болса, «сезгіш адам сүйгіш келеді», «суықта су қатып мұзға айналады» деген сықылды.

Хүкімдер жоғарыда саналған бөлімдерге бөлінгенмен, бір хүкімде әлденеше бөлім табылуға мүмкін. Мысалы, «қар суық» деген хүкім – әрі шешетін, әрі жалқы, әрі бекітетін, әрі киімді, әрі шын, әрі міндетті хүкім.

Ой шығару

Ой шығару қалай жасалады? Біз бір ұғымды екінші ұғымға байлап қойып, яғни хүкім жасап қана қанағаттанбаймыз, бәлки осы хүкімді басқа хүкімдермен салыстырып, осы хүкімді анықтаймыз. Мысалы, біз «Сәрсембай» һәм «өлу» деген ұғымды аламыз да, осы екеуінен жасалатын «Сәрсембай өледі» деген хүкімді анықтау үшін басқа хүкімдермен салыстырамыз, яғни «Сәрсембай һәм өлу» ұғымдарын «адам» деген ұғымға байлап қараймыз, яғни былай ой жүргіземіз: «Адам өледі. Сәрсембай – адам. Ендеше Сәрсембай да өледі», – дейміз. Осында біз «Сәрсембай өледі» деген жаңа хүкімді ана бізге бұрыннан белгілі екі хүкімнен шығардық, туғыздық. Міне, осы бір яки бірнеше хүкімдерден жаңа бір хүкім туғызу ой шығару деп аталады.

Ой шығару үш түрлі жолмен болады: 1) дедукция, 2) индукция, 3) аналогия.

Дедукция – ойдың бір жалпы заңнан дербес бір көрініске көшуі, екінші түрлі айтқанда, жалпы ойдан жалқы бір ой шығару дедукция деп аталады. Мысалы, жалпы адамзат өледі деген ойдан Сәрсембайдың өлетінін шығарамыз. Көп пәнді, әсіресе математиканы үйренгенде, дедукцияның көп пайдасы тиеді. Жай тұрмыс үшін де дедукция көп қолданылады. Мысалы, доктор әрбір аурудың жалпы сындарын білген соң, ауырып жатқан бір адамның ауруы не екенін табады.

Силлогизм – дедукцияның көп қолданылатын түрі. Силлогизм бағыты – екі хүкімнен жаңа бір хүкім шығару. Жаңа шығарылған хүкім нәтиже деп аталады. Нәти-

же шығарылған екі хүкім қазба деп аталады. Қазбалар һәм нәтиженің ішіндегі ұғымдар термин деп аталады. Былайша нәтиженің айтылысы – зор термин, нәтиженің иесі – кіші термин. Ал енді қазбалардың ішінде болып, нәтиже болмаған ұғым орта термин деп аталады. Орта термин зор термин мен кіші терминді байлайды. Ал енді ішінде зор термин бар қазба зор қазба деп, ішінде кіші термин бар қазба кіші қазба деп аталады. Мысалы, «адам өледі, Сәрсембай – адам, ендеше Сәрсембай өледі» деген сықылды. Силлогизмде «өледі» деген ұғым – зор термин. «Сәрсембай» ұғымы – кіші термин.

«Адам» ұғымы – орта термин. «Адам өледі» – зор қазба, «Сәрсембай – адам» – кіші қазба.

Толық һәм шолақ силлогизм. Үш бөлімі де түгел, яғни орта, зор қазбалары һәм нәтижесі бар силлогизм толық болады. Ал енді екі қазбасының біреуі түсіп қалған силлогизм шолақ силлогизм (интимема) болады. Мысалы, біз «Адам өледі, ендеше Сәрсембай өледі» десек, кіші қазбаны түсіріп, қалдырып, шолақ силлогизм жасаған боламыз, сөйлегенде көбінесе осы шолақ силлогизм қолданылады.

Силлогизмдердің бөлінуі. Силлогизмдер жабайы һәм күрделі атанып екіге бөлінеді. Егерде нәтиже екі хүкімнен яғни зор һәм кіші қазбадан ғана тудырылған болса, мұндай силлогизм жабайы деп аталады. Жабайы силлогизм өзі үшке бөлінеді: кесімді, шартты, һәм бөлмелі. Мысалдар: а) Борышын жасырған өледі. Сәрсембай борышын жасырды, ендеше Сәрсембай өледі; б) Суық болса, су қатып қалады. Көлдің суы қатып қалды. Ендеше суық болды; г) Мынау жылқы не сенікі, не

менікі. Жоқ, ол сенікі де емес, менікі де емес екен. Ендеше мынау жылқы басқанікі.

Егер бірнеше силлогизмдер қосылып, солардың бірінің нәтижесі екіншісіне негіз болып отырса, міне осылай бірнеше силлогизмнен жасалған бір силлогизм күрделі силлогизм деп аталады. Мысалы, Сәрсембай – адам, әрбір адам өз ұлтын сүйеді, ендеше Сәрсембай да өз ұлтын сүйеді (бірінші силлогизм). Сәрсембай өз ұлтын сүйеді, өз ұлтын сүйген адам ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады, ендеше Сәрсембай да ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады.

Күрделі силлогизмдер де көбінесе сөйлеудің сұлу болуы үшін ортадағы нәтижелер қалдырылып, ең соңынан бір-ақ нәтиже шығарылады, яғни күрделі силлогизм қысқартылады. Қысқартылған күрделі силлогизм сорит деп аталады.

Сенека данышпанның сориты: «есті адам қанағатты, қанағатты адам тиянақты, тиянақты адам контерлі, көнтерлі адам қайғысыз, қайғысыз адам бақытты, ендеше кім есті адам – сол бақытты».

Күрделі силлогизмдер де жабайы силлогизмдер сықылды кесімді, шартты һәм бөлмелі аталып үшке бөлінеді.

Силлогизмнің дұрыс болу шарттары:

1) Екі қазбаның біреуі бекінетін болу керек. Әйтпесе екі бекерлейтін қазбадан нәтиже шықпайды. Мысал: «Адам – мал емес, маймыл – адам емес. Ендеше?»

Екі қазбаның біреуі екіншісіне қарағанда жалпы болсын. Әйтпесе екі дербес қазбадан нәтиже шықпайды. Мысал: «Кейбір адам өнерлі, кейбір адам қысық көз. Ендеше?»

Орта термин екі қазбадан да болсын, болғанда бір мағынадағы бір ғана сөз болсын, әйтпесе нәтиже шықпайды. Мысал: «Наурыз – ұлт мейрамы. Менің атым Наурыз. Ендеше?».

Силлогизмнің керектігі. Силлогизмнің жан тұрмысы үшін пайдасы сол: негізгі бір заң бойынша толып жатқан көріністерді шешеміз. Дүниеде сансыз заттарды, толып жатқан көріністерді адам өзі сынап, өзі бақылап бітіре алмайды. Мысалы, жер жүзіндегі бар адамның, болған һәм болашақ адамның бәрінің өлетіндігін адам өзі сынап бітіруге мүмкін емес. Біз бір адамның өлуі туралы хүкім шығармақ болсақ, пәннің һәм кәрі тәжірибенің «адам өледі» деген хүкімін аламыз да, «пәлен адам өледі» деп хүкім шығарамыз. Бала «өтірік айту нашар» деген негізгі заңды білсе, өзі де өтірік айтпайтын болады.

Индукция. Ойдың дербес көріністерден жалпы көріністерге көшуі, екінші түрлі айтқанда, жалқы ойдан жалпы ой шығару индукция деп аталады. Мысалы, біз тарихтан бақылауымызша: «Жер жүзіндегі әрбір тап елдің ұлтшылдық арқасында ғана өнерленгенін біліп, біз жалпы адамзат ұлтшылдық арқасында ғана өнерленеді» деген жалпы заң шығарамыз.

Индукция түрлері. Индукцияның екі түрі бар: толық һәм кем индукция. Егер біз шығарылатын жалпы негізгі заңға кіретін көріністердің бәрін өзіміз сынап, бақылап барып жалпы заң шығарсақ, біз толық индукция арқылы шығарған боламыз. Мысалы, біз бір жылдағы он екі айдың әрбір айының күнін санап, ешбір айда отыз бір күннен артық күн болмайды деуіміз сықылды. Бұл толық индукция адамның білімін арттырмайды.

Егер де біз бірнеше заттарды яки көріністерді бақылап, сол бақыланған заттар, көріністерге ұқсас, тұқымдас барлық заттар, көріністер туралы бір ой шығарсақ, онда біз кем индукция арқылы шығарған боламыз. Мысалы, біз жер жүзіндегі барлық ағаштың суда қалқығанын бақылаймыз. Жоқ, өмірімізде бірнеше ағаштың қалқығанын бақылағанымыз бар. Бірақ біз аз ғана ағаштың қалқығанын бақыласақ та, жер жүзіндегі барлық ағаш суда қалқиды деген жалпы заң шығарамыз.

Кем индукцияның дұрыс болуының шарты – бақыланған көріністер арасындағы байлам берік болуға тиісті. Байлам берік болмаса, мысалы, бір көріністің жанында екінші көрініс уақытша тұрған болса, нәтиже шықпайды. Мысалы, қазақ көбінесе тымақ киеді. Соған қарап қазақ біткен тымақ киеді, тымақ кимеген адам қазақ емес деп нәтиже шығару, әрине, дұрыс емес. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген сықылды ырымдар – бәрі индукцияның қаталдығынан туған.

Индукцияның керектігі. Адам білімін осы индукция арқылы ғана байыта алады. Әсіресе, кем индукция арқылы. Біз индукция арқылы заттар, көріністер аралығындағы байламды белгілейміз, негізгі заңдарды табамыз. Заттар, көріністер араларындағы байламға қарап тап-тапқа бөлеміз. Бұл – бір. Екінші, біз аз ғана бақыланған заттар, көріністер арқылы бақыланбаған, көрмеген, білмеген сансыз заттар, көріністерді шешеміз. Хатта келешекті де болжаймыз. Баланы үйреткен уақытта біз оған бірнеше мысалдар арқылы жалпы заңды баланың өзіне тапсырамыз.

Бірақ біз заттарды, көріністерді жақсылап бақыламай, араларындағы байламды терең тексермей, асығып үстірт

нәтиже шығарсақ, бұл нәтижеміз қате болады. Осыдан сақтану керек. Асығып үстірт нәтиже шығару балада көп болады. Өзінің аты бар, тоны бар бала жер жүзіндегі балаңың бәрінің аты, тоны бар деп нәтиже шығарады. Дүниеде аш, жалаңаш, сорлы балалар бар десең, нанбауға мүмікін.

Аналогия. Екі заттың бірнеше ұқсас сындары бар екенін тауып, сол екі заттың басқа сындарының да ұқсас екендігін ойлап шығару, екінші түрлі айтқанда, ойдың дербес көріністен дербес емесіне көшуі аналогия деп аталады. Мысалы, астрономдар (көк ғылымына жетік адамдар) айтады: Марста біздің Жердің ауасындай ауа бар, суындай су бар, ендеше Жердегі сықылды Марста да жан иесі бар дейді. Міне, бұл – аналогия бойынша шығарылған нәтиже.

Аналогия жай тұрмыста да, пәнмен бір нәрсені тексергенде де көп қолданылады. Әсіресе бала көбінесе осы аналогиямен ойлайды. «Пәлен бала тайға мініп жүр, мен неге мінбеймін».

«Пәлен баланың пәлендей ісін мұғалім ұнатпады, ендеше, онда мен ондай іс істемеймін» деп ойлайды бала. Аналогия да индукция сықылды кейде қате болуға мүмкін. Қате болуы екі зат, яки екі көріністің бір-біріне болмашы бір сында бір-біріне ұқсауынан барлық сында ұқсайды деп ой шығарудан болады. Мысалы, киімдері ұқсас екі адамның білімдері де бірдей деп нәтиже шығару, әрине, қате.

Гипотеза. Кейбір көріністердің арасындағы байламды бақылауға мүмкін болмайды. Ол уақытта біз бұл көріністер туралы жалпы заңды жорып, болжап қана шығамыз. Жалпы заңды жорумен, болжаумен шығару

гипотеза деп аталады. Мысалы, физикадағы әрбір зат молекула аталған негізгі ең ұсақ бөлімнен тұрады деген гипотеза сықылды.

Баланың ойлауы. Бала айналасындағы заттарды, көріністі біліп қана қоймайды, соларды ұққысы келеді. Яғни солар туралы ұғым жасауға, хүкім һәм ой шығаруға ұмтылады. Үш жастан былай бала дамылсыз «Мынау не? Бұл неге жатады? Мынау іс не үшін істеледі?» деген сықылды сұрауларды бере береді. Міне, осы сұраулар балада ойлау болатынын көрсетеді. Бірақ баланың ойлауы терең ойлау емес. Баланың жанында суреттеулер аз. Суреттеулерден ұғым жасай алмайды. Сондықтан баланың бір зат туралы ұғымы сол заттың суреті болады. Мысалы, бала ағаш туралы ойлағанда, белгілі бір ағаш туралы ғана ойлайды. Баладан «Зат деген не?» деп сұрасаң, «Жылқы» дейді. «Бөрік деген не?» деп сұрасаң, «Менің бөркім, атамның бөркі» дейді. Баланың жаңа ой шығаруы да терең емес. Дедукция бойынша жалпыдан жалқыға, индукция бойынша жалқыдан жалпыға ой жүргізуді бала білмейді. Бала аналогия бойынша ойлайды. Мұнда да көбінесе сыртқы болмашы сындарына қарайды. 2 жыл 10 айлық бір бала тәрелкеге су құйып, ішіне ет салыпты. Не үшін? Етті суға ерітем деп. Бұрын солай қантты еріткені бар екен. 10 жасар бір америка баласының мұғалімі тапал бойлы ашуланшақ адам болыпты. Бір уақытта осы мұғалім кеткен соң әкесі басқа бір мұғалім алыпты. Бұл мұғалім де тапал екен. Сонда жаңа мұғалімге бала айтыпты: «Мен сізден қорқам, сіз ашуланшақ шығарсыз», – деп. «Оны қайдан білдің?» – деп сұрайды мұғалім. «Сіз де тапал екенсіз», – депті бала.

Ойлаудың жан тұрмысы үшін керектігі һәм оны өркендетудің тиістілігі. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгеретінін білмейтін бір саңылаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады. Келешекте оларға ие болатынын ойлап шығарады, келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен адам.

Ойлау осындай қымбат көрініс болса, әрине, оны өркендету керек. Әсіресе тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керек. Тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, хүкімді теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді. Мұндай бала тар ойлы, соқыр сенгіш, ырымшыл адам болып шығады.

Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау – жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап іс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар:

1) Баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуына ықтиһат қылу керек. Әсерленулер, суреттеулер өздері аз болып және дұрыс һәм ашық болмаса, баланың ұғым, хүкім жасауы һәм ой шығаруы қате болады. Ойдың өзінің терең болуы үшін әсерлену һәм суреттеулердің көп һәм ашық болуы керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды.

Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болсақ, жаңаш пікірді айтуда қасиет жоқ, бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын.

2) Бала заттарды, көріністерді ұқсас сындары бойынша тап-тапқа бөліп үйренсін. Мысалы, дыбыстарды, харіптерді бөлу, өсімдікті, жануарды тап-тапқа бөлу сықылды. Бірақ баланы заттарды, көріністерді тап-тапқа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауға керек.

3) Бала көріністердің, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қайсысы қайсысына себеп екенін тауып үйренсін. Бұл балаға мысалдардан ереже – заң шығартқызып үйрету сықылды істермен болады.

Адам жанының ақыл яғни білу ісі туралы жалпы бірекі сөз. Адамның ақыл-есіне жалпы көз салсақ, көреміз: ақыл-есі бірте-бірте басқыштап өркендейді екен. Былайша: біз сыртқы сезім құралдары арқылы сырттан түрлі әсер алып, бізде түрлі әсерлену болады. Яғни әсерлену арқылы біз сыртқы заттардың сындарымен танысамыз. Бұл – сыртқы дүниені біле бастауымызда бірінші адым. Заттың түрлі сынынан болған әсерленулерді бірге қосып, барлық сыны мен заттың өзін суреттейміз. Яғни біздің жанымызда суреттеу болады. Бұл – білудің екінші адымы. Онан соң сол заттан біз айырылсақ та, біз оның суретін бұрынғы қалпында еске түсіреміз. Сол есте сақталған суреттерден жаңа бір сурет жасаймыз, яғни қиял қыламыз. Онан соң суреттеулердің сындарын оймен тексеріп, олардан ұғым жасаймыз. Ұғымдардан хүкім жасаймыз, хүкімдерден жаңа бір ой шығарамыз. Бұдан көрінеді: ақыл ісі әсерленуден басталып, суреттеу, ес, қиялды өтіп, ойға жетеді екен. Ақылдың осылай

басқыштап өркендеуін білген тәрбиеші сөз жоқ баланы дұрыс тәрбие қылу жолын білуге тиісті.

ТІЛ

Жанның жайын жарыққа шығару жолы. Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа білдіру үшін адамның екі құралы бар: біреуі – мимика, біреуі – сөз. Мимика дегеніміз – жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Мимика тілін әркім-ақ ұғады.

Бірақ мимикамен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Мимика – ішкі сезім тілі. Мимика арқылы ойды жарыққа шығаруға мүмкін емес. Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді.

Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз.

Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған орны. Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын

адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік балаларын бауырыңа
Ақ қолыңмең тарта аларсың сен, тілім.

Баланың тілі. Бала а дегенде іңгәлауды ғана біледі, яғни мағынасыз бір дыбыс.

Іңгәлау – баланың жанында болған жағымсыз әсерленулерді дыбыспен жарыққа, сыртқа шығарғаны. Екінші айдың аяғында, үшінші айда бала дауысты дыбыстарға бірте-бірте дауыссыз дыбыстар да қоса бастайды. Ең алғаш ерінмен айтылатын дауыссыз дыбыстарды қосады. Сол кезде баланың жанында суреттеулердің, һәм ұғымдардың ұшқындары да бола бастайды. Яғни, маңайындағы заттарға қарап, олардан әсер алып, әсіресе олардың күшті бір сынынан күшті әсер алады да, сол затқа сол баланың қарауында күшті сыны бойынша ат қояды. Яғни сөз жасайды. Мысалы, сиырды «мө» дейді, мысықты «мияу» дейді. Екінші түрлі айтқанда, бала затқа атты сол заттан шыққан дыбысқа еліктеп қояды. Бір жылдың аяғында бала көп сөздерге түсінетін болады. Бірақ өздері айта алмайды. Бір жасар баланың білетін сөздері 10-15-тен артпайды.

Ал енді, бала жаңа жүре бастаған кезде (2-ші жаста) оның сөз үйренуі біраз тоқтап қалады. Жүріп үйреніп алған соң, тағы сөзге кіріседі. Бір жарым жас кезінде бала бірталай сөз айта алатын болады. Бірақ түгел айта алмайды. Сөздің не басын, не аяғын ғана айтады. Мысалы, баланың ішем дегені де – «іш», ішеді дегені де – «іш», іш дегені де – «іш». Ал енді, бала айта алмайтын дыбыстың орнына екінші дыбыс қолданады. Мысалы, «р» орнына «и» жүргізеді. Кейбір адамдардың баланың өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп әдейі тілдерін бұзып, балаша шолжыңдап сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Бұлай сөйлеу баланы түземейді, бұзады. Баланы адастырып,

оның сөзді дұрыс сөйлеп үйренуіне бөгет болады. Бала сөзін дұрыс сөйлеген үлкен кісінің сөзіне қарап дұрыстайды ғой. Бала бастап заттардың атын (зат есімдерді), онан соң заттардың ісін (етістіктерді), онан соң заттардың сынын (сын есімдерді) айтып үйренеді.

Екінші жылдың аяғында бала қысқа сөйлемдерді айта алады. 3-4-інші жылда бала жап-жақсы сөйлейтін болады.

Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек. Және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек. Екінші – баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжыңдасын – сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп.

ІШКІ СЕЗІМ КӨРІНІСТЕРІ

Біз жан тәрбиесіне кіргенде жан көріністерін үшке бөліп едік: *ақыл көріністері*, *ішкі сезім көріністері* һәм *қайрат көріністері* деп. Ақыл көріністерінің қандай түрлерге бөлінуін һәм оларды қалай тәрбие қылу керек екендігін біз жазып өттік. Енді ішкі сезімдерге көшеміз.

Ішкі сезімдер. Адам бір нәрседен әсерлену алып, сол нәрсемен таныс болып тұрғанда, адамның жанында не жағымды, не жағымсыз бір күй болмай қоймайды. Мысалы, жағымды дыбыстан әсерлену алғанда, жан жағымды күйде болады. Жағымсыздан жағымсыз күйде және болып озған бір әсерленуді суреттеу жасағанда да жанда не жағымды, не жағымсыз күй болады. Мысалы, біз жақсы көрген адамдарымызды суреттесек, жаны-

мыз жағымды күйде болады. Жек көрген адамымызды суреттесек, жанымыз жағымсыз күйде болады. Қысқасы, әсерлену уақытында яки суреттеу уақытында жанымызда не жағымды, не жағымсыз бір толқын болмай қоймайды. Міне, осы әсерлену һәм суреттеу уақытында жанда болатын толқын ішкі сезім деп аталады.

Әсерлену мен ішкі сезім арасында көп айырма бар. Әсерлену дене мен жанның қатынасуымен болатын көрініс. Ішкі сезім – таза жан көрінісі. Бұл – бір. Екінші, әсерлену арқылы біз сыртқы заттармен танысамыз. Ал енді ішкі сезім арқылы біз заттарға, көріністерге баға береміз. Егер қадірлі деп тапсақ, жанымыз жағымды күйде болады, қадірсіз деп тапсақ, жанымыз жағымсыз күйде болады.

Ішкі сезімдердің жасалуы. Адамда ішкі сезім болу үшін біздің жанымызда бұрын бірнеше әсерленулер һәм суреттеулер болу шарт. Себебі ішкі сезім бір тұқымдас бірнеше әсерленулерді һәм суреттеулерді бір-бірімен салыстырумен болады. Мысалы, біз «мына картина әдемі екен» десек, сонда біз сол картинаны оймен басқа картиналармен салыстырып айтып отырмыз. Салыстырылатын бұрынғы мен жаңа екі суреттердің бұрынғысы ішкі сезімнің негізі деп, соңғысы ішкі сезімді оятушы деп аталады. Негізгі суреттеу әр адамда әр түрлі болады. Әрбір адамның ішкі сезімі сол адамның жанының қандай күйде тұруына, оның біліміне һәм денесінің қандай күйде тұруына байлаулы болады. Мысалы, бір әннен бір уақытта жағымды әсерлену, екінші уақытта жағымсыз әсерлену алуға мүмкін, яки білімді, оқыған адам бір нәрседен жағымсыз әсерлену алғанда, сол нәрседен оқымаған надан адамның алған әсерленуі

жағымды болуға мүмкін. Яки сау адамның бір нәрседен алған әсерленуі жағымды болғанда, сол нәрседен ауру адамның алған әсерленуі жағымсыз болуға мүмкін.

Ішкі сезімдердің сыртқа шығуы. Жанда болған әрбір ішкі сезім сыртқа шықпай, яғни денеге әсер бермей қоймайды, не бет өзгереді, не дауыс өзгереді, не жай денеде бір әсер болады. Мысалы, ұялғанда бет қызарады, қорыққанда дауыс, дене дірілдейді. Халық ішкі сезімдердің орны жүрек деп біледі. Бұл пікірде әжептәуір дұрыстық бар. Шынына келгенде әрбір ішкі сезімнің болуына ми себепші, бірақ ішкі сезімнен көп әсерленетін – жүрек. Мысалы, қуаныш уақытында жүрек жұмысын жылдам атқарады – «ойнайды», ал енді реніш уақытында жұмысын шабан атқарады – «қысылады».

Ішкі сезімдердің бөлінуі. Бірінші, ішкі сезімдер мінезіне қарап екіге бөлінеді: жағымды һәм жағымсыз ішкі сезімдер. Яғни қандай болса да ішкі сезім мінезіне қарағанда не жағымды, не жағымсыз болмай қоймайды. Екінші, ішкі сезімдер күшіне қарап бөлінеді. Күшіне қарағанда сезімді екіге айыруға болады: жанның күйі һәм аффект жан күйі. Адамда бір ішкі сезімнің ұзақ болуы жан күйі деп аталады. Мысалы, адамда қайғы ұзақ болса, оның жан күйі де қайғылы мінезді болады. Кейбір адамдардың жаны өмір бойы бір күйде болады. Мысалы, туғаннан бері тарлық, кемдік, жоқтық, науқас көрмеген адам ылғи қуанышты, шат болады. Өмір бойы кемдік, тарлық көрген қу қанжыға адам жадырауды білмейтін болады.

Аффект. Тіпті күшті болған ішкі сезім аффект деп аталады. Аффект көбінесе кенет болады. Оны құйынмен ұқсастыруға болады. Ішкі сезім аффект дәрежесіне жет-

кен уақытта жанның басқа күштері әлсіреп, жұмысы шабандап қалады. Мысалы, ашу уақытта, қатты қорыққан уақытта ақыл жөнді жұмыс қыла алмайды. Аффект тым күшті дәрежеге жеткенде, не істеп, не қойғанын ойлай алмайды. Мысалы, күшті аффект уақытында адам төбелесіп қалады. Кісі өлтіріп тастайды. Кенет күшті болатын аффект адамның денесіне де күшті әсер береді. Бетті қуартады, қызартады. Денені дірілдетеді, күлдіреді, жылатады, кейде кенет шашты ағартады. Аффект нерв системасына күшті әсер береді, аффектіден соң адам әлсіреп қалады.

Ішкі сезімдер тағы екіге бөлінеді: өзімшілдік (эгоизм) ішкі сезімдер һәм көпшілдік (альтруизм) ішкі сезімдері. Кіндігі өзімізде болған, яғни біздің не әлсіздігімізді, не күштілігімізді көрсететін ішкі сезімдер өзімшілдік ішкі сезімдері деп аталады. Ұялу, қорқу, батырлық, ашу, жек көру, тәкаппарлық, күншілдік сықылды. Ал енді басқа адамдар һәм жаратылыс үшін болатын ішкі сезімдер көпшілік ішкі сезімдері деп аталады: достық, аяу сықылды.

Баланың ішкі сезімдері. Баланың тұрмысында ішкі сезім зор орын алады. Бала бір нәрседен әсерлену алғанда, ол әсерленудің жағымды яки жағымсыздығын бірінші орынға қояды. Баланың ішкі сезімдері тез, жеткен адам сезімдерінен былайша айрылады: 1) баланың ішкі сезімдері болады. Жылдам оянады. Мысалы, бала тез қуанады, тез қайғырады, күлуі де, жылауы да тез; 2) баланың ішкі сезімдері күшті, құйындай екпінді болады. Мысалы, баланың қолындағы ойыншығын ойнап қана алсаң да, ол қатты ашуланады; 3) баланың ішкі сезімдері тұрақсыз, құбылымпаз, құйындай тез басылады. Мыса-

лы, қатты ашуланып тұрған бала бір қызық нәрсе көрсе, қуанып кетеді, күліп жібереді. Ішкі сезімдердің адам өмірінде ұстаған орны зор. Әсіресе баланың өмірінде ішкі сезім көп рөл ойнайды. Біздің ісімізге белгілі бет алдыратын – көбінесе осы ішкі сезімдер. Біз жағымды нәрсені істейміз, жағымсызды істемейміз. Бізде жағымды сезім оятпайтын істі біз шабан, көңілсіз істейміз, оятатын істі шаттықпен, шын ынтамен істейміз. Адамның бақытты, бақытсыз болуы да осы ішкі сезімдерден. Жөпшенді нәрседен жағымсыз ішкі сезім алмайтын адам бақытты, тым сезімпаз адам бақытсыз. Сондықтан ішкі сезімдерді дұрыс тәрбие қылу керек.

Ішкі сезімдерді тәрбие қылу, тәрбиеден мақсұт һәм тәрбие жолдары. Баланың ішкі сезімдерін тәрбие қылғанда тәрбиеші алдымен баланы үйрету керек. Дұрыс, пайдалы, жоғары нәрседен ләззат алуға, төмен, пайдасыз нәрседен жиренуге һәм осы ұмтылу мен жиренуді терең, берік қылуға тырысу керек. Бұл мақсатқа жеткізетін жолдар:

1) Дұрыс ішкі сезімдердің көп болуына, нашарлардың болмауына жәрдем көрсету керек. Яғни баланы ұнамсыз ішкі сезімдерді оятатын себептерден сақтау керек. Мысалы, балалардың біреуіне базарлықты, ойыншықты көп беріп, біреуіне аз беріп, арада күншілдік туғызбау керек. Жануарды, малдың төлін, мысықты әуре қылғызып, ұрғызып үйретпеу керек, бала қатал болып шығады.

2) Баланың маңайындағы адамдар балаға жақсы мысал. Бала еліктегіш, маңайындағы адамдардың, әсіресе ата-анасының мінезіне салып алады. Бала жүргенде, сөйлегенде ата-анасындай болуға тырысады. Ата-ана қатал болса, бала да қатал; ата-ана жұмсақ болса, бала

да жұмсақ. Қымс етсе ашуланып, ақырып-бақырып қоя беретін ата-ананың баласы да сондай. Сондықтан баланың маңайындағы адам дұрыс мінезді болу керек.

Өзімшілдік ішкі сезімдердің біреуі – ашу. Екінші кісі тарапынан бізге әдейі көлденең тартылатын бір бөгетке, кедергіге ұшырасақ, біздің жанымызда ашу сезімі пайда болады. Бізге бір жансыз нәрсе зиян қылса, кедергі болса, яки бір адам байқамай бізге кедергі жасаса, біз оған ашуланбаймыз. Қысқасы, ашу сезімі адамда екінші бір адамға қарсы ғана оянады. Баланың ашуланып қуыршақты, шыбықты ұруы баланың сол нәрселерді жанды деп білуінен. Ашу ең күшті дәрежеге, құтыру дәрежесіне жеткенде, адам ақылынан айырылып, не істегенін білмейді.

Балада қайрат әлсіз, бала өзінің күшін шамалай алмайды һәм маңайындағы нәрсенің бәрін жанды деп біледі. Сондықтан балада ашу сезімі тез оянады: ол жылдам ашуланады. Баланың ашуы жылаумен, айғай салумен һәм ашу тудырған нәрсеге зиян келтіруге ұмтылумен жарыққа шығады. Бала қатты ашуланғанда не шалқасынан, не етпетінен домалайды, жер тепкілейді. Қолына түскен нәрсені тырнайды, тістейді. Баланың мұндай ашуын бітіру үшін долданып жатқан баланы байқамағандай болу керек. Бала өзі басылған соң, ұрыспай, жай ғана балаға былай долданудың ұнамсыз екенін, түбі пайдасыз екенін ұқтыру керек. Ашуланған бала сол ашуды туғызған нәрседен өш алуға ұмтылады. Балаға өш алдырып үйретпеу керек. Адамнан, малдан өш алдыру былай тұрсын, жансыз нәрседен де өш алдыру дұрыс емес. Мысалы, табалдырыққа сүрініп жығылған балаға табалдырықты ұрғызу яки ұру жөнге келмейді. Өш алдырып

үйрету баланы малға, жанға – бәріне де қайырымсыз, қатал қылып шығарады.

Қорқу сезімі адам жанында адам бір бақытсыздық күткенде болады. Қорқу сезімінің бірнеше басқышы бар. Жеңіл қорқу тынышсыздану деп, қатты қорқу үрей ұшу деп аталады. Қорқу сезімінің күштілігі келе жатқан қорқыныштың шамасына, дененің сезімпаздығына байлаулы. Қиялы бұзылған яки денесі ауру адам қорқақ болады. Қорқу сезімі неғұрлым күшті болса, оның жанға һәм денеге әсері де сонша күшті болады. Үрей ұшқанда адам қозғала алмай, сөйлей алмай қалады. Есінен айрылады, кейде кенет шашы да ағарып кетеді.

Бала тым қорқақ келеді. Мұның себебі – баланың қиялы тым тірі һәм денесі әлсіз. Бала желден, сықырлаған есіктен қорқады, қозыдан, лақтан қорқады, жат кісіге жоламайды. Әсіресе көп қорқытылған бала тым қорқақ болады. Ал енді қорқытылмай өскен бала батыр болады. Мұндай бала қараңғы үйге кіріп жүре береді. Жалғыз жатып ұйықтай береді. Баланы қорықпайтын ер қылып өсіру үшін оның денесін һәм жанын сау, берік қылып тәрбие қылу керек. Алдымен баланы ешбір уақыт қорқытпау керек. Бөки келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын, шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян. Мұндай сөздерді, ертегілерді, әңгімелерді естіп өскен бала өмір бойы су жүрек, қорқақ болады. Жасында қорқытып үйренбеген бала өскенде ер болады. Ер болып үйренуден адамға ер болу керек деген құр сөз пайда бермейді. Ерлікке іспен үйрету керек. Мысалы, қараңғы үйге кіруге қорқатын баланы үлкен адам өзі бірге алып кіргізіп үйретсе, бала қорықпайтын болады. Тырсыл-гүрсіл, қатты

атыс, соғыстың ішінде жүрген адам қорқудың не екенін білмейді.

Жоғарыда айтылған баланы қорқыту қате деген сөзден балаға жаза қылудың дұрыс еместігі келіп шығады. Яғни баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес. Жазамен қорқытқанда бала нәрсені істегісі келіп істеп, болмаса істемегісі келіп істемейді емес, жазадан қорыққаннан ғана не істейді, не істемейді. Яғни бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді. Баланы ұру, соғу ісі – адамшылыққа ұнамайтын іс. Ұрылып, соғылып тәрбие қылынған бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады. Өтірікші, алдауыш болады. Су жүрек, жасқаншақ болады. Ұру баланың денесіне де көп зиян келтіреді.

Қазақта бала ұрмайтын ата-ана сирек шығар. Талай ата «жүгермек» деп, талай ана «көкала келгір» деп жапжас балаларын салып-салып жіберіп, сілейтіп тастаушы еді-ау!

Әсіресе молдекелер!

Таң атқаннан күн батқанша, көк шыбық сынғанша сабайды. Баланың көзі кітаптан кішкене бұрылып кетсе, салып жібереді. Жап-жас ойын баласы бір нәрсеге езу тартып күлсе, салып жібереді. Қарғыс тигір көк шыбықтың сорлы баланың арқасына шып-шып тимейтін шағы бар ма еді? Көк шыбық тиген сайын қайқаңдап, жас жүрегіміз елжіреп, көзіміз ыстық жасқа толып, зарменен әліпсін-ә, әлбәсін-әй деп талайымыз отырмап па едік? Молда атын көтерген хайуан бар күшімен құлағымыздан тартқанда, тістеніп тұрып тілімізді тартқанда, талайымыздың құлындағы дауысымыз құраққа шықпайтын ба еді?

Надан молданың осындай хайуандық әсерінен талайымыз-ақ «сабақ», «молда» деген сөздерді естігенде денемізге суық су құйып жібергендей болмаушы ма едік.

Қазақтың кейінгі буын балалары! Хайуан құлықты надан молдалар заманында тумағаныңа қанша шүкірлік қылсаң да аз.

Ал енді баланы ұрма, ұрыспа, сөкпе дегеннен бала біржола тізгінсіз болсын, істеген істері туралы ешкімге жауап бермесін деген сөз шықпайды. Абзалы, тәрбиеші баланың нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Яғни ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінездерден жиренетін болсын. Баланы мұндай қылып шығару қорқыту, үркіту арқасында емес, бәлки махаббат, жылы сөз, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін. «Жылы-жылы сөйлесе, жылан інге кіреді» есте болу керек. Таяқ адамды емес, үйретсе аюды ғана үйрете алар.

Жоғарыда біз бала істеріне жауапты болуға тиіс дедік. Бұл сөздің мағынасы баланың нашар ісіне жаза шеттен алынып келінбесін. Яғни бір нашар іс үшін баланы ұру, ұрсу, бір нәрсе бермеймін, яки бір нәрсесін алып қоямын деп қорқыту жарамайды. Бұлай істегенде бала нашар істен сол істің нашар болғандығы үшін тыйылмайды, бәлки таяқтан, сөзден аман қалу үшін, бір нәрсені алу, яки бір нәрседен айрылып қалмау үшін ғана тыйылады. Ал енді бала нашар істен сол істің нашарлығын біліп тыйылсын десек, сол істің нашарлығын іспен көрсету керек. Яғни нашар істің нәтижесі де нашар болатынын бала іспен көрсін. Мысалы, өтірік айтқан адамның сенімі кетеді, ұрлық қылған адамның қадірі кетеді.

Ұялу сезімі. Егерде біз өзіміз қымбат көретін адамдарымыз мінегендей бір мін іс істесек, біздің жанымызда ұялу сезімі болады. Жер жүзінде ұялмайтын адам жоқ. Бірақ білімі, тәрбиесі, мінезіне қарай әр адамның ұялуы да әр түрлі болады. Мысалы, білімсіз адам айылын жимайтын істен білімді адам ұялып өліп қалады. Жұмсақ мінезді адам ұялшақ келеді. Ұялу оңай нәрсе емес. Адамға ұялудан күшті жаза жоқ. «Өлімнен ұят күшті» дейді қазақ. Қазақтың бұрынғы күнде нашар іс істеген адамдарға істеген жазаларының көбі ұялту болған. Мысалы, қазақтар әйелді қара өгізге теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, үстіне құрым жауып ауылды айналдырады екен. Әрбір елдің заңында ұялтуға негізделген жаза нағыз қатты жаза деп саналады. Сондықтан тәрбиеші баланы ұялтып, жаза қылуға өте сақ болуы керек. Ұялту, келемеж қылу баланың жақсылыққа, жоғарылыққа ұмтылатын барлық ынтасын байлап, өлтіріп, баланы жасық, ынжық қылады. Бала қорғаншақ, өзіне-өзінің сенімі жоқ, жасқаншақ болады. Ұялу сезімінің қарсысы – өзіне-өзі разы болу сезімі. Адамда бұл сезім басқалар оны жақсылағанда, мақтағанда болады. Өзіне өзі ылғи риза болып жүретін тәкаппарлық сезім пайда болады. Тәкаппарлық сезімі яғни адамның өзін ірі деп санауы, шектен шығып кетпесе, әрине, дұрыс сезім, дұрыс мінез. Бірақ шектен шығып кетпесін, яғни адам өзінің істері, мінездері ірілігін емес, төмендігін көрсетіп тұрғанда, өзін ірі адам деп санайтын болмасын. Жоғарыда айтылған себептерден баланың өзіне-өзі разы болу сезімін өте сақтықпен тәрбие қылу керек. Баланың өзін мақтама, ісін мақта. Мақтағанда мақтауға тұрарлық ісін мақта. Баланың жеңіл істерін мақтай беру балада мен-

мендік, ретсіз тәкаппарлық туғызады. Қайта бір жеңіл дұрыс ісі болса да, нашар шәкіртті мақтау керек. Қалайда мақтауға мырза болу жарамайды. Бір шәкіртті, бір баланы мақтау басқа балалардың рухын түсіреді, ынтасын өлтіреді. Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый (наград) беру, «афарин», «тахсин» үлестіру тіпті дұрыс емес. Мұндайда сый алған балалар сый алу үшін ғана тырысып, кеуделеріне орынсыз менмендік, ретсіз тәкаппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін жасық болып шығады.

Күншілдік ішкі сезімдерінің бірі – аяу һәм достық. Аяу сезімі әр адамда болады. Адам бір нәрсені аяғанда бір мақсұт үшін яки сол нәрсе дұрыс болғандықтан аямайды, тек сол нәрсе аяныш көрінсе, аяйды. Біз суға батып бара жатқан адамды көрсек, осыны құтқарып, осыдан олжа алайын деген оймен емес, ешбір ойсыз, жанымызды өлімге байлап толқынға кіріп кетеміз. Яки біз өзінің тиісті, жолды жазасын тартып жатқан, яки тартайын деп тұрған бір жазалы адамды көрсек те, аяймыз. Қасірет, бейнет көрген адам неғұрлым бізге жақын болса, сонша терең аяймыз.

Біреуді біреу аяп, қайғысына ортақтасқандай, қуанышына ортақтаса алмайды. Біреудің қуанышына ортақтасу орнына адамда күншілдік пайда болады. Бұл жалпы адамдықтың бір төмен, ұнамсыз мінезі. Бір ғалым айтыпты: қайғыға ортақтасу үшін адам болу жетеді. Қуанышқа ортақтасу үшін періште болу керек. Тәрбиеші балада осы мінезді де әлсіретуге ұмтылу керек.

Достық сезімі. Адамда сол адамның жанына екінші бір адамның жаны барлық мінездермен үйлесетін болса, сонда болады. Аяғанда адам ойламай, аңдамай аяйды.

Дос болғанда ойлап, аңдап дос болады. Екі дос бірге болса, араларында достық беки береді. Егер айырылса, достық әлсірейді. Аяу сезімі адамда ерте басталады: бір жасқа толмаған бала күлсең – күледі, жыласаң – жылайды. Ал енді достық ақыл біраз орныққан соң болады.

Жеткен адамдардың баланы аяуы балаға өте қымбат. Баланы кім аяса, оған сол жақын. Ата-анасы өліп, жетім қалған баланы ең алғаш кім бауырына тартса, бала соған бауыр басып кетеді.

Бала біраз есейіп, басқа балалармен ойнай бастаған кезде, онда достық сезімі оянады. Бірге ойнайтын балалардың ішінен бала өзіне дос тауып алады. Достық сезімінің балаға көп пайдасы бар. Досының көңілін тауып үйреніп, бала өзімшілдік мінездерден аулақ болады. Өзінің дос баласының сөзін бала үлкен адамның сөзінен артық тыңдағыш келеді. Сондықтан тәрбиеші баланың достарының дұрыс балалар болуына қам қылуға міндетті.

Ішкі сезімдердің біреуі – іш пысу. Іш пысу – көңілсіз бір сезім. Іш пысудың жоғарғы дәрежесі – ешнәрсеге қызықпау, еш нәрсеге ұмтылмау. Еш нәрсеге қанағаттанбау дәрежесінде іш пысу апатия деп аталады.

Іш пысудың бас себебі – іссіздік. Ісі жоқ, жұмысы жоқ адамның іші пысымпаз болады. Ылғи еңбек қылатын адам іш пысудың не екенін білмейді. Баланың сотқар, тентек болуы өзіне лайық іс таппай іші пысқандықтан. Іші пысқан соң әр нәрсеге тиісіп, бүлдіре береді.

Іш пысудың екінші себебі – бір түрлілік. Бір түрлі әсерлер, бір түрлі суреттер адамды жалықтырады, қажытады, ішін пыстырады. Мысалы, біз бір кітапты қай-

та-қайта оқысақ, бір әңгімені қайта-қайта тыңдасақ, біздің ішіміз пысады. Мұғалім бір сөзді ұзыннан-ұзақ соза берсе, шәкірттің де іші пысады.

Әсерлер, суреттер тез алмасса да, адамның іші пысады. Мысалы, көз алдымызда түрлі-түрлі нәрселер тез-тез алмасқандықтан, біздің отарбада кетіп бара жатқанда ішіміз пысады. Мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, баланың да іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімінің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен, жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың іскерлігін өзіне қарата алады. Болмаса баланың іскерлігі басқа нәрсеге ауып кетеді. Сабақ уақытында балалардың ойнауы, тыныш отырмауы, бір-бірімен сөйлеулері мұғалімнің жинақ, жігерлі бола білмегендігінен.

Ішкі сезімдердің адам үшін ең қымбаттары – сұлулық һәм құлық сезімдері.

Сұлулық (эстетика) сезімдері

Жаратылыстың һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, былдырлаған бұлақ, шетсіз-түпсіз қара көк теңіз, түрлі шөптер мен толқынданған дала, бұлтпен таласқан биік тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері яки искусствоның тылсымдай жанды билеп алып кететін ән, күй, сиқырлы сөз, сұлу картина сықылды әсерлері адам жанында бір ләззат, бір

сұлулық толқынын оятып туғызбай қоймайды. Архитектура, сұлу сурет (живопись), скульптура сықылды пластика искусствосы адамның көру сезімін сиқырлап барып, жанда сұлулық толқындарын туғызады.

Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сау ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан баланың сұлулық сезімдері жақсы тәрбие қылынуға тиісті.

Сұлулық сезімдерін тәрбие қылу. Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі музыкадан, біреудікі сұлу суреттен, біреудікі поэзиядан. Искусствоның әйтеуір ірі бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды. Тәрбиешінің міндеті – балада искусствоның қандай-қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, сол туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету. Өркендету жолдарынан төмендегі жолдарды көрсетуге болады:

1) Балаға жаратылыс сұлулығынан ләззат алғызу. Жаратылыста неше түрлі сұлулықтың бәрі бар. Бала бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің гүрілдегенін естісін; жымыңдаған жұлдыздар себілген көк шатыр көкті, түрлі түсті кемпірқосағын, буыны жоқ бұраңдаған қайыңды көрсін. Жаратылыс сұлу. Бала сол сұлу жаратылыстың құшағында болсын. Балада сұлулық сезімдері еріксіз оянады. Тәрбиеші жаратылыстағы түрлі сұлулықтарға баланың іскерлігін аудара білу керек.

2) Баланың маңайындағы нәрсенің бәрі жинақты, ретті, таза болсын. Таза деген сөзді қымбат деп ұғу қате. Тегінде қымбаттың бәрі сұлу деп ұғу қате ғой. Бала-

ның маңайындағы нәрсе қымбат болмасын, таза, ретті, тәртіпті болсын. Үйдің іші, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі таза болуға тиісті. Баланың үсті-басы, денесі, беті-қолы – бәрі таза ұсталуға тиісті. Баланың маңайындағы жүрген адамдар ретті, тәртіпті, таза болуға міндетті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді. Тазалыққа үйренген бала таза болады. Былыққа үйренген бала былық болады. Ас жеп отырып әжесі жалаңаш қолымен мұрнын сіңбіріп яки баланың нәжісін ұстап, қолын жөндеп шаймастан тағы асқа кіріссе, бала да осыны істейді. Кейбіреулердің былықтықты ырыс көруі надандықтың әбден асқынғандығы ғой.

Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөздерді естіп өскен бала өмір бойы былық, былапыт тілді болады. Отағасы-ау, бала-шағаның алдында былық-былапыт сөздерді сапырып сөйлеуіңді қой. Қайдағы құдай атқан сөздерді естіп өскен ұлында қандай әдеп болады, қызында қандай қылық болады?!

Және баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Жер жүзінде біздің қазақтың денесінен, қазақтың жүріс-тұрысынан жексұрын дене, жексұрын жүріс-тұрыс кемде-кем-ақ шығар. Аяғы қисық, жауырыны қушық. Ақыл қарында тұратындай-ақ, қарны буаз биенің қарнындай салбырап жатса, би болады-мыс! Семіз болып пысылдап отырса, айбынды «адам» болады-мыс! Кейбір «мырзалар» сал боламын деп жүргенде қиқаңдай ма керек, бұраңдай ма керек, қарап тұрсаң жүрегің айнып, құсқың келеді. Осыларды көріп өскен

қазақ баласының денесінде не сұлулық болады? Қазақ! Жұртқа күлкі болмайын десең, бұл мінездеріңді таста, балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе, оған ауру үйір болмайды.

Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін. Неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін. Сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының әуендерін тыңдасын, сурет салып үйренсін, ән салып, музыка құралдарын ойнап үйренсін. Міне, осыларды естісе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді. Білу керек, топас адам – тірі өлік.

Құлық сезімдері

Адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретін ой һәм іс ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе.

Ойдың яки істің ізгі яки жауыз болуына қарап, сол ойға яки іске іштен баға бергенде, адамда болатын жағымды яки жағымсыз сезімдер құлық сезімдері деп аталады. Құлық сезімдері жасқа, дұрысын айтқанда білімге қарап, әр адамда әр түрлі болады. Білім неғұрлым төмен болса, құлық сезімдері де сонша төмен, тар болады. Мысалы, білімі кем адам бір ой яки іс түбінде пайдалы болып шығар ма, жоқ па, оны байқай алмай, сол уақытында жағымды, пайдалы болса, оны ізгі ой, ізгі іс деп біледі.

Ұрлық қылған надан адам «ұрлық түбі қорлық» екеніне көз жібере алмай, уақытындағы пайдасын ғана көреді. Бала барлық еркелігінің, барлық тілегінің орындалып отырғанын ғана жақсы көреді. Еркеліктің орындалуын ізгілік деп біледі, еркеліктің орыңдалмауын жауыздық деп біледі. Ал енді адам есейген сайын, дұрысы, білімі артқан сайын оның құлық сезімдері де жоғарылай, тереңдей, кеңейе береді. Яғни адам ақылы тереңдеген сайын дүниеде ол жалғыз өзі тұра алмайтындығын, басқа адамдармен бірге тұруға мұқтаждығын, өзінің ойын һәм ісін басқа адамдардың ойлары һәм істерімен қабыстырып отыруға міндеттілігін, яғни өз басына келетін пайдаға ұмтылып, өз басына келетін зияннан безбей, сол өзгемен бірге дүниеде тұратын басқа адамдарға да пайда келіп, зиянның болмауын тілеу тиістілігін, міне, адам білімі, ақылы тереңдеген сайын осыларға ұмтылады. Яғни оның құлық сезімдері осылай тереңдейді.

Мысалы, балада біраздан анасын сүю сезімі оянады. Ананы сүю, анаға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу деген сөз. Біраз ес білген соң туысқандық сезімі, яғни араласып айналасында жүрген адамдарды сүю сезімі оянады. Онан соң білім тереңдеңкіреген кезде адамда елін сүю сезімі оянады. Өз-өзін сүю сезімі жер жүзіндегі барлық адамзатты сүю сезіміне алып барады. Бұл сөздердің көрінісі – ізгілік деген сөздің дұрыс, һәм толық мағынасы мынау екен: әр адамның өзін сүюі, яғни жауыздықтан безіп, ізгілікке ұмтылуы, туысқандарын сүюі, яғни оларға жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, өз елін сүюі, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеу, һәм басқаларға зиян келтірткізбеу, ең негізінде біткен адамзатты дос, һәм бауыр көру екен. Міне,

кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе біткен адам баласы бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз. «Әсіресе» деген сөзді қосуымыздың мәнісі мынау: адамның өзін-өзі сүюі, туысқандарын сүюі бұл ол адамның құлық-мінездерінің төмен тұрғандығын көрсетеді. Өзін-өзі соқыр сезіммен мал да сүйеді, пайдаға ұмтылады, зияннан безінеді. Туысқандарын мал да сүйеді, бие құлынын қорғайды. Адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт. Өзінің һәм жақындарының ғана пайдасын іздемей, жалпы момын халықтың пайдасын іздеуі шарт. Халық пайдасын өз пайдасынан да ілгері қоюы шарт. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін. Қазақтың жазушысы Міржақып Дулатов бір өлеңінде:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан, шаруаңа жараса, алаш, –

дейді. Міне, алашты халық десек, халықты шын сүйген адам «жарты жаңқасы» қалғанша халық үшін қызмет істеуге тиісті. Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді. Еуропа мемлекеттерінің мына 1914 жылдан бері қан төгіп жатқаны, одан бұрынғы да соғыстар бұған ай-

қын дәлел. Әрбір халық бір-біріне жау болсын деп ұғу қате, адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адам адамды сүймек. Бұл – адамның жаратылысындағы негізгі мінез.

Осы жерде «дін сезімдері» деп аталатын сезімдер туралы бір-екі сөз айтып өтейік. Бірқатар адамдарда мынадай бір пікір бар: адамның құлық сезімдері күшті болу үшін, яғни адам ізгі болу үшін, жауыздықтан тыйылып, еркіндікке ұмтылу үшін адамда дін сезімдері күшті болуы керек. Дін сезімдерінің негізі – дүниені жаңартушы, дүниеде барлық нәрсені істеп тұрушы бір тәңір бар деп сену һәм сол тәңірге адам өзін пенде деп білу. Тәңірінің құдіреті алдында адам өзінің әлсіздігін сезіп, тәңірге құлшылық қылу, яғни жауыздықтан тыйылып, ізгілікке ұмтылу. Барлық кемшіліктен азат тәңірге жағу үшін барлық кемшіліктен безу.

Ізгілік істесе – тәңірінің көңілін табуға, разылығын алуға, махаббатын тартуға яғни жұмаққа кіруге сену. Жауыздық істесе – тәңірінің наразылығын алуға, ашуына, қаһарына ұшырауға яғни тамұққа кіруге сену. Міне, дін сезімдерінің негізі – осы. Осы дін сезімдері күшті адам яғни тәңірінің барлығына, құдіретіне сиынып, онын махабатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек.

Дін сезімдері туралы пікір осы. Бұл – баяғыдан бері келе жатқан пікір. Бұл пікір туралы бұл күндегі үстем ой, ғылымға сүйенген үстем ой мынадай: дін сезімдеріне мұнша артық баға беру, адамды жауыздықтан бездіріп, ізгілікке ұмтылдыратын – дін сезімдері ғана деп ұғу дұрыс емес. Құлық сезімдері, яғни адамның жауыз-

дықтан безіп, ізгілікке ұмтылатын мінезі адамның жаратылыстарында бар. Кісі өлтіру, ұрлық қылу, тартып алудың жауыздық екенін білу үшін дінді білу шарт емес. Ізгілікті сезу – адамның жаратылысына, табиғатына берік байланған нәрсе. Дін ескі емес, адам ескі. Дін ескі емес, жаратылыс, табиғат ескі. Ізгілікке ұмтылдыратын дін адамның жаратылысын жасаған емес, ізгілікке ұмтылатын адамның мінезі дінді туғызған. Сондықтан адамның құлық-сезімдеріне дін сезімдерін негіз қылып алу, адамның құлықты болуын дінді болуына байлау дұрыстыққа келмейді. Бұл – бір.

Екінші, адамның бір нәрседен тыйылуы, бір нәрсеге ұмтылуы екінші бір затты сыйлағаннан, сол затқа жағыну үшін болмай, дұрыстық үшін болса, нағыз тынымды, тиянақты, игі ұмтылу һәм тыйылу осы болмақ. Бір адамды сыйлап істелген ізгілік рия болса, «тәңіріні» сыйлап істеген ізгілік те рия. Рияның адамға пайдасы жоқ. Рия адамды түземек емес, бұзбақ. Кемшіліксіз идеал бар: адам дүниеде ісін идеал үшін істесін, идеал үшін тұрсын, және сол идеалдай түгел боламын, кемшіліксіз боламын деп ұмтылсын.

Құлық сезімдерін өркендету жолдары

Құлық сезімдерін өркендету үшін төмендегі жолдарды көрсетуге болады.

1) Баланың маңайындағы адамдардың құлықты болуы. Бала ізгі құлық пен жауыз құлықты айыра алмайды. Оларды бала маңайындағы ересек адамдардың сөздері һәм істері бойынша ғана айырады. Солар бойынша ғана ізгі мен жауыз құлық туралы ұғым жасайды. Мысалы,

бала атасының ұрлық қылғанын білсе, ұрлық қылу ізгі құлықтан саналады екен деп ұғады. Сондықтан баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады.

Және баланың бірге ойнайтын жолдастары да дұрыс, ізгі құлықты болсын. Балаға ересек адамнан өзіндей бала жақын. Бала өз құрбысына еліктегіш, өз құрбысының тілін алғыш, құлқына, мінезіне сенгіш келеді. Өзінің ізгі, жауыз құлқын бала құрбылары арқылы жарыққа шығарып әдеттенеді. Сөгіседі, ұрысады, төбелеседі, ұрласады, өтірік айтысады. Осы себептерден тәрбиеші баланың жолдастарының дұрыс құлықты болуларына өте ықтият қылу керек. Балада құлық сезімдерінің бекуі, кеңеюі, тереңдеуі үшін балаға әдебиеттен, тарихтан өрнек әңгімелер сөйлеу һәм оқыту керек. Әрбір ұлттың әдебиетінде ізгі һәм жауыз құлыққа өрнек болғандай әңгімелер толып жатыр. Солармен дұрыс пайдалана білу керек. Яғни әдепті бол, әділ бол, өтірік айтпа деген сықылды. Құрғақ, жалаңаш сөзде пайда жоқ. Баланың алдына құлықтың әрбірі әдейі киініп өрнек күйінде ғана келсін. Өрнектен нәтижені бала өзі-ақ шығарып алады.

2) Үйде һәм мектепте дұрыс тәртіп болу. Үй һәм мектептегі тәртіп баланы ізгі құлықтарға әдеттендірсін. Әдеттендіру мынадан табылады. Үй һәм мектептегі тәртіп құбылмалы болмасын, яғни ата-ананың, мұғалімнің күйіне қарап тәртіп өзгеріп отырмасын. Тәртіп өзгермейтін ізгі құлық заңдарына негізделген болсын. Болмаса, бүгін жараған іс ертең жарамайтын болып отырса, балада тәрбиешіге сенім қалмайды. Бұл – бір. Екінші, баланың жаратылысы, табиғаты тілейтін нәр-

седен баланы тыю дұрыс емес. Жүгіруден, ойыннан тыю сықылды. Баланың жаратылысы тілейтін нәрседен тыйсаң, бала бұл жасама тәртіпті оп-оңай бұрып кетеді. Яғни бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді. Баланың өтірік айтуы, алдауы оны жасама тәртіп ішіне қамаудан. Маңайындағы тәртіп, тұрмыстың құрылысы баланың жаратылысына қайшы болса, бала ондай тәртіпті аттап өтеді. Үшінші, тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болуға тиісті. Екеуі біріне-бірі шет, жат деп қарамасын. Екеуінің арасында сенбеушілік болмасын. Бала тәрбиешіні мұңын тарқата алғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін. Бала тәрбиешіні осылай деп білсе, ол уақытта одан ешбір ойын, ешбір ісін жасырмайтын болады. Жасырмайтын болса, өтірік айту, алдау сықылды ұнамсыз құлықтарға орын да қалмайды.

3) Баланы құлық туралы ой жүргізіп үйрету. Бала барлық ізгі құлықтарды өзі басынан кешіріп, яки маңайындағы адамдардан көріп, біліп бітіре алмайды.

Алдағы өмірінде құлықтардың әлденеше түрлеріне ұшырауға мүмкін. Ол уақытта мен мына құлықпен таныс емеспін, сондықтан мұны ешнәрсе деп айта алаймын деп отыра алмайды ғой. Алда, болашақ өз істеріне һәм басқа адамдар ісіне құлық көзінен баға бере алуы үшін оның құлық туралы ерте күннен ой жүргізіп үйренуі тиіс қой. Сондықтан тәрбиеші, балаға түрлі істерді құлық көзінен салыстырып, сынатып үйретуге міндетті. Бала салыстырып, сынап үйренсе, құлық туралы белгілі берік бір ұғымға ие болады. Ол уақытта алдағы өмірінде дұрыс пен терісті, ізгі мен жауызды, ақ пен қараны дұрыс һәм жеңіл айыратын болады.

ҚАЙРАТ

Біз кітабымыздың басынан бері жан көріністерінен ақыл һәм ішкі сезім көріністерін баяндадық. Енді жан көріністерінің үшінші түрі қайратқа көшеміз.

Қайрат ұғымы. Біз ақыл көріністері арқылы сыртқы заттар туралы, яғни олардың өзі, ісі һәм күші туралы білім аламыз. Ішкі сезімдер арқылы жанымызда түрлі күйдің болғанын білеміз, һәм ол күйді жағымды не жағымсыз деп бағалаймыз. Ал енді жанымызда тағы бір күш, тағы бір көрініс бар. Жан бір нәрсені істеуге, болдыруға ұмтылады, яки істемеске, болдырмасқа ұмтылады. Және бұл ұмтылу соқыр ұмтылу емес, аңды, саналы ұмтылу. Міне, осы бір мақсатқа жету үшін жанның аңды ұмтылуы қайрат деп аталады. Әрине, жан құр ұмтылып қана қоймайды, сол ұмтылғанын болдыру үшін денені іске қосады. Жанның қайрат күші арқылы істелетін іс ерікті іс деп аталады. Ал енді адамның қайрат қатыспай, еріксіз істейтін істері де болады. Мысалы:

1) Импульс ісі. Яғни кейбір істерді сырттан ешбір әсер болмай, белгілі бір мақсатсыз істейді. Мысалы, ұйқыдан оянғанда адам керіледі, созылады.

2) Рефлекс ісі. Яғни сыртқы бір әсерге адамның аңы қатыспай, денесінің ғана жауап беруі. Мысалы, көзге бір затты жақындатсаң, кірпік жабылады, тоңсаң, дірілдейсің.

3) Соқыр сезім (инстинкт) ісі. Атадан қалған мұра бойынша адамның аңын қатыстырмай істейтін істері. Соқыр сезім адамның өзінің һәм тұқымының аман болуына қызмет қылады. Мысалы, бала ешкім үйретпей, емшек емеді. Яки құс қыс жақындағанда жылы жаққа ұшып кетеді.

Ал енді адамның қайрат туғызған ісіне аң қатыспай болмайды. Мысалы, менің жазғым келсе, аңменен, оймен қағаз алам, қалам алып, сияға малам һәм осылар сықылды басқа тиісті істер істеймін. Міне, бұл қайрат ісі. Қайраттың бет алысы екі жақ: жан көріністері һәм сыртқы дүние. Мысалы, мен қайрат жұмсап бір ойды еске түсіремін. Яки жерде жатқан бір нәрсені көтеру үшін еңкейем.

Қайрат түрлері. Қайрат төмендегі түрлерге, дұрысырақ айтқанда, басқыштарға бөлінеді: тартылу, ұмтылу һәм тілеу. Қайрат адамда ә дегеннен берік, ашық болмайды. Бастапқы кезде бір әсер мен белгілі бір беталыс болмай, белгілі бір мақсұт болмай, бір нәрсеге жан жай тартылады. Мысалы, бала аштықтан жылайды, тыпырлайды, жаны жағымсыз күйде болады. Жанында бір азап болады. Бірақ бала осы жағымсыз күйдің, осы азаптың аштықтан екенін аңдап біле алмайды, оған сұт керек екенін біле алмайды. Міне, жанның осындай күйі тартылу деп аталады. Ал енді тартылуға аң қатысса, яғни адам, не нәрсеге болса да өзінің мұқтаж екендігін аңдап, анық білсе, бірақ сол мұқтаж нәрсенің не нәрсе екендігін анық біле алмаса, жанында ұмтылу болады. Мысалы, біз ыстықта сусаймыз, сусын тауып, сусынды қандыруға ұмтыламыз. Бірақ бізге кез келетін сусынның қандай болатынын білмейміз. Егерде біз белгілі бір нәрсеге ұмтылсақ, ол уақытта ұмтылу тілеуге айналады.

Тілеу, суреттеу һәм ішкі сезім арасындағы байлам. Бұл үшеуінің арасында берік байлам бар. Суреттеу болмаған нәрсені адам тілей алмайды. Мысалы, естімеген, білмеген тамақты тілеуге мүмкін емес. Және адамның жағымсыз ішкі сезімі беретін нәрсені де тілеуі мүмкін

емес. Бір нәрсенің суреті біздің жанымызда неғұрлым ашық болса һәм оның жанымызда жағымды сезім туғызуы бізге белгілі болса, біз сол нәрсені қатты тілейміз.

Қайрат қалай жасалады? Қайрат төмендегі басқыштарды өтіп барып іске асады. Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер дәлел яки мотив деп аталады. Бұл – қайраттың бірінші басқышы. Ал енді бір тілектің іске асуының тиістілігін көрсететін қарсы себеп те болады. Қарсы себеп – қарсы дәлел яки контр мотив деп аталады. Дәлелге қарсы дәлел шыққанда, біз бұл екеуін салмақтаймыз, салыстырамыз. Осы дәлел мен қарсы дәлел салмақтау дәлелдердің күресі деп аталады. Бұл – екінші басқыш. Егер дәлел мен қарсы дәлелдің күші бірдей көрінсе, адамда толқу пайда болады. Дәлелдер күресінен кейін ақырда адам екі жақтың бір жағына жеңгізіп, бетін бір жаққа түзейді. Бұл үшінші басқыш. Бетті бір жаққа түзеу бекіту деп аталады. Бекітуді іске асыру орындау деп аталады. Бұл төртінші басқыш. Орындау жолында адам түрлі бөгетке ұшырап, бөгетті жеңе алмай қажып, жасып, бекітуін қайтып алуға мүмкін. Бұлай істемес үшін адам табанды болу керек. Табанды адам – қайраты күшті адам.

Қайраттың керектігі. Қайрат адам өмірінде аса қымбат орын алады. Адамның дене һәм жан ісін тізгіндеп, белгілі жолға салып өркендететін – сол қайрат. Мысалы, нәресте шақта адамның денесі қайрат қатыспай өз бетімен қозғалады. Ес кірген соң қайрат жұмсалып қозғалады. Жүргенде аяқ қозғалуы сықылды. Жан ісінде қайрат іскерлікке көп қатынасады. Шынында, қайрат

жұмсамай адам іскер бола алмайды. Қайраттың ішкі сезімдерге әсері мол. Қайнап келіп қалған ашуды біз сол қайраттың қаруымен басамыз ғой.

Қысқасы, қайрат адамның барлық ісін тізгіндеп жолға салмақшы, жүзеге шығармақшы. Қайрат арқылы ғана адам жанындағы қалың күштер жарық көрмекші. Өмірде адам басына қиын-қыстау істер келгенде, қажытпай алып шығатын – сол қайрат. Сермеген қолды аспандағы айға жеткізбесе де, ойлаған ойға жеткізетін – сол қайрат. Сондықтан тәрбиеші баланың қайратын өркендету үшін қызмет қылуға міндетті.

Қайратты өркендету жолдары

1) Тәрбиеші баланы денесін дұрыс билеп, дұрыс қозғалуға үйретсін. Дене мүшелері қайраттың тез қозғалатын, тез орындайтын қаруы болуға тиісті. Бала мүшелерін теріс қозғап үйреніп бара жатса, тәрбиеші тез түзесін. Сол уақытта бала қандай іске қай мүшені қозғау керек һәм қалай қозғау керек, соған әдеттенбекші. Жазғанда, тіккенде саусақтарды қалай ұстау сықылды.

Тәрбиеші баланы әсіресе жан істерін қайратқа дұрыс бағындыруға үйретсін. Бала әсіресе тілегіне қожа бола алмайды. Не тілесе, соны жүзеге шығарғысы келеді. Бала болмайтын нәрсе болмайды деп ұғады. Тура мағынасымен аспандағы айға ұмтылады. Тәрбиеші баланы осындай қияңқылықтан сақтауға міндетті. Балаға әрбір тілектің алдын, артын, болдыратын һәм болдырмайтын себептерін салмақтатып, тексеріп үйретуге міндетті. Терең тексеріп келіп, тілекті жүзеге шығару қайраттылық болатыны сықылды, тексеріп келіп, тілекті тоқтатып

қалу да зор қайраттылық. Есте болу керек: арыстан айға шапса, мерт болмақшы, өтпес жарлық бойға қорлық болмақшы. Тілектің алдын, артын тексеріп үйренген адам балалықта ебегейсіз еркеліктен, қияңқылықтан, есейгенде есерліктен аман болмақшы.

2) Баланың қайраты күшті болуы үшін тәрбиеші баланың барлық ісін тізгіндей бермей, әрбір істе балаға ерік берсін. Бала өз еркімен денесін қозғап, жүгіріп үйренсін. Әсіресе жанды жұмсап үйренсін. Яғни бала өз бетімен бір нәрсені тілеп, сол тілектің алдын, артын тексеріп, сонан соң иә болдыруға, иә болдырмауға өзі әдеттенсін. Сол уақытта баланың қайраты өркендемек. Әрине, баланың ісі, тілегі пайдасызға, зиянға айналып бара жатса, тәрбиеші кіріседі ғой. Бірақ баланы ылғи тізгіндеуден сақтану керек.

Әдет. Әрбір іс дене ісі болсын, жан ісі болсын, алғаш істелгенде бірталай қиындықпен істеледі. Екінші істелгенде қиындық біраз жеңілденеді. Егерде көп істесек, ол істі тіпті жеңіл істейміз. Және сол істі ылғи істегіміз келіп тұрады. Істемесек, бір нәрсені жоғалтқандай боламыз да тұрамыз. Белгілі шарттар болғанда, белгілі бір түрде іс істеу әдет деп аталады. Мысалы, жазған уақытта саусақтарды былай ұстау, әрине, қиын. Оған қанша қайрат жұмсалады. Бірақ біраздан тіпті жеңілге айналады. Ойламай-ақ, ешбір қайрат жұмсамай-ақ, саусақтарымыздың өзі солай икемделе береді. Адам өмірінде әдет көп орын алады. Лейбниц деген ғалым адамның барлық ісінің төрттен үшеуі әдет болады дейді.

Әдеттің адамға көп пайдасы тиеді: 1) Әдет арқасында адам белгілі ғана істерді істеп, тақақтап ұшына шығады, анық орындайды. Әрбір істің басын шала бермейді.

2) Істің тиянақты, көрікті болуына себепкер, әдеттенген істі адам тиянақты істейді. 3) Уақытты һәм күшті далаға жібермейді, бәлки үнемдейді. Әдеттенген істі көп күш жұмсамай адам тез һәм жеңіл істейді. Әдеттену болмаса, адам бір істің соңында мыжып отырып қалып, басқа жаңа істерге уақыты болмас еді. Әдет – әсіресе, тәрбиешінің қолында күшті құрал. Әдеттендіру арқасында ғана баланы дұрыс жолға салуға мүмкін. Шекспир: «Жақсы әдет – жақсылыққа бастайтын періште», – дейді. Орыстың тәрбие ғалымы Ушинский: «Жақсы әдет – өсімге берген ақша, адам өмір бойы соның өсімін пайдаланады. Жаман әдет – борыш, адам өмір бойы сол борыштың бір өсімімен азап шегеді», – дейді.

Адам өмірінде әдет осындай зор орын алатындықтан, тәрбиеші барлық күшін жұмсап, баланы неғұрлым жақсылыққа әдеттендіруге міндетті. Бала нашарлыққа бір әдеттеніп қалса, оны қайта түзету оңай нәрсе емес, есте болу керек. Ауру қалса да, әдет қалмақ емес. Әдет тым бойға сіңсе, құмарлыққа айналады.

Құмарлық шектен шықпай белгілі мөлшерде болса, әрине, пайдалы. Құмарлық болмаса, адам өмірде белгілі бір жолды қуып та кете алмайды. Бірақ көбінесе құмарлық шектен шығып кетеді. Көбінесе адам бір нәрсеге құмар болса, басқа барлық нәрседен көзді жұмып безіп кетеді. Бір тілекке басқа тілектің, бір нәрсеге басқа нәрсенің бәрін құрбан қылады, құмар болған нәрсенің пайдалы, пайдасызына да қарай алмайды. Сол құмарлық жолында ұяттан, ардан, барлық адамшылықтан айрылады. Мысалы, қиссадағы Қарынбайдың малға құмарлығы сықылды. Маскүнем адамның арақ құмарлығы сықылды. Мұндай құмар адам – сау адам емес, ауру адам болады.

Мұндай құмарлық адамды өрге сүйремейді, көрге сүйрейді. Сондықтан тәрбиеші балада мұндай құмарлықты болдырмауға міндетті.

Мінез

Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады, адамның ойының яки ішкі сезімдерінің сипаты мінез ұғымына кірмейді. Ойы бір дәрежеде һәм сезімдері бір қалыпты адамдардың мінезі әртүрлі болуға мүмкін.

Яки жауыз һәм мейірімді адам, құлықты һәм құлықсыз адамдар мінездес болуға мүмкін. Сондықтан мінез ақылға яки сезімге байлаулы нәрсе емес, қайратқа байлаулы һәм мінез қайрат дәрежесіне қарап былай бөлінеді. Егер бір адамның қайраты күшті болса, сөзінен бір айрылмайтын, екеуі екі бөлек жайылмайтын болса, ондай адамның мінезі қатты мінез, күшті мінез, берік мінез деп аталады. Егерде сөзбен, оймен іс бір-біріне қабыспайтын болса, ауыз айтқанда, қол істей алмаса, ондай адамның мінезі жұмсақ мінез деп аталады.

Мінездің жасалуы. Мінез адамның жаратылысына қарай тума болады һәм басқа сыртқы себептермен тұрмыс түрі, жаратылыс, жолдас, тәрбие сықылды жүре пайда болады. Тума мінез көбінесе тұқым қуалап келеді. Дененің аурулы яки сау болуы, ақылды, ақымақ болу, ашулы, жасық болу сықылды тума мінез темперамент деп аталады.

Темперамент. Әрбір адамның жаратылысы бойынша тума бір түрлі мінезі болады. Мысалы, сыртқы дүние әсерлерінен өзінше бір түрлі әсерлену яки ішкі сезім-

дердің өзінше бір түрлі оянуы сықылды. Міне, осындай тума мінез темперамент деп аталады. Темперамент төрт түрлі. Сангвиник, холерик, флегматик һәм меланхолик темпераменттері:

1) Сангвиник темпераменті – сыртқы әсерлерді жеңіл һәм тез алу, бірақ терең ала алмау. Сангвиник адам ұшқыр, ойнақы, еті тірі болады. Бірақ бір әсерден екінші әсерге секіріп түсе беретін, бір әсерге аялдап тұра алмайтын тиянақсыз адам болады. Әрбір істі бастап тұрып, тастап кететін болады.

2) Холерик темпераменті – сыртқы әсерлерді тез һәм терең алу. Холерик адам әрбір әсер артынан салпақтай бермейді. Бір алған әсеріне мықты, бекем болады. Көздеген мақсатын қадағаламай, тиянақтамай, жолда шала қалдырмайды, табанды, қайратты болады. Қиын-қыстау мәселені тез шешеді, тез орындайды. Бірақ холерик адамның ашуы шапшаң һәм қатты болады. Сол ашу себебімен көп уақытта ұнамсыз істер істеп тастайды. Тіпті бір бет, қияңқы болады.

3) Флегматик темпераменті – әсерлерді әлсіз алу һәм ішкі сезімдердің созалан оянуы. Бірақ түбі берік болады. Флегматик адам – ауыр мінезді адам, түрлі әсерге көрсе қызар болмайды. Мәселені тез шешуге асықпайды, іс істегенде саспайды. Шапшаң ашу, қызу мінез болмайды, салқын қанды болады. Басын жарып, көзін шығарып, жан алып, жан беріп істі тез бастап кете алмайды. Бірақ бір бастаса, салпақтап артынан қалмайды.

4) Меланхолик темпераменті – адамның ішкі сезімдердің билігінде болуы, өзінің ішкі сезімдеріне, жалпы айтқанда, өзінің ішкі дүниесіне берілген. Меланхолик адам аулақты жақсы көреді. Ешкімге сенбейді.

Істе қалтылдақ, жасқаншақ болады. Тұрмыста кедергі ұшыраса, оның жүні жығылып, қайраты сөніп, жасып қалады. Меланхолик адамның үміттен уайымы, қуаныштан қайғысы көп болады. Аз ғана кедергі оны қалың уайымға, қайғыға түсіреді. Меланхолик адам өзіне берілген. Өзім деген кісіге құл болғандай жақын болады. Бірақ ана кісіден бұған жақпайтын қарсы мінез шығып қалса, оған қас болып кетеді. Мұндай меланхолик адамның сіркесі су көтермейді. Сондықтан мұндай адам бір бет, қыңыр-қисық болады.

Темпераменттің бұл төрт түрі бір-біріне қатыспай, таза күйінде ғана болады деуге болмайды. Көбінесе бұлар бір-біріне аралас болады. Мысалы, бір адамда сангвиник темпераменті мен холерик темпераменті аралас болады. Бір адамда флегматик темпераменті мен меланхолик темпераменті аралас болады. Һәм темперамент тұрмыстың һәм тәрбиенің әсерімен өзгереді. Және темпераменттің түрлі болуы біраз жас, ер, әйелдік һәм тұқымнан да болады. Мысалы, көбінесе жас шақта адам сангвиник болады, ерлікте холерик болады, кәрілікте флегматик болады. Көбінесе әйел сангвиник болады. Ер холерик болады.

Қалайда әрбір адамда осы төрт темпераменттің біреуі денірек болмай қоймайды. Денірек болатын темперамент хатта нәресте шақтан біліне бастайды. Сондықтан тәрбиеші баланың нәресте шағында-ақ оның тума мінезін һәм темпераментінің түрін байқап, біліп қоюға тиіс, балаға оның темпераментінің түріне қарай тәрбие беру үшін. Бірақ берік білу керек: темпераменттің анасы жақсы, мынасы жаман, анадай темпераментті

ірі адам, мынадай темпераментті төмен адам деуге болмайды. Адамды ірі қылатын темперамент емес, ақыл мен құлық. Ақылы терең, құлқы сау адам қандай темпераментті болса да тізгіндеп, түзу жолға түсіп кете алады. Темпераментті тізгіндей білу үшін адамның жақсы тәрбиеленуі керек.

Мінез тәрбиесі. Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мынау негізгі екі шартты орындау керек: 1) Баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келмейтін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті. Күштен асатын іске кірісіп баланың тауы шағылмас үшін. 2) Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Осы екі жағы тең адамның мінезі күшті болмақ қой. Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей, оның бар еркелігін орындай беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады.

Осы екі жақтың біреуіне аударып жібермей, баланы ортада ұстай білу үшін тәрбиеші мынаны істеу керек:

1) Балаға бір нәрсені істе дегенде ақырмай-бақырмай, салмақпен һәм былай да жарайды деген сықылды табансыздық көрсетпеу керек. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады.

Және тәрбиеші өз ісінде тиянақты, табанды болуға керек. Бала адам айтар емес, еліктемпаз болады. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянақтылығына еліктейді.

Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.

2) Балаға бір нәрсені істе дегенде де, істеме дегенде де сол бұйрықтың себебін ұққандай қылып балаға ұқтырып отыруға керек. Себебін ұқса біраздан соң бала өз бетімен-ақ дұрыс іске ұмтылып, теріс істен тыйылатын болады. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыра беру керек. Мәні-жайын ұқтырмай, құр бұйрық беруші адам – тәрбиеші емес. Данышпан Абай айтқандай, «ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға», тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын.

БАЛАНЫҢ ЖАЛПЫ ЖАРАТЫЛЫСЫ

Біз кітабымыздың басынан бері жан көріністерін, яғни ақыл, ішкі сезім һәм қайратты баяндадық. Ержеткен адамға қарағанда баланың сол айтылған көріністері басқарақ түрде болатынын білдік. Мысалы, баланың әсерленуі, суреттеуі, ойлау һәм сезуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар.

Бірінші, баланың барлық жан істері бір-біріне берік байланған болады, бірімен-бірі берік жүреді. Мысалы, баланың денесі мен жаны, ақылы мен сезімі, сезімі мен қайраты – бәрі бірге іс қылады, бұлар бір-бірімен күресе білмейді, бірін-бірі тізгіндей білмейді. Бала бір нәрсеге ұмтылса, сол нәрсеге баланың денесі, жаны, ақылы, сезімі, қайраты – бәрі бірге жұмсалады. Бала шақта алынған әсердің өмір бойы естен шықпауының мәнісі

сол: бала шақта алынған әсер ержеткенде адамның ақылының, ой-пікірінің һәм мінезінің қандай дәрежеде һәм түрде болуына негіз салады. Балалықта ылғи жағымды әсер алынса, адам өмір бойы шат көңілді болмақ. Балалықта жағымсыз әсер алынса, қорлық, жоқшылық көрілсе, адам өмір бойы қасіретке бейім болмақ.

Екінші, бала ылғи іске ұмтылады. Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ бала не істеуге һәм қалай істеуге білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардың не істегенін һәм қалай істегенін өнеге қылады. Баланың еліктемпаз болуы осыдан. Еліктеу, затында, тіпті теріс нәрсе емес. Еліктеу адамның жаратылысында бар нәрсе. Еліктемейтін адам болмайды. Себебі бар нәрсені өз ойымен таба алмайды, оған өмір де жетпейді. Бәлки басқалардан қалған ұнамды нәрсені ала қояды. Жалғыз-ақ жан ісі тіпті әлсіз балада еліктеу тым-ақ күшті болады.

Жоғарыда айтылғанша, баланың жаратылысы ересек адамның жаратылысынан басқа болғандықтан, тәрбиешінің негізгі ұстайтын жолы:

1) Бала еліктемпаз болғандықтан, баланың ылғи сұлу һәм құлықты әсерлер алуына ыждаһат қылу керек. Әсіресе баланың ата-ана һәм тәрбиешісі – солардың өздерінің барлық істері сұлу һәм үлгілі болуға тиісті. Баланың еліктейтіні – солар. Және бала тіпті сенімпаз болады. Сондықтан баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Осыдан сақтану керек.

2) Бала ешбір уақытта іссіз тұра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді.

Болмаса, балаға пайдалы іс берілмесе, ол уақытта бала өз бетімен қайдағы нашар, зиянды істерге әдеттеніп кетеді.

Ұзын сөздің қысқасы, бала кәдуілгі адам болғанымен, баланың жаратылысында көп басқалық бар. Мұхамбет пайғамбар: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле», – депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек. Данышпан Абайдың төмендегі сөзімен біз кітабымызды тамамдаймыз:

Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға.

Соңы.

ЖҰМАБАЕВ М.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІ

Түркістан республикасының баспасөз таратушы мекемесі. – Ташкент, 1923 ж.

Мектебіміз

Біздің бастауыш мектебіміз – бойы өсіп, бұғанасы қатпаған жас мектеп. Бастауыш мектебіміздің ескі әліппи мектебінен жаңа мектеп болып туып қалқайып қаз тұрғанына жиырма жыл да болған жоқ. Қиып бұрылып кете алмайтын мектебімізге дағдылы даңғыл жол да салынған жоқ. Сондықтан, бізге егер қолымыздан келсе, баланы бастан дегендей жас мектебімізді осы бастан түзу, дұрыс жолға салып жіберу қиын болмасқа тиісті.

Әрбір елдің жаңа туған мектебі бастапқы дәуірінде толық мағынасымен білімнің түрлі тарауынан білім беретін мектеп болмай, жалғыз хат таныту мектебі ғана болмақ. Жаңа көзі ашылған ел алдымен хат тануға ұмтылмақ. Біздің жас мектебіміз де осы күнге дейін жалғыз хат таныту мектебі болып келді. Мұғалімдеріміздің әлі күнге үш жыл бойына айналдыратыны «Тіл құрал» мен «Оқу құралы». Білімнің басқа тарауынан мектептерімізде ауызға аларлық білім берілмейді. Бұл айыптарлық нәрсе емес, мектебіміздің жастығынан туған табиғи жол еді. Бірақ, есеймейтін жас жоқ. Мектебіміз де есейіп, есі кіріп, бастауыш мектептің міндеті жалғыз хат таныту емес екенін, бір-

те-бірте басқа білімдерді де кіргізу керек екенін ұғып, соңғы дәуірде жағрапия, жаратылыс, тарих сықылды ана тілінен басқа білімдер де мектебімізден орын ала бастап еді. Осылай жаңа есі кіріп келе жатқан кезде мектебіміз Руссияның төңкерісіне кез болды. Төңкеріс мектебіміздің алдына «еңбек» деген ұранды тастады. «Бұдан былай еңбек мектебі болсын» деді. Жаңа тәйтәй басып келе жатқан мектебіміз «еңбек» деген ұранды ұға алмай дағдарып қалды. Білім берудің орнына балаларға көмек бер дегені қалай деп, «еңбек» деген ұранды өзінше түсініп қарадай мойнына су кетті. Жаңа басы құралып келе жатқан мектебіміз қирай бастады. Мұғалімдеріміз мектептен түрлі сылтаумен жылжып шығып зыта бастады. Төңкерістен бергі бес-алты жылдың ішінде мектебіміздің құруының бір себебі осы жас мектебіміздің еңбек дегені ұранды ұға алмай дағдаруынан еді.

Шынында, еңбек мектебі сонша үркерлік жат, сонша қашарлық зиянды нәрсе ме? Бұл күнде бұл сұрауды қою орынсыз. Оқу оқыту ісіне айналысқан адам бұған жауап әлдеқашан алуға тиісті. Біздің бұл арада айтатын бір ғана сөзіміз еңбек мектебі деген ұран мектеп пен тұрмысты қосу үшін бірін біреуіне басқыш қылу үшін салынған. Мектеп пен тұрмыс бірі Қырым, бірі қияда жатпасын, мектепте оқыған адам білімді құшақтап алып, тұрмыста жарамсыз болып шықпасын деген ойдан туған. Бала нені білсе де, көзімен көріп, қолымен ұстап, мүмкін болғанша өзі істеп білсін деген пікірден шыққан. Нобайлап айтқанда, еңбек мектебіміздің негізі осы.

Баланы адам мектепке тоты бол деп бермейді. Сөзінен ісі айырылмайтын іскер болсын деп береді. Сондықтан, еңбек мектебінен үрку, қорқудың ешбір қисыны жоқ. Бас мектебімізді бастан түзу жолға саламыз десек, мектебімізді осы еңбек негізіне құруға міндеттіміз.

Ендігі мәселе: бұл еңбек негізіне құрылған бастауыш мектебіміз неше жылдық болады? Осы сұрауға жауап беру керек.

Соңғы бес-алты жылдың ішінде үкіметтің қағазының бетінде бастауыш мектептің жыл саны жүз құбылды деуге болады. Бесеу болды, төртеу болды, жетеу болды, өзгере берді. Бірақ үкіметтің бұл құбылта беруі біздің қырға шыққан жоқ. Біздің төрт жылдық мектебіміз әлі төрт жылдық. Мектебіміздің бұлай өзгермеуі бір ерегісуден туған емес, мектебіміздің тарихынан, мұғалімдеріміздің білім шамасынан туған еді. Көп іздеудің соңында үкіметіміз де осы күні айналып төрт жылға қайтып отыр. Яғни үкіметтің соңғы жарлықтарымен бастауыш мектеп төрт жылдық болмақ. Сондықтан біз де мектебімізді төрт жылдық болады деп біліп, мектепте балаға берілетін білімді сол төрт жылға шамалауға міндеттіміз.

Төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілі.

Бірінші жыл.

1. Баланың тілін өркендету һәм дағдыландыру. Жандағы әсерді қысылмай сөзбен жарыққа шығару. Аздан жаттаған өлең, мысалдарды дұрыс, ашық айту – оқи білу. Қысқа болса да, дұрыс сөйлеу. Оқуға жаттығу. Өзі

салған суреттердің астына атын жаза білу. Тақтайдан, кітаптан көшіру. Күн аттарын жазу һәм барлық балалардың аттарын тізе білу. Ұғынған әңгімелерін һәм басынан кешкен оқиғаларды мұғалімнің жетекші сұрауларының жәрдемімен қайта ауызекі айтып бере алу. Ертегілерді, әңгімелерді сахнаға айналдыра алу.

1. Тілді бақылау һәм емле

Сөйлемдерді сөздерге, сөздерді буындарға һәм дыбыстарға айыру. Дыбыстар һәм әріптер айырмасы. А,У, Ұ, И, Е, Ғ дыбыстары һәм дәйекші туралы ережелер. Сөйлемнің соңында қойылатын нүкте.

Екінші жыл

1. Тілді өркендету һәм дағдыландыру. Есіткені, иә, көргені туралы толығырақ қылып әңгіме айту. Есіткен, көрген, оқыған оқиғаны сахнаға айналдыру. Біреумен дұрыс, толық сөйлесе білу. Сурет бойынша әңгіме ете білу. Бір белгілі әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығарып айта білу. Әңгіменің бір бөлімін алып тастап айта білу. Даяр әңгімені өз жанынан толықтыра білу. Баспадан, жазбадан қысқа мақалаларды көшіру. Хат жаза білу. Күнделік кәлендар тізу. Оқуға ұстару.

2. Тілді бақылау һәм емле

Сөздердің тұлғасына қарай бөлінуі. Түбір, туынды, қос, қосалқы сөздер һәм қосымшалар. Жұрнақ, жалғаулар туралы жалпы ереже. Үзетін әріптер. Қос һәм қосалқы сөздердің жазылуы. Туынды сөздердің жұрнақтары, олардың өзгеруі һәм жазылуы. Тасымал сызықша.

Үшінші жыл

1. Тілді өркендету һәм дағдыландыру.

Бастан кешкен оқиғалар бойынша ойдан әңгіме шығарып тәжірибе жасау. Балалар жиылысында пікірін дәлелдеп толық қылып сөйлей білу.

Бастағы әңгімені толық қылып жаза білу. Бір әсердің тілінің рухын жоғалтпай баланың аяқтауы. Әдебиет әсеріне шамасынша түрлі жақтан баға бере білу, күнделік кәлендарды тізе беру. Балалардың өз әсерлерінен альбом тізу, журнал шығару. Жиылыстар, экскурсиялар сықылды оқиғалардан өз һәм жазба есеп бере білу.

2. Тілді бақылау һәм емле.

Сөйлемнің тоғыз мүшесінен атауыш сөздер: зат есім, сан есім, есімдік, етістік туралы сөйлемдерді бақылатып, бұларды айыру. Атауыш сөздер: үстеу демеу, жалғаулық, одағай. Шылау сөздердің тууы, өзгеруі һәм жазылуы, беттеу белгілері һәм үтір.

Төртінші жыл

1. Тілді өркендету һәм дағдыландыру

Белгілі бір пікірдің жобасымен толық, дұрыс сөйлеу һәм жазу. Әдебиет әсерлерін кестелі, кестесіз, өлшеулі, өлшеусіз, сурет, жай әңгіме сипаттарына қарай сайлай білу. Әдебиет әсерінен алынатын сұлулық сезімін декламациямен тереңдету. Оқыған суретке салу, әдебиет әсерін сахнаға айналдыру.

Өз һәм жазба баяндама һәм есеппен шығып жиылыстарда сөз сөйлеу. Журналды тереңдету. Спектакльге қатысу. Мектептің оқу үйін (хана) басқаруға жәрдем қылу.

2. Тілді бақылау һәм емле

Сөйлем мүшелерін тексеруді тереңдету («Тіл құралдың» екінші бөлімі бойынша). Сөздердің бір-біріне байланысын һәм сөйлемдердің түрлерін айыра аларлық білім беру. Тыныстарды тегіс білдіру.

Ана тілінің мектептегі орны

Ұлт мектебін туғызатын ана – ұлт тілі. Тілі бөлек ұлт түрі бөлек мектеп іздейді. Ұлт мектебі ұлт тілі негізіне құйылуға тиісті. Ұлт тілі ұлт мектебіне ана болуға тиісті. Шынында осылай болады. Бірақ, бір ұлттың тарихында түрлі себептермен ұлт мектебі бір дәуірлерде анасынан айырылып жетім болып қалуға мүмкін. Осындай дәуір біздің мектебіміздің басынан да кешті, дұрысы, енді кешіп бара жатыр.

Кешегі күнгі мектебіміз, тисінтә, тәбісінти, тән турту деп хат танытатын, арабтың, парсының, әлдекімнің сөздерін ежіктетіп, сүрелетіп оқуға үйретететін, әлхат нәсіф әлмулақат, сізге ғазиз әлжуд уа кәсирус-жуд зияде көруші... деп жазуға үйретететін мектебіміз сол анасынан, ұлт тілінен айырылған жетім мектеп еді.

Ол күндерде тасбауыр болған жетімге өзін тапқан анасы жат көрінуші еді.

Осы жетімдік мектебіміздің басынан әлі анық арылған жоқ. Ана менен бала көкті, жерді күңірентіп әлі табысқан

жоқ. Дұрыс соңғы он шақты жыл ішінде жүрген ана тілі қайтып, оған орын берілгендей болды. Тіл құралдары, оқу құралдары шықты. Курстарда ұлт мұғалімдері даярланды. Балалар «Әліпбидің» орнына «Әліп ба» оқитын, араб, парсының сөздерін тотыша жаттаудың орнына ұлт тіліндегі мысал, өлең сөздерді оқитын, жаттайтын болды. «Зияде көргуші» деп жазудың орнына «Ардақты жолдасым» деп жазатын болды.

Мектепте ана тілінен берілген бұл орындар, әрине, бағалы орындар. Бірақ, ана тілі мектептің дәл төрінен әлі орын алып болған жоқ. Дұрысы, мектебімізде ана тілі әлі дұрыс негізге құрылған жоқ. Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі деп қарайды. Тілдің ережелерін бала өзінің сөйлеп жүрген тілінің ережелері деп емес, «Тіл құралдың» ережелері деп түсінді. Істің бұлай болуының көп себептерінің ең негізгісі өздерінің білімі жас мұғалімдеріміздің қолында оқыту жолын көрсететін бір кілт тұрсын, бір мақаланың болмауы.

Біздің мынау кілтшеміз сол жолда бір кішкене тәжірибе.

Алдымен, ана тілінің мектептегі орнына келейік.

Мектепте ана тілін алып бару

Бастауыш мектептің міндеті баланы айналасындағы жиһанмен, яғни, жаратылыспен, әлеумет ұйыммен (елмен) һәм адамзаттың еңбек түрлерімен таныстыру. Таныстырғанда, жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, ауданды бірте-бірте кеңейтіп басқыштап таныстыру: үй, мектеп, ауыл, болыс, губерния, жалпы қазақ жері.

Бастауыш мектепте бала жаратылыс һәм адамзаттың тұрмысымен танысады. Бұлармен таныстырушы көбінесе жалғыз-ақ мұғалім болады. Яғни, есептен басқа барлық білім ана тілі сабақтарында беріледі. Әсіресе, бастапқы бір-екі жылда осылай болады. Мұның себебі, яғни, білімнің түрлі тарауын балаға жеке білдіруге мүмкін болмауы – баланың аузында сөз аз, жанында сурет аз болғандықтан бастапқы жылдар баланың жанына суретті көп салу үшін оның ауызына сөз көп салынуды, һәм керісінше, аузындағы сөзді байыту үшін жанына сурет көп салынады. Яғни, білімнің бәрі ана тілі арқылы беріледі. Себебі, аузында сөз аз, жанында білім аз жас балаға жаратылыс һәм адамзаттың тұрмысы туралы білім беруге ана тілінен басқа құралдар, мысалы, есеп, сурет салу, музыка, ән сықылды, бұлар ана тіліндей дұрыс құрал бола алмайды. Жалғыз бұлар арқылы білім берік білім болмайды. Мысалы, балаға қайырымдылық мінезін сіңіру үшін жанды қайырымдылық күйге кіргізетін бір күй тыңдату жетпейді, бәлки еттен өтіп сүйекке жететін қайырымдылықты суреттеген сөз керек, яғни, ана тілі керек. Сондықтан, мектептегі ана тілі – барлық білімнің негізі һәм басқышы.

Енді мектепте ана тілін қалай алып бару мәселесіне келейік.

Ана тілін оқыту дегенді балаға хат таныту деп түсіну қате. Мектептің міндеті бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлеуге үйрету. Дұрыс, бала мектепке келмей-ақ сөйлей алатын болады. Бірақ, ол сөйлегенмен сол сөзінің мағынасын дәл білмейді һәм ойын дұрыс қылып, сұлу қылып сөзбен жарыққа шығара алмайды.

Және дұрыс сөйлеп үйренгенмен һәм хат танығанмен бала дұрыс жаза алмайды. Дұрыс жазуға үйрететін жалғыз – мектеп. Бұл әсермен ғана мұғалімнің мектеп баласы алдындағы міндеттері тегіс атқарылмайды. Үлкен бір міндет – балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны сұлу әдебиетпен таныстыру, һәм баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету.

Осы айтылғандарды қорытқанда, төрт сыныпты бастауыш мектепте ана тілінің ауданы мынау болады:

1. Оқу, жазуға үйрету.
2. Емлеге дағдыландыру.
3. Өз һәм жазба сөзді өркендету.
4. Баланың ұғымына лайық ауызша һәм жазба әдебиет түрлерімен таныстыру.
5. Ұғып оқуға дағдыландыру.

I

Оқу, жазуға дыбыс жолымен үйретіледі. Хат танытудың түрлі жолдарының ішінде дыбыс жолынан төте һәм негізді жол жоқ. А.Байтұрсыновтың «Әліппесі» осы дыбыс жолымен құрылған. Бұл әліппе бойынша қалай хат танудың жолы Байтұрсыновтың «Баяншы» һәм «Әліпби астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын. Және ұғу керек, затында «Әліппені» баланың қолына беріп қойып, сонан бұлтармай жүреміз деу қате. Сөз – ауызда, дыбыс – ауызда. Олай болса, бала кітапқа байланбасын.

II
Емлеге дағдыландыру

Емлеге дағдыландыру жолынын негізі мынау:

1. Баланы емле бойынша дұрыс жазуға дағдыландыру керек. Бұл үшін жазылатын сөйлемнің ішіндегі команда сөздерді бастап жеке дұрыс жаздырып дағдыландыру керек.

2. Баланы қателестіретін себептерден мұғалімніц өзі қашу керек, яғни мұғалім сөзді көмескі айтып шәкіртті қатеге итермесін. Және шәкірттің емлесіндегі қатені түзетпей тастамасын. Қате сөздің астын құр сызып кетуден пайда жоқ. Және баланың көшіретін кітаптары дұрыс емлелі болсын.

III
Ауыз һәм жазба сөздерді өркендету жолдары

Мұғалім баланың ауыз һәм жазба сөзін өркендетейін десе алдымен жанындағы әсерлерін не ауызбен, не жазумен жарыққа шығаруға баланың ынтасын оятсын.

Балада осындай ынта болғанында, мұғалім оны ауызға қақпай не ауызбен, не жазумен сөйлетсін. Солай сөйлегенде сақтықпен сөздің мағынаға дәл болуына сұлулығына һәм сарф, наху жағынан дұрыс болуына дағдыландырсын.

Ойдың неше түрін сөзбен жарыққа шығаруға мүмкін екендігі балаға терең ұқтырылсын.

Жанындағы ойды, әсерді жарыққа шығаруға ынталы бала не жаратылыстан алады, не маңайындағы адамдардың тұрмысынан алады, не искусствodан алады.

Енді осылардың әрқайсысын айырып қаралық.

Жаратылыс. Әр бала бір жерге қамалмай еркін жаратылыстың құшағында болсын. Қызықты жат сұлу жерлерге экскурсияға әдейі алып барылсын. Экскурсияға беталды жадағай-жайдақ алып бармай, күн бұрын дайындалған бір план бойынша барылсын. Белгілі бір заттарды яки көріністерді бақылау үшін, мысалы, көктің түсін, бұлттардың түрін, құмырсқаның ұясын, құстардың ұшуын, жапырақ, көлдердің түрі, түстерін бақылау сықылды. Мұндай бақылау уақыттарында алған әсерлерін сөзбен жарыққа шығаруға ұмтылуы һәм баланың аузына дәл, терең, сұлу сөздердің түсуі ашық нәрсе.

Балаларға түрлі тамақтың (қымыз, қатық, нан...) қалай жасалатынын, түрлі киімнің қалай тігілетінін бақылатып үйрету керек. Және почта, телеграм, аурухана сықылды әлеумет мекемелерін, мүмкін болғанда жақын жердегі шаһар тұрмысын, жиылыс, сайлау... сықылды әлеумет тұрмысының түрлерін бақылату керек. Мұндай экскурсия сабақтары баланың жанындағы сезімдерді көбейтіп, бұрыннан бар көмескі суреттерді ашып аузына сөз салмақ.

Искусство. Бала бастан искусстводан көп әсер алсын: күй, ән тыңдасын, сұлу картиналарды көрсін, театр сахнасымен таныс болсын, кестелі әдебиет түрлерін тыңдасын. Осылай жалаңаш әсер алып дағдыланған соң мұғалім пәлсәпа соқпай жабайы жұмсақ әңгімемен балалардың алған жалаңаш әсерлерін анық ұқтырсын. Оқытса сол жалаңаш әсерлерін киіндіру үшін бала сұлу сөзді-ақ іздейді. Және театр сахнасында жақсы бақылап көрген әсерлерін балалар өздері-ақ ойнап, хатта өздері өздерінше сахна әсерлерін ойлап шығаруға мүмкін.

Мектеп. Жоғарыда саналғандардан басқа балаларға көп әсер беретін мектептің өзі. Ана тілі үшін әсер беру жағынан мектепті құрал қылғанда, мұғалім екі нәрсеге ықтияр қылсын:

а) Балалардың ойнауы.

б) Балалардың жиылыстары.

Ойын. Баланың денесі қозғалмай тура алмайды, сондықтан бала ойнамай тұрмайды. Ойнағанда баланың қиялы өткір, іскер болады һәм ойын уақытында бала түрлі әсерлерді тіпті ашық алады. Сондықтан, баланың тілін өркендету үшін оның ойынымен пайдалану керек. Біріне-бірі ойынның мәнісін айтқанда, шарттарын ұқтырғанда балалар қысқа, дәл, қатты, ашық сөйлеседі. Ат болып ойнау, қонақ-қонақ ойнау, қуыршақ сықылды еліктеу ойындары балалардың қиялын өткірлеп өздеріне ұғымды әңгіме айтқызады. Балалар еліктеген заттарының мінезіне, жүру-тұруларына дәл салуға. Қысқасы, ойын баланың жанына жаңадан сурет салып, бар суреттерді айқын қылып баланың ана тілін өркендетеді. Бірақ баланың тілі дұрыс өркендеу үшін, тілі теріс, қате жолмен кетпеу үшін ойында мұғалім балалармен бірге болу шарт. Бірге болғанда, мұғалім айбынды қалпе болып емес, балалардың естияр жолдасы болып бірге жүрсін.

Балалардың жиылысы. Мектеп жайлы сөз болатын балалардың жиылысы олардың тілін өркендетуге әдемі құрал. Мұндай жиылыстармен дұрыс пайдалану үшін мына шарттарды орындау керек:

а) Жиылыстар алатын мәселелер барлық баланы қызықтыратын болсын.

б) Жиылысқа қатысқан балалар өздерінен басқаның пікірлеріне тез қытықтана кететін болмасын. Қолайсыз

бір сөзі үшін сөйлеген баланы күлкі қылып әдеттенбесін.

т) Жиылыста батыл, шешен балалар ғана сөйлеп жуас балалар сөзсіз қалмасын. Жиылыс бастығы осыған мұқият болсын.

Жиылыс бастығына осындай ауыр жауапты жүк жүктелетіндіктен мұғалімнің өзі жиылыс бастығы болу керск. Бірақ, мұғалімнің айбыны мен атағы балаларды сүйреп кетіп жүрмесін. Яғни, мұғалім жиылыстың тәртібін сақтағаны, басқарғаны болмаса, аса бір қажет болмағанда қаралып жатқан мәселеге қатыспасын.

Ал енді, жоғарғы сыныптарда жиылыстарға балалардың өздері кезектесіп бастық болсын. Жуас балаларды мұғалім көп бұрын бастыққа даярласын.

Жоғарыда айтылған нәрселер, яғни жаратылысқа, әлеумет тұрмысына экскурсияға шығару, искусствodан әсер алғызу, балалардың ойындары һәм жиылыстар – бұлардың бәрі, әсіресе, баланың өз сөзін өркендететін нәрселер. Ауыз сөзді өркендету жоғарғы сыныптарда да қалмағанмен, әсіресе бастапқы сыныптарда көп істелетін нәрсе. Бала жаза біліп, ауыз тілі дұрыс жолға қойыла бастаумен бірге баланың жазба тілін өркендетуге кірісу керек. Баланың жазба тілін жөндеуге кіріскенде мұғалім олардың ынталы боп істеуін күзетсін. Баланың жазба тілін өркендететін нәрселер:

а) Сөйлемшелерді тізу.

Бұл іс бірінші сыныпта істеледі. Сөйлемшелерді тізгенде негізгі шарт: сөйлеушілерді тұрмыстан алып тізу керек. Мысалы: «қар жауды», «қайнаған су», «шикі су ішпеңдер», «есік жауып жүріңдер», «бүгін кезу Сәрсенбай», «бүгін наурыз мейрамы», «бүгін өзеннің мұзы

көтерілді...» деген сықылды. Мұндай сөйлемшелерді бастап барлық сынып тізіп, онан соң кезекпен әр бала жазып мектептің әр жеріне іліп қояды.

б) Күнделік – календарь, бақылаған зат яки көрініс туралы. Бұл іс бірінші, екінші сыныптарда істеледі.

Яғни сыныптың бір қабырғасына жабыстырылған ұзын ақ қағазға барлық сынып ең болмағанда жылына төрт айда өздерінің бақылағандарын жазып береді: күзді күні (сентябрьде) қысты күні (январьда), жаз басында (апрельде) һәм жазғытұрым қарайтын айда (майда).

Істің реті былай: 1) бала қағазға жыл, ай, сан, күнді жазып бақылаған уақыттағы жаратылысты, мектеп тұрмысының яки адамзат тұрмысының бір түрін сурет қылып салады. 2) суреттің астына балалар сол бақылаған күнде болған уақиғаны жазады. Мысалы, «жаңбыр жауды», «суға түстік», «ат болып ойнадық»... деген сықылды. 3) сол күні алған әсерлерге лайық не жататын, не кітаптан көшіріп қысқа бір өлең, мақал, жұмбақ жазып қоюға. Айдың аяғында жазылып болған қағаздар бір дәптар болып түптеліп тысына сол айға лайық сурет салынады. Яки өлең жазылады.

Жоғарғы үшінші, төртінші сынаптарда бұл күнделік-календар ісі осылай жүре береді. Бірақ мынадай өзгерістер болуға тиісті: 1) жаратылыстың жалпы картиналарының алмасуын (қыстың жазға, жаздың шілдеге, шілденің күзге, күздің қысқа алмасуын, күннің ашықтан жауынға айналуы сияқты) бақылап бірте-бірте қағазға түсіре беру. 2) малдың һәм басқа жануарлардың өмірінің, тұрмысының өзгеруін, 4) адамзат еңбегінің, яғни тұрмысының өзгерістерін бақылап қағазға түсіре беру сияқты.

т) Бақылаудан есеп беру. Үшінші жылдан былай бала әрбір бақылауынан жазба есеп беріп үйренсін. Үшінші жылдың ортасынан былай толық есеп берсін. Мысалы, сыныпқа бір бала бір тасбақа алып келеді. Балалар оны бір ыдысқа салып қояды. Алдымен енді тұтқынның жейтін тамағы не екенін білу керек. Мұны білу үшін түрлі тамақ алып келіп қарайды. Сонан соң, тасбақаның әдеттерін бақылайды: қай уақытта ұйықтайды, қандай уақытты жақсы көреді екен... деген сияқты. Осындай бақылаулардың бәрі айрым дәптерлерге жазыла береді, тіркеледі. Тиісті уақыт өткен соң, сыныптың барлық баласы бақылау есебі жазылған дәптерді қарап қатеісін түзейді. Сонан соң, сынып түгелімен тасбақаның жайын жазады.

Осы жолменен бір өсімдік те бақыланып оның жайынан түрлі есеп беріледі. Және әрбір сабақтан кейін бастап әр бала сол сабақта не істелгенінен, кейінірек кезекпен қойылған кезу бала сол сабақта не істелгенінен толық есеп жазып береді.

Мұндай есептерге көп бұйым беретін экскурсиялар. Сынып түгелімен белгілі мезгілдерде не істелгенінен толық есеп береді. Мысалы, қыс бойына, күн бойына, жазғытұрым, яғни әр айда. Болмаса жоғарғы сынып балаларына есепті бөліп бергізуге болады. Мысалы, бір топ бала есептен не істелгенінен есеп береді, бір тобы экскурсиялардан есеп береді, бір тобы балалар сабаққа қалмай, келіп жүреді ме сонан есеп береді.

Осылай істерінен жазып есеп беруге үйрене берсе, төртінші сыныпта балалардың жиылыстың істерінен есеп беруге, қаулыларын жазуға да шамасы келетін болады.

Жоғарыда *а, б, т* әріптерімен көрсетілген жолдарды орындау үшін есте болу керек:

1. Баланы не нәрсемен айналдырсаң да, бала сол ісіне ынталы болсын, қызық көрсін, керек, қажет, бір нәрсе істеймін деп білсін.

2. Бастауыш мектепте ана тілін үйрететін де, есеппен таныстыратын да, жаратылыс жайынан білім беретін де – барлығы бір-ақ мұғалім болады. Сондықтан мұғалім барлық білімге ана тілін негіз қыла біліп, ана қыла білсін. Болмаса тілі түзелмеген, ойын сөзбен ұқтыра білмейтін, сөз болып жарыққа шыққан ойды ұға білмейтін балаға ешбір білім беруге мүмкін емес.

ж) *Еркін емле.* Мұғалім қысқа бір әдеби әсерді оқиды. (Бастапқы уақытта 15-20 жолдан аспау керек). Екінші рет бөлімдерге бөліп оқиды, әр бөлім толық жеке мағыналы болу шартымен. Мұғалім бір бөлмей оқып болған соң, сол бөлімді балалар естерінде қалай қалды, солай жазады, бөлімді мұғалім қайта-қайта оқымайды.

Мысалы: «Әліппенің» ішіндегі «Бақсы» деген мақаланы түгел оқып шығады, онан соң мақаланы ішінен үш бөлімге бөліп, бірінші бөлімін оқиды: «Бір қазақтың ақшасы ұрланады. Кімге алғанын біле алмай бақсыны шақырыпты». Балалар осы сөйлемдердің мағынасы естерінде қалай қалса, солай шығады. Онан соң мұғалім екінші бөлімін оқиды: «Бақсы ауыл адамының бәрін қалдырмай жиғызады. Етіктерін шешкізіп жалаңаяқ қойып айтыпты: мен жынымды шақырамын. Ол жылан болып келіп ақшаны алған ұрының аяғын шағады» деп. Балалар естерінде қалғанша жазады. Мұғалім тағы оқиды: «Сонан соң қобызын алып сарнап-сарнап отырып «ал, шақты!» деген екен, ұры секіріп кеп түседі». Балалар тағы естерінде қалғанша жазады.

Еркін емленің пайдасы сол, мұндай емледе шәкірттер сөздерді ғана жадында ұстап қалуға ұмтылмай толық бір суретті, картинаны есінде ұстап қалып, соны өз сөзімен жазады. Сөйтіп, бала басқалардың сөзін, ойын тез қағып алып, оның ұмытылып қалған сөзінің орнына өзі сөз қосып жазып беруге дағдыланады.

х) *Көшіру.* Қысқа әдеби әсерлерді түгел яки әдеби әсерлердің сұлу жерлерін сайлап көшіру керек. Көшіртканде бақылайтын нәрсе – бала көшірген әсерінің байыбына бармай құр әріп артына әріп тізіп, ылғи әріп көшіріп отырмасын. Бәлки, байымына барып түгел сөйлемдерді көшірсін. Бала көшіруге кіріспестен бұрын көшіретін әсерін оқып шықсын. Ішінде түсініксіз сөздер болса, мұғалімнен сұрасын. Онан соң бір сөйлемді оқысын да, тұтас көшірсін, команды болғанда ғана әріптерін айырым-айырым қарасын.

д) *Сурет бойынша әсер жазу*. Сурет баланың ойын һәм қиялын оятады. Сондықтан баланың қиялын өркендету үшін суретпен қайталану керек. Сурет бойынша әсер былай жаздырылады: сыныпқа бір әңгімені суреттеген түрлі сурет алып келінеді. Бастап бірінші сурет көрсетіледі. Мысалы, бір бұлақтың үстіне салынған жалғыз тақтайдың үстінде біріне-бірі қарсы екі теке келе жатқан сурет екен. Мұғалім сұрайды: – Мұнда не суреттелген?

– Екі теке.

– Олар қандай жерде келе жатыр?

– Бұлақ үстінде.

– Бұлақтан қалай өтеді?

– Тақтаймен.

Балалар осы сөздерін жазады.

Мұнан соң екінші сурет көрсетіледі. Сол екі текенің сүзіскен суреті. Мұғалім түрлі сұраумен балалардан тағы тиісті жауапты алады. «Екі теке бір-біріне жол бергісі келмей сүзісе бастады». Үшінші сурет екі текенің суға құлағаны. Мұғалім балалардан тағы сұрады: «Екі текенің екеуі де суға кетті» деген жауап алады. Бұл жауаптардың бәрі жазыла береді. Сөйтіп, осы жауаптардан әңгіме шығады. Балалар жазғандарын жиып, артығын алып, кемін толықтырып, ат қойған соң жауаптардан құралған әңгімеден сурет бойынша жазылған әсер шығады. Осыған ұқсасын былай істеуге де болады: балаларға бір әңгіме оқытылады. Әңгіменің әрбір бөліміне лайықтап балалар сурет сала береді. Сөйтіп, суретпен бір әңгімені ұғуға және оқыттыруға болады. Мұндай іс балаларға ұғымды һәм қызықты болмақ. Балалар осылай, суреттер бойынша әсер жазуға дағдыланса, оларды бір суретпен толық әсер жаздыруға үйретуге болады. Мысалы, балаларға бір сурет көрсетіледі. Балалар оны тексеріп, бақылап қарайды. Әбден қарап болған соң, мұғалім балаларға осы сурет оқиғасының қалай басталғанын, соңы қалай таныды деген мағынада сұраулар беріп, балалардан жауап алмақ. Сөйтіп, бір суретпен толық әңгіме, әсер жазуға үйретпек.

р) Искусстводан әсер алған соң кеңес. Балалар искусствоның бір түрінен әсер алған соң мұғалім олармен кеңесу керек. Кеңес өзі бір сабаққа айналмас, жай сұрау керек. Мысалы, «сахнадағы адамның қайсысы ұнайды, не үшін? Қандай күй, ән, қандай картина ұнады»... деген сықылды. Солардың ішінен бір бағалы, кестелі әсерге мұғалім аялдап балаларға баяндайды. Бағалы әсер та-

рихы кестелі әсер болса, мұғалім тарихи оқиғаны айтып береді. Кейбір кестелі әсерлер балада еліктеу сезімін оятып, баланың өзі сондай әсер шығарғысы келеді, Әрине, баланың бұл талабын құттықтау керек, бірақ, сондай талапты міндетті қылу дұрыс емес.

з) Баланың өзінің әсер шығаруы. Қиялын өркендету үшін төртінші сыныпта балаларға мынадай іс беруге болады. Мұғалім бір қызық әңгімені не оқиғаны айтады. Айтып әңгіменің ішіндегі ерлердің мінезі, беталысы айқын білінген кезде тоқтайды да, балаларға «әңгімені өздерің жазып аяқтатыңдар» дейді.

Және бір әңгімені яки ертегіні сыртқы шарттарын өзгертіп жаңа әңгіме қылып жазғызуға да мүмкін.

с) Басқа мектептермен жазысу. Мектептің бір сыныбы мен бір сыныбын хат алыстыруға болады. Әсіресе, бір мектеп басқа мектептермен хат алысса, қызық болмақшы. Хатты балалар қосылып отырып жазады. Өздерінде мектеп балаларына не жаздыруға керек, ақылдасып отырып алынған жауап, келген хат сыныпта жария оқылады.

Мұндай жазысудың баланың ой ауданын кеңейтіп, сырттан болса да басқа мектеп, басқа балалармен таныс қылып, балалардың жай-күйін білгізіп, балалардың әлеуметтік сауатын өркендетуінде сөз жоқ.

ғ) Мектеп журналы. Бастапқы сыныптарда балалардың түрлі жазған әсерлері, салған суреттері бір дәптерге жиылып журнал болып сыныпта сақталады. Жоғарғы төртінші сыныпта балалардың өздерінің ойдан әсерлерін өлендер, әңгімелер, ертегілер, суреттер сияқты жинап журнал шығару тәжірибесіне кірісуге болады.

Сондай журнал шыққан сайын сыныпта оқылып, барлық сынып қатысып сынайды. Сын уақытында мұғалім балалар бірінен-бірі кек алуға кіріспеуін бақылау керек.

ғ) Оқу яғни, әдебиетпен таныстыру һәм ұғып оқуға дағдыландыру. Бастауыш мектепте оқылатын әдебиет түрлері балаларға анық, ұғымды болып, баланың ойын ашық бір жолға салып жіберетін болсын. Ізгілікке, қайырылымдыққа, шындыққа, әділдікке, елшілдікке, әлеуметшілдікке шақырсын. Қазақ тілінде ауызша һәм жазба әдебиеттің сұлу өрнектерін терген балаларға арналған оқу кітаптары аз. Мұғалім қолында бар «Оқу құралы» сықылды бірен-саран кітапқа қамалып отырмай, ауызша һәм жазба әдебиеттен ауызшалап балаларға бере білсін. Сұлу өлең яки әдебиеттің бір жері балаларға түсініксіз, ұғымсыз болу мүмкін.

Ондай жерлерді еппен ойсыратпай алып тастай білсін. Ең төте дұрыс жол – қазақ мектебін мектеп болсын деген білімі бар шын мұғалім балаларға лайық оқу кітаптарын тізуге кіріссін.

Бұдан соң мұғалім балалармен мынадай ауданда кеңесу керек:

1. Әңгіменің ізі белгіленді, сұрау арқылы яки әр бөліміне ат қойып планы жасалады.

2. Әсердің өте керекті күшті жері айқындалады.

3. Ішіндегі ерлердің істері сөз болады, істерінің себептері тексеріледі.

4. Бұл әсердің тілінің басқа әсерлерден айырмалығы табылады (табылған сөздер, сөйлемдер дәптерге көшіріліп алынады).

Әсерді терең ұғу үшін балалардың өздерінің әсерге қосымша кіргізулері яки қысқартулары пайдалы. Мәселен, Абайдың «Шегіртке мен құмырсқа» деген мысалын оқытқан соң балаларға мынадай сұраулар беруге болады:

– Жаз бойына шегіртке не істеген, құмырсқа не істеген?

Бұл мысалды қалай қысқартуға болады?

Былай: шегіртке жаз бойы жұмыс қылмаған, күзді күні көмек сұрап құмырсқаға барған. Құмырсқа оған көмек көрсетпеген.

Қысқасы, бір әсерді ұғу үшін оның түрін, сырын бет алысын яғни неге шақыратынын тексеру керек.

1. Оқылған әсерде қандай ерлер бар?

2. Уақиғаның болған уақыты, орны һәм шарттары.

3. Әңгіменің басында, ортасында, соңында толық айтылмаған не бар?

4. Әсердің қай бөлімдері аса қымбат?

5. Қандай сөздер, сөйлемдер әсіресе ұнаған?

6. Осы әсер бойынша қандай суреттер салуға болады?

7.Қандай жерлерін рамаға айналдыруға болады?

8. Қай жері көтеріңкі, күңгірт, қуанышты, қайғылы?

Әсерді осылай тексерген соң, оны түгелімен әңгіме қып қайта айтуға болады. Ерлердің мінезін тексерген соң драмаға айналдыруға, әсері балалардың өздеріне қосымша жасатуға һәм қалам қысқартуға болады.

Соңы

Тізген: Жұмабайұлы Мағжан

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ӘЛІППЕСІ

Мемлекеттің әскерлік баспасы. – Мәскеу, 1926 жыл.

а р з

а	р	з	зар
р	з	а	а
ар	аз	а-ра	а-за, а-раз
Ар ара	аз аза	араз	Азар зар

А Т

ат	таз	атар	атта
ата	тара	татар	аттар
тар	таза	тазартар	таттар

Ат азар. Ара тар. Ат тара. Ат тартар. Таза таз. Аттар аз. Тат тазарт. Таттар тазарар.

Қ

ақ	тақа	қазақ	атқа
қақ	қарт	қатар	қарттар
қара	қаз	атақ	қазаққа

Ақ қаз. Қар ақ. Қара ат. Қар қаз. Қатар ат. Қара тарақ. Қазақ қара. Атқа қара. Қарт қарар. Қарта тат. Қарта қазаққа. Қартқа қара.

С

ас	таса	сақар	ақсақ
тас	сатар	қасар	тастақ
сат	сақа	тазарса	қасқа

Ас асат. Ат сатар. Сақар. Қатқа қара. Қараса қарар. Атса атар. Қарт сақ. Қазаққа қарта асат. Қара қасқа ат ақсақ. Ақсақ атқа қара. Аттар тастақта. Асқа қара. Асқа ас. Тасқа тас.

Ы

аты	қыр	іс
тары	сасық	ық
Ары	Арық	Қызық
Ықты	Ырысты	Қазыққа

Тары аса. Таразы тарт. Ат арық. Ат арқасы. Қазаққа қазы-қарта асат. Қарт атты қара. Атты сақта. Қазы ысты. Арық атты ыққа тарт. Қатты қазық. Сасыр сасық. Тақыр қыр. Ақсақ атты қазыққа тарт. Атса атты. Қатты ат. Қара қасқа ат қазақи ат. Сарық арық. Ырас-ақ, аттар ықты.

Қазық қақса қақты. Қара атты қара. Ырысты асар. Тартса тартты. Қазы ысты.

Л

ал	ала	қалқа	халқы
арал	аласа	қалта	қызыл
қал	сақал	қыл	қылықты

Ат ал. Қарала ат аласа. Алысқа ат. Атысқа қарсы ат. Қыр қарлы. Қазақ халқы. Қазақ қыр халқы. Қазақ халқы қала салар. Қызыл ат қылықты. Халыққа қара. Қал қара.

Сырлас. Алса алар. Салса салар. Қарқаралы қазақ қаласы. Қазақ халқы қала салса салар.

Е

ер	тер	тері	тірер
ел	еле	теріс	тілер
ес	есер	етті	Әсет

Атқа ер сал. Ер атта. Тез ат. Аттар терлесе терлер. Қазақ елі қыр елі. Есет ер. Есет есті. Әсет теріс атты. Әсет арық атты ыққа тартты. Ақсақ ат етті. Қазы тілер. Сырық тірер. Тары еле. Қызыл ерлер ат ерттер.

К

ек	кек	кетік	кесте
тек	ерке	керіл	әскер
кер	кесел	серке	кесер

Ат керілер. Кер ат керілер. Есет кер қасқа атта. Әсет кісі аты. Есет қалта тікті. Қызыл әскер атқа қара. Қызыл әскер атты ертте. Қызыл әскер атта. Қызыл әскер тез ат. Қызыл әскер атты. Қызыл әскер ер. Қызыл әскер халық еркесі. Қызыл әскер ел серкесі. Қазақ елі қызыл әскерлері. Қызыл әскер халық ерлері.

О Ө

оқ	тоқа	төкті	көкек
от	көк	көз	өтер
оқа	төк	төсек	төте

Ат озар. Ораз осал. Ораз тары орар. Орта толар. Аттар отта. Оқас оқты атты. Оқас тоқта. Тоқа – ел аты. Есет,

Әсет қостас. Көк ат тоқ. Көкек көк. Терлік атта Ат көлік. Есек те көлік. Ораз қызыл әскерлікке кетті. Қызыл әскер оқ атты. Қызыл әскер халықты қорыр. Қызыл әскер оқты сақта. Қызыл әскер халықты қоры. Қызыл әскер, оқы.

М

там	мола	масақ	кеме
сым	молалы	тасымас	семсер
тамақ	алмас	текемет	мылтық

Самал соқты. Қармақ сал. Қалта, қатық – тамақ. Атым тоқ. Қамыт қаракер атта. Омар текеметте отыр. Семсер өткір. Қызыл кеме халықты қорыр. Қызыл әскер мылтық атты. Қызыл әскер мылтықты. Екі әскер қатты атысты. Оқ, мылтықты сақта. Мылтықты тазарт. Мылтықты қызыл әскер халықты қорыр. Қызыл әскер ырым қылмас. Қызыл әскер қорқақ емес. Қорқақ қызыл әскер емес.

Ғ

аға	зорға	қолға	соғым
таға	тағалы	сағым	соғыс
қоға	тарғыл	алғыр	мылтығы

Тағы ат. Ат тағалат. Кер қасқа ат тағалы. Тағасыз ат таста қор. Есет қос ағасы. Омар отағасы. Сағым серілер. Тарғыл тазы алғыр. Қымыз, қатық – қазақ тамағы. Тоғыз жасар Оқас оқыр. Қызыл әскер мылтығы. Қызыл әскер соғысқа кетті. Екі әскер соғысты. Соғыс қатты. Соғысқа ер керек. Соғысқа қызыл әскер керек. Қызыл әскер халықты қорғар.

Н

он	ана	сона	кене
тон	нар	тынар	нетер
сан	нан	Асаннан	кісінер

Ескен мылтық атты. Есен есер емес. Ер көнтерілі келер. Асан мылтығын тазартты. Қызыл әскер халық қорғаны. Ат азар. Тон тозар. Соғыс тынар. Қызыл әскер тынығар. Қызыл әскер оғын санамаса оқсыз қалар. Қызыл әскер намысты. Қызыл әскер халықты қорға. Халыққа қызмет қыл. Мемлекет қорғаны қызыл әскер.

У

ау	тауық	тану	әуе
ауар	қару	оқу	көсеу
тау	ауру	сауу	ірілеу

Екеу. Төртеу. Алтау. Алармаңға алтау аз. Ауыл алыс. Ауру мал соғым емес. Ауру мал етінен кісі өлер. Торы аттан сары ат ірілеу. Мемлекет астанасы Мәскеу қаласы. Семсер қару. Мылтық – мықты қару. Қарусыз әскер қор. Қызыл әскер қаруы ауыр емес. Орақ ору ауыр қызмет. Қарулы әскер мемлекетті, халықты қорғар. Сана оқумен кірер. Халық оқысын. Қызыл әскер оқы. Қызыл кеме мен әуе кемесі мемлекет қорғаны.

Б

тоб	қабы	тобылғы	көб
тобы	бақан	тасбақа	белбеу
қаб	былтыр	албар	екпін

Қарманған қарап қалмас. Көз – қорқақ, қол – батыр. Есептескен ел болмас. Боран болса мал ығар. Сәрсенбі ертемен қарауылға барар. Қызыл әскер атты атты бақ. Босқа мылтық атпа. Қаруға сақ бол. Бос белбеу болма. Салақ болма. Олақ болма. Қызыл әскер халық намысын бермес. Қызыл әскер сабақ оқыр. Сабақ оқыған қызыл әскер саналы болар. Саналы қызыл әскер халыққа, мемлекетті қорған болар. Қызыл әскер мылтығы бесатар. Бесатарға берік бол.

Ж

жат	жота	жылқы	жел
жаб	жоса	олжа	кежуіл
жабу	жолым	қанжар	жорық

Атқа жем бер. Жақсы ат жанға серік. Жалқау болма. Қазақ халқы баста қорлығын көріп, жалқаулық жазасын тартты. Семсер, қанжар, мылтық – қару. Қызыл әскер халық жауымен, мемлекет жауымен соғыспақ. Патша, жандарал, төрелер – халық жауы. Осынау халық жауларын, қызыл әскер жоқ қылған. Қалғанын тағы жоқ қылмақ. Қазақ жылқысы жаман. Зор емес, көрнекті емес. Мықты емес. Қазақ жылқысын зауыт жылқысына қатынастырып ірілеу керек, жақсы қылу керек.

Д

адам	дұға	балдыр	алдында
адас	алды	сандық	дем
адыр	дулыға	жолдас	демеу

Жасасын, Ленин жолы!

Ленин жолдас қара халық көсемі еді. Ардақты көсеміміз Ленин жолдас былтырдан арғы жылы қазалы болды. Ленин өлсе де, Ленин жолы өлмек емес. Ленин жолын қарумен қорғау қызыл әскер міндеті.

Жасасын, өркендесін Ленин жолы!

О

ор	ту	қуан	күлкі
ол	соқ	қуат	төсер
төл	бұқ	жуа	сүрінбес

Атты ыстық суарма. Демін алдыр. Сарығын бастыр. Суыт. Су бу болады. Сағым бу. Ер жауды тура қуар. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Таудағы түлкіні табындағы тазы алады. Ат арыса тулақ, ер арыса әруақ. Жақсы ат алдынан сүрінбес. Артынан сүрінер. Халық оқысын. Қазақ қырда жатқан ел. Тұрмысы өте төмен. Қазақ тұрмысы бұқара халық оқыса, өнерленсе түзеледі.

Бұқара халық оқуға жұмылсын.

Мектеп, медресе жеткілікті болсын.

Ң

аң	жаңа	ың-жың	кеңес
таң	соң	аңқау	төңкеріс
таңы	соңы	ыңырсу	зеңбірек

Мақалдар:

Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме. Ер жаңылып қолға түсер, құс жаңылып торға түсер. Көп қор-

қытады, терең батырады. Қара арғымақтан жал кетсе, қарға адым жер мың болар. Еңбек аздан өнбек аз. Еңбек қылсаң емерсің. Жасыңда қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың.

Жасасын Кеңес мемлекеті!

Кеңес мемлекеті – патша, жандарал, төрелер мемлекеті емес, бұқара халықтың мемлекеті. Бұқара халық мемлекет құрып, қоғамдасып, ынтымақтасып, тұрмысын түзеп жатыр. Бұқара халықты бұғаудан босатқан Кеңес мемлекеті мың-мың жылдар жасасын!

Ш

аш шолақ	шолақ	қышқаш	жалшы
шақ	шортан	шылым	еңбекші
шақша	шоқша	қышқылтым	жұмысшы

Октябрь төңкерісі

Адамзат өмірінде Октябрь төңкерісі – ең зор төңкеріс. Октябрь төңкерісін жасаған жалшы, еңбекші табы. Октябрь төңкерісі еңбекші табын мемлекет қожасы қылды. Патшаның төрелердің тепкісінде болған қазақ сықылды ұсақ ұлттарды теңдікке жеткізді. Ұсақ ұлттардың еңбекшілеріне ұлт мемлекетін құруға ерік берді.

Жасасын, өркендесін, Октябрь төңкерісі!

Барлық әлемнің жалшы, еңбекшілері, Октябрь төңкерісі туының астына кіріңдер!

Й

ай	ой	бойы	кейін
тай	ойла	қый	киім
таяар	боя	жиын	сөйлесін

Мақалдар:

Мұзға сүйенбе, жауға сүйенбе. Жауды аяған жаралы болар, жанын аямаған жау алады. Ер өтірік айтпайды, еп өтірік айтады. Жаман шынын айтамын деп, сырын айтады. Ақ бөкенді жатыр деме, көшпелі елді отыр деме. Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ. Қолы ойнағанның аузы ойнар. Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық.

ө	**ү**	**і**	**ә**
ор	ұр	ис	ән
өр	үр	іс	әнім
он	ұн	иесіз	әнің
өн	үн	іссіз	әні
ол	тұр	тис	сән
өл	түр	тіс	сәнім
от	тұс	исі	сәнің
өт	түс	ісі	сәніміз
тоз	сүт	тисі	сәніңіз
төз	сүті	тісі	мән

Уайым түбі – теңіз, батасың да кетесің. Тәуекел түбі қайық, мінесің де өтесің. Жақсыда мін жоқ, жүйрікте сын жоқ. Кісімін дейсің, басыңа іс түссе білерсің. Кісі қатасыз болмас, от түтінсіз болмас. Еңбексіз ит жер, бейнетсіз бит жер. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

Киіміңді күтіп ки

1. Ине, жібіңді жоғалтпа, ылғи бойыңда болсын.

2. Бәтеңкеңді майлап жүр. Шешінсең киіміңді шашып тастама. Бір жерде болса, тұрысыңмен әп-сәтте киіне қоясың. Жинақы бол.

3. Түймең үзілсе, қадап ал. Бір жерің жыртылса, жамап ал. Бір қызыл әскер мынадай киім-кешек алады: 1 шекпен – 1 жыл алты айға – 1½ жылға, жазғы киім – сыртқы көйлек 1 жылға, шалбар – 8 айға – $^{3}/_{4}$ жылға, қысқы киім – қалың көйлек пен шалбар – 1 жылға 1 дулыға – 3 жылға.

Барлық алған нәрсең киім-кешек тізбесіне жазылады. Осы тізбе сенің қолыңда болады, соны жоғалтпа. Бір қордан екінші қорға көшкенде тізбе қолыңда болсын. Сенің алған заттарың қазынанікі. Қазынанікі – халықтікі. Халық мүлкін қадірлеп ұста.

П

апан	ақпан	пұл	тарпу
тапал	оспан	план	серпу
арна	дұспан	топыр	бөпе

Қызыл әскер

Қызыл әскер еңбекші халықтың қарулы, құралды күші. Қызыл әскердің қаруы бесатар, оқшашар, зеңбірек тағы басқалар. Қызыл әскер, қару-жарағыңа салақ болма, сақ бол, күтіп ұста.

Біздің әскеріміз – жұмыскер мен қара шаруа әскері

Патшаның солдаттары алпауыттар мен байларды қорғаған. Алпауыттар мен патша жандаралдарының айдауы бойынша солдат өзінің бауыры – жұмыскер мен қара шаруаға жау болған.

Біздің айбынды қызыл әскеріміз еңбекші елдің жауларын быт-шыт қылып, жұмыскер мен қара шаруаны алпауыттар мен байлардан қорғап отыр. Біздің қызыл әскеріміз кеңес жерін көз етіп тұр.

Қызыл әскер еңбекші елдің мүддесін қорғап отыр. Қызыл әскер байлардың пайдасы үшін соғыспайды. Қираған шаруамызды көтеру үшін еңбекші бұқараға тыныштық керек.

Еңбекші бұқараға тыныштық алып беретін қызыл әскер. Қызыл әскер – біздің қорғанымыз.

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз.
Жарылқаймыз, жарлы қалғанды.
Дәулеттен сонда татамыз.

Г

көк	төгі	жек	жік
көгі	ек	жегу	жігі
төк	егін	егеу	жүген

Ексең егін, ішерсің тегін. Жүрген аяққа жөргем ілінеді. Жақсы жігіт пен жақсы ат – көптікі. Емен ағаштың

иілгені – сынғаны, ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені. Ежелгі дұшпан ел болмас. Ат мінбеген ат мінсе, шаба-шаба өлтірер. Кемедегінің жаны бір. Ер жігіт бір күнде бір кісілік, бір күнде мың кісілік. Жаман жігітті ел ішінде жау алады.

Қосын басының айтатын ақылы

1. Бесатарыңа (винтовка) мықты бол. Кежуілде, шалғайда, үйде, қайда болсаң да жаныңнан тастама.

2. Солдат бесатарынан айырылмаса, бесатар жауға бермейді.

3. Бесатарыңды майлап, сүртіп ұста.

4. Бесатарыңа мықты бол. Істік, жаппа, жапқыш сықылды бөлімдерін шешіп тастама, орны-орнына қой. Бесатардың оғы 15 000 адым жерге – 3½ шақырымға барады.

Кеңесті қорғайтын қызыл әскер

Біз кеңес мемлекетін қорыдық. Жандаралдар бізді жоймақ болды. Терістіктен, Сібірден, Украинадан, Қырымнан, батыстан ат қойды. Сонда кеңесті қорғаған кім? Қызыл әскер. Қызыл әскердің қолында бесатар. Бесатарға мықты бол. Бесатар біздің досымыз.

Елдің жолдасы – қолындағы қаруы. Қайда болсаң да қаруыңнан айрылма.

Қазақ тіліндегі дыбыстар. Олардың қаріптері (таңбалары):

А б п т ж д р з с ш ғ қ к г ң л м н у о ұ е и ы

және жіңішкеліктің белгісі «ь»(дәйекше). Дауысты дыбыстардың таңбалары:

а о ұ е и

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары:

Б п т ж д р з с ш ғ қ к г ң л м н у ы

ә – шаршағанда шығатын дауыстың аяқ үні**.**

Жаяу әскер қаруы – бесатар. Бесатар ғана болмайды, оқшашар керек, оқшашар.

1. Бір адам бесатардан бір минутта 10-12 рет ата алады.

2. «Максим» атты оқшашарды үш кісі атады. Бұл оқшашар бір минутта 500-550 оқ шығарады. «Культ» атты оқшашар минутына 300-350 оқ шығарады. Бір оқшашар 25-50 адамның атқанын атады.

3. Зеңбірек сирек атылады, күшті атылады, оғы алысқа барады. Біздің қолымыздағы зеңбіректің оғы 5-10 шақырымға барады. Оғы 20-25 шақырымға баратын зеңбіректер бар.

Қосын басының айтатын ақылы:

1. Оқтың есебі қолында болсын.

2. Бесатар мен оқшашар – қорғайтын қаруымыз.

Атыңды күт

Ат – ердің серігі

(Он өсиет)

1. Атың мөлшерлі жемін жей алмаса, дереу білдір.

2. Қиналған атты 3 сағат суытпай суарма.

3. Қиналған атты, терлеген атты суға жүздірме. Жемге тойып тұрған атты да сол сағатында жүздірме. Бабына келтіріп жүздіргенде де аса суық суға жүздірме.

4. Атыңды баладай күт: жақсы көр, ұрма, жекірме, баладай еркелетіп ұста. Сен атыңның сырын біл. Атың сені білетін болсын.

5. Тұяғы бүтін болмаған ат мініс бермейді.

6. Жол үстінде атыңның тағасы түсіп қалып тағалатуға мүмкіндік болмаса, тасты жолдан шығып, шетімен жұмсақ жермен жүр. Тасты жолда тұяғы жарылып қалады.

7. Егер атың тыпыршып, қарнымен таянып жатып дөңбекши берсе, тыша алмаса, атыңның қатал болғаны. Дереу білдір. Мал дәрігері келгенше өзің бір уыс сабан алып аттың қарнын үйкей бер, атты жатқызба!

8. Егер атың жөтеліп, танауынан ағатын болса, ауру болғаны. Тамағында ісік жоқ па екен, қара. Танаудан аққан маңқаға қол тигізуші болма, өзіңе жұғады.

9. Мініп келіп түскен соң атыңды жақсылап байқап қара: тоқым тиіп, ер батып, арқасы ісіп, жауыр болып қалған жоқ па екен. Тұяғының кетілген жері жоқ па екен, сирағын бір нәрсеге соғып алған жоқ па екен.

10. Уақытында білдірсең, ауруды асқындырып алмайсың, атыңды аман алып қаласың.

Еңбекші қазақ, қызыл әскер қорғаның

Қызыл әскердің қатарына бұрынғы езілген, қорлықта болған ұсақ ұлттар кіріп отыр. Әсіресе, қазақ сықылды басының қадірі ескі заманда малмен бірдей болған ұлттар, қызыл әскерді құттықтауы керек.

Біз бұрынғыдай от басында отырып шіри бермейміз. Енді қызыл әскердің қатарына қосылып, бостандығымызды өз қолымызбен қорғауға жарайтын боламыз. Бұрын солдат деген қазақ жұртына жау болса, енді қызыл – Қазақстанның қорғаны. Қызыл әскер – жалпы еңбекшілердің жоқшысы.

«Еңбекшіқазақ», №292

Қашан да болса көршіңнің жайын жақсы біл

Біздің көршілеріміз: Польша, Румыния, Финландия, Эстония, Латвия. Бұлардың бәрінде де алпауыттар, байлар, әкім болып отыр. Бұлардың арқа таяныштары кім екенін білесің бе? Франция мен Англия.

Бұлардың әскерінің қанша екенін есіткенің бар ма? Польшаның 27 миллион халқы бар, 350 000 әскер ұстап отыр. Румыния 25 000 әскер ұстап отыр, соғыс уақытында екі миллиондай әскер ұстаған.

Финландияның 3 миллион 300 мың халқы бар, 30 000 әскер ұстап отыр.

Эстонияда – 16 000, Латвияда – 20 000, Францияда – 700 000 әскер бар. Осылардың бәріне біз, сендер де әскер санын кемітіңдер, бізде кемітейік десек. Олар көнбеді.

Ойлашы, неге көнбейді?

Кеңесті қорғау – еңбекші азаматтың міндеті. Қызыл ант.

1. Мен еңбекші елдің ұлы, социализм негізіне құрылған Кеңес республикалары одағының азаматы, жұмыскер-қара шаруа әскерлігінің мүшесі болып қызыл әскер атын алдым.

2. Социализм негізіне құрылған Кеңес республикаларының одағындағы және жалпы жер жүзіндегі еңбекші таптарының алдында мен қызыл әскерлік қызметін қызыл әскер деген атқа лайық атқаруға, соғыс жұмысын ынтамен орындауға және халық пен әскер мүлкін бұзылудан, ұрланудан, таланудан сақтауға міндетті боламын.

3. Мен төңкеріс дәуірінде әскерге жүргізіліп тұрған тәртіпті бұлжытпай дәлме-дәл орындауға, жұмыскер мен қара шаруа үкіметі қойған әскер бастықтардың барлық бұйрық-пәрмендерін тіл қайтармай орындауға міндетті боламын.

4. Социализм негізіне құрылған Кеңес республикалары одағының азаматы деген атты кірлететін, кемшілік келтіретін барлық бұзық істерден өзіміз де тыйылып, жолдастарымды да тыйуға және өзімнің барлық ісімді, күшімді, ынта ойымды барлық еңбекшіні азат қылу деген ірі мақсатқа жұмсауға міндетті боламын.

5. Жұмыскер мен қара шаруа үкіметі аттан десе-ақ социализм негізіне құрылған Кеңес республикалары одағын барлық қауіп-қатерден, барлық жауларынан қорғауға, және социализм негізіне құрылған Кеңес республикалары одағы үшін, ортақшылдық үшін, бар-

лық халықтың бір-біріне бауыр болуы үшін жаулармен алысқанда күшімді де, жанымды да, аямасқа ант ішемін.

(Қызыл анттың 1-5 тараулары)

Қызыл ерлерге

Толқынды қызыл тауы бар,
Қандай да жалын буы бар,
Қызыл батыр ерлерім!
Көкке серме найзаңды,
Қып-қызыл қан қыл майданды,
Найзала қарсы келгенін.
Адымың алға өрбісін,
Жолыңнан жауың секірсін.
Өрттей жала маңыңды,
Қызыл ер деген атың бар
Ентелеп алға басыңдар,
Жетекте алға табыңды.

Сәбит

Биыл соғыс бола ма?

Сен мұны білмейсің. Мен де мұны білмеймін. Жұмыскер мен қара шаруа үкіметі соғыс тілемейді. Бірақ біздің жауларымыз: жер жүзінің патшалары, алпауыттары, байлары, жандаралдары не қылып отыр?

Олар қылыштарын қайрап отыр. Олар бізді жермен жексен қылуға қолайлы сағат сайлап отыр. Бөліпақ қоямыз ба? Жоқ. Жоқ. Өзіміздің бостандығымыз-

ды, өзіміздің мемлекетімізді, өзіміздің азаттығымызды қорғап алып қаламыз біз.

Л.Троицкий

Қызыл әскер мен коммунист партиясы

Қызыл әскер мен коммунист партиясы, оның ішінде Лениннің көсемдігімен өздерінің тап жауларын табанына салды. Өздерінің фабрик-зауыттарын, жерлерін бергісі келмей алпарысқан жаулардың ұмтылуынан аман сақтап қызыл әскердің жұлдызының астында еңбекшілерді бірлестірген коммунист партиясының басшылығы ғана. Сол басшылықтың арқасында ескі офицерлер, патшаның жауынгер солдаттары тазарып, шын қара шекпен жұмыскер арасынан шыққан қызыл әскер жасалып, өз араларынан басқарушылар шығып, бас қосып майданда көрініп отыр. Қызыл әскер коммунист партиясының арқасында үстемдігін зор етті.қызыл әскер осы жолмен жүріп отырып дүние жүзінің байларына үстем болмақ.

Жасасын қызыл әскер жасаушы, қызыл әскердің үстемдігін көтеруші коммунист партиясы!

«Еңбекшіқазақ», №292

Комсомол – қызыл кеменің қамқоры

1922-інші жылдың октябрінің 16-сында Ресейдегі ортақшыл, лениншіл жастардың ұйымы (РЛКСМ) республиканың қызыл кемесіне қамқор болуды өзіне алды.

Енді әрбір су әскері білуге тиісті: жұмыскер мен қара шаруаның жүз-жүз мың жастары оған қашан да болса көсемдік қылып көмек көрсетуге дайын тұр.

Әрбір комсомол да қашан да болса есінен шығармасын: қызыл кеме оның көмегін күтіп отыр.

Қызыл кеме – біздің су үстіндегі қорғанымыз.
Әуе кемесі – Кеңестің күші.

Жауларымыз әуеде күшті. Олардың күшті әуе кемесі бар. Бізге де әуе кемесі керек. Біз құры да жауды жеңдік, әуеде де жеңеміз. Еңбекші ел, қанат жаса. Комсомолдың қамқор болуы – су кемесінің де, әуе кемесінің де өсуіне керек болады, әскер мен еңбекші ел арасында дәнекер болады.

Комсомол, құрыда да көсемдік қыл.

Троицкий жолдастың қызыл әскерге жазған хаты

Қызыл әскер досым!

Мен саған жазамын. Сен менің жазғандарымды оқысын деп. Оқып, жаз білу бір-бірімізді көрмей-ақ тілдестіреді. Оқып, жаза білудің зор күші де осында.

Бізден бұрын болып өткен неше мың бұрын адамзаттың не көргені, басынан нелер кешіргені, не істегені – бәрі түрлі кітаптарға жазылған. Осы заманға дейін адамзаттың не нәрселер істеуге үйренгендігі бәрі де кітаптарға жазылған. Сен енді оқып, жаза білген соң солардың бәрін де оқып аласың ғой.

Бірге туған бауырыңдай қуанып құттықтаймыз. Неге десең ғаламның есігін ашатын кілт енді сенің қолыңда отыр ғой. Бірақ сен жарты жолда тоқтап қалма. Аз-маз ғана хат таныған адам тез қарайып қалады. Оқуды да, жазуды да мықты біл. Зорланбай, бүгілмей, еркін жеңіл,

жүйрік оқитын болып үйрен. Бос минутың болса-ақ оқуға жұмса.

Дүниеде есебі жоқ сұлу өлеңдер, жырлар, әңгімелер, тарих кітаптары, түрлі ғылым кітаптары бар. Есебі – адамзаттың ойынан шыққан бір дария. Әлі осы күнгі бар кітаптардан талай сұлу, талай терең, талай-талай кітаптар шықпақ. Адамзат бір жерде тұрып қалмайды, ылғи ілгері жүріп отырады ғой. Мемлекетіміздің денесіндегі жараны жазып алысымен біз шаруаны көтереміз, тұрмысымызды оңдаймыз, сұлулаймыз. Сол уақытта барлық халқымыз надандық қараңғылығынан құтылып, ілгері аттап кетпек.

Байқа, досым, ере алмай қалып қойма. Оқы, уақытыңды желге жіберме. Оқымысты азаматтың қатарына тізіл.

Л.Троицкий

Жер жүзіндегі жұмыскер табының, жер жүзі төңкерісінің көсемі Владимир Ильяұлы Ленин

Лениннің өмірі

Владимир Ильяұлы Ленин 1870-ші жыл, апрельдің 23-ші күні Сібір қаласында туған. Владимир Лениннің ағасы Александрды патша өкіметі өлтірген. Ағасының қазалы болуы жас Лениннің тауын шағылдырмаған. Ат жалын тартып мінгеннен былай Владимир Ильяұлы барлық өмірін еңбекшілерді қысымшылықтан құтқаруға жұмсаған. 1895-ші жыл жас Ленин Петерборда жұмыс қылып, жұмыскерлер арасында ұйымдар ашқан. Патша өкіметі Ленинді абақтыға жауып, 1897-ші жыл Сібірге

айдап жіберген. Қиыр Сібірде үш жыл айдауда жүрген. Патша өкіметі Владимир Ильяұлына Ресейде қызмет қылуға мүмкіндік бермеген. Сонан соң Ленин шет мемлекетке Швейцарияға кеткен. Шетте отырып Ленин Ресейдегі төңкеріс күресіне жөн, жол көрсетіп отырған. Большевик, коммунист партиясының көсемі болып отырып, ұлы төңкерістің жабдығын қыла берген.

1917-ші жылдың октябрінде Владимир Ильяұлы байларға қарсы жұмыскер мен мұжықты майданға бастады. Ленин бастаған жұмыскер мен мұжық майданда жеңіп шықты.

Владимир Ильяұлы 1924-ші жылы январдың 21 күні өлді. Ленин өлді, бірақ, артында өзі құрып кеткен коммунист партиясы қалды. Коммунист партиясы Ленин өсиетін орындамақ. Ленин туын қолдан түсірмей, ілгері алып жүрмек.

Құр жылама
(Ленин өлгенде)

Жылама, еңбекшіл, көсеміңнен айрылдың,
Құрыш болат қанатыңнан қайрылдың.
Жең сыбанып кіріскенде жұмысқа,
Айрылдың да, іс үстінде қайрылдың.
Сенің үшін ешбір тыным көрмеген,
Қандай қолдың қысуына көнбеген.
Кім орнатты алпарысып әлемге
Бостандықты адамзаттың көрмеген.
Ол өлсе де бастап кеткен ісі бар,
Өсиет қып тастап кеткен ісі бар.

Болашақтың тірегі деп гүл берер
Еңбекшілге тастап кеткен ісі бар.
Жыла, қайғыр, өсиетін орында.
Ол кетпеді, қалдың сендер соңында?
Ант ішкендер жас қабірін құшақтап,
Жүреміз деп сенің салған жолыңда!
Жыла, еңбекшіл, күрегіңе сүйеніп,
Булығып, жас алқымыңа тіреліп.
Құр жылама салып кеткен жолымен
Мәңгі жылдар ту көтеріп жүрелік!

Бейімбет

Кеңес жалауы, мемлекеттің орда қаласы, таңбасы

Ортақшыл Кеңес республикалары одағының (СССР-дің) жалауы қызыл болмаса, алқызыл түсте және таңбалы болады. СССР-дің орда қаласы – Мәскеу.

СССР-дің таңбасы – егіннің масағы мен қоршалған жұмыр жердің бір бетіне түсірілген орақ пен балға. Таңба үстінде алты тілде «Жер жүзінің еңбекшілері біріңіңдер» деген сөз жазылған.

Таңба – мемлекеттің еңбек негізіне құрылғанын, Кеңес мемлекетінің жер жүзіндегі еңбекшілері біріктіруге, ынтымақтастыруға ұмтылғанын және жұмыскер табы әкімдігін қорғауға дайын екендігін көрсетіп тұр.

Кеңес Ресейін кім билеп отыр?

Кеңес мемлекетінде жоғарғы әкімшілік бұрын Кеңестердің жалпы ресейлік тобының қолында. Кеңес рес-

публикаларының одағы құрылған соң, Жоғарғы әкімшілік кеңестердің жалпы одақтық тобының қолында.

Жалпы одақтық топ жылына бір рет жиналады. Бұл топқа губернаторлар мен одақ республикалардан, құрама республикалардан уәкілдер келеді. Жалпы одақтық топ Кеңес республикалар одағының орда атқару комитетін сайлайды. Және халық халық комиссарлары Кеңес сайлайды (собнарком). Ленин опат болған соң халық комиссарлары кеңесінің болып Алексей Иванұлы Рыков сайланған.

Кәне, айтыңдар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Кеңес топтары арасында, губернияда, уезде, болыста кім сайлайды, кім іс жүргізеді?

СССР
Кеңес Республикаларының Одағы

Ресейде патша заманында жүзден артық ұлт тұрушы еді. Патша өкіметі ұсақ ұлттардың бәрін қысушы еді, езуші еді. Октябрь төңкерісі ұсақ ұлттарды осынау зорлық-зомбылықтан құтқарды. Әрбір ұлттың еңбекшілері жеке-жеке Кеңес республикаларын құруға еркі болды. Сөйтіп, түрлі ұлт республикалары құрылды.

Бірақ, ұлт республикалары бірінен-бірі ат құйрығын үзіп кетіп отырған жоқ, кетпейді де. Мұның себебі: маңайдағы жауларға тізе қосып қарсы тұру керек, соғыс салдарынан қираған шаруаны қол ұстасып жөндеу керек. Күш бірлікте ғой. Сондықтан, Кеңес негізіне құрылған ұлт республикаларының бәрі одақ болып, СССР атанып отыр.

СССР-ға кіретін республикалар

1. Ресейдің құрама республикасы (РСФСР).
2. Украин Республикасы (УССР).
3. Кавказдың құрама республикасы.
4. Белай орыс Республикасы (БССР).
5. Өзбекстан Республикасы (ӨзССР).
6. Түрікменстан республикасы (ТүрССР).

Қалған республикалар мен автономиялы аймақтар осынау алты республиканың біреуіне кіреді.

Біздің Қазақстан – РСФСР-ға кіретін республика.

Кеңес сайлауы мен қызыл әскер

Буржуазия солдатының дауыс беруге қақы жоқ. Буржуазия солдатын уәкіл сайлауы алмайды. Буржуазия мемлекеттерінде солдат құқығы жоқ, тілі жоқ, мылқау құрал есебінде. Буржуазияның бостандығы жұмыскер, қара шаруа, солдатқа деген бостандық емес, жалаң байларға арналған бостандық. Буржуазия мемлекеттерінде қожа кім? Әкім кім? Кімнің жері көп болса кімнің зауыт, фабрикасы болса, кімнің ақшасы көп болса, сол әкім.

Бізде олай емес. Біздің мемлкетіміздің қожасы жұмыскер мен қара шаруа ғой. Кеңес мемлекетіне уәкілді жалаң еңбекшілдер ғана сайлайды. Қара шаруа, жұмыскер, қызыл әскер, матрос.

Кеңес жиылыстарына қызыл әскер өз уәкілдерін сайлап жібереді.

Кеңес мемлекетінде қызыл әскер мемлекеттің мүшесі ғана емес, мемлекеттің ардақты азаматы, Кеңес мем-

лекетінің қорғаны. Қызыл әскердің үй ішіне айрықша жеңілдіктер берілген. Саяси нұсқаушыңнан сұра, ол айтып береді.

Партия

Саяси әкімдікті өз қолына алуға, колына алса, өзі ұстап тұрып қалуға ұмтылатын халықтың әрбір табының ұйымы партия деп аталады. Әр партия өз табының саяси күресіне жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы

Жұмыскер табының саяси күресінде коммунист партиясы жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы дүниедегі барлық байлықты, байлықтың барлық құралдарын (зауыт, фабрика сықылды заттар) жалпы халықтың ортақ мүлкі қылмақшы. Коммунист партиясы «біреуді біреу сормасын, біреудің біреу ақысын жемесін» дейді.

Коммунист партиясы есебі барлық жер жүзінде бар. Барлық дүниедегі коммунист партияларының кіндік ұйымы коммунисшіл интернационал деп аталады. Үшінші, коммунист интернационал 1919-шы жылда құрылған. Мұны құрған – Ленин.

Кеңестер одағында коммунист партиясы (б.к.п.) жер жүзіндегі жұмыскер табына көсемдік қылып отыр. Б.К.П-ның жоғарғы ұйымы, партия жиылысы. Бір жиылыстан келесі жиылысқа дейін, партияны басқаратын – партияның орда комитеті.

Партия жиылысы мен орда комитет шығарған қаулы, бұйрық-жарлықтарды партияның барлық мүшесі, барлық ұйымы орындауға міндетті.

Біз тең болмадық, кем болдық. Неліктен? Надан болғандығымыздан. Шаруамыз нашар. Кедейміз. Неліктен? Надан болғандығымыздан.

Патша дәуірінен қалған мұра

РСФСР-дағы халықтың сауатсыздығын көрсететін диаграмм.

Қырда (бос өлкелерде): 72%/ 28%

Қалаларда: 41%/ 59%

Қара бояу сауатсыздардың санын көрсетеді. Дөңгелектің ақ болмағы әрбір жүз адамның қаншасы сауатты екенін көрсетеді. Біздің қазақ халқының әрбір жүз адамының тоқсан беске жақыны хат танымайды.

Сұраулар: 1. Қала халқына қарағанда қыр халқының сауатсызы неге көп? 2. Қазақтың сауатсызы неге көп? 3. Жас күндеріңде сендер не себептен оқымадыңдар?

РСФСР халқының сауатсыздығын жою туралы шыққан декреттен

Халық комиссарлары кеңесі қаулы қылды: республиканың 8 ден 50 жас аралығындағы оқып, жаза білетін барлық халқы өзінің ана тілінде, болмаса, өзі тілесе, орыс тілінде оқып, жазуға, үйренуге міндетті.

Комиссарлар кеңесінің төрағасы: В.Ульянов (Ленин)

Май мейрамы – еңбек мейрамы

Май мейрамы – жер жүзіндегі жұмыскер мен жалшының мейрамы. Жыл сайын майдың 1-і күні жер жүзіндегі жұмыскерлер жер жүзіндегі байларға қыр көрсетеді.

Біз жер жүзіндегі жұмыскермен бірге бірінші майды мейрам қыламыз.

Англия, Германия, Америка, Жапон жұмыскерлері де бірінші май күнін мейрам қылады. Бірақ, ол мемлекеттерде буржуй-капиталистер жұмыскерлерге майды еркін мейрам қылғызбайды. Біз, еркімізбен мейрам қыламыз. Бізге бөгет болатын ешкім жоқ.

Біздің жұмыскер табының мейрамдары

1. Ескі есеппен октябрдің 25-і, жаңаша ноябрьдің 7-і – Кеңес әкімшілігінің құрылған күні.

2. Ескіше январдың 9-ы, жаңаша январьдың 22-і патшаның жұмыскерлерді атқызған күні

3. Майдың бірі – жер жүзіндегі жұмыскерлердің еңбек мейрамы.

4. Марттың 18-і– Париж коммунасы.

Қызыл әскер құрылуының мейрамы қашан? Сендердің қорларыңның мейрамы қашан?

Еңбекшілер ұраны

(Интернационал)

Оян, қарғыс, таңба басылған,
Жалаңаш, аш құл, қайрат қыл!

Қайнап бастан ақыл ашынған,
Майданға қанды айдап тұр.

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз
Жарылқаймыз жарлы қалғанды
Дәулеттен сонда татамыз.

Бұл біздің ең ақырғы
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдаң.
Бостандықты бізге ешкім бермес,
Патша да, бай да, батыр да.
Бостандық бізге көктен келмес
Аламыз күшпен ақырда.

Ал, егер жоям десең құлдықты,
Тамағым болсын десең тоқ,
Қорғанбай күпілдет көрікті,
Темірді қызған кезде соқ.

Біздер бүкіл дүние жалшысы
Біз еңбекші топтары.
Жерге қожа болу еркіміз.
Арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал, егер найзағай шартылдап,
Қаптаса жауыз дүниесін,
Бізге де жарық күн жарқылдап
Түсірер нұрлы сәулесін.

Қыр мен қала

Қыр халқы қырдан қалаға түрлі азық-түлік алып келіп сатады. Мал, ет, ұн, сүт, сұлы, май тағы басқа неше түрлі азық-түлік, астық.

Азық-түліктен басқа қала қырдан неше түрлі шикі бұйымдар да алмай тұра алмайды. Мысалы: кездеме тоқып шығару үшін қалаға, қырдың жүні керек, кендірі керек. Бұлғары қылуға етік, кебіс, мәсі, тігіп шығаруға қырдың тері-терсегі керек.

Қыр халқы қаладан шай, қант, тұз, кездеме, бұлғары, ине, жіп сықылды үй ішіне керек түрлі заттарды сатып алып кетеді. Және қыр халқының қара шаруасына егін, шөп машиналары, шалғы, айыр, амаш (соқа), мала (борана) сықылды түрлі сайман керек. Бұларды алады.

Қалада түрлі білгіштер, доктор, агроном, инженер, жетік мұғалімдер оқытып шығаратын ірі мектептер бар. Қыр балалары қаланың осы медреселеріне барып оқымақ.

Қалада түрлі кітап, газеттер басылады. Оларды оқып өзіңнің тұрмысынды түзей аласың.

Азық-түлігі, астық, түрлі шикі бұйымы бар қырсыз қаланың тұра алмайтындығы сықылды қыр да қаласыз тұра алмақ емес. Қала қырмен күн көреді. Қыр қаламен күн көреді. Бірінсіз бірі тұра алмайды. Алда-жалда бірі-не-бірінің қатынауы, біріне-бірінің беріп-алуы үзіліп қалса, бірауыз сөзбен айтқанда, қала аш қалады, қыр жалаңаш қалады.

Қала мен қыр – бір дененің екі мүшесі.

Шаруаны көтеретін кооператив

Қазақтың көбі мал бағады. Егін салып күн көретіндері де бар. Қазақтың байлығының көбі малда. Қазақ малдың сүтін ас қылады, терісін киім қылады. Бірақ осының бәрін ұқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудегерге бір теңгеге сатса, сол терісін саудегерден былғарыдай он теңгеге қайта сатып алады.

Қазақ қойының жүнін саудегерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда жүз теңгеге алады. Қазақтың көретіні ылғи залал. Барлық дүние саудегерлердің қалтасында қалады.

Кооператив болса, осының бәрі халықтың өз қалтасына қалады. Ел байиды, тұрмыс түзеледі.

Кооператив шаруамыз көтеріп, тұрмысымыз түзеу үшін елдің өзі ашатын шаруа ұйымы.

Шаруаны көтеру үшін кооператив ашпай болмайды.

Садуақасұлы Смағұл

Саулы сиыр ұстағандардың есінде болсын:

1. Сиыр салқын қорада болса, өте суық су ішсе, жемді көп керек қылады. Қора жылы болса, су жылытып берілсе жем аз кетеді.

2. Қора жарық болса, ауасы таза болса, сиырдың үсті-басы таза болса, сиыр ауырмайды.

3. Сиырды ұру, жұлқылау, сиыр жанында шаңқылдап сөйлеу сиырдың сүтін кемітеді.

4. Екі жаман сиыр ұстағаннан жақсы бір сиыр ұста. Сиыр тұқымының түзелуі көбінесе жақсы бұқадан.

5. Малдың қай түлігі болса да. Жоғарыда айтылған жағдайлы шарттарды керек қылады. Мал пайдасы күтімге қарай болады. Мәдениеті күшті шет мемлекеттерде жыл сайын мал тұқымын асылдандырып отыру негізгі кәсіптің бірінен саналады. Америкада бір сиырдың салмағы Ресейдің екі ірі сиырының салмағынан артық. Американың сиырының салмағы 49-50 пұттарға жетеді. Америка сиырларының бір ғажап жері – сүттілігі. Сүтті сиыр бір жылдың ішінде 1,122 шелек сүт, 42 пұт май береді.

Қазақ кедейлері Америка сиырындай жалғыз сиыр малданса да ашықпас еді-ау!

Қара шаруа огород салсын

Қауын, қарбыз, капуста, картоп сияқты ас болатын жемістер егілетін орынды орыс тілінде огород дейді. Арқа қазақтары огородты өкорот деп атайды. Сыр қазақтары қауын, қарбыз егілетін жерді ғана пайгел дейді.

Бұрын қазақ таңсық үшін огород жемісін «знакомды» қағып, орыстан сұрап алатын. Сыр қазақтары бірлі-жарым қауын, қарбыз егетін. Арқа қазақтары төңкеріске шейін огород салып көрген емес.

Тұрмыс таршылығы ел қазағын огородқа үйретіп келеді. Ерінбей еңбек қылғанда бір десе огородтан мың соммадай пайда істеуге болады. Шәр маңындағы қазақ огородты мал төліндей, егін астығындай пайда береді деп есептеу керек. Шәрдан қашық елдер огород жемісін сату үшін болмаса да, өздері жеу үшін салу керек. 20

шаршы сажын жерге салынған огород жемісі бір кісінің жыл айналмадағы ауқат қылуына жетеді.

Агроном

Көзі ашылған кедей

Октябрь төңкерісінен бұрын Шыныққұлда өзінікі деген тұқымдай жер болған жоқ. Қасқырбайдың қосын айдап, итшілеп өмір өткізетін.

Октябрь төңкерісінен кейін байлардың жерін, малын кедейлерге бөліп береді деген алып-қаш жылы сөз Шыныққұлдың құлағына тиді. Қай күні бөлуші келеді деп екі көзі төрт болып, күтіп жүрді. Жуан жұдырық, келімсектер қызыл болып боялып, бұрынғыдан бетер тояттай берді.

Октябрь төңкерісінің таудай толқыны жайыла-жайыла Жетісуға да жетті. Жуан жұдырық, келімсектер шөп-шардай шетке қағылып шығып қалды. Талай Қасқырбайдың жері, малы, қосшы-батыраққа үлестірілді.

Шыныққұлдың да өмірлік қанды бейнеті, табан ақы, маңдай тері ақталды, аз да болса үлес алды.

Шыныққұл партияға кірді. Жүре келе іске шеберленді. Жігерлі азамат болды. Күні үшін қосшы ұйымына кірген қуларды бірте-бірте шығара бастады.

Нағыз батырақтарды қосшыларды біріктіріп Шыныққұл кооператив ашты. Өкіметтен берілетін машина-сайманды, тұқымды алдымен алып, тиісті орнына жұмсайтын болды.

Кедейлердің басы құралған жерде Шыныққұлдың аузынан түспейтін сөз: «Күш бірлікте. Кедейлер, қоғам-

дасыңдар! Серіктік ашыңдар. Жеке дара жүріп шаруа түзеуге болмайды. Қулардың қолына іс бермеңдер».

Қ. М.

Еңбек ұраны

Бұл дүниенің бар тұтқасы еңбекте,
Еңбекпенен дүние көркі енбек те.
Еріншектік, жалқаулықты жоямыз,
Бой ұрдық біз еңбек дәмін ембекке.

Жалқаулықтың кермек сортаң татымы,
Өткен күнде ауызға әбден татыды.
Енді еңбекті, бір сол екен таныстық,
Шаруашылық – елдіктің де қатығы.

Даңқты, күшті елді күннен айырған,
Би, батыры елді күннен айырған.
Еріншектік, еңбексіздік, жалқаулық –
Қара құрттай қалың малды қайырған.

Орман, таулар, салалы үлкен сары бел,
Дария теңіз, мөлдір өзен, тәтті көл,
Арқасында еңбексіздік, жалқаулық
Қызығын көрмей босқа алдырған бәрін ел.

Кеш қайырлы ештен дағы ежелден,
Болат күшті бойға жиып тежелген.
Бар жігерін бір еңбекке жұмсауға
Елдің енді оқтай беті кезелген.

Ел боламыз, еңбекпенен жетеміз,
Бұрынғыдан көш ілгері кетеміз.
Еңбек жерік, енді еңбекшіл болдық біз
Еңбегі үстем қай ел болсын тетеміз.

Сүйіп алған, сүйіп қылған бос еңбек,
Бізді қатар ел қылатын осы еңбек.
Сүйіп алып, сүйіп қылған еңбектен
Дүние дәні, елдің наны қоса өнбек.

Еңбекпенен жаңғырамыз, жанамыз,
Еңбекпенен жетігеді санамыз!
Еңбек бізді өркендетеді, өрлетеді,
Жалғыз еңбек жалғандағы панамыз!

Сәлкен

Ұсақ ұлттарды қысқан кім?
Қысымшылықтан құтқарған кім?

Патша заманында орыс өкіметіне көп халық қараушы еді. Ол кезде үкімет иесі, үкімет тірегі орыс халқы еді. Не іс болсын орыс халқының ыңғайына қарап істелетін. Орыс ішінде орыстың байларының, алпауыт, ақсүйек, төрелерінің жайына қарайтын. Өзге ұлттар: қазақ, башқұрт, ноғай, өзбек, түрікпен, шеркеш сықылдылар бұратана ұлттар деп саналатын. Бұлардың орыс патшасына бағынғаннан бері өмір бойы көрген баққаны қысымшылық, зорлық болатын. Өз тілінде оқи алмайтын, ешкімге мұңын айтып, кемшілігін шаға алмайтын, мектеп ашу, газет, журнал шығару мүшкіл болатын.

Қысқасы, орыс патшасының ұстаған саясаты «бұратана халықтарды құл қыламын, дегенімді істетемін, тілін жоям» болушы еді. Патшаның бұл саясатына бұрантана халықтар талай наразылығын көрсеткен болатын. Бірақ, бәрінде де істің аяғы қызыл жосыл қантөгіспен бітетін. Бейкүнә талай жан асылатын, атылатын, айдалатын. Сонымен, патша дәуірінде ұлт мәселесі қанмен шешілетін, теңдік орнына құлдық берілетін. Ұсақ ұлттарды осынау қорлықтан құтқарған кім?

– Кеңес үкіметі.

Кеңес үкіметі ұсақ ұлттардың басына өздерінің ұлт мемлекеттерін құруға ерік беріп отыр, құрғызып отыр.

Мұның себебі не? Себебі мынау:

Кеңес үкіметі – жұмыскер мен қара шаруа үкіметі. Жұмыскер мен қара шаруаның тілегі байлардың тілегіне қарсы. Жұмыскер табы мен байлар табы «жүз қайнаса сорпасы қосылмайтын» тап. Жұмыскер бұрын қорлық көрген, байлар қорлық көрсеткен тап. Сондықтан ащыны татқан біледі дегендей, жұмыскер табы өзі сықылды қорлық көрген халықтардың да жайын біледі. Бұл – бір. Екінші, жұмыскер табының да, ұсақ ұлттардың да жауы бір. Екеуін де құл қылатын байлар. Байлардан құтылмай екеуіне де атар таң жоқ. Күш – бірлікте. Тізе қосып бар кемшілік көргендер біріккенде ғана жауын жеңбек, құлдықтан шықпақ. «Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!» деген ұранның мәнісі – қорлық көргендер біріксеңдер жауларыңды жеңесіңдер, бір болсаңдар ғана тілектеріңе жетесіңдер деген сөз.

«Темірқазық». Ғаббас мақаласынан

Жас қазақ

Ұмтыл, алға, жарыққа,
Майданға, жолдастар!
Енді бізге күресте
Оқ, найза жол салар.

Қайтпа, алға бас, тайсалма,
Жоғары көтер жас туын.
Жұмыскер, диқандарға біз
Кооператив жас қосын.

Жұмыскер, шаруалар біз,
Кооператив жас қосын.
Бастан кешкен емес пе еді
Еңбектері еріксіз.
Жастық қызығын көріп пе едік,
Құлықтан көріксіз.
Шырмап еді жан, денені,
Тас қараңғылық шынжыры.

Біз жұмыскер мен диқанның
Жас кооператив қосыны.
Біз жұмыскер мен шаруаның
Жас кооператив қосыны.

Пұшпақтан тер ағызып,
Көрместен біз тыным.
Еңбекпен біз көбейттік
Басқалар байлығын.
Сол еңбегіміз пісіріп

Шын дария қылды осы күн.
Біз жұмыскер мен диқанның
Жас кооператив қосыны.

Біз жұмыскер мен шаруаның
Жас кооператив қосыны.
Бері кел, біз ту көтердік
Жолдастар, қалмастан.

Еңбек республикасын
Соғайық талмастан.
Емдесін еңбек дүниені
Бір қылсын еңбек баршаны.

Жас кооператив, жауға шап,
Жұмыскер диқанның.
Жас кооператив жауға шап,
Жұмыскер шаруаның.

Қожанұлы Сұлтанбек

Еңбекші елдің жауларын қызыл әскер қалайша жеңді?

Қызыл әскер туған күннен бастап дұшпандармен соғысқа кірісті. Қызыл әскердің батырлығы арқасында Кеңес үкіметі түбінде бар дұшпанын жеңіп шықты. Алғашқы кезде арпалысып едәуір айбар жасаған жандаралдардың бәрі де ақырында жоқ болды. Қызыл әскер қалайша жеңді? Несімен жеңді? Бұлардың ішінде соғыс білімін оқыған офицерлер көп емес еді. Қару-жа-

рақ, киім-кешегі алғашқы кезде жөнді емес еді. Қару да, байлық та, білім де көбінесе ақтардың жағында еді. Жандаралдар офицерлер олардың ішінде екінің бірі еді. Шетелдің капиталы да солардың жағында болып күш, көмегін аямап еді. Бұл бұлай болса, қызыл әскер қайтып жеңді?

Ақтар солдатты қыруға айдаған қойша жұмсады. Олардың солдаты не үшін қан төгіп, неменеге қиыншылық тартатынын біле алмады. Сондықтан, оларда екпін болмады. Олардың еңсесі түсті, жүрегі дел-сал болды.

Қызыл әскер еңбекші халықтың балалары. Кеңес үкіметі, оның басшысы коммунист партиясы соғыстың себебін анық ашып айтып отырды. Еңбекші ел өзінің бостандығын қорғайтынын, өз еңбегіне өзі қожа болуы үшін соғысатынын қызыл әскерге түсіндіріп отырды. Қызыл әскердің иманы берік, көңілі көтеріңкі болды. Аш-жалаңаштыққа шыдап еңбекші елдің бостандығын дұшпанға бермей алып қалды.

Қызыл әскердің жауларды жеңген себебі, әлі де болса жеңетін себебі осы.

«Еңбекшіқазақ», №292

Ескі солдат қандай еді?

Бұрынғы солдаттар уақытындағы капиталист, жер қожаларының пайдаларын көздеп, тілеуін тілеп, жырларын жырлайтын. Бұларға қарсы күрес ашқан бай патшалықтар болса, соларға қарсы тұрып, аман сақтап қалу үшін жандарын салатын. Қалталары толық байлар кедей мен жұмыскерлерді жалдап, болмаса күшпен талай

өлімге айдайтын. Солдаттар жалғыз байлардың ғана мақсатын көздеп, солардың тұрмысымен ғана есептесіп, басқа жалпақ бұқарамен есептеспейтін. Істейтіндері бұзақылық, жолсыздық болатын. Қала ішіне болмаса елге шықса, кісі ұру, тартып нәрсе алу, жақсы атқа қызығу, түрлі қолайсыздықты істейтін. Бастықтары тәртіпке салып бұзықтықтан тыймайтын.

Солдат бастықтары ақсүйек, байлардың балалары, жауыз, қанішер офицерлер болатын. Төменгі солдаттарға оқу жолы жабық та, кедей ұлдары болғандықтан шамалары келіп оқи алмаған надан болатын. Сондықтан патшаның теріс көніп, мал есебінде жүре беретін. Байлардың өз балаларынан қара солдаттыққа алынбайтын. Себебі: олар үкіметке өздері қожа, қалталары қалың, ірі мектептерден оқыған офицерлер болатын. Тіпті реті келіп қалса, жұмыскермен, кедеймен жалдап қоя беретін. Сорлы солдаттар барып мұң шағарлық жері болмайтын. Қайда барса да, ақсүйек төрелер, жер қожалары бұлардың шағымын мақұлдамайтын. Әскерді үйрету жағына келсек: темірдей қатырып, тікейтіп, қаз-қатар 1-2 сағат тұрғызып қойып, бастықтар қағаз бетіне қарап бірдеңені оқып шығады. Осы оқыған сөздерін тегіс ұғына алмай қалған, болмаса, жақсы ойнай алмағандарын өз бастарын қып-қызыл шиқандай қылып ұрып, тепкілеп, қорлық көрсететін. Өз қолдарына алып, жұмыстарын істетіп, шайларын құйдырып, балаларының боғын тазалататын. Отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, құлдай қорғалатып ұстайтын. Офицерлер келе солдаттар тұрып қалатын, бұлай істемегендері оңдап тұрып сыбағасын алатын.

Ақсүйек, байлар, жер қожалары, поптардың сайрандап бой жазатын бақшаларына ішке кіреді, сарайды, бақшаның ішін бұзады деп итін кіргізбейтін. Итке қосақтап солдатты кіргізбейтін. Осылар секілді қорлықтарға шыдамай бас көтерген солдаттар болса, мықтап жазасын беріп, одан қалса көзін жоятын. Үкімет жағына келсек, солдатқа үкімет ісіне қатысуға есік берік. Не болып жатқан істен саңырау, жалғыз білетіндері қысылыс, қорқу, үрку, шамалары келгенше бастықтарына жағыну болатын. Ескі солдаттардың надандықтары: өздерінің кімнің ұлдары екендіктерін, кімнің мақсатын көздеп жүргендіктерін айыра алмайтын. Ескі солдат осындай еді.

Уәлиұлы

Қызыл әскер қандай?

Қызыл әскер – жұмыскер мен қара шаруа ұлдарынан құралған әскер. Бұл әскердің тұтынған жолы, құрған планы, көздеген мақсаты – жер жүзінің бейнетқорларын құлдықтан құтқару. Кеңес өкіметін, коммунист партиясын сақтау. Шамалары келгенше халықтың шаруашылық жағында жәрдем беру. Кеңес өкіметіне, бейнетқорларға қарсы жау болатын болса, қарулары қолдарында. Уытты екпіндерімен дұшпанның көзін жойып, орындарына балта шабу. Қызыл әскер ұстанған жолында мықты. Коммунист партиясының жолымен тәрбиеленген тәртіпті, тәрбиелі, ұятты, саналы. Бұзақылық, жолсыз іс бұлардың араларында болмайды. Қандай дәрежедегі мемлекеттерден болса да оқуға есік ашық.

Мектептерде жалғыз соғыс ғылымы ғана оқылмайды. Жалпы ғылым, қоғам тұрмысының түрлі жолдары оқытылады. Саясат барысымен таныстырады. Үйретушілері өздері секілді жұмыскер, қарашаруа, ұлдары. Ойнату жағына келсек, бұрынғыдай ұрып-соғып, зекіп үйретпейді, ақылмен миына қондырып оқытады. Адамшылық, арлық, саналық – бәрі де күшті. Үйренуші мен үйретушінің дәрежесі бірдей. Қожалық, әкімдік жоқ. Қызыл әскер шама келгенше көргенді біліп, елмен тығыз байланысып, елге шыққан уақыттарында жиылыстар жасап, кеңес құрылысы, тәрбие жолы, шаруашылық тұрмыстар жайынан халыққа түсіндіріп беріп, басшылық көрсетеді. Халықты үкіметке, партияға тартады.

Қызыл әскер өкіметтің қай мәселесіне болса да қатысып, шеше алады. Кеңес құрылысына сайлана алады. Газет-журналдарды үзбей оқып, күнбе-күнгі халмен танысып, саяси іске пісіп қатады. Бұрынғыдай күштеме солдат емес. Өкіметтің өз көзі, өз күзетшісі болады.

Біз қызыл әскер, жұмыскер, диқаншы, қара шаруа ұлдары, біздің дұшпандарымыз, дүние байлары. Біздің көздеген мақсатымыз дүние еңбекшілерінің мақсаты.

Уәлиұлы

Кеңес үкіметінің құрыдағы, судағы әскерінің комиссары Климент Ефремұлы Ворошилов

Ворошилов жолдас Екетерина-слав губерниясында, Бахмут уезінде 1881-інші жылы, январдың 23 күні туды. Ата-анасы кешке жалданып жүрген қара

шаруа. Ворошилов алты жасқа келген соң-ақ қара жұмысқа кіріседі.1896-ыншы жылы Екетерина-слав губерниясында Алшев станциясының жанындағы «Дум» зауытына түседі. Бірақ онда көп жұмыс істей алмайды. Өйткені, төңкеріс рухында істеген қызметі үшін әлденеше рет тінтіліп, абақтыға жабылады. 1900-інші жылы зауыттан қуылып шығарылып, полицияның құпия бақылауында болады.

1904-інші жылдың басында Ворошилов большевикердің орда комитетіне мүше болып сайланады. 1905-інші жылдың басында ереуіл қозғалысына ұйымдастырушы болып, сол жолы май ішінде Луганский деген қалада ұсталып, 8 ай абақтыда отырып шықты. 1906-ыншы жылдың февралында Стокгольм қаласында болатын социал-демократия партиясының тобына уәкіл болып сайланды. 1912-інші жылдан 1917-інші жылға дейін Ворошилов жолдас Лутвинов, Калинин жолдастардан тізесін айырмай бірге қызмет етті, әлденеше рет абақтыға қамалды. 1917-інші жылдың февралында гвардия полктерін бастау комитетіне қарсы көтеріліске себепші болды. Сол жолы Петербор кеңесіне сайланып, басқа жолдастармен бірге Петербор кеңесінде большевиктер фракциясын жасады.

1918-1919-ыншы жылдары Ворошилов жолдас неміс-терге қарсы жұмыскер отрядтарын жасаумен болды. 1919-ыншы жылы Ворошилов Корков аймағының әскербасы болып сайланып, сол аймақтағы Кронштант бүлікшілігін басты. 1921-інші жылы майда терістік Кавказ аймағындағы әскерге бастық болды. Одан кейін

Мәскеу аймағының әскербасы болып сайланды. Ворошилов жолдас екі рет қызыл ту орденін (артықша қызмет еткені үшін берілетін награда), алтын қару, сағат, соғыстың түгел бес қаруын алған.

Е.Қ.

Әйел азат – әйел тең

Қазақ әйелі күң есебінде еді. Базарға салған малдай сатылушы еді. «Әйел құны – бес байтал» еді. Сүйіп қосылу жоқ еді. Қалыңдық қалың мал төленіп сатып алынушы еді. Әйел жаны сүймеген жанға еріксіз байланып, маталып барушы еді – өмір бойы зар еңіреуші еді. Тоқал болып өмір бойы тепкі астында шіруші еді. Әйел азаматтықтан теңдіктен жұрдай еді.

Әйелді осынау күндік, қорлықтан Кеңес өкіметі құтқарды. Кеңес өкіметі Ресейдегі барлық әйелге ерімен бірдей азаматтық қақын берді.

Қазақ әйелі де теңдікке жетіп отыр. Қалың мал қалдырылды. Көп қатын алу тыйылды. Әмеңгерлік жойылды. Әйел азат болды. Тең болды. Кеңес өкіметі осылай заң шығарды. Алайда, қазақ әйелінің көбі оқымаған. Шыққан әділ заңмен жуық арада пайдалана алмауға мүмкін. Қазақтың саналы азаматы әйел теңдігін жүзеге шығаруға ұмтылсын.

Қалың мал, әйелді еріксіз күйеуге беру, көп қатын алу туралы шыққан үкімет заңынан

230. Қазақ ғұрпы бойынша күйеу немесе, оның әке-шешесі, ағайындары, құдандасы жағынан қыздың әке-ше-

шесіне, ағайындарына, немесе құдандасына қызды сол мал берген күйеуге еріксіз тиюге міндетті қылып, малдай, ақшадай, не басқа мүлікпен берілетін қалың малды берушілер бір жылға шейін еріксіз жұмысқа салынады. Немесе, бір жылға шейін еркінен айрылады. Бұл қылмысты істеген жай адамдармен лауазым иесі адамдар да сол жазаға бұйырылады. «Қалың мал» алушылар да сол жазаға бұйырылып, оның үстіне алған «қалың малындай» айып тартады.

231. Әйелді еріксіз күйеуге зорлаушылар бес жылға шейін еркінен айрылады.

232. Екі қатын алушылармен көп қатын алушылар бір жылға шейін еріксіз жұмысқа бұйырылады.

(Заң жинағы: 1924 жыл, 27 ноябрь, №79, статья 787)

Айсұлу

(әйелдер мейрамына арналған)

Надандық тұрмыс торында,
Өзімшіл сұмның қолында,
Теңдіксіз теріс орында,
Айсұлу, кеше кім едің?
Көйлегің жыртық, тоның да,
Көтерген отын қолыңда,
Құрулы қақпан жолыңда,
Табаны жарық күң едің.
Базарға басың сатылып,
Көп бейнетке шатылып,
Толғанып тоқсан ауырып,
Қол жаулық болып жүр едің.
Күні-түні қамығып,

Қайғыға батып зарығып,
Денең шаршап жалығып,
Басыңа теңдік тіледің.
Партия, Кеңес күшімен,
Кеңестің әділ ісімен,
Мылтық, найза ұшымен,
Орнына келді мақсатың,
Қолыңды жарып, жол салған,
Нашарлар үшін долданған,
«Әйелде жан» деп қолға алған,
Кеңестің көтер жақсы атын.
Мынау сенің мейрамың –
Кеңестің берген жемісі.
Көпке дәмі татығай,
Жемістің бекіп желісі.
Қызыл таудың астында,
Сөз сөйлеген қай сұлу?
Бір топ әйел қасында,
Жаңылмасам, Айсұлу.

Сәкенұлы

Тінікейді не ойландырды?

Айдары сексиген тоғыз жасар Тінікей өрімделген көйлегін қос қолдап қысып, бүйірі жалт етіп, жаман тоңқаймадан атып шықты да, Жамалдікіне қарай зыр қағып жөнелді.

Жамал басын жұлып алып, лақтырып жіберетіндей бауырсақ бейнелес тұмсығын бір қысып, қолын сілкіп тастап, алдындағы будыраған тері шалбарды қой жық-қандай бір алып ұрды.

Тінікей бір қолмен жер тіреп, сатпақ аяғын артына жіберіп жамбастап отыра кетті.

– Жеңеше, қайшыңызды сұрап келіп едім.

– Апаң не істеп жатыр?

– Жылқышының тымағын істеп жатыр.

– Оған да берген екен ғой.

– Алдыңдағыңыз кімнің шалбары?

– Бұ да сол үйдікі. Тоқып жатқан шекпенімді тастап, аласұрып жатқаным емес пе? Жаздайғы саумалын сілет қып, ішімізді қуырып жатқанын көрмейсің бе?

Жамал күңкілдеп жаман текеметтің астынан тұтқасына шүберек ораған түбіте қайшысын алып, сылдыр еткізіп тастай берді. Тінікей үйіне келсе апасы кейіп отыр.

– Ала жаздай алашасын тоқытты, сырмағын істетті, арқан-жібіне шейін естірді. Тым болмаса киімдерінің ескісін де қимады... Әлгінің күпісін жамауға да қолды тигізбеді... Ана қу... тоқалдар өзі істесе, қолына жұға ма екен? Шалқайып... қасқайып отырғанша... несі кетіп барады? Малын біреу бағады, сиырын біреу сауады, тайтаңдайтыны кедейдің арқасы шығар.

Тінікей мұндай сөзді бір емес, әлденеше есіткен. «Неге істейсің?» деп талай айтқан. Бұ жолы тағы сөйледі.

– Апа-ау, кедейлер малын бақпай қойса, қайтер еді?

– Қайтсін? Өзі баға алмас еді, малдан айырылар еді.

– Ендеше неге сөйтпейді?

– Ойбой, қарағым-ау! Туысы бір болған соң қимайды да.

– Қимағандағы пайдасы мынау ма?

– Қайтсін? Қорқады. Ондай қадірі жоқ, күші жоқ, кедей сорлының өзі біріккен бе? Кім айтса, соған кетеді.

– Апа-ау, осы байлар ағатайымдардан ақылды ма?

– Пәле, егеуді, зорлық қылуды білгені болмаса, неменесі ақылды болсын? Құдайдың жаратқан жанының бәрі бір де.

Тінікей сұрауын тоқтатты. Байдың зорлық қылатыны қалай? Кедейдің аузы бірікпейтіні қалай?

Осы сұрауларға жауап таба алмады. Жерде жатқан сеңсеңнің қиқымын тісімен жұлқып, терең ойға кетті.

Жік

Дүние қандай?

Күн қандай?

Күн Жерден бір миллион үш жүз мың қайтара үлкен (1 300 000).

Он пұт бидайды бір жерге төгіп, және бір бидай тастаса – көп бидай Күн, бір бидай – Жер болады. Юпитер 1 300, Сатурн жұлдыздары 900 қайтара Жерден зор. Жұлдыз бен жұлдыз арасы, жер мен жұлдыз арасы шақырыммен өлшеуге келмейді. Мұның кезі Күннің жарығының жүйріктігі болсын: Күннің жарығы бір секундта 288 мың шақырым жүреді. Ал енді мынаған қараңыз: бір жұлдыздың жарығы Жерге шейін 3 жылдан кем жүрмейді. Ал тағы көп жұлдыздар бар. Бұлардың жарығы Жерге шейін он, жиырма, елу, жүз жыл жүреді, сонда Жерге жетеді. Тағы мынаған қараңыз: кей жұлдыздар жоғалып, ұшып кеткеннен кейін неше мың жыл Жердегі бізге көрініп тұрады. Жоғалардағы жарық еткен жарығы неше мың жылда ғана Жерге келіп жеткені сол болады.

Ал, Жер қандай?

– Жер жұмыртқадай домалақ. Жерді тап ортасынан тесіп өлшесең, бір шеті мен бір шеті 12 мың шақырым болады. Жердің белдеуі 38 мың шақырым болады.

Ай қандай?

Жер Айдан 49 қайта зор. Ай мен Жердің арасы 360 мың шақырым. Тоқтамай бұлаңқұйрықпен отырған қазақ 5 жылда Жерден Айға барар еді.

Күн мен Жердің арасын шақырыммен санасақ, саны оқуға қиын сифыр (цифра) болар еді. Сағатына 60 шақырым жүретін темір жолдың арбасы тоқтамай жүріп берсе, 266 жылда Жерден Күнге жетер еді. Бір шақырымға бір тиын алса, темір жолдың билеті бір миллион 400 мың сом болар еді.

Қыр баласы

Нияз қыпшақ Жауғаш би сөзі

Екі тізгін жоқ болса,
Атың мойнын бұра алмайды.
Үзеңгі бау жоқ болса,
Атқа ұмтылып міне алмайды.
Екі тартпа жоқ болса,
Ер үстінде тұра алмайды.
Қамшы – қанат,
Құйысқан – қуат.
Екі қанжыға тон сақтайды,
Тон жан сақтайды.

«Сауат ашқыш»

Жөн сұрау

Көп ішінде сөйлеген,
Жас жігіт, саған қарасам,
Қара лашын, тұйғынсың.
Әсіліңе көз салсам,
Құс алатын қырғысың.
Қызыл тілге келгенде,
Сарсадақтың оғындай,
Көлденеңдеп зырғысың.
Көрмегеннен сұраймын,
Ат-жөніңді білдірші,
Заманның бірге құрбымсың.

«Оқу құралы»

Махамбет батырдың сөзі

Біртіндеп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жауырын оқ алмай,
Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңкейгенге жер салмай,
Қоңыр салқын түске алмай,
Тебіңгі терге шірімей,
Терліге майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,

Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Үйде жатқан жігітке
Төбеден тегін атақ болар ма?

«Сәуле», №3

Жас қазақ

Жаңа батыр, жас қазақ,
Еңбекшіл тап ұланы!
Бай, мырзаға қас қазақ,
Жалпы теңдік ұраны.
Жеткіншегім, жас батыр,
Маркс, Ленин құраның,
Ұмтылып алға бас, батыр,
Барлық өнер – құралың.

Сәкен

Бұрынғы батыр

Ел шетіне жау келсе,
Жан аямай қорғаумен,
Ерлері елін сақтаған,
Мінген атын баптаған.

Жерге жемсіз бақпаған,
Күн менен желге тигізбей
Көлеңкеге сақтаған,
Жасанысқан жау көрмей,
Бір күн қинап шаппаған.
Сүңгім сүйір болсын деп,
Егеу менен дақтаған.
Қылышым қиғыр болсын деп,
Шарға қайрап таптаған,
Садағым сайлы болсын деп,
Сары күн мен қаптаған.

Ілмән Шорекұлы.
«Сәуле», №4

Қобыланды батырдың Алшағырмен айқасқаны

Екі батыр екпінмен
Жақындасып қалысты.
Өшігіп жүрген батырлар
Бөтен жауап айтыспай,
Шегінісіп екеуі,
Емен найза салысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүге-бүге тұрысты.
Бір-біріне ұмтылып,
Тақымдары құрысты.
Бірін-бірі ала алмай,
Бірі дүние сала алмай,
Қақырғаны қан татып,
Түкірігі жын татып,

Ерлер жаннан түңілді,
Аш күзендей бүгілді.
Қанжарменен қармасты,
Семсерменен серместі.
Екі батыр ойнады,
Артық туған Қобыланды
Ерегіскен дұшпанын
Басын жоймай қоймайды.
Семсер қалды майысып,
Қанжар қалды қайысып.
Бір уақыттар болғанда,
Қобыланды сынды еріңіз,
Найзасын ырғап ендірді.
Алшағырдай кәпірді,
Ат көтіне міндірді.
Қаһарланып Қобыланның
От шығады ұртынан,
Үмітін үзді Алшағыр
Шәрлі, байтақ жұртынан.
Өлі сәске болғанда
Домаланып барып жоқ болды,
Қара қасқа аттың сыртынан.
Қатуланып Қобыланның
Түгі шықты білектен.
Етке тоқтар қайрат па?
Шанышқанда шықты сүйектен
Тартып еді, шықпады
Қобыланды ердің найзасы,
Қан мен қатыс жібектен.

«Қобыланды батыр»

Ерлер

I

Күн еңкейген кезде мойындарында мылтығы бар сыптығыр екі жігіт адырдан түсе беріп, аттың басын жіберді. «Шүу» дегенде қылаң атты озып шықса да, жарты шақырым шапқан соң, баран атты да жетті де, қамшымен жоннан бір тартып, басып озды. Екеуінің суылдаған екпінімен ши түбіндегі жапалақ қалбалақтап аспанға ұшып, лағып барып есін жинайды. Шөп арасындағы шырылдауық шегірткелердің ішегі шығып қалып жатыр. Көгілдір әуеде қанаты қалшылдап, ілулі тұрып, ащы әнге басқан бозторғайлар болмаса, оқ қалақтай қалықтап, тышқан сүзіп жүрген құладындар болмаса, тезек басында қоразданып отырған бөктергі, бұлтаңдаған саршұнақ, секеңдеген қосаяқ сықылды қорқақ жәндіктер аттылардың дүбіріне шыдамай, қасқырдан үріккен қойдай жөңкіледі. Омыраудан соққан аңызақ, шапқан аттың зуылдаған желі екі жігітті де желдендірді, желіктірді, екеуі жатып аударыс салды, үзеңгі қағысып тартқанда, бірін-бірі әкете алмады. Енді артынан ағызып келіп жұлып кетуді бастады. Аударыспақты болған соң шауып келе жатып қарғып түсіп, атып мінуді істесті; жерден топырақ алысты, жыраңқайдан ат қарғысты, тұра қалып қарақұсты атысты. Көлденеңнен қараған кісі бұл екеуін нағыз еріккен деп ойлар еді, бір-ақ бұлар ерігіп жүрген жоқ еді. Бұлар өздерін соғысқа даярлап жүрген Әбіш пен Ораз еді.

Екі жігіт бірталай жер жүрген соң, Қарашығанақта үш күннен кейін табысуға уағда байлап, екі жаққа кетті.

Әбіш түн қатып, ертең сәскеде Келтебұтаққа келді. Келтебұтақ – мұжық қаласы. Бер жағында Иманақ ауылында Әбіштің апасы болатын. Әбіш сонда келді.

Әбіш аттан түсер-түспестен апасының көзі бажырайып: – Қарағым-ау, тез аттан! Поселкеде банда жатыр. Жездең де қашып кетті, – деді.

– Банда көп пе екен, апа?

– Ойбай, адам айтқысыз, – дейді.

Әбіш апасымен сөйлесті де, атын қараңғы қораға, мылтығын шөптің астына тығып, үстіне жаман киім киіп, бір тайға жайдақ мінді. Қолына бір қапты алды. Сөйтті де, поселкеге кетті. Апасы: «Барма!» деп байбалам салса да, тыңдаған жоқ.

Қолау тайды салақтаған аяғымен өкпеге тепкілеп, жолмен солталаңдатып алып келеді. Маңайда тірі тышқан көрінбейді. Поселкенің бері жағында бір жарқабақ бар-ды. Әбіш аяңдап жардың басына шықты. Жарты шақырым жерде поселке тұр. Қаланың ішінде олай-былай өтіп жатқан мылтықты, салт атты кісілер, көшеде жүкті арбалар, анда-санда қызылды-жасылды киген әйелдер көрінеді. Оң жақтағы бір талдың ішінен қарулы үш атты кісі шыға келді. Үш атты Әбішті көрді де, тұра ұмтылды. Кейбіреуі мойнындағы мылтығын суырып қолына алды.

Әбіш қашса атады, тұрса тағы да атады, не де болса, қарсы жүрейін деп тайын бұлтаңдатып төмен қарай түсті. Ойға түсер, түспесте-ақ ежіреңдеген үш солдат мылтығын кезеніп, «стой» деп жетіп келді. Әбішті қа-

май тұра қалды. Орысшалап «қайда барасың?» деп сұрады. Әбіш «білмеймін» деп басын шайқады. Ішінде бір татар бар екен, соны тілмаш қып Әбішті тергеді. Әбіш түк білмейтін бір аңқау қазақ болды, поселкеге астық алуға келе жатқан бір сорлы. Ауылын, болысын, атыжөнін әбден тексеріп болып:

– Қызылдардан білесің бе? – деп сұрады.

– Білмеймін, біздің ауылдың бір кісісі 8-інші ауылға барып келген екен, сол айтып келді. Осылай қарай қызылдардың көп әтіреті келе жатыр дейді. Бүгін осы жерге келіп қалар ма екен, қайтер екен? – деді. Мына сөзді естіген соң, солдаттар Әбішті алдына салып, айдап поселкеге апарды. Поселкеге әкеліп, бір қораға тайымен кіргізді де, бір мұжыққа «кетіп қалмасын, аңдып тұр!» деп тапсырды.

Әбіш тайын байлап қойып, мұжықпен әңгімеге кірісті. Ақтар қайдан келеді? Қашан келген? Көп кісі ме? Бұлар соғысқа пәле дейді ғой? Мылтық, сайманы да көп шығар? деген сықылды өзіне керекті хабарларды жансыздап сұрап отыр. Анда-санда астық сататын кісіні де, малай жалдаушыны да сұрап қояды. Тымағы жапырайып, ауызынан сөзі түсіп отырған бір жаманды кім елең қылсын? Мұжық сұраған сөздеріне жауап беріп отыр.

Аздан кейін поселкенің көшесі шабуылдаған кісі, жаңғырыққан дауысқа айналды. Әбіш: – Не боп қалды? – деп мұжықтан сұрады. Мұжық:

– Білмеймін, – деді. Атыс болып қалып, арасында босқа кетем бе деп, қорқайын деді. Бірақ Әбіштің қауіпі ұзаққа бармады; бандылар айғай-ұйғай болып, арбасын

дүрілдетіп, абыр-сабыр поселкеден жөнеле бастады. Он минуттың ішінде поселке бандыдан тазарып, бейбітшілік болды. Мұжық Әбішті қоя берді. Тайға мініп, азырақ астық іздеген болды да, Әбіш апасының үйіне келді. Әбіш үрейленіп отырған апасын қуантып, бұдан кейін атына мініп, жастардың сиезін шақырмақ болып, ел аралап кете берсін. Енді он төртінші ауылға кеткен Ораздан хабар берейік.

II

Түс кезінде Ораз бір үйде шай ішіп отыр еді, даладан:

– Мынау атты мініп келген кім? – деген дауыс шықты. Дауысты естіп Ораз тысқа шықса, атының қасында екі-үш кісі тұр. Киімі тәуір мырзасымақ, шоқша сақал кісі, амандасып болған соң:

– Мына атты саған кім берді? – деді.

– Исполком бастығы.

– Ендеше менен ұстап әкетіп еді, сен атымды беріп кет! Жалғыз атым еді, сендерге ат табылмай ма? Бір байдан мінерсің... – деп әлгі қазақ жатып атқа жабысты. Ораз бермеді. Қазақ өршеленіп қоймады. Аты кәдірлі болса керек, Ораздан жол бойынша жығылса да, атына қарайды да, қайта жабысады. Даудың аяғы жанжалға айналды. Бірі ауыл іргесін, бірі қызметін, мылтығын арқаланып, егес ұлғайды. Енді аз тұрғанда төбелес болатын еді. Бірақ кенеттен шауып келген бір адам керістің тоқтауына себеп болды.

– Неғып тұрсыңдар! Шыңғырлауға банды келіп қалды!

– А, жақсы болды! Атты бермейтін немесің ғой! Мен сені қызылдың атреті деп дереу ұстап берейін!

Ораз сөзді доғарды. Ертоқымын алды да атын беріп қоя берді. Ауыл адамдары аттарына жүгірісіп, айғайласып, астаң-кестең болды да қалды. Атын алған кісі де жытты. Ораз түскен үйінен бір байтал сұрап мінді де, мылтығын бір шұқырға тыға салып, Шыңғырлауға қарай бет алды. Сар желіп келе жатып жүрегі дүрсіл қағады. Неге келе жатқанын, не бітеретінін өзі де білмейді, әйтеуір бір күш бандыға қарай тартқан тәрізді. Алды-артына қарамай келе жатыр.

Шыңғырлау ауылына таяна бергенде алдынан ереуілдеп бандының бір тобы шыға келді. Аттары ауыздықпен алысып, көкке шапшыды, үсті-басы асынған көкпеңбек қару; киімдері неше түрлі сәнді. Ораздың жүрегі тұрайын деді. Үйтсе де білдірмеді, алдынан шықты. Казак-орыс бастығы:

– Көтер қолыңды! – деп ақырды. Ораз қолын көтерді. Екі солдат қоныш-қонышын тінтті. Ораздан:

– Қайда барасың? – деп жөн сұрады.

– Сіздерге келемін.

– Неге?

– Алсаңдар, сіздің атретке кірейін деп едім.

– Не себепті кіргің келеді?

– Қызылдардан зорлық көрдім, жалғыз атымды алып қойды. Әкемді атып кетті.

Казак-орыс бастық басын шайқады:

– Өтірік айтады иттің баласы! – деді. Өзге екі бастық шыны шығар деп сеніңкіреп қалды. Казак-орыс сене қоймады.

– Шыныңды айт! Бәрібір өлесің! – деді.

Ораз қарғанбады. Нанбады. Нанбаған соң:

– Шынымды айтайын, ұрлық қылушы ем. Исполкомның құдасының малын ұрлап, исполком мені ұстайды деген соң қашып жүрмін. Сіздерге кірсем, жаным қала ма деп едім. Құдайға адалы осы, – деді Ораз жүзі жанбай. Мына сөз казак-орыстың миына кірейін деді. Өзгелеріне орысшалап айтты. Олар Оразға абдан сенді. Бірақ казак-орыс көпке шейін басын шайқай берді. Әйтпесе Ораздан пайдалы кісі шығады. Шолғыншы болады, қызылдардан хабар біліп береді. Қазақтың сырын біледі деген дәлелдерден аса алмады, әтретке алуға о да көнді. Сол әңгімемен алдындағы жақын ауылға келіп қалды.

Ауылға таянғанда солдаттар қойға шапқан қасқырша тұра-тұра шапты. Үш бастық пен Ораз бір бозғылтым киіз үйге тоқтады.

Үйде бір кемпір қатын, 14-15 жасар бір-екі бала бар, өзге жан жоқ. Олар да үрпиіп жер үйде отыр екен, іздеп жүріп Ораз тауып алды. Төрелер тамақтанып аттанатын болған соң Ораз жарлық бойынша он бес жасар баланы қойға шапқызды. Үйді тазалап, төсек жайып, жаңа төрелерін күтіп жүр. Самауыр қойылып жатқанда ауыл қыдырған төрт солдат та келді. Қошқар тұмсық, мұртын шығыршықтаған бір бастық:

– Қыз жоқ па екен? – деп сұрады. Солдат қазақтарды боқтай бастады:

– Неткен сболыштар! Бір жас қатын жоқ, қайда тығып жібергенін білмейсің... Артынан бір солдат келе өзгелеріне мақтанды:

– Сендер түк таба алмайсыңдар. Мен табам, теректің астынан бір қатынды суырып алып, өкірттім! – деді. Екі солдат оған еріп, шауып алды да кетті.

Ораз бәрін біліп, зығыры қайнап отыр. Бірақ айтуға тіл жоқ, ішінен тынады.

Шайдан кейін орыстар шылым тартысып, қазақты қалай қорқытқанын, атын тартып алғанын, қылышпен үш шауып, біреуінің басын зорға кескенін, бір әйелді бырс еткізіп қарынға сұғып алғанын, қалай жанталасып жүгіргенін айтысып отырғанда, үш бастығы ұйқыға кірісті. Төрт солдаты аттарын суаруға ауылдың алдындағы құдыққа кетті.

Бастықтың екеуі ат соғып қажып жүрсе керек, қор етіп көзі ілініп кетті. Біреуі төңбекшіп ұйқтай алмай жатыр. Ораз босағадан жүресінен отырып, сүйеулі тұрған мылтықтың бірін алып, тамашалап о жер, бұ жерін қарады, құлағын қайырып көрді. Казак-орыс бастығы сыртылдағанын, шаппаның дауысын естіп, басын көтеріп алып:

– Алма мылтықты! – деп жекірді.

Ораз аңқаусып:

– Алса қайтеді? – деді. Мылтықты тастаған жоқ, икемдеп ұстай бастады.

Казак-орыс:

– Таста, атылып кетеді? – деп орнынан тұра бергенде, Ораз атып тұрды да, басып қалды. Казак-орыс мойынын астына ала бүктетіле жығылды. Мылтықтың дауысымен шошып оянып тұра берген біреуін Ораз тағы басты. Тәлтіректеп о да өкіре барып жер құшты. Олар жанталасып, қорқырап, тулап жатқанда қалған біреуі жын соққан

кісіше, ұйқылы көзімен тұра беріп, қайта жығылып қалбалақтап жүр. Ораздың оғы таусылып қалды білем, басып қалып еді, от алмады. Ораз тұрып-жығылып жүрген орысқа тұра ұмтылып, мылтықтың темірімен қос қолдап тұрып, қарақұстан берді. Омақаса барып құлады. Тағы бір-екі қойып жіберді де, жүгіріп барып тағы бір мылтықты алып, құлағын ашып жіберді. Оғы бар екен. Атып тысқа шықса, төрт солдат тырым-тырақай ауылға қарай ат қойып келеді екен. Ораз үйге кірді де, босағадан тұрып көздеді. Үйге жүз елу қадамдай жетпей, алдыңғы бірі шалқалай, аттан мұрттай ұшты. Аты ойнақтап шыға берді. Оған таяу келе жатқан біреуін тағы қалпақтай түсірді. Алдыңғы екеуі жығылған соң, қалған екеуі жетегін тастап, жарық берді. Ораз жүгіріп шығып, ордаңдап жүрген аттарға ұмтылды. Мылтықтың дауысынан шошынған ат жуырда ұстата қоймады. Жанжақтағы үйлерден адам шықпады, терезеден, есіктен басын қылтитып сығалап тұр. Ораз:

– Шығыңдар жылдам, атты ұстас! Қорықпа, бәрі қырылды! – деп атой беріп, аттарды қайырып жүр. Қатын-қалаш, жаман-жұман еркектер жүгірісіп, аттарды ұстасты. Ораз бір атқа міне сала, қашқан екі солдатты қуып кетті. Бірталай ұзап кеткен екен, алыстан қарасы ғана көрінеді. Ат үстінен бытырлатып атып келеді. Оқ тимеді. Ораз жете алмады, оғы таусылған соң қайта қайтты. Барлық мылтықтары, бес аты олжа болды.

Жүсіпбек

ЖҰМАБАЙҰЛЫ М.

САУАТТЫ БОЛ!

Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926.

Бас сөз

Бұл әліппені сөз әдісімен емес, дыбыс әдісін қолданып жазуға тура келеді. Тұтас сөз әдісімен оқыту қаншалық жеңіл болса да, біздің оқытушыларымыз бұл жаңа әдіспен әлі түгел таныс емес. Бірақ, әліппені дыбыс әдісімен жазсақ та, іс жүзінде тұтас сөз әдісін естен шығармауымыз керек.

Дыбыс әдісімен оқытқан күнде дауысты және дауыссыз дыбыстарды көз алдымызда ұстауымыз тиісті. Мәселен: *а, о, е* дыбыстары дауысты дыбыстар деп аталады. Ал енді, *б, п, т* сияқты дыбыстарды дауыссыз дыбыстар деп атаймыз. Дауыссыз дыбыстарды өз алдына жеке айтып болмайды. Оларды айту үшін буын басына бір дауысты дыбыс қосып отыруымыз керек. Мысалы айтқанда: *б, п, т* деп айта алмаймыз, *бе, пе, те* деп дауыссыз дыбыстан соң дауысты дыбыс қосып отырамыз. Соның үшін оқушыларға әуелі дауысты дыбыстарды ғана оқытып, дауыссыз дыбыстарды соңынан оқыту қата болған сияқты, баста дауыссыз дыбыстарды ғана оқытып, соңынан барып дауысты дыбыстармен таныстыру зор қата.

Дыбыстармен оқушыларды таныстарған уақытта оларды ең баста мынадай дыбыстармен таныстыру керек.

1. Дыбыстың жазылуы оқушы үшін жеңіл болатын болсын.

2. Осындай дыбыстарды бірге қосқанда оқушының көп естіген, көп көрген затын білдіретін жеңіл бір сөз шығатын болсын.

Мәселен: *а, қ, з* дыбыстарымен оқушыны таныстырсақ, бұл дыбыстарды жиғанда қандай сөздер шықпақ?

1. қазақ, 2. ақ-қар, 3. қаз, 4. қаза сияқты сөздер.

Ұзын сөздің қысқасы, жоғарғы тәртіппен оқытқанда, әуелі оқушыларды дыбыстың жазылуы (әріптер) мен таныстырылады, дыбыстарды қосып буын, буындардан жеңіл сөздер, сөздерден барып сөйлем жасау керек.

Бұдан кейін әріптердің жазылу түрлерін де көз алдымызда ұстауымыз керек. Мәселен, қай бір әріптер төрт түрлі болып жазылады, қай біреулері үш, екі түрлі болып жазылады. Соның үшін дыбыстар (әріптер) мен оқушыларды таныстырған кезде, оқып кеткен дыбыстың кітаптағы баспа түрімен де таныстыра беруіміз тиісті. Міне, осы жерде асба әліппе керек болады. Және оқушылар жалықпас үшін жаңа әріпке түскенде, бұрынғы оқып кеткен әріптермен де пайдалана беру керек.

а р з

а	р	з	зар
р	з	а	а
ар	аз	а-ра	а-за, а-раз
ар ара	аз аза	араз	азар зар

А Т

ат	таз	атар	атта
ата	тара	татар	аттар
тар	таза	тазартар	таттар

Ат азар. Ара тар. Ат тара. Ат тартар. Таза таз. Аттар аз. Тат тазарт. Таттар тазарар.

Қ

ақ	тақа	қазақ	атқа
қақ	қарт	қатар	қарттар
қара	қаз	атақ	қазаққа

Ақ қаз. Қар ақ. Қара ат. Қар қаз. Қатар ат. Қара тарақ. Қазақ қара. Атқа қара. Қарт қарар. Қарта тат. Қарта қазаққа. Қартқа қара.

С

ас	таса	сақар	ақсақ
тас	сатар	қасар	тастақ
сат	сақа	тазарса	қасқа

Ас асат. Ат сатар. Сақар. Қатқа қара. Қараса қарар. Атса атар. Қарт сақ. Қазаққа қарта асат. Қара қасқа ат ақсақ. Ақсақ атқа қара. Аттар тастақта. Асқа қара. Асқа ас. Тасқа тас.

Ы

ары	қыр	іс
тары	сасық	ық
Ары	Арық	Қызық
Ықты	Ырысты	Қазыққа

Ат арқасы. Қысқа қарсы. Тары аса. Таразы тарт. Ат арық. Қазаққа қазы-қарта асат. Қарт атты қара. Атты сақта. Қазы ысты. Арық атты ыққа тарт. Қатты қазық. Сасыр сасық. Тақыр қыр. Ақсақ атты қазыққа тарт. Қара қасқа ат қазақи ат. Сарық арық. Асық атты. Қыс қатты. Ырас-ақ аттар ықты.

Қазақ қыр халқы

Л

ал	қала	қалқа	халқы
арал	аласа	қалта	қызыл
қал	сақал	қыл	қылықты

Ат ал. Қарала ат аласа. Қар қала. Қыр қарлы. Қазақ халқы. Қазақ қыр халқы. Қазақ халқы қала салар. Алса алар. Салса салар. Қыл қара. Қалта сал. Қызыл ат қылықты. Ат сатылар. Халыққа қара. Іс лас. Салық салар. Салт атты қартты қара. Қарқаралы қазақ қаласы. Қазақ халқы қала салса салар. Қыр халқы азық сатар. Қала халқы алар.

Қазақ елі

Е

ер	тер	терi	тірер
ел	еле	терiс	тілер
ес	есер	етті	әсет

Атқа ер сал. Ер атқа. Тез тарт. Аттар терлесе терлер. Терезе терлер. Қазақ елі қыр елі. Есет ер. Әсет есер. Есет есті. Әсет сері. Әсет теріс атты. Әсет арық атты ыққа

тартты. Ақсақ ат етті. Қазы тілер. Сырық тірер. Тары еле. Ерлер ат ерттер.

Қыр халқы ет, астық, азық сатар. Қала халқы ет, астық, азық, алар. Қазақ елі азат ел.

Әсет газет алар

К

ел	кек	кетік	кесте
тек	ерке	керіл	әскер
кер	кесел	серке	кесерткі

Тары ек. Әсет тары екті. Ексе алар. Кетік қасық. Тар етік. Әсет қазір кетті. Кетсе келер. Қара кесек ел аты. Ет етке. Аттар теріс кетті. Әсет газет алар. Әсет есті кісі. Есетке газет керек. Қазақ елі қызыл әскерлі. Қызыл әскер халық ерлері. Қазақ елі ерікті азат ел.

О Ө

от	тоқ	төкті	көкек
оқ	көк	көз	өтер
оқа	төк	төсек	төте

Ат озар. Ораз осал. Ораз тары орар. Орта толар. Қыс өтер. Қар кетер. Аттар отта. Қызыл қораз. Тоқа ел аты. Көк аттоқ. Көкек көк. Көз қорқақ. Ат көлік. Есек те көлік. Есет Әсет қостас. Орал көсе кісі.

Қызыл әскер халықты қорыр.

Қазақ елі оқыр. Қара халық оқыр. Ересектер оқыр. Қара халық оқыса, тексі газет оқыр.

Қазақ елі тексі газет оқы.

Ересектер оқыр

М

там	мола	масақ	кеме
сым	молалы	тасымас	семсер
тамақ	алмас	текемет	мылтық

Өкімет мекемесі ел мекемесі. Әкім төре емес, халық қызметкері. Халық қызметкері төрелік қылмас, қызмет қылар. Осы өкімет халық өкіметі. Халық өкіметке алым-салық төлер. Өкімет халықты оқытар. Халық оқыр. Оқыса қорлық көрмес.

Ғ

аға	зорға	қолға	соғым
таға	тағалы	сағым	соғыс
тоға	тарғыл	алғыр	мылтығы

Омар отағасы. Есет ел ағасы. Қағаз ал. Мал қара. Қымыз, қатық қазақ тамағы. Оқас қалаға кетті. Ат тағалат. Кер қасқа ат тағалы. Тағасыз ат таста қор.

Қызыл әскер мемлекетті қорғар. Мемлекетті қорғаса, халықты қорғар. Мемлекет – халық мемлекеті.

Қыр халқы мал, астық сатқалы қалаға келер. Қала халқы мал, астық, қыл, тері-терсек алғалы, мата, темір заттар сатқалы қырға қарар.

Н

он	ана	сона	кене
тон	нар	тынар	нетер
сан	нан	Асаннан	кісінер

Оқыған ел өнерлі. Оқымаған ел өнерсіз. Оқыған ел көсем. Оқымаған ел кем. Оқыған ел озар. Оқымаған ел тозар.

Оқымаған кісі қара кісі. Оқыған кісі сара кісі. Оқыған кісі саналы. Халық оқыса, өнерленсе қорлық, зорлық көрмес.

Халыққа қызмет қылмаққа оқыған таза кісі керек.

Ленин қара халық ағасы, қара халық көсемі. Ленин қазақты азаттыққа тартқан. Осыны арман қылған. Ленин арманы іске ассын.

У

Ау	Тауық	Тану	Әуе
Ауар	Қару	Оқу	Көсеу
Тау	Ауру	Сауу	Ірілеу

Екеу. Төртеу. Алтау. Мемлекет астанасы Мәскеу қаласы. Мәскеу қаласы аса зор қала.

Қызыл әскермен әуе кемесі халықты қорғар. Сана оқумен керек. Халық оқумен өнерленер. Халық тексі оқуға кіріссін. Хат тану ауыр емес. Хат таныған кісі газет оқыр.

Сау мал соғым. Ауру мал соғым емес. Ауру мал етінен кісі ауырар.

Тазалық керек. Саулық тазалықтан. Ауру ластан. Ластықты ырым қылу қата. Ырым қылу қаралықтан. Ақты қараны таныған оқыған кісі ырым қылмас.

Б

тоб	қабы	тобылғы	көб
тобы	бақан	тасбақа	белбеу
қаб	былтыр	албар	екпен

Қарманған қарап қалмас. Мал бақ. Кәсіп қыл. Әрекет қыл. Қыс болар. Боран болар. Боран болса, мал ығар. Салақ болма, мал қара, мал бақ. Олақ болма, өнерлі бол. Өнерлі болуға оқу керек. Оқулы бол.

Өкімет – барлық халық тексі хат танысын деп отыр. Барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар. Саналы болса, ерікке, азаттыққа тартар, қорлық көрмес, зорлыққа көнбес.

Қазақ жылқысы

Ж

жат	жота	жылқы	жел
жаб	жоса	олжа	кежуіл
жабу	жолым	қанжар	жорық

Баланы ерте оқыт. Бала тоғыз-онға келсе, мектепке жібер.

Жалқау болма. Қазақ халқы патша қорлығын көріп, жалқаулық жазасын тартты.

Патша, жандарал, төрелер халық жауы. Осынау халық жауларын совет өкіметі жоқ қылған.

Қазақ жылқысы жаман. Зор емес, көрнекті емес. Мықты емес. Қазақ жылқысын зауыт жылқысына қатынастырып ірілеу керек, жақсы қылу керек.

Д

адам	дұға	балдыр	алдында
адас	алды	сандық	дем
адыр	дулыға	жолдас	демеу

Қазақстан астанасы Қызыл Орда қаласы. Орда мекемелер сол Қызыл Орда қаласында. Қызыл Ордада орда

атқару комитеті тағы басқа зор мекемелер бар.

Ленин жолдас қара халық көсемі еді. Ардақты көсеміміз Ленин жолдас былтырдан арғы жылы қазалы болды. Ленин өлсе де, Ленин жолы өлмек емес.

Жасасын, өркендесін Ленин жолы!

Мектеп жеткілікті болсын.

О

ор	ту	қуан	күлкі
ол	соқ	қуат	төсер
төл	боқ	жуа	сүрінбес

Су бу болады. Сағым бу. Сағым қуып сандалма. Өнер қу. Жұмыс қыл. Көп түкірсе көл болады. Көп көмектессе тұрмысын тез түзеп алар.

Қазақ қырда жатқан ел. Тұрмысы өте төмен, қазақ тұрмысы бұқара халық оқып, өнерленсе түзеледі.

Бұқара халық оқуға жұмылсын.

Мектеп жеткілікті болсын.

Кеңес тобы

Ң

аң	жаңа	ың-жың	кеңес
таң	соң	аңқау	төңкеріс
таңы	соңы	ыңырсу	зеңбірек

Кеңес мемлекеті жасасын!

Кеңес мемлекеті – патша, жандарал, төрелер мемлекеті емес, бұқара халықтың мемлекеті. Бұқара халық мемлекет құрып, қоғамдасып, ынтымақтасып, тұрмысын түзеп жатыр. Жасасын, Кеңес мемлекеті!

Ш

аш шолақ	шолақ	қышқаш	жалшы
шақ	шортан	шылым	еңбекші
шақша	шоқша	қышқылтым	жұмысшы

Октябрь төңкерісі

Адамзат өмірінде Октябрь төңкерісі – ең зор төңкеріс. Октябрь төңкерісін жасаған жалшы, еңбекші табы. Октябрь төңкерісі еңбекші табын мемлекет қожасы қылды. Патшаның төрелердің тепкісінде болған қазақ сықылды ұлттарды теңдікке жеткізді. Ұлттардың еңбекшілеріне мемлекет құруға ерік берді.

Жасасын, өркендесін, Октябрь төңкерісі!

Барлық дүние жалшы, еңбекшілері, Октябрь төңкерісі туының астына кіріңдер!

И

ай	ой	бойы	кейін
тай	ойла	қый	киім
таяр	боя	жиын	сөйлесін

Жалшы қазақ

Жалшылыққа жалдаушы мен мекеме алдында серт қағаз жасаспай жалданба. Серт қағазда алатын ақың, күніне қанша жұмыс қылатының, жетіде, қай күнде тынығатының – атап-атап жазулы болсын.

Серт қағазды қалай жасауды, байдан ақыны қалай алуды жер-орман жұмыскерлерінің ұйымы үйретеді.

Жалшы қазақ! Жер-орман ұйымына мүше бол!

Сені алдымен өз ұйымың қорғайды. Ұйымыңа күш беретін кеңес үкіметі.

ө	**ү**	**і**	**ә**
ор	ұр	ис	ән
өр	үр	іс	әнім
он	ұн	иесіз	әнің
өн	үн	іссіз	әні
ол	тұр	тис	сән
өл	түр	тіс	сәнім
от	тұс	исі	сәнің
өт	түс	ісі	сәніміз
тоз	сүт	тисі	сәніңіз
төз	сүті	тісі	мән

Уайым түбі – теңіз, батасың да кетесің. Тәуекел түбі – қайық, мінесің де өтесің. Жақсыда мін жоқ, жүйрікте сын жоқ. Кісі мінейсің, басыңа іс түссе білерсің.

П

апан	ақпан	пұл	тарпу
тапал	оспан	план	серпу
арна	дұспан	топыр	бөпе

Біз тең болмадық кем болдық, неліктен?
Надан болғандығымыздан.
Шаруамыз нашар, кедейміз. Бұл неліктен?
Надан болғандығымыздан.

Біздің қазақ халқының әрбір жүз адамының тоқсан алтысы хат білмейді. Мұжықтың жүзден 72-сі хат білмейді. Қала халқының жүзден 41-і ғана хат білмейді.

а. Қала халқына қарағанда қыр халқының сауатсызы неге көп?

a. Қазақтың сауатсызы неліктен көп?

b. Жас күндерінде сендер не себеппен оқымадыңдар?

c. Болыстарыңда жүз адамның нешеуі сауатты, нешеуі сауатсыз?

Қазақстанда 2 мың 6 жүз 43 баулу мектеп бар. Бұларда оқушы барлық баланың саны 156 мың 865.

Қазақ мектебі – 776. Оқып жүрген қазақтың жас баласының саны – 46 мың 977.

Г

көк	төгі	жек	жік
көгі	ек	жегу	жігі
төк	егін	егеу	жүген

РСФСР халқының сауатсыздығын жою туралы шыққан декреттен

Ел комиссарлары кеңесі қаулы қылды: республиканың 8 бен 50 жас арасындағы оқып жаза білмейтін барлық халқы өзінің ана тілінде, не өзі тілесе, орыс тілінде оқып, жазуға үйренуге міндетті.

Комиссарлар кеңесінін төрағасы: Ленин

Қазақ тіліндегі дыбыстар. Олардың әріптері (таңбалары):

а б п т ж д р з с ш ғ қ к г ң л м н у о ұ е и ы

және жіңішкеліктің белгісі «ь»(дәйекше). Дауысты дыбыстардың таңбалары:

а о ұ е и

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары:

б п т ж д р з с ш ғ қ к г ң л м н у ы

СССР
Кеңес Республикаларының Одағы

Ресейде патша заманында жүзден артық ұлт тұрушы еді. Патша өкіметі ұсақ ұлттардың бәрін қысушы еді, езуші еді. Октябрь төңкерісі ұсақ ұлттарды осынау зорлық-зомбылықтан құтқарды. Әрбір ұлттың еңбекшілері жеке-жеке Кеңес республикаларын құруға еркі болды. Сөйтіп, түрлі ұлт республикалары құрылды.

Бірақ, ұлт республикалары бірінен-бірі ат құйрығын үзіп кетіп отырған жоқ, кетпейді де. Мұның себебі: маңайдағы жауларға тізе қосып қарсы тұру керек, соғыс салдарынан қираған шаруаны қол ұстасып жөндеу керек. Күш бірлікте ғой. Сондықтан, Кеңес негізіне құрылған ұлт республикаларының бәрі одақ болып, СССР атанып отыр.

СССР-ға кіретін республикалар

7. Ресейдің құрама республикасы (РСФСР).
8. Украин Республикасы (УССР).
9. Кавказдың құрама республикасы.
10. Белай орыс Республикасы (БССР).
11. Өзбекстан Республикасы (ӨзССР).
12. Түрікменстан республикасы (ТүрССР).

Қалған республикалар мен автономиялы аймақтар осынау алты республиканың біреуіне кіреді.

Біздің Қазақстан – РСФСР-ға кіретін республика.

Кеңес Ресейін кім билеп отыр?

Кеңес мемлекетінде жоғарғы әкімшілік кеңестердің жалпы одақ тобының қолында, екінші түрлі айтқанда, одақтас республикалардың тобының қолында.

Жалпы одақтық топ Кеңес республикалары одағының орда атқару комитетін сайлайды. Және ел комиссарлары кеңесін сайлайды.

Орда атқару комитетінің төрағасы Михаил Иванұлы Калинин. Комиссарлар кеңесінің төрағалығына Ленин опат болған соң Алексей Иванұлы Рыков сайланған.

Кәне, айтыңдар, Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер?

Қазақ республикасы

Қазақ Республикасы – еңбекші елдің мемлекеті. Қазақ мемлекетінің қожасы кеңестер тобы. Кеңестер тобы дегеніміз еңбекші елдің уәкілдерінің бас қосатын тобы.

Бір болыс елдегі еңбекші елдің уәкілдері топ құрып, болыстық атқару комитетін сайлайды. Болыстық топтан уәкілдер шығып, уездік топ құрып, уездік атқару комитетін сайлайды. Уездік топтан уәкілдер шығып, губерниялық топ құрып, губерниялық атқару комитетін сайлайды. Губерниялық топтан уәкілдер шығып, жалпы Қазақстанның тобын құрып, жалпы Қазақстанның орда комитетін және халық комиссарлар кеңесін (совнарком) сайлайды.

Қазақстанның орда комитетінің төрағасы, Қазақстанның ақсақалы Мыңбайұлы Жалау жолдас. Жалау жолдас бұрын жұмысшы болған. Қазақстанның халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығымет жолдас.

Қазақстанның астанасы, Орда комитет, Совнарком, тағы басқа орда мекемелердің тұрған жері Сыр өзені бойындағы Қызылорда қаласы. Қазақстанның астанасы бұрын Орынбор қаласы еді. «Орынбор қалың кедей бұ-

қараның қатынауына қашық» деп былтыр қалың елдің ортасындағы Қызыл орда қаласын астана қылды.

Қазақстанның жер ауданы – 2½ миллион шаршы шақырым. Қазақстанның барлық халқы 5 миллион, 265 мың 300 адам. Мұның 2 миллион 929 мың, 156-сы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек және басқа елдер. Қазақ Республикасында 8 губерния және автономиялы (ішкі билігі өз қолында) қарақалпақ аймағы бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша ешбір губернияға бағынбай Орда комитеттің тура өзіне қарайды.

Кеңес тобында

... ұлы топ ашылды,
Тып-тыныш өкілдер,
Қызылды-жасылды
Бас иген туды көр.
Құттықтау сөз кетті...
«Маған бер! Маған бер!»
Музыка әндетті.
Тыңдаған зал күңіренер,
«Міне, күн тәртібі».
Құлаққа жағымды,
Мәселе әртүрлі.
Қарауға алынды ...
Әркімде бір мұң бар,
Топқа кеп ұсынды.
Өз тілі, өз мұңы
Топ дереу түсінді ...
Қаламбай, Саламбай,
Бұқабай, Тасқара ...
Сөз айтты қарамай

Балада жасқана.
Мұңтілек, мұңтілек ...
Ортаға үйілді.
Қаптады бір тілек
Ұлы топ жиында.
Бәріне заң керек,
Жол керек сызуға,
Жол керек – мол керек ...
Соқыр қал қызуда!

Бейімбет

Қазақ тілі

Бұрын патша заманында қазақ тілінің құны жоқ еді. Қазақ тілі мен айтылған сөз, жазылған арыз тыңдалмайтын еді. Қалың бұқара орыс тілімен арыз жаздырамын деп ит-құсқа жем болушы еді. Ойындағы тілегі, мұңы айтылмаушы еді, тыңдалмаушы еді.

Бұл күнде олай емес. Бұл күнде қазақ тілі мемлекет тілі болып отыр. Мемлекет тілі болды дегеніміз мынау: Қазақ республикасындағы мекеменің қайсысы болса да қазақша айтылған сөзді тыңдауға, қазақша жазылған арызды алуға міндетті. Қазақ арасындағы мекемелердің бәрі барлық жұмысын, барлық қағазын қазақша жүргізуге міндетті.

Еңбекші қазақ! Кеңес мекемесі өз мекемең, тартынба, өзіңнің жалпақ тіліңмен мұңыңды шақ, ойыңды айт. Бәрі тыңдалады. Орынды болса, бәрі орындалады.

Әйел азат – әйел тең

Қазақ әйелі күң есебінде еді. Базарға салған малдай сатылушы еді. «Әйел құны – бес байтал» еді. Сүйіп қо-

сылу жоқ еді. Қалыңдық қалың мал төленіп сатып алынушы еді. Әйел жаны сүймеген жанға еріксіз байланып, маталып барушы еді – өмір бойы зар еңіреуші еді. Тоқал болып өмір бойы тепкі астында шіруші еді. Әйел азаматтықтан теңдіктен жұрдай еді.

Әйелді осынау күңдік, қорлықтан Кеңес өкіметі құтқарды. Кеңес өкіметі Ресейдегі барлық әйелге ерімен бірдей азаматтық қақын берді.

Қазақ әйелі де теңдікке жетіп отыр. Қалың мал қалдырылды. Көп қатын алу тыйылды. Әмеңгерлік жойылды. Әйел азат болды. Тең болды. Кеңес өкіметі осылай заң шығарды. Алайда, қазақ әйелінің көбі оқымаған. Шыққан әділ заңмен жуық арада пайдалана алмауға мүмкін. Қазақтың саналы азаматы әйел теңдігін жүзеге шығаруға ұмтылсын.

Қалың мал, әйелді еріксіз күйеуге беру, көп қатын алу туралы шыққан өкімет заңынан

230. Қазақ ғұрпы бойынша күйеу немесе, оның әке-шешесі, ағайындары, құдандасы жағынан қыздың әке-шешесіне, ағайындарына, немесе құдандасына қызды сол мал берген күйеуге еріксіз тиюге міндетті қылып, малдай, ақшадай, не басқа мүлікпен берілетін қалың малды берушілер бір жылға шейін еріксіз жұмысқа салынады. Немесе, бір жылға шейін еркінен айрылады. Бұл қылмысты істеген жай адамдармен лауазым иесі адамдар да сол жазаға бұйырылады. «Қалың мал» алушылар да сол жазаға бұйырылып, оның үстіне алған «қалың малындай» айып тартады.

231. Әйелді еріксіз күйеуге зорлаушылар бес жылға шейін еркінен айрылады.

232. Екі қатын алушылармен көп қатын алушылар бір жылға шейін еріксіз жұмысқа бұйырылады.

Некелену және айрылу туралы заң

Некеленушінің жасы, неке жасына толған болуы керек. Неке жасы әйелге 16-ға келгенде, еркекке 18-ге келгенде толады.

Үйленетін, күйеуге шығатын жігітпен қыз загске барып жазылу керек. Жігіт пен қыздың өздерінің ризалығы керек. Әке мен шешенің ризалығы жетпейді. Бір себептермен әйел мен еркек айрылуға керек болса, еркек сияқты, әйелдер де «некемді бұзам» деп арыз береді.

Қазақ ішінде күйеуінен шыққан, күйеуі өлген әйелдерге шатақ болып жүрген мәселенің бірі – мүлік мәселесі. Кеңес заңы бойынша әйелдің мүлкі (бұйымдары) өзіне тиеді. Мал бөлгенде өз мүлкін өзі алады. Егер әйел еңбек ете алмайтын жарымжан болса, күйеуінен, қаражат сұрауға еркі бар.

Заң бойынша жас баланың тұрмысы айрықша еске алынады. Шешесінің қолында қалған балаға әкесі жеткілікті қаражат беруге міндетті.

Есқызы Сара

Марттың 8-і – әйел мейрамы

Жыл сайын марттың 8-і күні, жер жүзіндегі еңбекші әйел мейрам қылады. Бұл күнде зауыттың түтіні, фабриктің машинасы айналасында қызметте жүрген жұмыскер әйелмен сақарада сиыр сауған түйе суарған, көш жетелеген шаруа әйел бір тілек, бір ұранмен өткізеді.

Бұл күнді Кеңес өкіметі толық теңдік алған жұмыскер, қара шаруа әйелі мейрам етсе, жат жерде патша мен

байлардың қол астында жарық күнге шыға алмай күң өмірде жүрген әйелдерде қосыла мейрам етеді. Бірақ екі жерде, екітүрлі. Біз еркімізбен сәулетпен мейрам қыламыз. Шет жерде байлар еңбекші әйелдерге еркін мейрам қылғызбайды.

Март мейрамы сана-сезімі көтерілмеген еңбекші әйелдерді қатарға қосылып, сапты көбейтуге, ұйымдасып отырып бар кемшілікті жою жолына күш салуға үндейді.

Март мейрамында қазақ әйелінің салатын ұраны:

1. Қалың мал, тоқал алуы құрысын!

2. Әйел мүгедек болып, еркек қолына қарамайтын болып, қолөнерін үйренсін!

3. Қара бұқараның белсенді әйелдері партияға кірсін! Қыздар комсомолға, пионер отрядтарына кірсін!

4. Қыз балаларды оқытуға қатты кірісілсін!

Сара

«Қосшы» ұйымы

«Қосшы» ұйымы кілең кедей қара шаруалардың ұйымы. «Қосшы» ұйымының мақсаты: кедей қара шаруаларды байларға жем қылмау, кедейлердің тұрмысын түзеу, шаруасын көтеру тағы талай игі жұмыстар.

«Қосшы» ұйымы бастап Сырдария мен Жетісу губернияларында ашылған. Осы 1926-шы жылдың басынан бері Қазақстанның басқа губернияларында да ашылып жатыр.

«Қосшы» ұйымы туралы Мыңбайұлы мен Нұрмақұлы жолдастардың төмендегі сөзін оқыңдар.

«Қосшы» ұйымы туралы Қазақстанның орталық атқару комитетінің ағасы Мыңбайұлы жолдастың сөзі

Біздің істейтін іргелі бір жұмысымыз барлық қазақ кедейін біріктіріп, шаруасын көтермелеу. Кедейлерді байлар мен жуанның қанауынан қағып, қулардың қулығынан құтылдыру.

Осы жұмысты атқаруға Кеңес өкіметіне көмек қылатын «Қосшы» ұйымы.

Қазақ кедейі әлі байлардың тегеуірінен құтыла алмай келеді. Біздің орта шаруаларымыз сайлауға кіріп алып, өзін сайлаған байдың айтқанына еріп кетеді. Бұл жойылу керек. Кеңеске кедей кіріп, өз табының пайдасын күзетіп, барлық рудың ішіндегі кедейлердің сөзін сөйлейтін қылу керек. «Қосшы» ұйымының үлкен бір міндеті осы арада.

«Қосшы» ұйымының басқа жұмыстары: кедейлерді ұйымдастырып шаруасын көркейту, мүшелерін кооперативке кіргізу, жерге орналастыру туралы және ағарту жұмыстарында көмек көрсету. Басқада талай жұмыстары бар.

«Қосшы» ұйымы туралы Қазақстанның халық комиссарлары кеңесінің ағасы Нұрмақұлы жолдастың сөзі

Қазақ елі патша үкіметі тұсында шаруа, оқу жөнінен артта қалды. Патша үкіметінің ауыр салығы қазақ елінің ішінде әсіресе кедейлерге түсті. Қазақ кедейін орыстың төрелері бір жесе, қазақтың өз байлары екі жеді.

Бірақ, қазақ кедейі әлі күнге байлардың тегеурінінен құтылып болған жоқ. Надан болған соң бай ағайынының дегенінен шыға алмайтын кедей өздеріне тиген жеңіл-

діктен, кеңшіліктен пайдалана алмай, байға ұпайын жіберіп алады.

Кедей байдың ықпалынан шыға алмаса, шаруасы нашар болып күнелту үшін байға жалынышты болған соң шыға алмай отыр.

Сондықтан, алдымен кедейлердің тізе қосып байларға қарсы шығуы, байларға ақысын, үлесін жібермеуі керек. Және сол тізені жазбай өңшең кедей шаруасын көтерін, өсіріп, тұрмысын түзеуі керек.

Кедейлердің осылай тізесін қосатын ұйым қосшы ұйымы. Қосшы ұйымының негізгі жұмысы: кедей шаруаларды ұйымдастырып, шаруасын оңдап, байлардың ықпалынан шығару.

«Қосшы» ұйымы мен жер-ағаш жұмыскерлерінің одағы

Қазақстанда «Қосшы» ұйымы да бар, жер-ағаш жұмыскерлерінің ұйымы да бар. Бұлардың бір-бірінен айырмасы қандай? Жақындықтары қандай? Айырмасы мынау: «Қосшы» аз-мұз дүниесі бар кедей қара шаруалардың ұйымы.

Мақсаты: сол кедей шаруалардың шаруасын көркейту, тұрмысын түзеу. «Қосшы» ұйымына батырақ-малай, кедей және орташа халділердің, өз еңбегімен ғана күнелтіп кедейге бір табан жақын тұрғандары да мүше бола алады.

Ал, жер-ағаш ұйымына басқа адамдарға жалданып күн көрген адамдар – батырақтар, малайлар ғана мүше болады. Батырақтар бірі қалмай «Қосшы» ұйымына да мүше болады.

Жер-ағаш ұйымындағы батырақтар, жалшылар өз еңбегі байға желінбеу жағын қарастырады.

Ал, бұл екі ұйымның бір-біріне жақындықтары қандай?

Бұлардың жақындықтары түпкі мақсаттары бір болғандық. Бай – бұлардың екеуінің де дұшпаны. Орта шаруа екеуінің де одақтасы. Бұлардың негізгі мақсаты: ауылда байға, жуан-жұдырыққа жол бермеу. Орта шаруалармен қол ұстасып, ауылда коммунист партиясы мен Кеңес өкіметінің берік, сенімді тірегі болу. Тілек бір, нысана бір болғандықтан, бұл екі ұйым – біріне-бірі шылбыр беріп, қол ұстасып, байларға жем болмай, кедей мен жалшының тұрмысын түзейтін ұйым.

Кедей қазақ! Байларға, жалдаптарға жем болмаймын десең, шаруамды өсіремін десең кідірме, «Қосшыға» мүше бол! Жер-ағаш жұмыскерлерінің одағына кір!

Жалшы қазақ! Байға ақым кетпесін, еңбегім күймесін десең кедейлердің өкіметі Кеңес заманында теңдікке жетемін десең, жер-ағаш жұмыскерлерінің одағына кір!

«Қосшы» мүшесінің барлық саны әзір – 78 мың, 380 адам, мұның 1 мың 163-і әйел. Қазақстандағы жер-орман жұмыскерлерінің одағында 2775 жалшы қазақ бар.

Май мейрамы – еңбек мейрамы

Май мейрамы – жер жүзіндегі жұмыскер мен жалшының мейрамы. Жыл сайын майдың 1-і күні жер жүзіндегі жұмыскерлер жер жүзіндегі байларға қыр көрсетеді.

Біз жер жүзіндегі жұмыскермен бірге бірінші майды мейрам қыламыз.

Англия, Германия, Америка, Жапон жұмыскерлері де бірінші май күнін мейрам қылады. Бірақ, ол мемлекеттерде буржуй-капиталистер жұмыскерлерге майды еркін мейрам қылғызбайды. Біз, еркімізбен мейрам қыламыз. Бізге бөгет болатын ешкім жоқ.

Еңбекшілер ұраны

Оян, қарғыс, таңба басылған,
Жалаңаш, аш құл, қайрат қыл!
Қайнап бастан ақыл ашынған,
Майданға қанды айдап тұр.

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз
Жарылқаймыз жарлы қалғанды
Дәулеттен сонда татамыз.

Бұл біздің ең ақырғы
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдаң.

Бостандықты бізге ешкім бермес,
Патша да, бай да, батыр да.
Бостандық бізге көктен келмес
Аламыз күшпен ақырда.

Ал, егер жоям десең құлдықты,
Тамағым болсын десең тоқ,
Қорғанбай күпілдет көрікті,
Темірді қызған кезде соқ.

Бұл біздің ең ақырғы
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдаң.

Біздер бүкіл дүние жалшысы
Біз еңбекші топтары.
Жерге қожа болу еркіміз.
Арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал, егер найзағай шартылдап,
Қаптаса жауыз дүниесін,
Бізге де жарық күн жарқылдап
Түсірер нұрлы сәулесін.

Бұл біздің ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдаң.

Лениннің өмірі

Владимир Ильяұлы Ленин 1870-ші жыл, апрельдің 23-ші күні Сібір қаласында туған. Владимир Лениннің ағасы Александрды патша өкіметі өлтірген. Ағасының қазалы болуы жас Лениннің тауын шағылдырмаған. Ат жалын тартып мінгеннен былай Владимир Ильяұлы барлық өмірін еңбекшілерді қысымшылықтан құтқаруға жұмсаған. 1895-ші жыл жас Ленин Петерборда жұмыс қылып, жұмыскерлер арасында ұйымдар ашқан. Патша өкіметі Ленинді абақтыға жауып, 1897-ші жыл Сібірге айдап жіберген. Қиыр Сібірде үш жыл айдауда жүрген.

Патша өкіметі Владимир Ильяұлына Ресейде қызмет қылуға мүмкіндік бермеген. Сонан соң Ленин шет мемлекетке Швейцарияға кеткен. Шетте отырып Ленин Ресейдегі төңкеріс күресіне жөн, жол көрсетіп отырған. Большевик, коммунист партиясының көсемі болып отырып, ұлы төңкерістің жабдығын қыла берген.

1917-ші жылдың октябрінде Владимир Ильяұлы байларға қарсы жұмыскер мен мұжықты майданға бастады. Ленин бастаған жұмыскер мен мұжық майданда жеңіп шықты.

Владимир Ильяұлы 1924-ші жылы январдың 21 күні өлді. Ленин өлді, бірақ, артында өзі құрып кеткен коммунист партиясы қалды. Коммунист партиясы Ленин өсиетін орындамақ. Ленин туын қолдан түсірмей, ілгері алып жүрмек.

Партия

Саяси әкімдікті өз қолына алуға, колына алса, өзі ұстап тұрып қалуға ұмтылатын халықтың әрбір табының ұйымы партия деп аталады. Әр партия өз табының саяси күресіне жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы

Жұмыскер табының саяси күресінде коммунист партиясы жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы дүниедегі барлық байлықты, байлықтың барлық құралдарын (зауыт, фабрика сықылды заттар) жалпы халықтың ортақ мүлкі қылмақшы. Коммунист партиясы «біреуді біреу сормасын, біреудің біреу ақысын жемесін» дейді.

Коммунист партиясы есебі барлық жер жүзінде бар. Барлық дүниедегі коммунист партияларының кіндік ұйымы коммунисшіл интернационал деп аталады. Үшінші, коммунист интернационал 1919-шы жылда құрылған. Мұны құрған – Ленин.

Кеңестер одағында коммунист партиясы (б.к.п.) жер жүзіндегі жұмыскер табына көсемдік қылып отыр. Б.К.П-ның жоғарғы ұйымы, партия жиылысы. Бір жиылыстан келесі жиылысқа дейін, партияны басқаратын – партияның орда комитеті.

Партия жиылысы мен орда комитет шығарған қаулы, бұйрық-жарлықтарды партияның барлық мүшесі, барлық ұйымы орындауға міндетті.

Қазақстанда партия мүшесі және кандидаттардың саны 30 мыңдай. Мұның 9462-і қазақ. Партиядағы қазақ әйелі – 19. Және қазақ әйелінен 213 кандидат бар.

Ортақшыл Лениншіл жастар ұйымы

Жер жүзіндегі ортақшыл ересек жұмыскерлердің коммунист партиясы болғаны сықылды жер жүзіндегі ортақшыл жастардың да ұйымы бар. Бұл ұйым ортақшыл жастардың интернационалы (КИМ) деп аталады. Ортақшыл жастар интернационалының кеңестер одағындағы бөлімі Кеңес одағындағы ортақшыл лениншіл жастардың ұйымы (ВЛКСМ) деп аталады. Кеңес одағында ортақшыл жастар, күн санап көбейіп келеді. Осы күні ВЛКСМ-нің миллион жарымнан аса мүшесі бар.

Ортақшыл лениншіл жастар ұйымы коммунист партиясының өкшесін басқан орынбасар. Комсомолдар алдымыздағы шын теңдік, ортақшылдық өмірі, жаңа тұрмысты орнатуға талпынып, қанаттарын қомдап жатқан

жас қырандар. Комсомолдар осы күнде-ақ қалың бұқара ішіне жаңа жұртшылықты орнатып жатыр. Қалың бұқара арасына жаңа тұрмыс, жаңа жұртшылық комсомолдар арқылы кіріп жатыр.

Өсе берсін, ортақшыл жастар ұйымы!

Қазақстанда комсомол мүшесі – 51 мың адам. Мұның 18 мың 589-ы қазақ.

Пионер деген кім?

Пионер – аталарына, ағаларына ортақшылдық тұрмысын орнатуға қолқабыс қылатын жұмысшы мен қара шаруаның балалары. Пионерлер Ленин жолына түскен, Ленин жолымен тәрбие алып жатқан жеткіншектер. Пионерлер – бірге жатып, бірге тұрып, бәрі бірге киініп, бәрі бір тамақ жеп, бәрі бір тәрбие алып, жасынан ортақшылдыққа үйреніп шын коммунист болуға дайындалып жатқан балапандар. Пионерлер – комсомол мен коммунисттердің қолғабысшылары. Пионер жасы жеткен соң комсомол болады.

Қазақстанда 144 пионер отряды бар. Бұл отрядтарда барлығы 13158 пионер бала бар. Мұның ішінен 18 отряд қазақ балалары. Пионер болған қазақ баласының саны – 1055 бала.

Көбейсін пионер бала!

Біздің әскеріміз жұмыскер мен қара шаруа әскері

Бұрын патшаның солдаттары алпауыттар мен байларды қорғаған. Алпауыттардың, патша генералдарының айдауымен солдаттар өздерінің бауырлары – жұмыскер мен қара шаруаға жендет болған.

Біздің айбынды қызыл әскеріміз еңбекші елдің жауларын қиратты. Жұмыскер мен қара шаруаны байлар, алпауыттардан қорғап отыр. Біздің әскеріміз кеңес жеріне жау шаппасын деп аңдып отыр.

Қызыл әскер байлардың пайдасы үшін соғыспайды.

Шаруамызды өркендетуге бізге тыныштық керек.

Бізге тыныштық алып беретін қызыл әскер. Қызыл әскер – біздің қорғанымыз.

Еңбекші қазақ, қызыл әскер қорғаның!

Қызыл әскердің қатарына бұрынғы езілген, қорлықта болған ұсақ ұлттар кіріп отыр. Әсіресе, қазақ сықылды басының қадірі ескі заманда малмен бірдей болған ұлттар, қызыл әскерді құттықтауы керек.

Біз бұрынғыдай от басында отырып шіри бермейміз. Енді қызыл әскердің қатарына қосылып, бостандығымызды өз қолымызбен қорғауға жарайтын боламыз. Бұрын солдат деген қазақ жұртына жау болса, енді қызыл – Қазақстанның қорғаны. Қызыл әскер – жалпы еңбекшілердің жоқшысы.

«Еңбекші қазақ»

Жұмыскер мен қара шаруа бауыр

«Кеңес үкіметіне жұмыскер қымбат па, жоқ, қара шаруа қымбат па? Төңкеріске жұмыскер көп еңбек сіңіреді ме, жоқ, қара шаруа көп еңбек сіңіреді ме?»

1921-ші жылы Иванов-Вознесенский дейтін қалада қара шаруа (мұжықтардың) жиылысында осылай деп жиылыстағы бір адамдар қағаз жазып Калининнен сұрапты.

«Адамға оң аяқ қымбат па, сол аяқ қымбат па? Біздің төңкерісте жұмыскер қымбат, қара шаруа құнсыз

деу – адамның не оң, не сол аяғын керексіз деп кесіп тастағандай, төңкерістің не оң, не сол аяғын кесіп тастау болады».

Калинин қағазға осылай деп жазып беріпті.

Дала мен қыр

Қыр халқы қырдан қалаға түрлі азық-түлік алып келіп сатады. Мал, ет, ұн, сүт, сұлы, май тағы басқа неше түрлі азық-түлік, астық.

Азық-түліктен басқа қала қырдан неше түрлі шикі бұйымдар да алмай тұра алмайды. Мысалы: кездеме тоқып шығару үшін қалаға, қырдың жүні керек, кендірі керек. Бұлғары қылуға етік, кебіс, мәсі, тігіп шығаруға қырдың тері-терсегі керек.

Қыр халқы қаладан шай, қант, тұз, кездеме, бұлғары, ине, жіп сықылды үй ішіне керек түрлі заттарды сатып алып кетеді. Және қыр халқының қара шаруасына егін, шөп машиналары, шалғы, айыр, амаш (соқа), мала (борана) сықылды түрлі сайман керек. Бұларды алады.

Қалада түрлі білгіштер, доктор, агроном, инженер, жетік мұғалімдер оқытып шығаратын ірі мектептер бар. Қыр балалары қаланың осы медреселеріне барып оқымақ.

Қалада түрлі кітап, газеттер басылады. Оларды оқып өзіңнің тұрмысынды түзей аласың.

Азық-түлігі, астық, түрлі шикі бұйымы бар қырсыз қаланың тұра алмайтындығы сықылды қыр да қаласыз тұра алмақ емес. Қала қырмен күн көреді. Қыр қаламен күн көреді. Бірінсіз бірі тұра алмайды. Алда-жалда бірі-не-бірінің қатынауы, біріне-бірінің беріп-алуы үзіліп

қалса, бірауыз сөзбен айтқанда, қала аш қалады, қыр жаланаш қалады.

Қала мен қыр – бір дененің екі мүшесі.

Денсаулық негізі – тазалық

Біздің қазақ үйін жылы қылмақ болып мал қораны есік алдына салып, өзі үйіне кірсе, шықса боқ басып жүреді. Үйін боқпен ластайды. Бұлай қылма. Үйдің ауасы таза болсын десек, қора-қопсыңды үйден аулағырақ ұста, таза ұста. Үй ішіне төл ұстама.

Түрлі науқасты жұқтыратын, бірден бірге тарататын микроб деген құрт, көзге ілеспейтін ұп-ұсақ. Осы микробтар тозаңға жабысып, ұшып жүреді. Адамның ішіне кірсе науқастандыра бастайды. Сондықтан үйде тозаң болмау керек. Және талай микроб насыбайшылардың қақырығымен үйді ыластайды. Насыбайшы қақырған сайын, микробты төгіп отырады. Таза болайын десең, насыбайшыны үйде түкіртпе.

Дене тазалығын сақтауға ең керекті нәрсе монша және жаздың күні суға түсу. «Ата-бабам моншасыз-ақ күнелткен» деген бос сөзді таста. Ауыл-ауыл болып ортадан монша салып ал. Моншаға түс.

Ас ішердің алдында да, ішкеннің артынан да қол жуып, ауыз шаю қазақта жақсы әдет. Бірақ, шалалығы мол. Жуған соң қолды жақсылап жуып, таза шүберекке сүрту керек. Қазақ орамалы жуылмайды. Кірі бесбатпан болып тұрады. Оны сауы да, ауруы да ұстайды. Сасыған исі көш жерге білінеді.

Адамның ішкі, тысқы киімі таза болуы керек. Тер басып, май, кір басып, сасып, борсып денені қаптап жүрген соң, көйлек, дамбал алдымен бит ұясы болады. Кірлеген денесін бит, бүрге жайлаған адам қалай оңбақ? Бит – жұқпалы аурулардың тасымалшысы, кірешісі.

Олай болса, шама келгенше киімді таза ұстау керек. Көйлек, дамбалды жеті сайын жуып тұру керек. Күпі, шалбар, бөрік секілді нәрселерді де жуып, кірден, майдан, биттен, құрттан арылту қиын емес.

Ыдыстың, астың таза болуы керек

Ыдысқа тозаң жолатпау үшін, бетін жауып төңкеріп қою керек. Астың алдында да, артында да, оңдап жуып, сүрту керек. Шамадан келгенше әркімнің өзіне арнаулы ыдыс ұстау, қонаққа арнап бөлек ыдыс ұстау – өте құнттайтын нәрсе. Науқасты адам болса, асты бөлек беру керек. Тамақты дүмбілез шала пісірмей, әбден қайнап пісуін құнттау тиіс.

Онан соң қазақ арасында тастайтын әдет – ет асату. Етті ауызға асатпай, не ыдысқа салып, не қолға беру керек. Кімнің ауру, кімнің сау екенін қайдан білесің? Біреулердің мерез, біреулердің құрт ауруы болуы мүмкін. Және ауырып өлген малдың етін жемеу керек.

Неше түрлі науқас адамның ластығынан, настығынан туады. Тазалықты оңды құнттайтын жұрттарда, мысалы, сүзек сықылды жұқпалы науқас болмайды.

Биттен келетін зиян

Адамдағы бит үш түрлі болады: 1) киім биті (ақ бит), шаш биті (қара бит), шат биті (жабысқақ бит).

Қан сору үшін бит тұмсығымен адамның терісін теседі. Биттің улы түкірігі жараға құйылады. Шағылған орын қызарады, қышиды. Қышыған орынды адам қасиды. Көп қасылған орын тырнақтың зардабынан жара болады. Мыңдаған биттің шаққаны адамды жүдетеді, адамның қаны азаяды, әлсізденеді. Бұл – бір.

Екінші – шаққан орны қаси-қаси жара болады, жара іріңдейді, қотыр болады. Жараға шыбын тышып құрттап кетуі де мүмкін. Құрттап кетсе, өлуі мүмкін. Әлсіз адамға ауру өш болады. Биттеп кеткен адам басқа ауруларға тезірек душар болады. Шаттағы бит кірпікке түссе, көз ауруы пайда болады. Шаттағы бит жырмашқа түсіп әйелдердің астына кіріп өте қолайсыз қышыма ауру туғызады. Аш бит малдың, биттің, тышқанның, басқа жануарлардың да қанын сорады.

Биттің жоғарыда айтылғаннан гөрі бір орасан зияны бар.

Бит ауру жұқтырады

Соңғы 10-15 жылдың ішінде биттің адамға жұқпалы ауруларды егетіні айқындалды.

Адамды қырып кететін сепкіл сүзек, қайталама сүзек деген аурулар адамға бит арқылы жұғады. Осы екі аурудың өздеріне дербес көзге ілінбейтін құрттары (микробтары) бар. Микробтар қанға кірсе, өсіп-өнсе адамды ауру қылады. Сүзекпен ауырған адамның қанын бит сорса, қанмен бірге ауру құрттары, биттің ішіне кірген микробтар біртүрлі болып өзгереді де, жеті-сегіз күннен кейін адамға өте зәрлі болады. Осындай бит жарылып кетсе, ішіндегі улар босайды.

Шаққан орынды қасығанда әуелі бит жаралайды. Тырнақтар теріге сызат береді. Өлген биттің заты теріге сіңіріліп үйкеледі. Докторлардың шешектің затын еккеніндей қылып өзіміз өзімізге аурулы биттің затын егеміз. Микробтар қанымызға кіріп аурулы қылады. Битті екі тырнақтың арасына салып өлтіріп, тырнақты аузымызға салсақ, не жейтін тамағымызға тигізсек, биттегі құрттар ішімізге кіріп ауру қылады. Қазақтың битті тісімен жарып өлтіруі өте қауіпті. Секпіл сүзек, қайталама сүзек адамға тек бит арқылы жұғады.

Бит жоқ жерде бұл аурулар да болмайды. Биттің адамға осындай төтенше зияндары бар.

Биттен сақтану жолы

Олай болса, биттен сақтану керек, биттен құтылу керек. Сақтану жолы мынау: биттің жауы – тазалық. Адамның денесі мен киімі таза болса, үстіне бит түспейді. Ішкі киімді (көйлек, дамбалды) ең болмағанда жетісіне бір жаңғыртып кию керек, сірке бір жетіде бит болады. Осы бір жетіге жеткізбей көйлек, дамбалды жаңалау керек.

Моншаға жиі түсу, жазды күні жиі шомылу, жат төсекке жатпау секілді нәрселердің биттен сақтануға керектігін әркім-ақ түсінеді. Сырттан қарағанда бит шабан мүгедектеу жануар болып көрінсе де, шындығында олай емес. Битті адамға битсіз адамның бір жері тиіп кетсе-ақ бит «жұғып» қалады.

Биттен сақтану үшін түрлі дәрілер де жұмсалады.

Ал, бит түсіп қалған болса, бастағы, қолтықтағы, шаптағы биттен құтылу үшін түктің бәрін ұстарамен сыпырып алып өртеп жіберу керек. Көйлек, дамбал, төсек-орын секілді киімдерді күл араласқан суға салып қайнату керек. Не болмаса, бір күндей күлдің ертіндісіне салып қою керек. Киімді жанып тұрған оттың лебіне ұстап алу да битті қырып тастайды. Нан салынған пештің ішіндегі қызуға қою да битті өлтіреді.

Қысқасы, бит адамға жау. Зияны сансыз. Сақтану керек, құтылу керек.

Досмұқамбетұлы Халел

Шаруаны түзеу керек

Қазақ еңбекшілері қолындағы аз малдың өзін дұрыстап, ұқсатып жөнді пайда көріп отырған жоқ. Қазақтың малы өніп емес, өліп пайда береді. Өлген өгіздің терісін сатып иесі ақша қылады. Оны да жарты бағасына береді.

Тірі малдан қазақ қандай пайда көріп отыр? Сиырдың сүті, майы үй ішінің ішіп-жеуінен артылмайды. Қойдың жүні қотанға келген бақалшыдан аспайды. Байлықтың көбі текке кетеді. Малдан пайда аз болғандықтан нашардың көп нәрсеге шамасы да келмейді. Онда шөп шабатын машина жоқ. Егін салатын соқа жоқ. Малды сатып сайман алса, сайманды сүйрер көлік жоқ. Бірін алса, бірі жоқ. Көрпені басына жамылса, аяғы ашық қалады. Аяғына жапса, басы ашық. Оның осы күнгі тұрмысы көбінесе әуре-сарсаң, ит-қорлық.

Қазақ шаруасының кері кетіп бара жатқанының себебі не?

Бұған екі түрлі себеп бар. Бірінші себеп: кедей, нашар шаруалар ірі, жуан шаруаға ілесе алмайды. Қазақ ішінде малы көптің жері де көп. Оның құрал, саймандары да бар. Кедей қолшалғымен бір жұма шабатын шөпті бай машинамен бір-ақ күнде шабады. Кедей қолындағы жүн-жұрқасын тиісті жерге апарып өз бағасымен сата алмайды. Сондықтан ол мұндай бұйымдарды жарты бағасына ауылына келген саудагерге береді. Ауқатты шаруада мұның бәрі болмайды. Сөйтіп, кедей шаруасының әлсіздігінің арқасында, баймен жарыса алмайды.

Шаруаны ілгері бастырмай отырған екінші себеп: өнер-білімнің жоқтығы. Шаруаның неше түрлі тәсілдері білімнен табылады. Осы күнгі Америка, Австралия деген жерлерде нағыз өнерлі, тәртіпті шаруа. Олардың көріп отырған пайдасы бізден жүз есе, мың есе артық.

Ысмағұл

Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау

Сиыр малын біздің қазақ көбінесе сату үшін, сүті үшін ұстайды. Бірлі жарым болмаса, сиыр жылқы мен қойдай тамақ үшін сойылмайды. Шала көшпелі, отырықшы елдерде өгізбен жұмыс істеу де таралып келеді.

Базарлы жер маңында отырған ауыл, қыстақтар малдың тобын көбейтіп сату үшін ұстамай, сауын сиыр ғана ұстау керек. Базарға жеткенше сүт ашып кетерліктей

жердегілер мал жайылымы тар болса кілең сауын сиыр ұстап, май сататын болу керек.

Шаһардан ұзын мойын қашық жатқан, жүк кіресі қымбатқа түсетін, не қалаға жеткенше ыстықта май ағып кететін жердегілер сиыр малын базарға сататын түрде ұстау керек.

Осы үш түрлі нысананың өзіне қарай әдісі бар. Белгілі әдісті қолданғанда, сиыр шаруасынан өнімді пайда шығаруға болады. Шаруаның әдісін білген ел, аштан өліп, көштен қалмайды. Еуропада Дания деген мемлекетте бір үйлі жан құс өсіріп, жұмыртқа сатып, жарты десятина жермен күн көреді. Біз бір күнде Дания бола алмаймыз. Сонда да, тұрмыстан қаққы жемеу үшін үлгілі елге еліктеу керек.

Агроном

Сүтті сиыр

Біздің қазақ сиыры жылына орта есеппен 30-50 шелектен артық сүт бермейді. Дания мемлекетінің елі бір сиырдан 200-400 шелек сүт алады. Бір жылдың ішінде 500 шелек сүт беретін сиырлардың Америкада таңсықтығы жоқ. Америкада бір сиырдың салмағы Ресейдің екі ірі сиырының салмағынан артық.

Американың ірі сиырларының салмағы 49-50 пұттарға жетеді. Америка сиырларының бір ғажап жері – аса сүтті болады. Ең сүтті сиыр бір жылда бір мың бір жүз 22 шелек сүт, 42 пұт май береді.

Мұндай сүтті сиырлардың бір тәуліктің ішінде жейтін тамағы 103-108 қадақ шамасында болады.

Сауын сиыр ұстағандардың есінде болсын

1. Сиыр салқын қорада болса, өте суық су ішсе, жемді көп керек қылады. Қора жылы болса, су жылытып берілсе жем аз кетеді.

2. Қора жарық болса, ауасы таза болса, сиырдың үсті-басы таза болса, сиыр ауырмайды.

3. Сиырды ұру, жұлқылау, сиыр жанында шаңқылдап сөйлеу сиырдың сүтін кемітеді.

4. Екі жаман сиыр ұстағаннан жақсы бір сиыр ұста.

5. Сиыр тұқымының түзелуі көбінесе жақсы бұқадан.

Жұмыс атыңды жақсы күт

Аттың күтімі кем болса, мініс бермейді, жұмысқа жарамайды. Өз жайыңды қандай ойласаң, атыңның жайын сондай ойла.

Атыңды аш қылма. Мезгіл-мезгіл жем бер. Атқа ең жақсы жем, шөп пен сұлы бер. Орта денелі ат, орташа жұмыс қылғанда күніне 10 қадақ сұлы, 10 қадақ шөп керек қылады. Атты жазды күні жер жақсы болса аяғынан оттатқан жөн.

Қысты күні атыңа суық су берме. Қоңыр салқын болсын. Ат күніне 2-3 шелек су ішеді. Жазды күні ыстықта бұдан көп ішеді. Атыңды ыстықтай суарма, ыстықтай жемге қойма. Атқора жылы болсын, таза болсын. Ұрма, жекірме. Аттың арындауық, тістеуік, тебеген, қиас болуы көбінесе иесінен болады.

Ауыр жүк сатып аттың қажырын мұқама.

Қойды жақсылап бақ

Басқа малдың түрлі атасы болған сықылды, қойдың да түрлі атасы бар. Жер жүзінде қазақ қойынан артық қой да бар, кем қой да бар. Бірақ қазақ баласына, қазақтың өз қойы жақсы.

Қойдың қазаққа беретін пайдасы күшті. Қазақ шаруасының мықты бір тіреуі – қойдың еті, сүті, жүні, майы, терісі. Қазақ қойының тірі салмағы 4-5½ пұтқа дейін болады. Таза еті 1½ пұт, 2 пұт болады. Құйрығы ½ пұттан 2-3 пұтқа дейін болады. Жаз бойына 4 шелек сүт береді.

Қысқасы, қойдың пайдасы күшті. Әңгіме бірақ қойдың тұқымын аздырмай, жақсы қылып ұстауда. Мұның үшін алдымен істейтін жұмыс – қошқарды таңдап сала білу керек. «Қойды шартық бүлдіреді» деген сөзді қой баққан қазақтың өзі айтқан ғой. Осыны ұмытпа! Және бір қошқарда 20-30-35 қойдан артық болмау керек. Қой 4-5 қоздайды. Кәрі қойды қоздатуда да пайда жоқ. Тұқым азып кетеді. Тағы бір айтатын сөз: қойды қысты күні жүндетпеуге тырысу керек.

Қазақстанда 1916-шы жылы 10 миллионға жуық қой болған. 22-ші жылы қойдың саны кеміп 2½ миллион шамасына түсіп қалған. Соңғы жылдарда қой тағы көбейіп келеді. Осы күні 6 миллиондай қой бар.

(Бұл есептің ішінде Сырдария мен Жетісу губерниялары жоқ).

Ешкі асыра

Соңғы кезде үйір-үйір мал түгіл жалғыз сауын сиырға да қолы жетпей қалған қазақ аз емес. Тұралап қалған ке-

дейді сиырдың орнын басып аш қылмайтын мал – ешкі. Тегінде ешкі пайдалы мал. Пайдасы мынау: ешкі 5-6 ай жазаласа, 10 ай сауғызады. Тұқымы тәуір ешкі жылына 45 шелек сүт береді. Тұқымы асыл ешкі 70 шелек сүт береді. Қазақы ешкі жазғы 4-5 айдың ішінде 10 шелектей сүт береді. Ал, біздің қазақтың сиыры жылына орта есеппен 30-40-тан артық сүт бермейді.

Білгіштер есептеп шығарған: бір сиырдың асырауы 8 ешкінің асырауынан қымбатқа түседі. Қазақы сиыр жылына мақтағанда 50 шелек сүт береді. 8 ешкі тіпті құрытып, жазды ғана есептеп, ешкі басы 10 шелектен салғанда да жазына 80 шелек сүт береді. Қалайда тұралап қалған кедейге ешкі пайдалы-ақ.

Ешкі сүті әсіресе, балаларға және көкірек аурулы адамдарға пайдалы. Себебі, ешкі құрт ауруымен тіпті ауырмайды. Сиырда бұл ауру көп болады.

Ешкі жылына екі лақтайды. 8-10 жазға дейін баладан қалмайды. Және ешкінің түбіті де пайдалы ғой.

Мал өрісі

Малдың өрісін ретке салу, малдың оттауына да, шөптің өсуіне де керек. Жазғытұрым тұяқ ізі қалмайтындай болып қашан жер кепкенше, малды аузынан оттасын деп өріске жіберу жарамайды. Малдың тұяғы батқан жер, жерді шиырлап, шөпті жаншып, берекені кетіреді. Өріске малды бытыратып, бетімен жайылсын деп жіберу де есепке келмейді.

Малдың өрісін үш ауданға бөліп, әрқайсысын екі жұмадан бағу керек. Сөйткенде мал оттаған аудан бір айдың ішінде тынығып, шөбі жетіліп, тағы да мал от-

тауға жарап қалады. Аяғынан қыдырып оттаған мал, әр шөптің басын бір шалуыттап, қанша шөпті босқа басып, таптап, берекесін кетіреді.

Мал індеті

Неше түрлі індеттен жылына қанша мал қырылады, індет мейлінше жұғымтал болады. Сондықтан малда індет білінісімен мынаны істе:

1. Ауру малды сау малға жолатпа. Ауру мал тұрған қораға сау мал қамама.
2. Ауру малды бөлек ыдыстан суар, ауру малдан қалған жемді сау малға берме.
3. Малдан індет білінісімен мал дәрігеріне білдір. Дәрігер келіп қараған соң не қыл десе айтқанын қыл.
4. Індеттен өлген малдың өлексесін, алысқа алып барып көміп таста. Сойма, терісін алма, етін жеме.

Қазақ малының тұқымын асылдандыру керек

Бұл күнге шейін қазақ малының санын көбейтумен болып, тұқымын асылдандыру туралы ойланған да жоқ. Сол себепті қазақ малы уақтанып, азып барады. Мұнан бірнеше жыл бұрын Орынбордан Мәскеуге апарған өгіздердің еті 15 пұттан кем болмай жүруші еді. Бұл кезде орта өгіздің еті 13 пұттан артпайтын болды.

Мал уақтанған екен, одан қорқуға жарамайды. Білім мен еңбек сіңірген кісі малдың тұқымын түзеп алады. Оқыған адамдарға мәлім: мал тұқымының асыл жері шет елдерде. Ол жерлерде жүйрік айғырдың басы 200 мың сомға шейін барады. Бұқаның қымбаты 5 мың сом

болады. Жақсы қошқарларға қымбатсынбай 500-600 сом береді. Осы малдардың асылдығы әуелден-ақ осындай болмаған, жүре түзелген. Малдың тұқымын асылдандырушылар көп еңбек сіңірген, асырауы, бағып-қағуы жақсы болған. Айғыр, бұқа, қошқарларды өз малдарының арасынан-ақ танып салған.

Қазақ малының тұқымы тегінде өте жақсы. Жалғыз-ақ соны тағы да жақсы қыла түсуге біраз еңбек сіңіру тиіс.

Сиыр тұқымын асылдандыру үшін қазақтың өз малынан табылған жақсыларын сұрыптап араластыруға керек. Бұл айтқан ретше тұқымның тазаруына бірінші себеп болатын нәрсе: малды жақсы асырап, жақсы күту. Егер бұған сақтық қылса, еткен еңбек босқа кетеді. Мал қыс күнінде азыққа тарықпаса, суыққа ұрынбаса іріленіп тез өседі. Айғырлар, бұқалар күйлі болса, балалары да асыл және берік болып туады.

Жұрттың көбі үйірге қосатын айғыр, бұқаларының жақсы, жаманына көз жібермейді. Малдың еркек-ұрғашы екі жағы да бірдей тәуір болса, тұқым асыл болуын естен шығармасқа керек. Және қазақ малы құнажын, дөнежіннен балалайды. Бұл да пайдасыз нәрсе. Малдың тұқымы уақтанып өспей қалады. Тұқым үшін малдың еркегі болсын, ұрғашысы болсын, ең берігін, күштісін, сұлуын таңдап алуға керек. Нашарын тұқымға қоспау тиіс, еркектерін піштіріп, ұрғашыларын сатуға немесе союға лайық.

Міне, осылай қылып отырса малдың тұқымы өз-өзінен асылданып кетеді.

Мал тұқымын асылдандырудың бұдан басқа да жолы бар. Бұл жол –қазақ малын басқа асыл тұқыммен қан

араластыру. Бірақ бұл жолға түскенде қатты ескеретін нәрсе мынау: шет малдың қазақ даласын жерсінбей азып кететіні болады. Сондықтан, қазақ малын шет тұқым малмен қан араластырып асылдандырамын дегенде білгіш мамандардан ақыл сұрамай іс қылмау керек.

Қазақстанда 81 жерде мемлекеттің асыл тұқымды айғырлары бар. Барлығы – 165 айғыр. 89 жерде асыл тұқымды бұқалар бар. Барлығы – 156 бұқа. Малымды шет тұқымға қан араластырып асылдандырамын деген қазақ осынау жерлерге алып барып шағылыстырып алуға болады.

Қазақ малының саны

Қазақстанның Сырдария мен Жетісудан басқа жерінде 1916- шы жылы 17 миллион, 276 мың 996 тұяқ мал болған. 1922 жылы малдың саны мүлде кеміп 6 миллион 195 мыңға түсіп қалған. 1923 жылдан бері мал тағы өсе бастап, 1925 жылы мал 12 миллион 763 мың 60 тұяқ болды. Сырдария мен Жетісудың малын қосқанда осы күні барлық Қазақстанда 19 миллион мал бар.

Сөйтіп, Қазақстан малы тағы жыл санап өсіп келе жатыр.

Кооператив

Қазақтың көбі мал бағады. Егін салып күн көретіндері де бар. Қазақтың байлығының көбі малда. Қазақ малдың сүтін ас қылады, терісін киім қылады. Бірақ осының бәрін ұқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудегерге бір теңгеге сатса, сол терісін саудегерден былғарыдай он теңгеге қайта сатып алады.

Қазақ қойының жүнін саудегерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда жүз теңгеге алады. Қазақтың көретіні ылғи залал. Барлық дүние саудегерлердің қалтасында қалады.

Кооператив болса, осының бәрі халықтың өз қалтасына қалады. Ел байиды, тұрмыс түзеледі.

Кооператив (кооперация) деген қазақтың тілі емес. Бұл – Еуропаның сөзі. Қазақшылап кең мағынамен айтқанда, кооперативті «ұйым» деуге болады. Ұйым әртүрлі: жастар ұйымы бар, жалшылардың ұйымы бар. Басқа да ұйымдар болады. Кооператив – шаруа ұйымы. Шаруа ұйымының ішінде сауда, саттық жолындағы ұйым.

Садуақасұлы С.

Ұйым дүкені

Кооператив әлденеше түрге бөлінеді. Шаруаның ретіне қарай кооперативтің түрлері өзгереді. Осы күнгі шаруашылықта көбінесе, үш түрлі кооперативтің орны бар.

Бірінші және ең әуелгі шыққан кооперативтің түрі ұйым дүкені деген. Ұйым дүкенін орысшалап айтқанда «потревитель» дейді. Орыс қалаларына жақын жерлердің қазақтары потревительдің мәнісін әбден біледі.

Ұйым дүкенінің мақсаты – алатын нәрсені арзандату. Ұйым дүкенінің нәрсені арзандататын себебі: бір қолдан алады да, бір қолдан сатады. Екі ортада саудегерлер кірісе алмайды. Сондықтан оларға төленетін артық баға, ұйым дүкенінің өз қолында қалады. Ұйым дүкені халықтың өз ұйымы болғандықтан, әрине, нәрсенің бағасын халық арзан қояды. Өйткені, бәрібір ол дүкеннің пайдасы да айналып келіп халықтың өз қалтасына құяды.

Қазақстанда барлығы 874 ұйым дүкені бар. Мұның 210 ғана қазақтікі.

Садуақасұлы Ысмағұл

Қарыз серіктігі

Кооперативтің екінші түрін қарыз серіктігі дейді.

Қарыз серіктігін ашқандағы пайда: қаражаты жоқ кедейлерге қарызға, қолайлы ретпен ақша беріледі. Мұқтаж үйлерге қарыз беру үшін бір қала (ауыл) болып ортасынан банкі ашады. Бұл банкіге телінген адамдардың бәрі де мүше болып жазылады. Әрбір мүше тиісті пай төлейді. Барлық мүшелерден жиылған пай банкінің түпкі қаражаты болып саналады. Осы қаражаттан керек уақытта банкіге жазылған адамдар қарызға ақша алып тұрады. Банкі жай кісілердей екі есе, үш есе өсім сұрамайды. Банкі көп болса жылына 6 тиын, 7 тиын өсім алады. Мұндай өсімді қай шаруа болса да көтере алады.

Әсіресе, нашар үйлерге пайдасы күшті. Мысалы: қазір алым төлеу керек. Нашарлардың қалтасында ақшасы жоқ. Бидайын сатайын десе саудегер арзан баға береді. Біраз күтіп сатса, ол бидай екі-үш есе қымбатқа кетуі мүмкін. Міне, осындай уақытта нашар банкіден қарызға ақша алады. Соңынан бағасы келгенде бидайын сатып, банкіге қарызын төлейді. Банкінің басқа да пайдасы толып жатыр. Қалаға (ауылға) егін соғатын машина керек. Бір кісінің бұған шамасы келмейді. Банкі бар. Банкіден ақша алып, машина сатып аласың. Тағы да бір мысалы: біреудің колында ақша бар, ол оның калтасында текке жатады. Ол ақшаны банкіге салып қоюға болады. Банкіден өсім алады.

Ысмағұл

Кәсіп ұйымдары

Кооперативтің үшінші түрін кәсіп ұйымдары дейді. Кәсіп ұйымдарының өзі тағы да әлденеше түрлерге бөлінеді.

Әрбір үй сиыр сауады. Сауып алған сүтін, әрқайсысын өз алдына ұқыптайды. Сиырдың сүті әуелі ішу үшін керек. Онан соң май алу үшін керек. Бірақ, қолмен былғағанда майдың жартысы сүтте кетеді. Оның үстіне ол май таза болып шықпайды. Соңғы кезде сүттен май айыратын машина шықты. Осы күні сүт пісетін зауыт та бар.

Еуропада Дания, Голландия, Шведцария деген патшалықтар бар. Осылардың бәрі май сатып күн көреді деуге әбден болады. Бұлар сүтті зауытта пісіп майын алады. Қалған сүттен «сыр» деген ірімшік жасайды. Майды да, «сырды» да сатып ақша қылады. Қазақтың сүт-майы сату түгіл жеуіне жетпейді. Міне, осындай да кәсіп ұйымын ашуға болады.

Орыстар арасында бұл кәсіп ұйымы бұлай ашылады: бір қала болып жиылып, ортасынан сүт пісетін зауыт салады. Зауыттың басына іс білетін кісілерді қояды. Содан кейін әрбір үй сауған сүтін зауытқа апарып отырады. Зауытта кімнің неше шелек сүт әкелгені жазылып отырады. Ай сайын болмаса жыл аяғында есеп болады. Әркімге зауытқа әкелген сүтіне қарай май береді. «Сыр» (ірімшік) береді. Ал, майды сатуға керек болса, онда ұйым атынан оны қымбат өтетін жерге алып барады. Ақшасын жоғарғы тәртіппен тағы бөліп алады. Болмаса ұйымды күшейтуге салады.

Сүт зауыттарынан басқа кәсіп ұйымдарының түрлері бар. Мысалы: біреу арбашы екен, жалғыз өзі ол кәсіпті жүргізуге шамасы келмейді. Үш-төрт арбашы бірігіп ұйым жасайды.

Мұнан басқа да кәсіп ұйымдары толып жатыр. Бірігіп тері илейтін ұйым болады. Бірігіп егін салатын ұйым болады. Бірігіп ұсталық құратын ұйымдар болады, мұндай ұйымдардың барлығы «кәсіп ұйымдары» деп аталады.

Смағұл

Машина серіктестігін қалай жасауға болады?

Ауыл шаруашылығына керек машина, саймандар бірнеше жылға қарызға беріледі. Жеке бір үйдің (бай болмаса) егін соғатын, оратын машиналарды алуға шамасы келмейді. Қандай машина сайманы болса да, серіктесіп алғанда арзанға түседі. Серіктесіп алғандарға өкіметтің беретін жеңілдіктері бар.

Машина серіктігін жасау үшін 15-20 үй біріксе болады. Серіктескендер арадан бір кісіні серіктің жұмысын басқаруға сайлап қояды. Сол кісі жақын жердегі шаруашылық кооперативі арқылы өздерше керек машина-саймандарын несиеге алады. Әуелі шаруашылық кооперативі өзінің инструкторын не агрономын жіберіп машина серіктігінің уставын бекітеді. Жердің топырағына қарай қандай машина, сайманның керектігін агрономнан, білетін кісіден сұрау керек. Алынған машинаны серіктікке мүше еместерге жалға беруге болады. Жалдан түскен ақыға жаңа машина сатып алып пайда істеуге болады.

Қазірде Кеңес одағында мыңдаған машина серіктік-тері бар. Күн сайын көбейіп келеді.

Ел ішіндегі қосшы, батырақ, кедей, орта шаруаларды тіршілік қамы үшін машина серіктігін ашу керек. Машинасыз шаруа бұл заманда ілгері аяқ баса алмайды.

Қазақстанда 1924 жылы қара шаруаға 2 миллион сомдық машина-сайман сатылған. Бұл машинаның жартысына жақыны қара шаруаға қарызға берілген.

Агроном

Көзі ашылған кедей

Октябрь төңкерісінен бұрын Шыныққұлда өзінікі деген тұқымдай жер болған жоқ. Қасқырбайдың қосын айдап, итшілеп өмір өткізетін.

Октябрь төңкерісінен кейін байлардың жерін, малын кедейлерге бөліп береді деген алып-қаш жылы сөз Шыныққұлдың құлағына тиді. Қай күні бөлуші келеді деп екі көзі төрт болып, күтіп жүрді. Жуан жұдырық, келімсектер қызыл болып боялып, бұрынғыдан бетер тояттай берді.

Октябрь төңкерісінің таудай толқыны жайыла-жайыла Жетісуға да жетті. Жуан жұдырық, келімсектер шөп-шардай шетке қағылып шығып қалды. Талай Қасқырбайдың жері, малы, қосшы-батыраққа үлестірілді.

Шыныққұлдың да өмірлік қанды бейнеті, табан ақы, маңдай тері ақталды, аз да болса үлес алды.

Шыныққұл партияға кірді. Жүре келе іске шеберленді. Жігерлі азамат болды. Күні үшін қосшы ұйымына кірген қуларды бірте-бірте шығара бастады.

Нағыз батырақтарды қосшыларды біріктіріп Шыныққұл кооператив ашты. Өкіметтен берілетін машина-сайманды, тұқымды алдымен алып, тиісті орнына жұмсайтын болды.

Кедейлердің басы құралған жерде Шыныққұлдың аузынан түспейтін сөз: «Күш бірлікте. Кедейлер, қоғамдасыңдар! Серіктік ашыңдар. Жеке дара жүріп шаруа түзеуге болмайды. Қулардың қолына іс бермеңдер».

Қ. М.

Пар болса, егін шықпай қалмайды

Егіннің шығымды болуына жылылық, жарық, су – осы үшеуі керек. Қазақ жері жылылық пен күннің жарығынан кенже емес, жалғыз-ақ, суы тапшы. Сондықтан, егінім шығымды болсын деген қазақ аңызға тым тоқырайтын қамды істеу керек.

Оның жолы мынау:

1. Күзгі пар, аңызды, күзгі күні жыртып тастау керек. Бұған арыс салынады. Күз жыртудың пайдасы сол – жұмсартылған топыраққа жаңбыр суы да, қар суы да жақсы сіңіп байланады.

2. Ерте (жазғытұрғы) пар. Апрель, май ішінде жаңа жер айырып тастау. Жаңа жер июнь, июль, август айларында айырылса, келесі жазғытұрымға шейін топырақ шірімейді. Егілетін өсімдікке тас пен бір есеп болып қалып, азықтануға болмайды.

Қазақстанда 1924 -ші жылы 1 миллион 913 мың 215 десте егін егілген. Ал, 1925-ші жылы 2 миллион 439 мың 714 десте егілген. Сөйтіп, Қазақстанның егіні жыл сайын көбейіп келеді.

Агроном

Сұлы, бидай, арпа егу жолы

Күз аңызды жырту екі түрлі болады: 1) егінді қыртысымен жұқалап бетін жырту. Тереңдетуді жазғытұрыға қалдыру; 2) күздің өзінде-ақ терең жырту.

Әр ауданның райы басқа болады. Сондықтан осы екі жолды да байқап, қайсысы өнімді болса, соны қолдану керек.

Сұлы, бидай, арпа тұқымы төрт түрлі ретпен себіледі: 1) бытыратып қолмен себу, не шашқышы бар соқамен себу; 2) бөлек көлік жегіп бытырама шашқыш (разбросной сейка) мен себу; 3) қатарлама шашқыш (рядовой сейка) мен себу.

Қолмен себу – атам заманғы ескі әдіс. Қазақтың өгізіне мініп, автомобилмен шашқандай өнімсіз. Егінге шыннымен беталғандар қолмен себуді талақ қылу керек.

Ескі аңызға бытырама шашқыштан (разбросной сейлкадан) шашқышы бар соқа артық. Бірден жыртып, шашып отыратын соқамен көлікті де, уақытты да үнемдеуге болады. Жанталас егісте – көліктің күші де, уақыты да алтыннан қымбат.

Бәрінен артығы қатарлама шашқыш (рядовой сейлка).

Тұқымның аз-көп себілуінен, егіннің шығымында артық айырма болмайды. Бытырама шашқышпен сепкенде бір десеге 5 пұт жетеді. Қатарлама шашқыштықпен сепкенде бір десеге 4 пұт жетеді. Қатарлама шашқыштың артықша пайдасы – тұқым аз кетеді. 30 десте алатын кісінің 30 пұты жанына қалса қақалмайды ғой! Қолмен шашқанда кемінен 6 пұт керек. Десте басы 2 пұт жанға қалдыратын қатарлама шашқыш алып, қолмен себуден ат-тонды ала қашатын заман туды. Және де егістің шығымына әсер беретін тұқымның түрі – таза болу. Мәселен:

бидай тұқымы бірнеше атаға бөлінеді. Бәрі бірдей бір ауданда, бір қалыпты шығымды болмайды. Қысты күні қар тебуге жарамайтын орыстың мәстегіндей, жергілікті күн райын көтере алмайтын бидайдың да қағанақ түрлері бар.

Қапелім егін салуға кіріскен кісі сұлы, бидай, арпаның өз жеріне ыстыққа шыдамды түрлерін біле алмаса, бір тұқымның әр атасынан аздап қана алып, тәжірибе жасау керек. Үш жылдық тәжірибе жетеді. Содан кейін ыстыққа, суыққа шыдамды түрлерінен тұқым сайлап, егісті көбейту керек. Не бұрыннан сол ауданда егін салып ысылғандардан тұқымның қандай түрін салайын деп ақыл сұрау керек.

Агроном

Тұқымды аңызға сеппестен бұрын шығымдылығын айыруға болады

Талай диқанның өзінше жақсы деп сепкен тұқымынан егін селдір шығып, шығым аз болады. «Жерім, жақсы еді. Тұқымды жиі сеуіп едім, жаз жауынды болып еді...» деп егіннің шығымды болмағанын «Құдайдан» көреді.

Әртүрлі себептер тұқымының шығымдылығын кемітеді. Оны тұқымның түріне қарап айыруға болмайды. Көзге топ-толық көрінгенмен шықпайтын тұқым көп болады. Тұқымның шығатын, шықпайтынын күні бұрын байқап алуға болады. Мұны байқаудың жолы: алақандай кигізді тәрелкеге (басқа жайпақ ыдыс та жарай береді) салып, аздап су құю керек. Киіз үнемі дымығып тұрса болады. Содан кейін қапшықтың орта кезінен талғамай жүз дәнді бөліп алып жоғарыда айтылған киіздің үсті-

не таратып тастау керек. Таратылған дәннің үстін екінші киізбен жауып тәрелкені жылы жерге қою керек. Екі күннен кейін киізге себілген дән шыға бастайды. Шыққан дәндерді алып тастап, қай күні қанша шыққанын жазып отыру керек. Қылтиып сабақшасы көрінген дән шыққанға есеп. Киізге отыртылғаннан 10 күнге дейін шыққан дән есепке алынады. Одан кеш шыққаны есепке алынбайды. Есеп мынау:

10 күн ішінде 100 дәннің 90-ы шықса, тұқымның шығымдылығы 90 деп есеп қыламыз. Орта шығымдылық үшін 100 дән бидайдың 93-і, арыстың 91-і, сұлының 85-і, тарының 94-і, бұршақтың 95-і, марковтың 65-і, капустаның 90-ы, свекла (лебле)нің 85-і киізге сепкенде 10 күн ішінде шығу керек. Осы көрсетілген саннан шығымдылық кем болса, не тұқымды көбірек шашу керек, не тұқымды ауыстыру керек.

Агроном

Тары ек

Қазақстан, Түркістанның шөлінде тарыдан артық өсіп-өнетін егін жоқ.

Біздің қазақ тарыдан көже қылады, майға бұлғап нан орнына жейді. Сиыр қолдан кетсе, ешкі сауын болады. Бидай салуға шама келмесе, тары егін болады. Кедейдің егіні тары.

Тары атқа жем болады. Тары сабаны – сиырдың атасының асы.

Тары өсіп-өнуге артық жылылық керек. Қазақстан, Түркістан жылылыққа бай. Тары суға өзге өсімдіктей мұқтаж емес, Қазақстан, Түркістан шөл. Осымен

Қазақстан, Түркістан – тары жайы. Тары қандай құрғақшылықты көтереді. Өзге өсімдік, егін шөлден жоқ болғанда, көгеріп гүлдеп тары ғана қалады. Тары салғанның ғана еңбегі төленеді, шаруасы күйзелмейді. Тарының тағы бір шаруаға артығы: шегіртке, сары шұнақ тағы өзге егіннің жауы тарыға тимейді. Бидайды жабатын арам шөптің бір атақтысы бидайықбас тарыға жоламайды.

Біздің Қазақстанда, Түркістанда жазғытұры өткіншідей зулап өте шығады. Тары кеш салса да өсіп-өнеді. Алдымен өзге егінді салып, тарыны артқа қалдырған шаруаға кер болмайды. Жаңбыр жаумайтын құрғақ жазғытұры Қазақстан, Түркістанда жиі болады. Егін-жайы құрғап кетсе, жауынды күтіп салуға жалғыз тары ғана көнеді.

Тарыдан кейін бидай салса, бидай жақсы шығып өсіп-өнеді.

Ыбыраш

Құрғақшылық деген не?

Жаз құрғақ болып, егін, шөп шықпаса, мал жұтаса, қазақ пен мұжық «бізді Құдай ұрды»дейді. Молда, қожа надан елге боқтан өзгені айтады. Сорлы ел оларға нанады. Молдекең көзді жұмып, малдасты құрып, «Құдайды жөндеп қадірлемейсіңдер, намаз оқып, ораза ұстамайсыңдар, міне-міне, Құдайдың тас төбеден ұрғаны» дейді. Молдекеңдер өтірік айтады. Молда елді алдап, жаназа оқып, підие алғаннан басқа боқ білмейді.

1921-ші жылы Еділ бойындағы елмен біздің Торғай мен Бөкейдің қазағы сұрапыл аштыққа ұшырап қырылды. Бұл не? Сол жылы Еділ мұжығы басқа мұжықтардан Құдайға құлшылықты кем қылып па? Торғай мен Бөкей қазағы Семей қазағынан намазды кем оқып, оразаны аз ұстап па? Ашыққан қазақ Құдайдың құлағын шулатып атын қысқа күнде қырық айтпап па?

Мұжықтар попқа зарын айтып, қабының түбіндегі қалған ұнын беріп дұға оқытпаған ба екен? Поптың дұғасынан келген бір тиын пайда бар ма?

Жоқ!

Құрғақшылық наданға – тажал, білімдіге – ойыншық

Құрғақшылық болса, мұжық егінсіз, қазақ малсыз қалады, аштан қырылады. Ал, Еуропа мен Америка жұрты құрғақшылықты елең қылмайды. Құрғақшылық ол жақта да болады. Бірақ, олар ашықпайды. Мұның себебі не?

Себебі мынау: Америка мен Еуропа жұрты Құдайға жалынбайды. Білімге жалынып жүр. Молда, бақсы, попмоп бәрін олар адыра қалдырды. Әулие қолынан керемет келмейтінін ол ел әлдеқашан білді. Кереметті әулие жасамайды. Адамның ақылы мен еңбегі жасайды.

Олар егінді білім жолымен, ырғағына келтіріп салады. Жұмысты машинамен жүргізеді. Жердегі өсімдікке керек суды сақтай біледі. Мұны қалай істеудің амалын білімді ел біледі. Жаз жауын тапшы болса да, олар егін шығарып алады.

Қысқасы: құрғақшылық білімсіздің желкесіне мініп алады. Білімдінің табанының астында қалады.

Ыбыраш

Жоңышқа егу керек

Жоңышқаның бір десесінен мың пұт алуға болады. Және бір себілген тұқым он жылға шейін шыға береді.

Жоңышқа әсіресе, ауасы жылы, егісті суғарып салатын Түркістан қазақтары үшін Қазақстанның оңтүстіктегі уездері үшін әбден қолайлы. Бір жаздың ішінде әлденеше рет шабуға келеді. Малдың бойына жұғымдылық жағынан сұлымен құрдас. Тірі тұрған жасыл жоңышқаға мал жаю тіпті жақсы.

Боқтықпен жақсылап өңделген аңызға салынған жоңышқа жасыл күйінде жаз бойы 4 мың пұт шөп береді. Бір қараның оттауына майдың аяғынан октябрдің аяғына шейін 240 пұттай шөп керек. Бұл есеппен бір десе жоңышқа салынған жерге, 16 қара ұстауға болады. Жоңышқаны сабанға қосса, май мен қара кесек етті қосқандай жұғымды болады.

Жоңышқаның десесіне 1½ пұт, 2 пұттан артық тұқым кетпейді. Бір пұт жоңышқаның тұқымының бағасы 12 сомнан 20 сомға шейін.

Агроном

Еңбекші елдің төңкеріс мейрамдары мен аза күндері

1. Октябрь төңкерісі – ноябрьдің 7-і.
2. Лениннің өлген күні – январьдың 21-і.
3. Патшаның Петерборда (осы күні Ленинград) жұмыскерлерді атқызған күні – январьдың 22-і.

4. Жер жүзіндегі еңбекші әйел күні – марттың 8-і.

5. Февраль төңкерісі – марттың 12-і.

6. Париж коммунасы – марттың 18-і.

7. Лена өзені бойында патша өкіметінің жұмыскерлерді атқызған күні – апрельдің 17-і.

8. Жер жүзіндегі жұмысшының мейрамы – майдың 1-і.

9. Социалшыл кеңес республикаларының одақ болған күні – июльдің 6-ы.

10. Жер жүзіндегі жастар мейрамы – сентябрьдің алғашқы жексенбісі.

Метр өлшеулерімен орыс өлшеулері салыстырылған кесте

(Бір дециметр. Кәдімгі ұзындығы осы)

1 децеметр = 0,1 метр; 10 децеметр= 1 метр; 1 метр = 1½ кез.

Ұзындық өлшеуі

Орыс өлшеулері:	Метр өлшеулері:
1 шақырым = 1067 м. = $^{15}/_{16}$ км. = 1,07 километр	1 километр = 469 сажын = $^{15}/_{16}$ шақырым = 0,94 шақырым.
1 сажын = 2,13 метр	1 метр = $1^{1}/_{2}$ аршын =1,41 аршын,
1 аршын = 71 сантиметр	1 сантиметр = $^{1}/_{4}$ бүр. = 0,255 бүрше

Салмақ өлшеуі

1 пұт = 19 ½ килограмм = 16,38 кг.
1 қадақ = 0,4 кг = 410 килограмм
1 мысқал = $4^{1}/_{4}$ грамм = 4,27 грамм.
1 тонна = 0,1 пұт;
1 кг = 2½ қадақ = 2,44 қ.
1 грамм = $^{1}/_{4}$ мысқал = 0,23 мысқал

Аудан өлшеуі

1 шаршы шақырым = 1,14 шаршы километр
1 десе=$1^{1}/_{12}$ гектар=1,09 гектар
1 шаршы сажын = 4½, шаршы метр = 4.55 шаршы метр
1 шаршы аршын = ½ шаршы метр
1 шаршы километр = 0,9 шаршы шақырым = 0,88 шаршы шақырым
1 гектар = 2197 ш. сажын = 0,92 десе 1 шаршы метр = 2 шаршы аршын = 0,21 ш. сажын

Көлем өлшеулері

1 мере = $26^{1}/_{4}$ литр; 2,62 литр
1 шелек = $12^{1}/3$, литр = 12,3 литр.
1 бөтелке = $^{3}/_{5}$ литр = 0,6 литр
1 текше метр = 3 текше аршын = 2,8 текше аршын
1 литр = $1^{3}/_{5}$ бөтелке = 1,63 бөтелке

ЖҰМАБАЙҰЛЫ М.

САУАТТЫ БОЛ!

Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясы басқаруымен, ең соңғы баспасынан латыншаға аударылып басылды.– Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1930.

Ескерту

Бұл әліппе Жұмабайұлының бұрынғы «Сауатты бол» атты әліппесінен латыншаға аударылып жазылды. Партияның, Кеңес өкіметінің ауыл шаруашылығын қайтадан құрып, социалдық жолға салу жөнінде ұстанған саясатына сәйкес келетін материалдар, бұрынғы 24 дыбыстың үстіне 5 дыбыс таңбасы қосылды. Мұның бірі қазақ тіліне басқа түрік тілдерінен қатысқан сөздерді өзінің естілуінше айту үшін алынып отырған «ھ» орнына алынған «h» әрпі. Қалған төртеуі жұмсақ айтылатын «ۋ, ۇ, ۆ» дыбыстардың орнына алынған «ө, ә, і, у» әріптері. Бұлар кітапта өз алдына жеке көрсетіліп сөз құрастырылған жоқ, жуан айтылатын ашық дыбыстармен қоса көрсетілді. Мұны оқытқанда, мұғалімдердің өте-мөте ескеруі, кітапқа жазылған сөздерді ғана оқытып қоймай, басқа да жуан-жіңішкелі болып айтылатын сөздерді қатарластырып айтқызып, оқушыларды жаттықтыруы керек. Екінші, ескертетін нәрсе – бұрын сөзді жіңішкертіп айту үшін сөздің басына дәйекше қойса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп оқылатын еді. Болмаса, сөздің ішінде бір жіңішке дыбыс болса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп

оқылатын еді. Енді олай емес: бір сөздің ішінде әлденеше буын болып, олардың бірі жіңішке, бірі жуан болса, сонда жуанына жуан, жіңішкесіне жіңішке дыбыстар қойылып отырады. Мәселен: «капитал», «оттікі» деген сияқты.

Емле жағымыз әлі орнығып та болған жоқ. Алдымыздағы болашақ тіл съезінде емлеге өзгеріс кіруі мүмкін. Сондықтан оқытушы мұғалімдеріміз соңғы мезгілдегі болып жатқан емле өзгерістерімен танысып отырулары жөн. Бұл кітаппен оқытқанда қабылданған емле өзгерістерін дұрыстап оқытуға.

Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясының инспекторы: Бурабайұлы.

20-шы февраль, 1929-шы жыл.

А Р З

Ара

ар	ара		
аз	аза		
зар	азар	араз	
ара	араз	азар	

Т

Ат

ат	ата	атар	аз	таз
таза	тазар	тара	тар	
тартар	атта	аттар	заттар	
Ат аз.	Ат тара.	Аттар азар.		

Ат тартар. Ат аз.

Қ

Қазақ

ақ	тақ	атақ	қат	қата
қатар	қар	қаз	қазақ	
атқа	қатқа	қазаққа		
Ақ қаз.	Хат аз.	Қара ат.		
Қара тарақ.	Атқа қара.			

Қара тарақ. Хат аз.

С

Қас

Ас	тас	қас	аса	таса
Тасар	сат	сақ	сақар	
Қасқа	ақсақ	тастақ		
Ас таза.	Ат қара.	Қарт сақ.		
Асқа қара.	Қара қасқа ат.			

Ақсақ ат. Қара ат.

Ы

Сарық

Ары	тары	сары	аты	қақы
Қасы	қыр	қыс	қыз	қызық
Таразы тарт.	Ат арық.	Атты сақта.	Атты тарт.	

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Арық атты арыққа тарт.

Л

Қала

Ал	сал	қал	сақал	қалта
Қалақ	салақ	салық	халық	

Қыр қарлы. Қазақ қыр халқы.
Қазақ халқы қала салар
Қарқаралы, қазақ қаласы.

Е І

Қазақ елі

Ел	ер	ес	тер	тез	іс
Тіс	теріс	ілер	тілер		келер

Атқа ер сал. Терезе терлер.
Ақсақ ат етті. Қыр халқы
Ет, астық, азық сатар.
Қала халқы ет, астық, азық алар.

К Ә

Әсет кәзет алар.

Әр	әрі	әл	әлі	әзір	әкел
Әке	әсер	әскер	әлек	әлсіз	

Әке, кәзет әкел. Әсет есті.
Тары ек. Кетік қасық.
Тар етік. Аттар теріс кетті.
Әскер әлді. Әскер есті.

О Ө

Қазақ соқа салады.

От	оқ	соқ	төк	сөк	көз
Көзі	төсек	көкек	төте		

Ораз тары орар. Қыс өтер.
Көк ат тоқ. Халық оқыр.
Ат көлік. Атты атқа қосақта.
Қара халық оқыр.

М

Кеме зор көлік

Атам	қалам	салам	мал
Мол	кеме	текемет	темір

Әкім төре емес, халық қызметкері.
Халық қызметкері төрелік қылмас, қызмет қылар.
Қара халық кәзет оқыр.
Халыққа қызмет қылмаққа таза кісі керек.

Ғ

Сағат таңы

Аға	таға	сағат	тоға
Тоға	тоғыс	соғым	ағыс

Қыр халқы мал, астық сатқалы қалаға келер.
Қала халқы мал, астық, қыл, тері-терсек алғалы қырға қарар.
I II III IV V VI VII VIII IX X XIXII
Қымыз, қатық – қазақ тамағы.

Н

Тері тон

Он	тон	қон	сан	нар
Сана	ана	сона	сонар	өнер

Оқыған ел өнерлі, оқымаған ел өнерсіз.
Оқыған ел озар, оқымаған ел тозар.
Ленин қара халықты азаттыққа тартқан, осыны арман қылған.
Ленин арманы іске ассын.

У

Әуе кеме

Ау	тау	сау	қау	қауын
Сауын	тану	оқу	көсеу	

Мемлекет астанасы – Мәскеу қаласы.
Мәскеу қаласы – аса зор қала. Қызыл әскер мен әуе кемесі халықты қорғар.
Оқыған ел өнерлі, оқымаған ел өнерсіз.

Б

Балалар сабаққа барады.

Бас	бес	бос	босаға	бақан
Қабан	қақба	қабақ	тасбақа	

Салақ болма, мал қара. Мал бақ.
Олақ болма, өнерлі бол. Өнерлі болуға оқу керек.
Оқыған ел озар, оқымаған ел тозар.

Ж

Қазақ жылқысы

Жат жота жоса жылқы болжа әже
Жалқау болма. Қазақ халқы патша қорлығын көріп, жалқаулық жазасын тартты. Патша, жандарал, төрелер, халық жауы.
Халық жауларын совет өкіметі жоқ қылды.

Д

Мал далада

Дала	далада	адас	адыр
Балдыр	дем	демеу	селдір

Ленин жолдас қара халық көсемі еді.
Ардақты көсеміміз Ленин жолдас қаза болды.
Ленин өлсе де, Ленин жолы өлмек емес.
Жасасын, өркендесін Ленин жолы.

Ү У

Жақсы бұқа ал

Үр	ұры	ұра	ұл	бұл	тұл
Ұзақ	бұқ	бұқа	үр	үз	үзік

Су, бу болады. Қазақ қырда жатқан ел. Тұрмысы өте төмен. Қазақ тұрмысы бұқара халық оқыса, өнерленсе түзеледі.
Ленин қара халықты азаттыққа тартқан.

Ң

Кеңес тобы

Аң	таң	заң	соң	соңы
Мұңы	мұңдас	кең	кеңес	

Кеңес мемлекеті патша жандарал төрелер мемлекеті емес, бұқара халықтың мемлекеті.
Октябрь төңкерісін жасаған жалшы мен еңбекшілер табы.

Ш

Кәзет оқыған жалшылар

Аш	аша	ашаң	шала	шақ
Шақша	қаш	қашан	жалшы	

Октябрь төңкерісін жасаған – жалшы мен еңбекшілер табы. Октябрь төңкерісі, еңбекшілер табын мемлекетке қожа қылды.
Октябрь төңкерісі – жалшылар төңкерісі.

Й

Ай

Ай тай ой бой қый қыйын

Жалшы қазақ!

Жалшылыққа жалдаушы мен мекеме алдында серт қағаз жасаспай жалданба. Серт қағазда: алатын ақың, күніне қанша жұмыс қылатының, жетіде, қай күнде тынығатының жазулы болсын.

Ленин өлсе де, Ленин жолы өлмек емес.

П

Оспан сауатын ашады

Доп қап апа арпа пұл

Топыр жапан ақпан Оспан

Арпа, бидай ас екен; алтын, күміс тас екен.

Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер.

10 20 30 40 50 60 70 80 90

Барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар.

Г һ

Егін өседі

Көгі түгі егін жегіу жүген

Халық коммисарлар кеңесі қаулы қылды: «Республиканың 8 бен 50 жас арасындағы оқып, жаза білмейтін барлық адамы жазу үйренуге міндетті».

Коммисарлар кеңесінің төрағасы – Ленин.

Қаһарман қаһба һүд-һүд аһлау оһлау

Қазақ тіліндегі дыбыстардың әріптері-таңбалары

а	б	ш	ж	д	е	ә	
г	*б*	*ш*	*ж*	*д*	*е*	*ә*	
а	г	h	і	и	к	л	
г	*г*	*н*	*і*	*и*	*к*	*л*	
м	н	ң	о	ө	п	қ	
м	*н*	*ң*	*о*	*ө*	*п*	*қ*	
р	с	т	ұ	у	ү	з	ы
р	*с*	*т*	*ұ*	*у*	*ү*	*з*	*ы*

Басқа түрік тілдерінде бар, біздің қазақ тілінде жоқ әріптер:

х	f	Ş	Ƶ
х	*f*	*Ş*	*Ƶ*

Шаруашылықты өркендету

Жиһангерлік, азаматтық соғыстар, мешін мен тауық жұттары шаруашылықты өте күйзелтіп кетті. Соңғы жылдар ішінде Кеңес үкіметі халық шаруашылығы түзелуіне түрлі шаралар істеді, шаруашылық қайта түзеле бастады. Бұл күнде халық шаруашылығының бірқатар тараулары жиһангерлік соғыстан бұрынғы күйінен асып барады, бір тараулары сол күйге жетті, бір қатарлары сол күйге енді жетіп келеді.

Социалдық тұрмысты орнатып, коммунисшілдік тұрмысқа жетуі үшін шаруашылықты кідірмей тез ілгерілете беру керек.

Қазақстанда шаруашылықтың үлкен тараулары – мал бағу, егіншілік. Осы екеуін күшейту ең мықты мақсат. Қазақстанда кен көп. Кен жұмысы соңғы кездерде өркендеп келеді. Кен жұмысын күшейту де алдағы ірі мақсаттың бірі.

Сиыр асырау

Сиыр малын біздің қазақ көбінесе сату үшін, сүті үшін ұстайды. Бірліжарым болмаса, сиыр жылқы мен қойдай тамақ үшін сойылмайды. Шала көшпелі, отырықшы елдерде өгізбен жұмыс істеу де таралып келеді.

Базарлы жер маңында отырған ауыл, қыстақтар малдың тобын көбейтіп сату үшін ұстамай, сауын сиыр ғана ұстау керек. Базарға жеткенше сүт ашып кетерліктей жердегілер мал жайылымы тар болса, кілең сауын сиыр ұстап, май сататын болу керек.

Қаладан ұзынмойын қашық жатқан, жүк кіресі қымбатқа түсетін, не қалаға жеткенше ыстықта май ағып кететін жердегілер сиыр малын базарға сататын түрде ұстау керек.

Осы үш түрлі нысананың өзіне қарай әдісі бар. Белгілі әдісті қолданғанда сиыр шаруасынан өнімді пайда шығаруға болады. Шаруаның әдісін білген ел аштан өліп, көштен қалмайды. Еуропада Дания деген мемлекетте бір үйлі жан құс өсіріп, жұмыртқа сатып, жарты десятина жер мен күн көреді. Біз, бір күнде Дания бола алмаймыз. Сонда да, тұрмыстан қаққы жемеу үшін үлгілі елге еліктеу керек.

Агроном

Сүтті сиыр

Біздің қазақ сиыры жылына орта есеппен 30-50 шелектен артық сүт бермейді. Дания мемлекетінің елі бір сиырдан 200-400 шелек сүт алады. Бір жылдың ішінде 500 шелек сүт беретін сиырлардың Америкада таңсықтығы жоқ. Америкада бір сиырдың салмағы Ресейдің екі ірі сиырының салмағынан артық.

Американың ірі сиырларының салмағы 40-50 пұттарға жетеді, Америка сиырларының бір ғажап жері – аса сүтті болады. Ең сүтті сиыр бір жылда 1,122 шелек сүт, 42 пұт май береді. Мұндай сүтті сиырлардың бір тәуліктің ішінде жейтін тамағы 102-108 қадақ шамасында болады.

Сауын сиыр ұстағандардың есінде болсын

1. Сиыр салқын қорада болса, өте суық су ішсе, жемді көп керек қылады. Қора жылы болса, су жылытып берілсе, жем аз кетеді.

2. Қора жарық болса, ауасы таза болса, сиырдың үсті-басы таза болса, сиыр ауырмайды.

3. Сиырды ұру, жұлқылау, сиыр жанында шаңқылдап сөйлеу сиырдың сүтін кемітеді.

4. Екі жаман сиыр ұстағаннан жақсы бір сиыр ұста.

5. Сиыр тұқымының түзелуі көбінесе жақсы бұқадан.

Сүт артелі

Сүт сататын шаруа, базарға сүтін иә, жаяу алып барып, иә, бара жатқан біреуге жалынып, кейде кіре төлеп

те, көлікпен барып сатады. Бұл шаруа үшін тиімді болмайды. Шығыны көп болады.

Ауылда сүт артелі ұйымдастырылды. Мүше болғысы келген адам анықталған мүшелік жарнасын төлейді. Артелдің мақсаты: мүшелерінің сүтін сатып беру. Артелге кіргендер сүтін қанша ішіп, біреуге қанша тегін беремін десе ерікті. Бірақ артелден басқа жерге сатуға болмайды. Артелдің мүшелері сүтін күнде артелге алып келіп береді де, қолына қағаз алады. Артел жұма сайын мүшелеріне сүтінің ақшасын төлейді. Қанша төлейтінін, күнде беріп түрған қағазына қарай есептейді.

Артелдің ісін басқарма мен уәкілдер жиылысы басқарады. Бұларды сайлайтын, артелдегілердің жалпы жиылысы.

Жұмыс атыңды жақсы күт

Аттың күтімі кем болса, мініс бермейді, жұмысқа жарамайды. Өз жайыңды қандай ойласаң, атыңның жайын сондай ойла. Атыңды аш қылма, мезгіл-мезгіл жем бер. Атқа ең жақсы жем, шөп пен сұлы бер. Орта денелі ат, орташа жұмыс қылғанда күніне 10 қадақ сұлы, 10 қадақ шөп керек қылады. Атты жазды күні жер жақсы болса аяғынан оттатқан жөн.

Қысты күні атыңа суық су берме. Қоңыр салқын болсын. Ат күніне 2-3 шелек су ішеді. Жазды күні ыстықта судан көп ішеді. Атыңды ыстықтай суарма, ыстықтай жемге қойма. Атқора жылы болсын, таза болсын. Ұрма, жекірме. Аттың арындауық, тістеуік, тебеген-қияс болуы көбінесе иесінен болады.

Ауыр жүк салып аттың қажырын мұқама.

Қойды жақсылап бақ

Басқа малдың түрлі атасы болған сықылды, қойдың да түрлі атасы бар. Жер жүзінде қазақ қойынан артық қой да бар, кем қой да бар. Бірақ қазақ баласына, қазақтың өз қойы жақсы. Қойдың қазаққа келетін пайдасы күшті. Қазақ шаруасының мықты бір тіреуі – қойдың еті, сүті, жүні, майы, терісі. Қазақ қойының тірі салмағы – 4-5½ пұтқа дейін болады. Таза еті 1½ пұт, 2 пұт болады. Құйрығы ½ пұттан 2-3 пұтқа дейін болады. Жаз бойына 4 шелек сүт береді.

Қысқасы, қойдың пайдасы күшті. Әңгіме бірақ қойдың тұқымын аздырмай, жақсы қылып ұстауда. Мұның үшін алдымен істейтін жұмыс – қошқарды таңдап сала білу керек. «Қойды шартық бүлдіреді» деген сөзді қой баққан қазақтың өзі айтқан ғой. Осыны ұмытпа! Және бір қошқарда 20-30-35 қойдан артық болмау керек. Қой 4-5 қоздайды. Кәрі қойды қоздатуда да пайда жоқ. Тұқым азып кетеді. Тағы бір айтатын сөз қойды қысты күні жүндетпеуге тырысу керек.

Ешкі асыра

Ешкі 5-6 ай жазаласа, 10 ай сауғызады. Тұқымы тәуір ешкі жылына 45 шелек сүт береді. Тұқымы асыл ешкі 70 шелек сүт береді. Қазақы ешкі жазғы 4-5 айдың ішінде 10 шелектей сүт береді. Ал, біздің қазақтың сиыры жылына орта есеппен 30-40-тан артық сүт бермейді.

Білгіштер есептеп шығарған: бір сиырдың асырауы 8 ешкінің асырауынан қымбатқа түседі. Қазақы сиыр жылына мақтағанда 50 шелек сүт береді. 8 ешкі тіпті

құрытып жазды ғана есептеп, ешкі басы 10 шелектен салғанда да жазына 80 шелек сүт береді. Қалайда тұралап қалған кедейге ешкі пайдалы-ақ.

Ешкі сүті әсіресе балаларға және көкірек аурулы адамдарға пайдалы. Себебі, ешкі құрт ауруымен тіпті ауырмайды.

Сиырда бұл ауру көп болады. Ешкі жылына екі лақтайды. 8-10 жазға дейін баладан қалмайды. Және ешкінің түбіті де пайдалы.

Мал өрісі

Малдың өрісін ретке салу, малдың оттауына да, шөптің өсуіне де керек[2]. Жазғытұрым тұяқ ізі қалмайтындай болып қашан жер кепкенше, малды аузынан оттасын деп өріске жіберу жарамайды. Малдың тұяғы батқан жер жерді шиырлап, шөпті жаншып, берекені кетіреді. Өріске малды бытыратып, бетімен жайылсын деп жіберу де есепке келмейді.

Малдың өрісін үш ауданға бөліп, әрқайсысында екі жұмадан бағу керек. Сөйткенде мал оттаған аудан бір айдың ішінде тынығып, шөбі жетіліп, тағы да мал оттауға жарап қалады. Аяғынан қыдырып оттаған мал әр шөптің басын бір шалуыттап, қанша шөпті босқа басып, таптап, берекесін кетіреді.

---

[2] Мал саны төмендегі түрде өсіп отыр: 25-26 жыл барлық малдың саны 26 миллион 400 мың еді. 1926-27 жылы 36 миллион 350 мың болды. 1927-28 жылы 38 миллион 400 мың еді. 1928-29 жылы 41 миллион 564 мың болып отыр.

Жаңбырлы күні

Салдыр-гүлдір көк жүзі,
Зеңбірек топ атқандай.
Бұлт айрылып жалт етеді,
Аспанда от шашқандай.

Түнерген бұлт сұрланып,
Құя бастайды себелеп,
Жел қосылып долданып,
Дауылдатып жіберед...

Желідегі құлындар,
Ыққа қарап үрпиіп,
Бұзау қуған қатындар
Қаптан желбей жүр киіп.

Тезек терген келіншек
Малмаңдай су желегі.
«Ұрыспаса игі ед енем» деп,
Жүгіре басып келеді.

Жабулы түндік, қараңғы үй,
Тырс-тырс... тамшы тамады.
Іргеден су жылт етіп,
Үйге кіріп барады.

Бала біткен кезеніп,
Балтырларын түрінген,
Шалпылдатып, су шашып,
Үйден үйге жүгірген.

Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр,
Жау, егіннің көгі өссін!
Сұлудай бұраң құрақты,
Айдын шалқар көл өссін.

Ой мен қырдың шалғыны,
Жатқан малды жасырсын.
Табиғаттың көркіне
Таң қалып жан бас ұрсын...

Мал індеті

Неше түрлі індеттен жылына қанша мал қырылады, індет мейлінше жұғымтал болады. Сондықтан малда індет білінісімен мынаны істе:

1. Ауру малды сау малға жолатпа. Ауру мал тұрған қораға сау мал қамама.
2. Ауру малды бөлек ыдыстан суар. Ауру малдан қалған жемді сау малға берме.
3. Малдан індет білінісімен мал дәрігеріне білдір. Дәрігер келіп қараған соң не қыл десе, айтқанын қыл.
4. Індеттен өлген малдың өлексесін алысқа алып барып көміп таста. Сойма, терісін алма, етін жеме.

Малды қауіпсіздендіру

Қауіпсіздендіру одағы шаруаға жәрдем етеді. Әрбір шаруа қолындағы малын қауіпсіздендіру мекемесінде қауіпсіздендіреді. Мал басына белгілі жарнасын төлейді. Өкіметтің малды қауіпсіздендірудегі көздеп отырған мақсаты – еңбекші шаруаларды ұйымдастыру. Олардың

шаруашылығына төтеннен бірер «апат» кездесе қалса жәрдем беру.

Қауіпсіздендірілген мал қазаға ұшыраса екі күн ішінде ауылдық кеңеске қабар қылып, әкті жасатқызу керек. Егер індеттенсе болмаса кенеттен «апатқа» ұшыраса, 3 күннен кешіктірмей ауылдық кеңестен кісі шақырып көрсету керек.

Малыңды қауіпсіздендіріп қой.

Қарыз

Жұмысшы, қарашаруаның тұрмысын оңдау үшін халық шаруашылығының өрісін кеңейтіп өнімін молайту керек. Бұл өте көп қаржы керек қылады. Өкіметтің өз қаржысы аздық қылады. Сондықтан өкімет қарыз шығарып елден қарызға ақша алады.

Өкімет қарыздан жиналған ақшаны халық шаруашылығы жабдығына жұмсайды: жаңа фабрика-завод салады, қала мен ауылдың қатынасын күшейту үшін шойын жол салады. Халық ағарту ісіне, халықтың денсаулығын күшейту жабдығына, көшпелі елді отырақшыландыру ісіне жұмсайды. Қолы қысқа кедейлерге шаруасын құрауға жәрдем етеді.

Шаруа қарызы

Шаруа қарызынан жиналған ақша ауыл шаруашылығының керегіне ғана ұсталады. Ауыл шаруашылығына керек машиналар жасалады. Жерсіз шаруаларды жерге орналастырады. Кедей шаруаларға қарызға ақша, сайман береді.

Шаруа қарызынан жиналған ақшаның жүзден оны (10%) жергілікті бюджет пайдасына қалады. Бұл ақшаны ауылдың бүгін таңдағы керегіне ұстауға болады.

Шаруа қарызының 10 сомдық бір қағазын (облигация) алсаң, жылына 60 тиын, 3 жылда 1 сом 60 тиын болады. Және жылында екі рет ұтыс ойынына қатысасың. 50 сомнан 1000 сомға дейін ұтуың мүмкін. Ұтқан кісі ұтқанын ақшадай да, нәрседей де (машина-сайман) алуға болады.

Кооператив

Қазақтың көбі мал бағады. Егін салып күн көретіндері де бар. Қазақтың байлығының көбі малда. Қазақ малдың сүтін ас қылады, терісін киім қылады. Бірақ, осының бәрін ұқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудагерге бір теңгеге сатса, сол терісін саудагерден былғарыдай он теңгеге қайта сатып алады.

Қазақ қойының жүнін саудагерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда жүз теңгеге алады. Қазақтың көретіні ылғи залал. Барлық дүние саудагерлердің қалтасында қалады. Кооператив болса, осының бәрі халықтың өз қалтасына қалады. Ел байиды, тұрмыс түзеледі.

Кооператив (кооперация) деген қазақтың тілі емес. Бұл – еуропаның сөзі. Қазақшылап кең мағынамен айтқанда кооперативті «ұйым» деуге болады. Ұйым әртүрлі: жастар ұйымы бар, жалшылардың ұйымы бар. Басқа да ұйымдар болады. Кооперетив – шаруа ұйымы. Шаруа ұйымының ішінде сауда, саттық ұйымы.

Садуақасұлы С.

Ұйым дүкені

Кооператив әлденеше түрге бөлінеді. Шаруаның ретіне қарай кооперативтің түрлері өзгереді. Осы күнгі шаруашылықта көбінесе үш түрлі кооперативтің орны бар.

Бірінші және ең әуелгі шыққан кооперативтің түрі ұйым дүкені деген. Ұйым дүкенін орысшалап айтқанда «потревитель» дейді. Орыс қалаларына жақын жерлердің қазақтары потревительдің мәнісін әбден біледі.

Ұйым дүкенінің мақсаты – алатын нәрсені арзандату. Ұйым дүкенінің нәрсені арзандататын себебі: бір қолдан алады да, бір қолдан сатады. Екі ортада саудагерлер кірісе алмайды, сондықтан оларға төленетін артық баға, ұйым дүкенінің өз қолында қалады. Ұйым дүкені халықтың өз ұйымы болғандықтан, әрине, нәрсенің бағасын халық арзан қояды. Өйткені, бәрібір ол дүкеннің пайдасы да айналып келіп халықтың өз қалтасына құяды.

Садуақасұлы Ысмағұл

Қарыз серіктігі

Кооперативтің екінші түрін қарыз серіктігі дейді. Қарыз серіктігін ашқандағы пайда – қаражаты жоқ кедейлерге қарызға қолайлы ретпен ақша беріледі. Мұқтаж үйлерге қарыз беру үшін бір қала (ауыл) болып ортасынан банкі ашады. Бұл банкіде тілеген адамдардың бәрі де мүше болып жазылады. Әрбір мүше тиісті пай төлейді. Барлық мүшелерден жиылған пай банкінің түпкі қаражаты болып саналады. Осы қаражаттан керек уақытта банкіге жазылған адамдар қарызға ақша алып

тұрады. Банкі жай кісілердей екі есе, үш есе өсім сұрамайды. Банкі көп болса жылына 6 тиын, 7 тиын өсім алады. Мұндай өсімді қай шаруа болса да көтере алады.

Әсіресе, нашар үйлерге пайдасы күшті. Мысалы, қазір алым төлеу керек. Нашарлардың қалтасында ақшасы жоқ. Бидайын сатайын десе, саудагер арзан баға береді. Біраз күтіп сатса, ол бидай екі, үш есе қымбатқа кетуі мүмкін. Міне осындай уақытта, нашар, банкіден қарызға ақша алады. Соң бағасы келгенде бидайын сатып, банкіге қарызын төлейді. Банкінің басқа да пайдасы толып жатыр. Қалаға (ауылға) егін соғатын машина керек. Бір кісінің бұған шамасы келмейді. Банкі бар. Банкіден ақша алып, машина сатып аласың. Тағы да бір мысалы: біреудің қолында ақша бар. Ол оның қалтасында текке жатады. Ол ақшаны банкіге салып, өсім алады.

Ысмағұл

Кәсіп ұйымдары

Кооперативтің үшінші түрін кәсіп ұйымдары дейді. Кәсіп ұйымдарының өзі тағы да әлденеше түрлерге бөлінеді.

Әрбір үй сиыр сауады. Сауып алған сүтін, әрқайсысын өз алдына ұқыптайды. Сиырдың сүті әуелі ішу үшін керек. Онан соң май алу үшін керек. Бірақ, қолмен былғағанда майдың жартысы сүтте кетеді. Оның үстіне ол май таза болып шықпайды. Соңғы кезде сүттен май айыратын машина шықты. Осы күні сүт пісетін зауыт та бар.

Еуропада Дания, Голландия, Шведцария деген патшалықтар бар. Осылардың бәрі май сатып күн көреді де-

уге әбден болады. Бұлар сүтті зауытта пісіп майын алады. Қалған сүттен «сыр» деген ірімшік жасайды. Майды да, «сырды» да сатып ақша қылады.

Қазақтың сүт-майын сату түгіл, жеуіне жетпейді. Міне, осындай да кәсіп ұйымын ашуға болады. Орыстар арасында бұл кәсіп ұйымы бұлай ашылады: бір қала болып жиылып, ортасынан сүт пісетін зауыт салады. Зауыттың басына іс білетін кісілерді қояды. Содан кейін әрбір үй, сауған сүтін зауытқа апарып отырады. Зауытта кімнің неше шелек сүт әкелгені жазылып отырады. Ай сайын болмаса, жыл аяғында есеп болады. Әркімге зауытқа әкелген сүтіне қарай май береді. «Сыр» (ірімшік) береді. Ал, майды сатуға керек болса онда ұйым атынан оны қымбат өтетін жерге алып барады. Ақшасын жоғарғы тәртіппен тағы бөліп алады. Болмаса ұйымды күшейтуге салады.

Сүт зауыттарынан басқа кәсіп ұйымдарының түрлері бар. Мысалы: біреу арбашы екен. Жалғыз өзі ол кәсіпті жүргізуге шамасынан келмейді. Үш-төрт арбашы бірігіп ұйым жасайды.

Мұнан басқа да кәсіп ұйымдары толып жатыр. Бірігіп тері илейтін ұйым болады. Бірігіп егін салатын ұйым болады. Бірігіп ұсталық құратын ұйымдар болады, мұндай ұйымдардың барлығы «кәсіп ұйымдары» деп аталады.

Ысмағұл

Машина серіктестігін қалай жасауға болады?

Ауыл шаруашылығына керек машина, саймандар бірнеше жылға қарызға беріледі. Жеке бір үйдің (бай болмаса) егін соғатын, оратын машиналерді алуға шамасы

келмейді. Қандай машина сайманы болса да, серіктесіп алғанда арзанға түседі. Серіктесіп алғандарға өкіметтің беретін жеңілдіктері бар.

Машина серіктігін жасау үшін 15-20 үй біріксе болады. Серіктескендер арадан бір кісіні серіктің жұмысын басқаруға сайлап қояды. Сол кісі жақын жердегі шаруашылық кооперативі арқылы өздеріне керек машина-саймандарын несиеге алады.

Әуелі шаруашылық кооперативі өзінің инструкторын не агрономын жіберіп, машина серіктігінің уставын бекітеді. Жердің топырағына қарай қандай машина, сайманның керектігін агрономнан, білетін кісіден сұрау керек. Алынған машинаны серіктікке мүше еместерге жалға беруге болады. Жалдан түскен ақыға жаңа машина сатып алып пайда істеуге болады.

Ел ішіндегі қосшы, батырақ, кедей, орта шаруалардың тіршілік қамы үшін, машина серіктігін ашу керек. Машинасіз шаруа, бұл заманда ілгері аяқ баспайды.

Машина шаруаны көтереді. Мемлекетіміздің ауыл шаруашылығы көркейсе, байлығы молайып, буыны беки береді. Кәсіпорны мен ауыл шаруасы бірдей өскен күнде қара шаруа мен жұмысшы, социализмге талмай, тез жетеді.

Агроном

Трактор

Трактор жердің өнімін молайтады. Шаруасын түзеймін деген кісі трактор қолданады. Соңғы кезде 37-13 түренді сабан тартатын трактор шықты. Бұлар күніне 30 десе шығарады.

Трактор көліксіз жүреді; жерді тез жыртады. Өгіз басын жетектейтін бала іздеп әуре болмайсың – бір, сабан көтін ұстап шаршамайсың – екі, жерің жақсы жыртылады, көлігіңді артпайсың, көліктің майын жалдап жүрмейсің.

Артына сепкіш пен тырма байласаң, трактор өзі жыртып, өзі сеуіп, өзі тырмалап отырады. Трактордың артына арба тіркеп қойсаң, жүгіңді артып көшуге болады, астығыңды тасуға болады. Ат орнына трактормен шығыр айналдыруға, диірмен айналдыруға, пішен шабуға, егін оруға келеді. Пайдалана білсе тракторға жазы, қысы жұмыс қылдыруға болады.

Елге тракторды жер-су, комисариаты таратады. Трактордың кішкенесінде 10 аттың күшіндей күш бар.

Трактор алуға бір үйдің шамасы келмейді. Сондықтан серіктесіп алған жөн.

Қазақстанда машина-сайман тарату

Ауыл шаруашылығын қайта құру жөніндегі үлкен маңызды шараның бірі – машина, сайман жетістіру.

Соңғы жылдарда ауыл шаруасына керекті машина-саймандар Қазақстанда мына түрде таратылды.

1924 жылы 1 миллион сом шамасында таратылды.

1925 жылы 4½ миллион сом шамасында таратылды.

1926 жылы 9 миллион 200 мың сомдық таратылды.

1927 жылы 12 миллион 700 мың сомдық таратылды.

1928 жылы 13 миллион 350 мың сомдық таратылды.

Сөйтіп, жыл сайын Қазақстан ауыл шаруашылығын машиналандырылып келе жатыр.

Бұрын мәдениеттен артта қалған қазақ даласында қазірде 1000 трактор тітіретіп жер айдап жүр.

Шарт жасасу

Шаруалар үкімет не кооперативпен шарт жасасады. Өкімет не кооператив орындары шарт бойынша шаруаларға егістікке іріктелген таза тұқым береді. Машина-сайман және жер өңдейтін заттарды береді. Шартта анықталған мөлшермен шаруаға ай сайын ішеріне астық және басқа да керек-жарақтарын беріп тұрады. Оның есесіне шаруа өзінің егістігінен өнген астығын шарттасқан өкімет не кооператив орындарына сатады. Шарттасу өкіметке де, шаруаға да үлкен пайдалы.

Қала мен қыр

Тауар, фабриктен арзан шықса да бұл күнде
қара шаруаға қымбатқа жетеді.
Кооперативке кіріп, қара шаруа өз қолымен алса,
ол қымбатшылық жойылады.
Рыжков

Қыр халқы қырдан қалаға түрлі азық-түлік алып келіп сатады. Мал, ет, үн, сүт, сұлы, май тағы басқа неше түрлі азық-түлік, астық.

Азық-түліктен басқа қала қырдан неше түрлі шикі бұйымдар да алмай тұра алмайды. Мысалы: кездеме тоқып шығару үшін қалаға, қырдың жүні керек, кендірі керек, былғары қылуға етік, кебіс, мәсі тігіп шығаруға қырдың тері-терсегі керек.

Қыр халқы қаладан шай, қант, тұз, кездеме, былғары, ине-жіп сықылды үй ішіне керек түрлі заттарды сатып алып кетеді. Және қыр халқының қара шаруасына егін,

шөп машиналары, шалғы, айыр, амаш (соқа), мала (боразна) сықылды түрлі сайман керек. Бұларды алады.

Қалада түрлі білгіштер, доктор, агроном, инженер, жетік мұғалімдер оқытып шығаратын ірі мектептер бар. Қыр балалары қаланың осы мектептеріне барып оқымақ. Қалада түрлі кітап, газеттер басылады. Оларды оқып өзіңнің тұрмысыңды түзей аласың.

Азық-түлігі, астық, түрлі шикі бұйымы бар қырсыз қаланың тұра алмайтындығы сықылды, қыр да қаласыз тұра алмақ емес. Қала қырмен күн көреді. Бірінсіз бірі тұра алмайды. Алда-жалда біріне-бірінің қатынауы, біріне-бірінің беріп-алуы үзіліп қалса, бір ауыз сөзбен айтқанда, қала аш қалады, қыр, жалаңаш қалады. Қала мен қыр – бір дененің екі мүшесі.

Кеңес Одағындағы ірі кәсіп, ауыл шаруасын көтеретін, молайтатын кәсіп. Кеңес Одағындағы ірі кәсіппен ауыл шаруасы социал негізіне құрылған ірі кәсіп шаруасы арқылы ғана білім жолына түсіп молая алады. Ірі кәсіп арқылы ғана кооператив шаруасына айналып, социал тұрмысына жетеді.

Пар болса, егін шықпай қалмайды

Жаман жер болмайды, жаман егінші

Егіннің шығымды болуына жылылық, жарық, су – осы үшеуі керек. Қазақ жері жылылықпен күннің жарығынан кенже емес, жалғыз-ақ, суы тапшы. Сондықтан, егінім шығымды болсын деген қазақ, аңызға тым тоқырайтып қамды істеуге керек. Оның жолы мынау:

1. *Күзгі пар*. Аңызды, күзгі күні жыртып тастау керек. Бұған арыс салынады. Күз жыртудың пайдасы сол. Жұмсартылған топыраққа жаңбыр суы да, қар суы да жақсы сіңіп байланады.

2. *Ерте (жазғытұрғы) пар.* Апрель, май ішінде жаңа жер айырып тастау. Жаңа жер июнь, июль, август айларында айырылса, келесі жазғытұрымға шейін топырақ шірімейді. Егілетін өсімдікке тас бен бір есеп болып қалып, азықтануға болмайды.

Агроном

Ертеңгі ұран

Көл басы қараша үйлер қатар тіккен,
Біртіндеп шықты адамдар дір-дір еткен.
Балтырын жалаңаяқ түріп алып,
Малшынып бел бұрардан салқын шықпен.

Асығып әлде неге соқа жекті,
Шыбыртқы ат, өгізге сарт-сұрт етті.
«Боразна!..соп, соп!..» деген ұрандары,
Жаңғыртты таңмен бірге жер мен көкті.

Аяғын шық тоңдырып, бая тесіп,
Жүрс еде қуанышты көңіл өсіп.
«Боразна!..соп, соп!..» деген ескі ұраны,
Сорлының шірік барда қылған кәсіп.

Бұл ұран, тұрмысының барлық гүлі,
Диқаншы тойынбайды айтпай мұны.

Жалғансын аштау жүрек әлге келсін,
Тез жаңғырт ұраныңмен дүниені!..

Бейімбет

Сұлы, бидай, арпа егу жолы

Күз аңызды жырту екі түрлі болады: 1) егінді қыртысымен жұқалап бетін жырту. Тереңдетуді жазғытұрыға қалдыру; 2) күздің өзінде-ақ терең жырту.

Әр ауданның райы басқа болады. Сондықтан осы екі жолды да байқап, қайсысы өнімді болса, соны қолдану керек.

Сұлы, бидай, арпа тұқымы төрт түрлі ретпен себіледі: 1) бытыратып қолмен себу, не шашқышы бар соқамен себу; 2) бөлек көлік жегіп бытырама шашқыш (разбросной сейка) мен себу; 3) қатарлама шашқыш (радабой сейка) мен себу.

Қолмен себу – атам заманғы ескі әдіс. Қазақтың өгізіне мініп, автомобилмен шашқандай өнімсіз. Егінге шынымен беталғандар қолмен себуді талақ қылу керек.

Ескі аңызға бытырама шашқыштан (расброснай сейлкадан) шашқышы бар соқа артық. Бірден жыртып, шашып отыратын соқамен көлікті де, уақытты да үнемдеуге болады. Жанталас егісте, көліктің күші де, уақыты да алтыннан қымбат.

Бәрінен артығы қатарлама шашқыш (рядовой сейлка). Тұқымының аз, көп себілуімен егіннің шығымында артық айырма болмайды. Бытырама шашқышпен сепкенде бір десеге 5 пұт жетеді. Қатарлама шашқышпен сепкенде бір десеге 4 пұт жетеді. Қатарлама шашқыштың артықша пайдасы – тұқым аз кетеді. 30 десе алатын кісінің 30

пұты жанына қалса қақалмайды ғой. Қолмен шашқанда кемінде 6 пұт керек. Десте басы 2 пұт жанға қалдыратын қатарлама шашқыш алып, қолмен себуден ат-тонды ала қашатын заман туды.

Және де егістің шығымына әсер беретін тұқымның түрі – таза болу. Мәселен, бидай тұқымы бірнеше атаға бөлінеді. Бәрі бірдей бір ауданда, бір қалыпты шығымды болмайды. Қысты күні қар тебуге жарамайтын орыстың мәстегіндей жергілікті күн райын көтере алмайтын бидайдың да қағанақ түрлері бар. Қапелім егін салуға кіріскен кісі сулы, бидай, арпаның өз жеріне ыстыққа шыдамды түрлерін біле алмаса, бір тұқымның әр атасынан аздап қана алып, тәжірибе жасау керек. Үш жылдық тәжірибе жетеді. Содан кейін ыстыққа, суыққа шыдамды терілісінен тұқым сайлап, егісті кебейту керек. Не бұрыннан сол ауданда егін салып ысылғандардан тұқымның қандай түрін салайын деп ақыл сұрау керек.

Көп нәубетті егіс

Көп нәубетті егістің артықтығы мынау: үш нәубетті егісте жер тез тозады, мал ұстауға жөнді келмейді, жердің үштен бірі өнімсіз жатады, бос жатқан жерге арам шөп шығып, жердің күшін, дымын құрытады.

Егіншінің малына жақсы, шығымы тамақ керек. Малдан шығатын түсімді молайту бұл күнде ең керекті жұмыс. Тозған егістікті мал боқтығымен жаңғыртады. Отын кем жерде мал көп болса, отын да көп болады. Малды көбейту жердің өнімін молайту үшін көп нәубетті егіске түсу керек.

Көп нәубетті егісте жер жақсы жаңғырады, тыйланады. Көп нәубетті егіске түскен шаруашылық үш нәубеттен орнықты, табанды, берік болады.

Сұраулар: бір жерге қанша сұлы себіледі? Бір жерге қанша тары, қанша бидай, қанша арпа себіледі? Бір жерден қанша арпа, қанша тары, бидай, қанша сұлы алынады? Сепкен тұқымнан алынған астық неше есе артық?

Коллектив шаруашылығы

Қазақстанда ауыл, поселкелердегі шаруашылықтардың көбі әлі өзімен-өзі болып отырған, өнімі аз, ұсақ шаруашылықтар. Шаруашылық неғұрлым бытыранды болса, оның берекесі де кем болмақ. Бытыранды шаруашылықта ілім жолын қолдану қиын. Жеке шаруашылықтың трактор сияқты ірі машиналарды алуға әлі жетпейді. Сондықтан жеке шаруашылықтар ауыл шаруашылығып машиналандыру ісіне бөгет болады.

Бірлесіп, берекелесіп істелген істің, көмектесіп жүргізген шаруашылықтың өсімі жылдам, берекесі күшті болады.

Коллектив шаруашылықтардың ғана ірі машиналар алуға шамасы келеді. Мұндай шаруашылықтарға өкімет де үлкен жәрдем етеді. Өкімет, алдын ала коллектив шаруашылықтарды жабдықтандырады, қарызға машина-сайман береді. Орта, кедей шаруашылықтар, жалшы-батырақтар коллектив шаруашылығы арқылы ғана байлардың қанауынан құтылмақ.

Ауыл шаруашылығын жаңа негізге көшіру, коллективтендіру өте пайдалы. Батырақ, кедейлердің тұрмысын жақсартуда ең қолайлы, дұрыс жол.

Ауыл шаруашылығы коллектив шаруашылығы арқылы ғана социалдық тұрмысқа көшпек.

1925 жылдың 1 октябрінде Қазақстанда не бары 1,118 коллектив шаруашылыгы бар еді. 1928 жылдың октябрінде 2,315 коллектив шаруашылығы болып отыр.

Кеңес шаруашылығы

Ауыл шаруашылығындағы социалдық шаруашылықтардың екінші түрі көрнекті, үлгілі кеңес шаруашылықтары. Кеңес шаруашылықтарын өкімет құрады. Бұл шаруалар кеңес мемлекетіне астық бұйымымен мал шаруасынан өнетін шикі бұйымдар жеткізеді және қара шаруаның шаруашылығын жаңа жолмен қайта құру жұмысына мұрындық болады.

Қазақстанда өлкелік маңызы бар кеңес шаруашылығының саны 28, бұлардан басқа одақтық маңызы бар бірнеше кеңес шаруашылықтары да бар. Бұл шаруашылықтар осы күні 100 мың гектар жерді пайдаланып отыр. Алдымыздағы 5 жылдың ішінде егін шаруашылығын жүргізетін бірнеше кеңес шаруашылықтары құрылмақ. Олардың пайдасына 5 миллион гектар шамасында жер берілмек.

Кең далада мәдениеттің ошағы болған кеңес шаруашылығы, егіншілік кәсібінде еңбекшілерге басшылық қылып үлгі-өнеге көрсетіп, социалдық тұрмысқа көшуге мұрындық болмақ.

Егінші

Мидай дала, егістік жер шағырлы,
Жер құйғалы өсімдік жер тамырлы.
Маңдайынан кірлі тері шұбырып,
Жер жыртып жүр, көрші барып Сабырды!

Жер қыртысы жырта қарс айрылады,
Дымы кеппей сеп тұқымды бай құлақ!
Еңбек еткен еметін жер тәрізді
Күзгі егінді жисаң керек айырлап.

Көңілденіп бай, құлақ ән салады:
«Жер шұрайы қара томар алабы.
Еңбекші елдің басын қосып, байытып,
Ел аузында әйгілі әні қалады...».

Бейімбет

Құрғақшылық деген не?

Жаз құрғақ болып, егін, шөп шықпаса, мал жұтаса, қазақ бен мұжық «бізді Құдай ұрды» дейді. Молда, қожа надан елге боқтан өзгені айтады. Сорлы ел оларға нанады. Молдекең көзді жұмып, малдасты құрып: «Құдайды жөндеп қадірлемейсіңдер, намаз оқып, ораза ұстамайсыңдар. Міне, міне, Құдайдың тас төбеден ұрғаны!» дейді.

Молдекеңдер өтірік айтады. Молда, елді алдап, жаназа оқып, підие алғаннан басқа боқ білмейді.

1921-ші жылы Еділ бойындағы елмен біздің Торғай мен Бөкейдің қазағы сұрапыл аштыққа ұшырап қырыл-

ды. Бұл не? Сол жылы Еділ мұжығы, басқа мұжықтардан Құдайға құлшылықты кем қылып па?

Торғай мен Бөкей қазағы, Семей қазағынан намазды кем оқып, оразаны аз ұстап па? Ашыққан қазақ Құдайдың құлағын шулатып атын қысқа күнде қырық айтпап па?

Мұжықтар попқа зарын айтып, қабының түбіндегі қалған ұнын беріп дұға оқытпаған ба екен? Поптың дұғасынан келген бір тиын пайда бар ма? Жоқ!

Құрғақшылық наданға – тажал, білімдіге – ойыншық

Құрғақшылық болса, мұжық егінсіз, қазақ малсыз қалады, аштан қырылады. Ал, Еуропа мен Америка жұрты құрғақшылықты елең қылмайды. Құрғақшылық ол жақта да болады. Бірақ, олар ашықпайды. Мұның себебі не?

Себебі мынау: Америка мен Еуропа жұрты Құдайға жалынбайды. Білімге жалынып жүр. Молда, бақсы, попмоп бәрін олар адыра қалдырды. Әулие қолынан керемет келмейтінін ол ел әлдеқашан білді. Кереметті, әулие жасамайды. Адамның ақылымен еңбегі жасайды.

Олар егінді білім жолымен, ырғағына келтіріп салады. Жұмысты машинамен жүргізеді. Жердегі өсімдікке керек суды сақтай біледі. Мұны қалай істеудің амалын білімді ел біледі. Жаз жауын тапшысы болса да, олар егін шығарып алады.

Қысқасы: құрғақшылық білімсіздің желкесіне мініп алады. Білімдінің табанының астында қалады.

Ыбыраш

Жоңышқа шаруашылықтың кілті. Жоңышқа егіңдер

Жоңышқаның бір десесінен мың пұт алуға болады. Және бір себілген тұқым он жылға шейін шыға береді.

Жоңышқа әсіресе, ауасы жылы, егісті суғарып салатын Түркістан қазақтары үшін, Қазақстанның оңтүстіктегі уездері үшін әбден қолайлы. Бір жаздың ішінде әлденеше рет шабуға келеді. Малдың бойына жұғымдылық жағынан сұлымен құрдас. Тірі тұрған жасыл жоңышқаға мал жаю тіпті жақсы.

Боқтықпен жақсылап өңделген аңызға салынған жоңышқа, жасыл күйінде жаз бойы 4 мың пұт шөп береді. Бір қараның оттауына майдың аяғынан октябрдің аяғына шейін 240 пұттай шөп керек. Бұл есеппен бір десе жоңышқа салынған жерге, 16 қара ұстауға болады. Жоңышқаны сабанға қосса, май мен қара кесек етті қосқандай жұғымды болады.

Жоңышқаның десесіне 1½ пұт, 2 пұттан артық тұқым кетпейді. Бір пұт жоңышқаның тұқымының бағасы 12 сомнан 20 сомға шейін.

Агроном

Қазақстанда өнерлі кәсіп құрылысы

Қазақстанда социалдық тұрмыстың негізі болған өнерлі кәсіп өсіп-өніп келеді. Патша заманында Қазақстанда өнерлі кәсіп болмаған. Бірен-саран болса, олар да шет ел байларының қолында болып келген. Азамат соғысы кезінде бұлар да тамтығы қалмай бұзылып, жарылған.

Кеңес өкіметі құлаған, жарылған өнерлі кәсіп орын-

дарын қайтадан аяққа бастырды.

1928 жылы Қарсақбайда мыс зауыты салынды. «Қарсақбай» жылына 10 мың тонна мыс береді. Семейде үлкен былғары зауыты салынды. Былғары зауыттары 27-28 жылы 217 мың былғары илеп шығарды. Тұз шығаратын кәсіп орындары 27-28 жылы 150 тонна тұз шығарып отыр. Балық кәсібінің өнімі 27-28 жылы 3 миллион 200 мың пұт болды. Бұлардан басқа да тау-кен кәсіптері бар. Рейдер, Ембі мұнайы сияқты кәсіпорындарымыз бар.

Қазақстанда жұмысшылар

Өнерлі кәсіп өсуімен қатар социалшылық құрылыстың көсемі – жұмысшылар да өсіп келеді.

25-26 жылдар Қазақстан өнерлі кәсібіндегі барлық жұмысшылардың саны 8000 еді. Оның 1,800-і қазақ. 1926-27 жылда 9,500 жұмысшы еді. Оның 2,700-і қазақ, 27-28 жылда жалпы жұмысшылар 11 мың 200-ге жетті. Оның қазағы 3,316 кісі. Бұлар – өнерлі кәсіп орындарындағы ғана жұмысшылар.

1928 жыл құрылыс жұмыстарында 27 мың 384 кісі істеген. Мұның 15 проценті қазақ.

Социалшылық тұрмыстың жетекшісі жұмысшылар жыл сайын өсіп келе жатыр. Алдымыздағы 4-5 жыл ішінде жұмысшылардың саны үш-төрт есе артпақ.

Жасасын, жұмысшылар табы!

Кеңес өкіметі – малай жалшының өкіметі

Патша өкіметі кезінде малай, батырақтардың көзі ашылған емес. Малай, батырақтарды мал орнына жұмса-

ды. Оның қамын жеген жан болған жоқ. Бұрын жолсыздық көрген малай, жалшы тиісті орнына мұңын шағып, теңдігін ала алған жоқ.

Ұлы Октябрь төңкерісі бұл жолсыздықты жойды. Біреудің күшін еріксіз пайдалануды тыйды.

Кеңес өкіметі жалшы, батырақтардың еңбегін қорғайтын арнаулы заң шығарды. Бұл заңда жалшылардың еңбегі, демалыс күндері, ауырып-сырқап қалса, жәрдемді қайдан алатындығы бәрі де толық айтылған.

Қазақстанда жұмысшылар аз, жалшы-батырақ көп. Қазақстанда Кеңес өкіметінің таянышы кеңес құрылысының көсемі – жалшы батырақ.

1925 жылы Қазақстан топырағындағы егістіктің көлемі 3 миллион десе жер шамасында еді. 1926 жылы оның көлемі 3 миллион 515 мың болды. 1927 жылы 3 миллион 800 мың десе еді, 1928 жылы 3 миллион 800 мың десе, 1929 жылы 4 миллион 200 мың десе болды.

Көзі ашылған кедей

Октябрь төңкерісінен бұрын Шыныққұлда өзінікі деген тұқымдай жер болған жоқ. Қасқырбайдың қосын айдап, итшілеп өмір өткізетін.

Октябрь төңкерісінен кейін байлардың жерін, малын кедейлерге бөліп береді деген алып-қаш жылы сөз Шыныққұлдың құлағына тиді. Қай күні бөлуші келеді деп екі көзі төрт болып, күтіп жүрді. Жуан жұдырық, келімсектер қызыл болып боялып, бұрынғыдан бетер тояттай берді.

Октябрь төңкерісінің таудай толқыны жайыла-жайыла Жетісуға да жетті. Жуан жұдырық келімсектер шөп-шар-

дай шетке қағылып шығып қалды. Талай Қасқырбайдың жері, малы, қосшы-батыраққа үлестірілді.

Шыныққұлдың да өмірлік қанды бейнеті, табан ақы, мандай тері ақталды, аз да болса үлес алды.

Шыныққұл партияға кірді. Жүре келе іске шеберленді. Жігерлі азамат болды. Күні үшін қосшы ұйымына кірген қуларды бірте-бірте шығара бастады.

Нағыз батырақтарды, қосшыларды біріктіріп Шыныққұл кооператив ашты. Өкіметтен берілетін машина сайманды, тұқымды алдымен алып, тиісті орнына жұмсайтын болды.

Кедейлердің басы құралған жерде Шыныққұлдың аузынан түспейтін сөз: «Күш бірлікте. Кедейлер, қоғамдасыңдар! Серіктік ашыңдар. Жеке қара жүріп шаруа түзеуге болмайды. Қулардың қолына іс бермеңдер!».

Қалың мал, әйелді еріксіз күйеуге беру, көп қатын алу туралы шыққан өкімет заңынан

230. Қазақ ғұрпы бойынша күйеу немесе оның әке- шешесі, ағайындары, құдандасы жағынан қыздың әке-шешесіне, ағайындарына, немесе құдандасына қызды сол мал берген күйеуге еріксіз тиюге міндетті қылып, малдай, ақшадай, не басқа мүлікпен берілетін қалың малды берушілер бір жылға шейін еріксіз жұмысқа салынады. Немесе, бір жылға шейін еркінен айрылады. Бұл қылмысты істеген жай адамдармен, лауазым иесі адамдар да сол жазаға бұйырылады. «Қалың мал» алушылар да сол жазаға бұйырылып, оның үстіне алған «қалың малындай» айып тартады.

231. Әйелді еріксіз күйеуге зорлаушылар бес жылға шейін еркінен айрылады.

232. Екі қатын алушылар мен көп қатын алушылар бір жылға шейін еріксіз, жұмысқа бұйырылады.

Кеңес өкіметі мал орнына сатылып, күң болып келген әйелді қорғап, заң шығарып отыр. Бұл заңға қарсы келгендермен аянбай күресу керек. Оған әр саналы азамат белсенді қатынасып, атсалысу міндетім деп білсін.

Некелену және айрылу туралы заң

Некеленушінің жасы неке жасына толған болуы керек. Неке жасы әйелге 16-ға келгенде, еркекке 18-ге келгенде толады.

Үйленетін, күйеуге шығатын жігітпен қыз загске барып жазылу керек. Жігіт пен қыздың өздерінің ризалығы керек. Әке мен шешенің ризалығы жетпейді. Бір себептермен әйел мен еркек айрылуға керек болса еркек сияқты, әйелдер де «некемді бұзам» деп арыз береді.

Қазақ ішінде күйеуінен шыққан, күйеуі өлген әйелдерге шатақ болып жүрген мәселенің бірі – мүлік мәселесі. Кеңес заңы бойынша әйелдің мүлкі (бұйымдары) өзіне тиеді. Мал бөлгенде өз мүлкін өзі алады. Егер әйел еңбек ете алмайтын жарымжан болса, күйеуінен, қаражат сұрауға еркі бар.

Заң бойынша жас баланың тұрмысы айрықша еске алынады. Шешесінің қолында қалған балаға әкесі жеткілікті қаражат беруге міндетті.

24-25-ші жылы ауыл-поселке кеңестері мүшелерінің 11 проценті әйел еді. Қазір 21 проценті әйелдерден. 24 жылы қала кеңестері мүшелерінің 12 проценті әйел еді. Қазір 22 проценті әйелдерден.

Бұл цифр әйелдердің мемлекеттік, шаруашылық, мәдениеттік жұмыстарға бірте-бірте көп қатынасып келе жатқанын көрсетеді.

Есқызы Сара

Марттың 8-і – әйел мейрамы

Жыл сайын марттың сегізі күні жер жүзіндегі еңбекші әйел мейрам қылады. Бұл күнде зауыттың түтіні, фабриктің машинасы айналасында қызметте жүрген жұмыскер әйелмен сақарада сиыр сауған, түйе суарған, көш жетелеген шаруа әйел бір тілек, бір ұранмен өткізеді.

Бұл күнді Кеңес екіметі толық теңдік алған жұмыскер, қара шаруа әйелі мейрам етсе, шет жерде патша мен байлардың қол астында жарық күнге шыға алмай күң өмірде жүрген әйелдер де қосыла мейрам етеді. Бірақ екі жерде екітүрлі. Біз еркімізбен сәулетпен мейрам қыламыз. Шет жерде байлар еңбекші әйелдерге еркін мейрам қылғызбайды.

Март мейрамы сана-сезімі көтерілмеген еңбекші әйелдерді қатарға қосылып, сапты көбейтуге, ұйымдасып отырып бар кемшілікті жою жолына күш салуға үндейді.

Март мейрамында қазақ әйелінің салатын ұраны:

1. Қалың мал, тоқал алуың құрысын!

2. Әйел мүгедек болып, еркек қолына қарамайтын болып қолөнерін үйренсін!

3. Қара бұқараның белсенді әйелдері партияға кірсін! Қыздар комсомолға, пионер тобына кірсін!

4. Қыз балаларды оқытуға қатты кіріссін!

Сұрау: Бұған тағы қандай ұрандар қосу керек?

Қарындас

Торғайдай таңмен оянды,
Оянған соң жатпады.
Азаттық іздеп шарқ ұрды,
Тұрмыста тұщы татпады.

Бұзылған бала атанды,
Басында жұртқа батпады.
Бықсық, сасық өсекті
Табанға салды таптады.

Бой бақпады, ой бақты,
Бетіне бояу жақпады.
Шұбалтып ұзын шаш қойып,
Шылдырлап шолпы тақпады.

Шәпкі киіп, папкі алып,
Баяндама жаттады.
Орынбор, Мәскеу аралап,
Жазы, қысы дамыл таппады.

Арып-ашып ел кезіп,
Қайғылыны қаттады.
Күң боп езіліп, егіліп,
Жылағанды жақтады.

Суырылып топқа сөз сөйлеп,
Әйел мұңын жоқтады.
Қысқасы әйел жынысына,
Қара ормандай қызмет қып
Өркені өскір, қарындас,
Ақтады, үмітті ақтады.

Мағжан

«Қосшы» ұйымы мен жер-ағаш жұмыскерлерінің одағы

Қазақстанда «Қосшы» ұйымы да бар, жер ағаш жұмыскерлерінің ұйымы да бар. Бұлардың бір-бірінен айырмасы қандай? Жақындықтары қандай? Айырмасы мынау?

«Қосшы» – аз-маз дүниесі бар кедей шаруалардың ұйымы. Мақсаты: сол кедей шаруалардың шаруасын көркейту, тұрмысын түзеу. «Қосшы ұйымына» батырақ, малай, кедей және орташа әлділердің де өз еңбегімен ғана күнелтіп, кедейге бір табан жақын тұрғандары мүше бола алады. Бұл екі ұйымның бір-біріне жақындықтары, түпкі мақсаттары бір болғандықтан. Бай бұлардың екеуінің де дұшпаны. Орта шаруа екеуінің де одақтасы. Бұлардың негізгі мақсаты: ауылда байға, жуан жұдырыққа жол бермеу. Орта шаруалармен қол ұстасып ауылда коммунист партиясымен Кеңес өкіметінің берік, сенімді тірегі болу. Тілек бір болғандықтан бұл екі ұйым біріне-бірі шылбыр беріп, байларға жем болмай, кедей мен жалшының тұрмысын түзейтін ұйым.

Жалшы қазақ! Байларға, жем болмайын, байға ақым кетпесін десең, кідірме, «Қосшыға» мүше бол! Жер-ағаш жұмыскерлерінің одағына кір!

Кәмпескенің маңызы

Кәмпеске – Кеңес өкіметінің ауылдағы істерінің ең күрделісі. Кәмпеске ауылдың кедей орталарын байлардың, бексымақтардың шаруашылық, саясат үстемдігінен азат етті. Ауылдың өндіріс өршуіне жол ашты. Кедей, орташалардың шаруасы өркендеуіне жол сал-

ды. Социалдық құрылыстың дамып, ауылдың жаңадан құрылуына жағдай жасады.

Еңбекшілерге зиянды 700-дей ірі байлар жер аударылды. Мыңдаған батырақ, кедейлер, олардың мал-мүлкіне ие болды. Жоқ шаруасын құрап, бар шаруасын өркендетуге мүмкіндік алды. Жүз мыңдаған еңбекшілер ауылды сүліктей сорған ірі байлардың құлдығынан құтылды. Кеңес өкіметінің көмегімен ақырындап әлденуге, көтерілуге, ортақтасқан, ұйысқан ірі шаруалар құруға мүмкіндік алды.

Өмір бойы құлдықта шіріген қазақ батырағы, кедей, орташамен одақтаса отырып, коммунист партиясы Кеңес өкіметінің басшылығымен еңбегін қанаушы, елін талаушы өз жауы байлармен күреске жабыла аттанды.

Байлар, хан тұқымдары, бұрынғы болыстар, төңкеріске қарсы адамдар – барлығы 696 үй кәмпескеленді. Бұлардан 144 мың 474 мал алынды. Бұл малдың 84 мың 500-і жеке шаруаға, жалшы, кедейлерге үлестірілді. Бұл ретпен алғандар 25 мың үй. 36 мың 168 мал жалшылардың, кедейлердің коллектив шаруашылықтарына берілді.

Май мейрамы – еңбек мейрамы

Май мейрамы жер жүзіндегі жұмыскер мен жалшының мейрамы. Жыл сайын майдың 1-і күні жер жүзіндегі жұмыскерлер, жер жүзіндегі байларға қыр көрсетеді. Күшін сынайды, не қылғанын қарастырады.

Біз жер жүзіндегі жұмыскерлермен бірге бірінші майды мейрам қыламыз.

Англия, Германия, Америка, Жапон жұмыскерлері де бірінші май күнін мейрам қылады. Бірақ, ол мемле-

кеттерде буржуй-капиталистер жұмыскерлерге майды еркін мейрам қылғызбайды. Біз, еркімізбен мейрам қыламыз, бізге бөгет болатын ешкім жоқ.

Бірінші майды еңбекшілер неге мейрам қылады?

Капиталшы жерлерде жалшылар ұзақ күнге ауыр жұмыс қылады, жалақыны өте аз алады. Тұрмыстары өте нашар болады. Бұлардың еңбегінің арқасында капиталисшілер байып, тұрмыстың түрлі қызығын көреді.

1889-шы жылы 2-ші интернационал тобында жер жүзінің жалшылары бірігіп бірінші майды мейрам қылсын деп, қаулы шығарылды. Алғашқы кезде бірінші майды мейрамдаған жалшылар ұраны: «жұмыс мезгілін қысқарту, жалақыны арттыру, жалшылар тұрмысын жақсарту» болады. Келе-келе байлар қолында өкімет тұрғанда жалшылар дегені болмайтыны аңғарылады. Сондықтан бірінші майдың бұрынғы ұранына: «жалшылар өкіметті қолға алу керек» деген ұран қосылады. Басқа жерлердегі жалшылардың бірінші майдағы ұраны әлі осы.

Өкімет жалшылар қолында. Жалшылар өкіметінің бауын бекітіп шаруаны көтеріп, ортақшылдық тұрмысқа жету, алдаңы мақсатымыз. Оның үшін қара шаруамен жалшылар қол ұстасып, жұмыс қылу керек.

Сондықтан Ресейде бірінші май мейрамының ұраны: «Жалшылармен, қара шаруалар бірлігін күшейту».

Қызыл отау 1925 жылы 10 еді, 1928 жылы 53 қызыл отау болды. Бала қарайтын орындар (ясли) консультациялар 1922 жылы болғаны 3 еді, 1928 жылы 39-ға жетті. Бала қарайтын орындар ауыл поселкелерде 1924 жылы 8 еді, қазір 109.

Мектептерде оқушы қыздар 1926-27-ші жылы 1,289 (оқушылардың 22 проценті) еді, 1927-28-ші жылы 1,445 болды.

Еңбекшілер ұраны

Оян, қарғыс таңба басылған, жалаңаш, аш, құл, қайрат қыл,
Қайнап бастан ақыл ашынған майданға қанды айдап тұр.
Қиратамыз ескі жалғанды, жаңа тұрмыс орнатамыз
Жарылқаймыз жарлы қалғанды, дәулеттен сонда татамыз.

Бұл біздің ең ақырғы ең күшті зор майдан,
Дүние еңбекшілі мен табылар бар пайдаң.

Бостандықты бізге ешкім бермес патша да, бай да, батыр да,
Бостандық бізге көктен келмес, аламыз күшпен ақырда.
Ал, егер жоям десең құлдықты,
тамағым болсын десең тоқ,
Қорғанбай күпілдет көрікті, темірді қызған кезде соқ.

Бұл біздің ең ақырғы ең күшті зор майдан,
Дүние еңбекшілі мен табылар бар пайдаң.

Біздер бүкіл дүние жалшысы, біз еңбекші топтары,
Жерге қожа болу еркіміз, арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал, егер найзағай шартылдап, қаптаса жауыз дүниесін,
Бізге де жарық күн жарқылдап түсірер нұрлы сәулесін.

Бұл біздің ең ақырғы ең күшті зор майдан,
Дүние еңбекшілі мен табылар бар пайдаң.

Лениннің өмірі

Ленин өлсе де, оның ісі өлмейді.

Владимир Ильяұлы Ленин 1870-ші жыл, апрельдің 23-ші күні Сібір даласында туған. Владимир Лениннің

ағасы Александрды патша өкіметі өлтірген. Ағасының қазалы болуы жас Лениннің тауын шағылдырмаған. Ат жалын тартып мінгеннен былай Владимир Ильяұлы барлық өмірін еңбекшілерді қысымшылықтан құтқаруға жұмсаған. 1895-ші жыл жас Ленин Петерборда жұмыс қылып, жұмыскерлер арасында ұйымдар ашқан. Патша өкіметі Ленинді абақтыға жауып, 1897-ші жыл Сібірге айдап жіберген. Қиыр Сібірде үш жыл айдауда жүрген. Патша өкіметі Владимир Ильяұлына Ресейде қызмет қылуға мүмкіндік бермеген. Сонан соң Ленин шет мемлекетке Швейцарияға кеткен. Шетте отырып Ленин Ресейдегі төңкеріс күресіне жөн, жол көрсетіп отырған.

Большевик-коммунист партиясының көсемі болып отырып, ұлы төңкерістің жабдығын қыла берген. 1917-ші жылдың октябрінде Владимир Ильяұлы байларға қарсы жұмыскер мен мұжықты майданға бастады. Ленин бастаған жұмыскер мен мұжық майданда жеңіп шықты

Владимир Ильяұлы 1924-ші жылы январдың 21 күні өлді.

Ленин өлді, бірақ артында өзі құрып кеткен коммунист партиясы қалды. Коммунист партиясы Ленин өсиетін орындамақ. Ленин туын қолдан түсірмей, ілгері алып жүрмек.

Партия

Саяси әкімдікті өз қолына алуға, қолына алса, өзі ұстап тұрып қалуға ұмтылатын халықтың әрбір табының ұйымы партия деп аталады. Әр партия өз табының саяси күресіне жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы

Коммунизм, біздің жанған шырағымыз!

Жұмыскер табының саяси күресінде коммунист партиясы жолбасшылық қылады.

Коммунист партиясы – дүниедегі барлық байлықты, байлықтың барлық құралдарын (зауыт, фабрик сықылды заттар) жалпы халықтың ортақ мүлкі қылмақшы. Коммунист партиясы «біреуді біреу сормасын, біреудің біреу ақысын жемесін» дейді.

Коммунист партиясы есебі барлық жер жүзінде бар. Барлық дүниедегі коммунист партияларының кіндік ұйымы коммунисшіл интернационал деп аталады. Үшінші, коммунист интернационал 1919-шы жылда құрылған. Мұны құрған Ленин.

Кеңестер одағында коммунист партиясы (Б.К.П.) жер жүзіндегі жұмыскер табына көсемдік қылып отыр. Б.К.П.-ның жоғарғы ұйымы, партия жиылысы. Бір жиылыстан келесі жиылысқа дейін партияны басқаратын – партияның кіндік комитеті.

Партия жиылысы мен орта комитет шығарған қаулы, бұйрық-жарлықтарды партияның барлық мүшесі, барлық ұйымы орындауға міндетті.

Бүкіл одақтық коммунист партиясының өсуі.

1927 жылы Қазақстанда партия мүшесі және кандидаттардың саны 30.501, мұның 8.592 қазақ. Партиядағы қазақ әйелі 302 (мұнда Ақмола, Орал губерниялары коммунистерінің саны жоқ).

Партиядағы еркектердің саны, партиядағы әйелден неше рет артық? Партиядағы орыстың, қазақтан нешесі артық?

Ортақшыл лениншіл жастар ұйымы

Жер жүзіндегі ортақшыл ересек жұмыскерлердің коммунист партиясы болғаны сықылды жер жүзіндегі орташыл жастардың да ұйымы бар. Бұл ұйым ортақшыл жастардың интернационалы (КИМ) деп аталады. Ортақшыл жастар интернационалының Кеңестер одағындағы бөлімі, Кеңес одағындағы ортақшыл лениншіл жастардың ұйымы (ВЛКСМ) деп аталады. Кеңес одағында ортақшыл жастар күн санап көбейіп келеді. Осы күні ВЛКСМ-нің миллион жарымнан аса мүшесі бар.

Ортақшыл лениншіл жастар ұйымы – коммунист партиясының өкшесін басқан орынбасар. Комсомолдар алдымыздағы шын теңдік, ортақшылдық өмірі, жаңа тұрмысты орнатуға талпынып, қанаттарын қомдап жатқан жас қырандар, комсомолдар осы күнде-ақ қалың бұқара ішіне жаңа жұртшылықты орнатып жатыр. Қалың бұқара арасына жаңа тұрмыс, жаңа жұртшылық комсомолдар арқылы кіріп жатыр.

Өсе берсін, ортақшыл жастар ұйымы!

Пионер деген кім?

Пионер – аталарына, ағаларына ортақшылдық тұрмысын орнатуға қолқабыс қылатын жұмысшы мен қара шаруаның балалары. Пионерлер Ленин жолына түскен, Ленин жолымен тәрбие алып жатқан жеткіншектер. Пионерлер – бірге жатып, бірге тұрып, бәрі бірге киініп, бәрі бір тамақ жеп, бәрі бір тәрбие алып, жасынан ортақшылдыққа үйреніп, шын коммунист болуға дайындалып жатқан балапандар. Пионерлер – комсомол мен коммунистердің қолғабысшылары. Пионер, жасы жеткен соң комсомол болады.

Көбейсін пионер балалар!

Біздің әскеріміз жұмыскер мен қара шаруа әскері

Бұрын патша солдаттары алпауыттар мен байларды қорғаған. Алпауыттардың. патша генералдарының айдауымен солдаттар өздерінің бауырлары жұмыскер мен қара шаруаға жендет болған.

Біздің айбынды қызыл әскеріміз еңбекші елдің жауларын қиратты. Жұмыскер мен қара шаруаны байлар, алпауытгардан қорғап отыр.

Біздің әскеріміз Кеңес жеріне жау шаппасын деп аңдап отыр.

Қызыл әскер, байлардың пайдасы үшін соғыспайды.

Шаруамызды өркендетуге бізге тыныштық керек. Бізге тыныштық алып беретін, қызыл әскер. Қызыл әскер – біздің қорғанымыз.

Еңбекші қазақ – қызыл әскер қорғаның

Қызыл әскердің қатарына бұрынғы езілген, қорлықта болған ұсақ ұлттар кіріп отыр. Әсіресе, қазақ сықылды басының қадірі ескі заманда малмен бірдей болған ұлттар қызыл әскерді құттықтау керек.

Біз бұрынғыдай от басында отырып шіри бермейміз. Енді қызыл әскердің қатарына қосылып, бостандығымызды өз қолымызбен қорғауға жарайтын болар. Бұрын солдат деген қазақ жұртына жау болса, енді қызыл әскер Қазақстанның қорғаны. Қызыл әскер – жалпы еңбекшілердің жоқшысы.

Қызыл әскер – жер жүзі еңбекшілерінің қорғаны

Қызыл әскердің тобы – бүтін жер жүзі еңбекшілерінің тобы. Қызыл әскердің жылдан жылға жасы өсіп, сапасы

артқанына, өнер-білім үйренгеніне, сана-сезімі күшті, береке-ынтымағы зор, күшті әскер болғанына жер жүзі еңбекшілері қуанады.

Өйткені қызыл әскер теңдік қорғаны, төңкерістің құлдық, қорлығынан босатуға, қорғауға жасалып отырған әскер.

«Қызыл әскер барлық ұлт еңбекшілерінің қарулы одағы». Қызыл әскер неше түрлі ұлт еңбекшілерінен құрылған. Бәрінің міндеті, тілегі бір. Кеңес еліне жаудың арам қолын сұқтырмау.

Еңбекші елдің қорғаны, күзетшісі қызыл әскер жасасын!

Асабиақым қоғамы

Асабиақымның мақсаты – қалың бұқараның күш-қаржысымен ел қорғау жұмысын күшейту. Жер-жерде байлар мемлекетінің бізге ойлаған қастығын, істеп жатқан дұшпандығын, Кеңес үкіметінің саясатын қалың бұқараға толық түсіндіру. Еңбекшілерді келешектегі соғысқа дайындау.

Асабиақым қоғамы халық шаруашылығына да үлкен жәрдем береді. Аэроплан арқылы қажеті түскенде жедел жәрдемдер көрсетеді. Шегіртке тағы басқа егінге зиянды жәндіктерге қарсы күреседі.

Халық шаруасын ірі өнерлі кәсіпті күшейтіп еңбекшілердің тұрмысын оңдау үшін Кеңес өкіметінің қауіп-қатерден аман болып бейбітшілікті сақтауы керек. Оның үшін Кеңес өкіметінің соғыс күшін күшейтуіміз қажет. Бұл бүкіл еңбекші бұқараның кеңес жұртшылығының міндеті. Әрбір саналы азамат асабиақымның мүшесі болуға тиісті.

Төрешілдік – бюрократтық деген не?

Кеңес мекемелерінде тонын теріс жамылып жүргендер, байлар, ескі төрелер көп. Олар атқарған жұмысын адамшылық, жұртшылық міндетім деп ұғынбай, нан табудың жолы деп ұғынады. Саналы түрде игілік іске аяқ шалады. Шамасы келгенше кеңес мекемесінің беделін түсіру жағын қарайды. Мекемеге ісі түсіп келген еңбекшілердің мұң-зарына құлақ салып жәрдем ету орнына қорқытып безер қылады. Бір істелетін істі бір айға, бір жылға созып еңбекшілерді әлек қылады. Сөйтіп, кеңес мекемесін қалың қара бұқарадан айырады.

Еңбекшілердің өз ішінен де бюрократтардың шығуы мүмкін. Бұлар кеңес мекемелерінде жүріп игілік ісін ұмытып кертартпалардың ықпалына түсушілер.

Қазақ төрешілдігі

Қазақстанда әсіресе ауылдық, райондық жерлерде қазақ төрешілдігі күшті. Олардың бар сүйенгені бұйрық бар қорқатыны, қорқытатыны қағаз. Мекемені ел үстінен бұйрықпен қыратын мекеме адамдарын «елді қалай болса солай айдайтын бір қожайын» деп ұғынады.

Төрешілдік кеңес мекемелерінің денесіне біткен өте қорқынышты және зиянды бір жара. Сондықтан жалпы еңбекшілер жұмыла атсалысып төрешілдіктің тамырына балта шабуға тиісті.

Денсаулық негізі – тазалық

Түрлі науқасты жұқтыратын бірден бірге тарататын «микроб» деген құрт. Көзге ілеспейтін ұп-ұсақ осы ми-

кробтар тозаңға жабысып, ұшып жүреді. Адамның ішіне кірсе науқастандыра бастайды. Сондықтан үйде тозаң болмау керек. Және талай микроб насыбайшылардың қақырығымен үйді ыластайды. Насыбайшы қақырған сайын микробты төгіп отырады. Таза болайын десең насыбайшыны жерге түкіртпе. Түкіргішке түкірт. Дене тазалығын сақтауға ең керекті нәрсе – монша және жаздың күні суға түсу. «Ата-бабам моншасыз-ақ күнелткен» деген бос сөзді таста. Ауыл-ауыл болып ортадан монша салып ал. Моншаға түс.

Ас ішердің алдында да, ішкеннің артынан да қол жуып, ауыз шаю қазақта жақсы әдет. Бірақ, шалалығы мол. Жуған соң қолды жақсылап жуып, таза шүберекке сүрту керек. Қазақ орамалы жуылмайды, кірі бес батпан болып тұрады. Оны сауы да, ауруы да ұстайды. Сасыған исі көш жерге білінеді. Адамның ішкі, тысқы киімі таза болу керек. Тер басып, май, кір басып, сасып, борсып денені қаптап жүрген соң көйлек, дамбал алдымен бит ұясы болады. Кірген денесін бит, бүрге жайлаған адам қалай оңбақ. Бит – жұқпалы аурулардың тасымалшысы, кірешісі. Олай болса, шамадан келгенше киімді таза ұстау керек. Көйлек, дамбалды жеті сайын жуып тұру керек.

Ыдыстың, астың таза болуы керек

Ыдысқа тозаң жолатпау үшін бетін жауып төңкеріп қою керек. Астың алдында да, артында да, оңдап жуып, сүрту керек. Шамадан келгенше әркімнің өзіне арнаулы ыдыс ұстау, қонаққа арнап бөлек ыдыс ұстау – өте құнттайтын нәрсе. Науқасты адам болса, асты бөлек беру

керек. Тамақты дүмбілез шала пісірмей, әбден қайнап пісуін құнттау тиіс.

Онан соң қазақ арасында тастайтын әдет – ет асату. Етті ауызға асатпай, не ыдысқа салып, не қолға беру керек. Кімнің ауру, кімнің сау екенін қайдан білесің? Біреулерде мерез, біреулерде құрт ауруы болуға мүмкін.

Және ауырып өлген малдың етін жемеу керек.

Неше түрлі науқас, адамның ластығынан, настығынан туады. Тазалықты оңды құнттайтын жұрттарда, мысалы, сүзек сықылды жұқпалы науқас болмайды.

Мақал: «сыныктан басқаның бәрі жұғады».

Бит ауру жұқтырады

Адамды қырып кететін сепкіл сүзек, қайталама сүзек деген аурулар адамға бит арқылы жұғады. Осы екі аурудың өздеріне дербес көзге ілінбейтін құрттары (микробтары) бар. Микробтар қанға кірсе, өсіп-өнсе адамды ауру қылады. Сүзекпен ауырған адамның қанын бит сорса, қанмен бірге ауру құрттары биттің ішіне кірген микробтар біртүрлі болып өзгереді де, жеті-сегіз күннен кейін адамға өте зәрлі болады. Осындай бит жарылып кетсе, ішіндегі улар босайды. Шаққан орынды қасығанда әуелі бит жаралайды. Тырнақтар теріге сызат береді. Өлген биттің заты теріге сіңіріліп үйкеледі. Докторлардың шешектің затын екеніндей қылып өзіміз өзімізге аурулы биттің затын егеміз. Микробтар қанымызға кіріп аурулы қылады. Битті екі тырнақтың арасына салып өлтіріп, тырнақты аузымызға салсақ, не жейтін тамағымызға тигізсек, биттегі құрттар ішімізге кіріп ауру қылады. Қазақтың битті тісімен жарып өлтіруі өте қауіпті. Секпіл сүзек, қайталама сүзек адамға тек бит арқылы жұғады.

Бит жоқ жерде бұл аурулар да болмайды. Биттің адамға осындай төтенше зияндары бар.

Әйел босануы

Әйелдің босануы – жаратылыс ісі. Босанғанда оған ешбір зорлық, жәрдем керек емес. Малдың жәрдемсіз өзі балалауы адамға мысал, өнеге болуы керек.

Толғақ уақытында әйелді «жат, тұр» деп зорлаудың керегі жоқ. Аса ауырламаса, түрегеліп жүрген де жақсы. Қағанақ жарылып, су кеткен соң, жатқан дұрыс. Әйел шалқасынан жатқанда бір тыныстап, бір зорланып толғатумен бала өзі туады. Толғақты тығыздату қата.

Ішін басып, сығып, қол салу кешірілмейтін күнә, әсіресе, арқанға салып «тез тумады» деп белінен қысып тарту зиян.

Толғатқан әйелдің қасында болуға даярланған әйел баланың басы шығарда, жыныс мүшелерінің сыртқы аузын демеп ұстай бергені дұрыс. Сонда әйел мүшесі жыртылып, жараланбайды. Кіндік кесілген соң жолдасы жақындығы үшін бос ұстай тұрғаны дұрыс. Жолдасының түсуіне де ешбір зорлық керегі жоқ. Мезгілі жеткенде өзі түседі. Жарты сағат, не бір сағат шыдап күту керек. Кіндіктен тарту жарамайды, тартып түсіргенде жолдасы түгел түспей қалғаны болса, қанның көп кетуіне себеп болып әйел дертті болмақ. Сағаттан асқанша түспесе, сонда дәрігер іздеу керек. Елдегі бақсы емес, оқымысты, ілімді дәрігер акушер керек.

Жолдасы түспеу сау әйелде сирек болатын жұмыс. Болған жерде сабырсыздық, надандықтан болады. Босанғанның артынан «жел толғағы» дейтін толғақ болады. Көбінесе босанып жүрген әйелде болады. Оның

қорқынышы жоқ. Созылған жатыр қайта орнына түсерде жиырылып тартылғаннан болады.

Әйелдің артынан бала дертті болып, «албасты басып», «марту басуларына» үлкен себеп болатын, ел ішіндегі жолдасы түспеген әйелге ерінің тізесінің кірін езіп ішкізу сияқты, лас қолын салып тартқан сияқты әдеттер және босанған әйелдің астын таза ұстамаушылық. Тартып алған жолдастың іште қалған үзігі, астындағы бірі-не-бірі қосылып жатқан қан, бәрі шіріп иістеніп, әйелдің бойын қыздырып, есін аудырып, талықсытып, сандырақтатып, әйел жынданған тәрізді болады.

Ел мұны «албасты басты» деп бақсы алдырып, сорлы әйелге көрсетпейтіні жоқ.

Жақын жерде ілімге сүйенген дәрігері жоқ, қазақ әйелі ауру болмасқа қам қылулары керек. Оның үшін надан абысын-ажынның ақылын тастап, бақсы-балгерді жанына жуытпай, кітаптан есіткенді мықтап ұстаулары керек.

Нәзипа

Жүкті әйелге ақыл

1. Етегің сынғанда таза бол. Күніне үш мезгіл жуынып, таза, кірсіз киініп жүр.

2. Етегің сынған күнін, тоқтаған күнін ұмытпайтын болып қатты жаттап жүр. Көбінде етек сынуы қойылса, жүктіліктің белгісі болады.

3. Жүкті болсаң, таза бол. Жуынып жүр. Жайшылықтағы шаруаңнан қалма, жата берме, таза ауада көбірек жүр. Шамаңнан артық ауыр нәрсе көтерме. Тамағың тоқ болсын. Ішіңді бұратын тамақ ішпе!

4. Жүкті кезіңде қан көрсең, не басқа бір ауырлық пайда болса, төсекке жат. Оқымысты дәрігер (доктор) шақыр. Елдің бақсы-балгерінен сақтан.

5. Бар жерінде жүкті әйелдер консультациясына (бала мен ананы бағуды үйрететін жер) бар. Керек ақылды, жәрдемді сонан табасың.

6. Алтыншы – 7-ші айлардан бастап емшектің ұшын таза сулы шүберекпен сүртіп жүр. Соңыра бала емгенде жарылмайды.

7. Босанар мезгілің таянғанда баланың көрпе-жастық, жаялық көйлектерін даярлап, тігіп қой. Мол болсын, жұмсақ болсын, жууға ыңғайлы болсын. Жаңа шүберек болса да, қайнаған су мен жуып қой.

8. Бар болса, толғақ білінген соң-ақ «тума үй» деген босанатын дәрігер үйіне бар. Болмаса күні бұрын акушерге сөйлесіп қой. Толғақ білінген соң жылы жерде, жылы суға түс.

9. Босанғаныңда акушерге бір жағынан, не күйеуің және бір жәрдемші әйелден басқа адам кіргізбе.

Нәзипа

Бала асыраған әйелге ақыл

1. Балаң адам болсын десең, бір жасқа толғанша емшегіңді бер. Бір жастан ары қарай салқын кезде емшектен айыр.

2. Емшекті ретсіз, жылаған сайын берме. Күндіз биенің екі сауымындағы үш сағат кезінде бір еміз. Түнде таң атқанша емізбе. Жылағанын басам деп, бос еміздік берме. Жылауының басқа себебін ізде.

3. Алты айдан ары қосымша тамақ бер. Су, қант қосып қайнатқан сиыр сүтін бер. Алты айдан ары жасқа толғанша бірте-бірте емізу мезгілін кемітіп, тамаққа аудара бер.

4. Сөйтіп жастан аса бергенде емшектен айыр. Баланы үш-төрт айға шейін, күн сайын шомылдыр, онан

ары, күн ара, жетіде екі рет шомылдыр. Шомылдыратын ыдыс таза болсын. Басқа жұмысқа жұмсалмасын. Судың жылылығы 28 градус болсын. Аптектегі «бала сабыны» деген сабын болсын.

5. Баланы бесікке бөлеме. Аяқ-қолын бос қой. Тек бөксе жағын жаялыққа ора.

6. Баланы шайқама, тербетпе, қозғалмайтын шыбықтан тоқыған қорапқа салып қой. Еркін өссін. Төсек-орнын күн сайын далаға күнге шығарып жел қақтыр.

7. Баланы бір мезгіл даланың таза ауасына шығарып жүргізіп ал. Желсіз күні қысқы күні де шығар.

8. Балаға жанасатын нәрселерің таза болсын. Сонда балаң аурудан аман болады.

9. Балаңды консультацияға апарып, бағу тәртібін, балаңнын ауру-сауын біліп жүр.

10. Консультация жоқ болса да, ауырса жақын жердегі дәрігерге апар. Бақсы, балгерден сақтан.

11. Үш-төрт айға келген соң балаңды шешекке қарсы (қорасан) ектір.

Нәзипа

Кеңес тобында

... ұлы топ ашылды,
Тып-тыныш өкілдер.
Қызылды-жасылды
Бас иген туды көр.
Құттықтау сөз кетті...
«Маған бер! Маған бер!»
Музыка әндетті.
Тыңдаған зал күңіренер,
«Міне, күн тәртібі».

Құлаққа жағымды,
Мәселе әртүрлі.
Қарауға алынды ...
Әркімде бір мұң бар,
Топқа кеп ұсынды,
Өз тілі – өз мұңы
Топ дереу түсінді ...
Қаламбай, Саламбай,
Бұқабай, Тасқара...
Сөз айтты қарамай
Бала да жасқана.
Мұң тілек, мұң тілек ...
Ортаға үйілді.
Қаптады бір тілек
Ұлы топ жиында.
Бәріне заң керек,
Жол керек сызуға,
Жол керек – мол керек ...
Соқыр хал қызуда!

Бейімбет

Қазақстан

Қазақ Республикасы – еңбекші елдің мемлекеті. Қазақ мемлекетінің қожасы кеңестер тобы. Кеңестер тобы дегеніміз еңбекші елдің уәкілдерінің бас қосатын жері.

Бір болыс елдегі еңбекші елдің уәкілдері топ құрып, болыстық атқару комитетін сайлайды. Болыстық топтан уәкілдер шығып, уездік топ құрып, уездік атқару комитетін сайлайды. Уездік топтан уәкілдер шығып, губерниялық топ құрып, губерниялық атқару комитетін сайлайды. Губерниялық топтан уәкілдер шығып, жалпы Қа-

зақстанның тобын құрып, жалпы Қазақстанның кіндік комитетін және халық комиссарлар кеңесін (совнарком) сайлайды.

Қазақстанның жер ауданы 3 миллион шаршы километрдей. Халқы 6 миллион 677 мың 400 адам. Мұның 4 миллион шамасы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек, қарақалпақ, тараншы, татар, түрікмен, дұнған, қырғыз, тағы басқалар. Қазақстанда 13 губерния (Орал, Теңіз, Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар, Ақмола, Сырдария, Қызылорда, Кереку, Семей, Қарқаралы, Алматы) және автономиялы қарақалпақ бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша еш губернияға бағынбай кіндік комитеттің тура өзіне қарайды.

«Қазақ» деген сөзде неше буын бар? Неше дыбыс бар? Өздерің екі-үш, төрт буынды сөз табыңдаршы.

СССР

(Кеңес республикаларының одағы)

Октябрь төңкерісін жасаған жұмысшылар мен қара шаруалар. Бұлар өкіметті өз қолына алды. Жер мен фабрика-зауытқа ие болды. Байлар үстемдігін жойды.

Ресейде патша заманында 100-ден артық ұлт тұрушы еді. Байлар бастаған патша өкіметі ұсақ ұлттардың бәрін қысушы, езуші еді. Октябрь төңкерісін жасаған жұмысшылармен, қара шаруаның, елді езумен жұмысы жоқ. Сондықтан Октябрь төңкерісі ұсақ ұлттарды зорлық, зомбылықтан құтқарды. Әрбір ұлттың еңбекшілері жеке-жеке кеңес республикаларын құруға еркі болды. Сөйтіп түрлі ұлт республикалары құрылды.

Бірақ, ұлт республикалары бірінен-бірі ат құйрығын үзіп кетіп отырған жоқ; кетпейді де. Мұның себебі: ма-

қайдағы жауларға тізе қосып, қарсы тұру керек. Соғыс салдарынан қираған шаруаны қол ұстасыш жөндеу керек. Күш бірлікте. Сондықтан, Кеңес негізіне құрылған ұлт республикаларының бәрі одақ болып, СССР атанып отыр.

СССР орысша «Социалдық Кеңестер Республикаларының Одағы» деген төрт сөздің бас әріптері.

Сұраулар: Октябрь төңкерісін жасаушылар кім? Кеңес өкіметі қашан құрылды? Кеңестер өкіметі бұрын езілген ұлттарға не берді? Кеңес өкіметін не үшін қорғау керек?

СССР-ға кіретін республикалар

1. Ресейдің құрама республикасы (РСФСР).
2. Украина Республикасы (УССР).
3. Кавказдың түстік құрама республикасы.
4. Белорус Республикасы (БССР).
5. Өзбекстан (ӨзССР).
6. Түрікменстан (ТүрССР).

Қалған республикалар мен автономиялы аймақтар осы алты республиканың біреуіне кіреді.

Біздің Қазақстан – РСФСР-ға кіретін республика.

СССР-дағы алты республиканы және Қазақстанды жоғарғыдағы системадан көрсетіңдер.

Кеңес Ресейін кім билеп отыр?

Кеңес мемлекетінде жоғарғы әкімшілік Кеңестердің жалпы одақ тобының қолында. Екінші түрлі айтқанда, одақтас республикалардың тобының қолында. Жалпы одақтық топ, кеңес республикалары одағының кіндік атқару комитетін сайлайды. Ол топқа уәкілді жұмысшылар, еңбекші қара шаруа сайлап жібереді. Сөйтіп,

Кеңес Ресейін жұмысшылар мен қара шаруа билеп отырған болады. Комиссарлар кеңесін сайлайды.

Кіндік атқару комитетінің төрағасы – М.И.Калинин. Комиссарлар кеңесінің төрағасы, Ленин опат болған соң А.И. Рыков сайланды.

Сұраулар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Оған адамды кім сайлайды? Сайлауға кім қатыса алады? Кім қатыса алмайды? Байлар, молда-қожалар, саудагерлер неге сайлауға қатыса алмайды.

Еңбекші елдің төңкеріс мейрамдары мен аза күндері

1. Октябрь төңкерісі – ноябрьдің 7-сі күні.
2. Лениннің өлген күні – январдың 21-і.
3. Патшаның Петерборда (осы күнгі Ленинград) жұмыскерлерді атқызған күні – январдың 22-і.
4. Жер жүзіндегі еңбекші әйелдер күні – марттың 8-і.
5. Февраль төңкерісі – марттың 12-і.
6. Париж коммунасы – марттың 18-і.
7. Лена өзені бойында патша өкіметі жұмыскерлерді атқызған күні – апрелдің 17-і.
8. Жер жүзіндегі жұмысшылардың мейрамы – майдың 1-і.
9. Социалшыл Кеңес республикаларының одақ болған күні – июльдің 6-сы.
10. Жер жүзіндегі жастар мейрамы – сентябрьдің алғашқы жексенбісі.
11. Төртінші декабрь – Қазақстан Республикасының күні.
12. 1-ші январь – Қазақстан әйелдерінің күні.

КЕРЕКТІ БІЛІМДЕР

Жалаңаш хат

Жалаңаш хат бес тиын тұрады. Оның бір жағына хат жазылады, екінші жағына кімге, қайда жазылғаны айтылады. Хаттың сыртына қай жерге, кімге жазған жазуды «адрес» дейді. Адрес жазылған соң хатты почта жәшігіне тастайды. Соңынан пошташылар жәшікті ашып алып, хатты баратын жеріне жібереді. Жалаңаш хат поштада сатылады.

Жабық хат

Жабық хат жай қағазға жазылады да, конверт ішіне салынады. Конверт деген, қағаздан жасаған қалта. Жазылған хатты конверт ішіне салып аузын бекітеді. Бұрышына 10 тиындық маркі жапсырады. Конверт сыртына адрес жазу керек. Адрес жазылған соң, хатты пошта жәшігіне тастайды, бұл – жай хат.

Енді «Заказной хат» деген болады. Ол да жабық хат. Бірақ адрес жазған жердің бұрышына заказной, деген сөз қосылады. Заказной хатқа марка екі есе қымбат жапсырылады. Заказной хатты жәшікке тастай бермейді, поштаға қолма-қол тапсырып, қағаз алу керек. Барған жерінде заказной хатты пошта кітабына қол қойғызып алып тапсырады. Сондықтан жай алып-салуы оңайырақ болады.

Телеграмм

Телеграмм сөзі қысқа болсын. Тек керек сөз жазылсын. Уақ сөздер жазылмасын. Тыңғылар қойылмасын. Мәселен жай хатта:

Қызылорда қаласы наркомпросы.

Биыл мектепке балаларды қай мезгілде аласыз? Және қандай балаларды аласыз? Қандай куәліктер, сенім қағаздар ала бару керек. Соны білдіріңіз деп өтінемін. Тұрағым – Ырғыз қаласы.

Төлеген Көбегенұлы

деген орнына телеграмда былай жазылу керек:

Қызылорда наркомпрос
Мектепке алу мезгілін, шартын білдіріңіз
Ырғыз, Кобегенулы

Телеграмм сөзіне 7 тиын алынады. Тығыз телеграмм (срочно) болса сөзіне 21 тиын алынады.

Ауыз сөзге неше тиын төлеу керек?

Поштамен ақша жіберу

Бір қаладан бір қалаға ақша поштамен, иә телеграммен жіберіледі. Ақша жіберілетін қағазды 1 тиынға поштада сатады. Соны алып, бір жағына қанша ақша, кімге, қайда жіберілетіні жазылады. Бір жағына кім, қайда, қанша ақша жібергені жазылады. Ақша салғандыққа қағаз алу керек.

Бір сомнан 25 сомға шейін салған ақшаға, пошта 15 тиын алады, 50 сомға шейін 25 тиын алады. 100 сомға дейін 50 тиын алады. 1000 сомға дейін әр жүзге, иә 50 сомнан артығына 50 тиыннан алады.

Телеграммен жіберілгенде осы ақы төленеді. Бірақ телеграммен пайдаланғандық үшін 500 сомға шейін 20 сөздің ақысын, онан артса 25 сөздің ақысын үстеп төлейді.

180 сом поштамен жіберуге неше тиын ақы беру керек?
180 сомды телеграммен жіберу үшін қанша төлеу керек?

Поштамен нәрсе жіберу

Бір жерге поштамен нәрсе жібергің келсе, ол нәрсені кенепке, иә жүберекке тігесін. Төгілетін, ағатын нәрсе болса темір, қалайы ыдысқа салып, сыртын шүберекпен қаптайсың, шүберекке адрес жазасың. Адрес бояулы көк қарындашпен жазылады. Ол нәрсенің салмағына қарай пошта ақы алады. Ақысы мынау:

Бір килограммға	**Жерінің алыстығына қарай**	
100 километрге шейін		4 тиын
100-150 км шейін	4	-
180-200 км шейін	4,5	-
200-300 км шейін	7	-
300-400 км шейін	8	-
400-500 км шейін	10	-

Онан ары да солай кете береді.

Өтініш

Шиелінің болыстық атқару комитетіне

10-ыншы ауыл азаматы
Сәрсембайұлы Ахметтен

Өтініш

Біз 10-ыншы нөмірлі ауылдық кеңеске қарайтын Марқабай, Үйсін ауылдары, елден ерікті түрде қаржы жинап, ортамыздан мектеп салмақшы болған едік. Осы күні мектебіміз салынып бітті. Тек партамыз, мұғаліміміз

жоқ. Сондықтан, сізден Марқабай, Үйсін ауылдарының атынан соған мүғалім, парта тауып беруіңізді өтінемін.

Ел өкілі:

Протокол жазу

Болған қаулыны жазуды «протокол» дейді. Протоколге мына нәрселерді жазуға ұмытпа: 1) қашан болды; 2) кімдер болды; 3) кім төраға, кім хатшы болды; 4) не қаралды; 5) не қаулы болды.

Протокол сөзін қысқа жаз.

Үлгі:

Ақтөбе уезі, Мағжан болысы, 5-ші ауыл «Қосшы ұйымы» басқармасының пүртекөлі.

Жиылыстың төрағасы – Қосшыбайұлы Малшыбай.

Мүшелері: Малдыбайұлы Рахмет, Балаубайұлы Қараубай. Хатшы: Келдібайұлы Қайғы.

1929 жыл, марттың 15-і

қаралды	қаулы қылды
1. Мектеп салу жайы.	1. Мектеп Сужарғаннан салынсын. Оған елден жәрдем жиналсын. Жәрдемге «Қосшы ұйымы»10 сом берсін.
2. Қолдағы 2000 пұт тұқымды тарату жайы.	2. Ауылдағы 100 үй кедейге 15 пұттан, 50 үй орта шаруаға 10 пұттан берілсін. Байларға берілмесін. Жер жырту мезгілі таянып қалғандықтан, бұл тұқым осы марттың 20-сынан қалмай таратылсын. Таратып беру «Қосшы» мүшесі Малдыбайұлына жүктелсін. Берілген тұқым күз егін басылған соң жиналсын.
	Төраға: Қосшыбайұлы Хатшы: Келдібайұлы

Метр өлшеулерімен орыс өлшеулері салыстырылған кесте:

(Бір дециметр. Кәдімгі ұзындығы осы)

1 децеметр = 0,1 метр; 10 децеметр= 1 метр; 1 метр = 1½ кез.

Ұзындық өлшеуі

Орыс өлшеулері:	Метр өлшеулері:
1 шақырым = 1067 м. = $^{15}/_{16}$ км. = 1,07 километр	1 километр = 469 сажын = $^{15}/_{16}$ шақырым = 0,94 шақырым.
1 сажын = 2,13 метр	1 метр = $1^{1}/_{2}$ аршын =1,41 аршын,
1 аршын = 71 сантиметр	1 сантиметр = $^{1}/_{4}$ бүр. = 0,255 бүрше

Салмақ өлшеуі

1 пұт = 19 ½ килограмм = 16,38 кг.	1 тонна = 0,1 пұт;
1 қадақ = 0,4 кг = 410 килограмм	1 кг = 2½ қадақ = 2,44 қ.
1 мысқал = $4^{1}/_{4}$ грамм = 4,27 грамм.	1 грамм = $^{1}/_{4}$ мысқал = 0,23 мысқал

Аудан өлшеуі

1 шаршы шақырым = 1,14 шаршы километр	1 шаршы километр = 0,9 шаршы шақырым = 0,88 шаршы шақырым
1 десе = $1^{1}/_{12}$ гектар = 1,09 гектар 1 шаршы сажын = 4½, шаршы метр = 4.55 шаршы метр	1 гектар = 2197 ш. сажын = 0,92 десе 1 шаршы метр = 2 шаршы аршын = 0,21 ш. сажын
1 шаршы аршын = ½ шаршы метр	

Көлем өлшеулері

1 мере = $26^{1}/_{4}$ литр;	1 текше метр =
2,62 литр	3 текше аршын =
1 шелек = $12^{1}/3$, литр = 12,3 литр.	2,8 текше аршын
1 бөтелке = $^{3}/_{5}$ литр = 0,6 литр	1 литр = $1^{3}/_{5}$ бөтелке = 1,63 бөтелке

Әдіс хат

Бұл «әліппенің» жазылу негізі – дыбыс әдісі.

Бұл күнде, көбінесе хат танытудың екі әдісі ұсталып: дыбыс әдісі, тұтас сөз әдісі дегендер. Әліппелерде осы екі әдістің бірімен жазылады. Ересектер мектебінде орыстар бұл күнде тұтас сөз әдісін көбірек қолданып отыр.

Тұтас сөз әдісінің артықшылығы мынау – оқушылар мағынасы түсінікті сөздерден бастап үйренеді, ежіктеп оқудан құтылады. Мағыналы сөзден басталған соң оқушыға қызғылықты болады. Тұтас сөз әдісі көбінесе адамның көзінің алғырлығына көз тұтқырлығына сүйенеді. Дыбыс әдісімен жақсы оқыта білген оқытушыларға, тұтас сөз әдісімен де оқытуға бұл кітап қолайланып жазылған. Оқытушыларымыз тұтас сөз әдісімен емес, әдіспен жақсы таныс оқытушы «әліппе» кітабының қандайымен болса да тұтас сөз әдісін жүргізуге болады.

«Сауатты болмен» бұлай оқытуға кеңес береміз: *кітап, әріп оқымастан бұрын оқушылар ауызбен сөйлемді сөзге, сөзді буынға, буынды дыбысқа жіктеп жаттығады. Әліппе, сөйлем қысқа, сөз аз буынды, алғашқы дыбыстар ашық естілетін болуын, сөз қылудың керегі де*

жоқ. Онан соң кезбе әліппеден құралған сөйлемдерді, сөздерді оқытып алып, кітаптан оқытуға түскен жөн. Кезбе әліппеден оқушылар да сөз құрасын. Алғашқы кезде сөйлем екі- үш сөзді буын бір-екі дыбысты болғаны артық. Буын аяғы ашық дауысты дыбыс болғаны дұрыс. Мәселен: «са-қа» деген сияқты. Дыбыстарды жіктегенде олардың ыңғайына қарау керек. Дауысты дыбыстарды бір дыбысты басқы буыннан айырған жөн. Мәселен: «а-ла, о-лақ, ұ-ран»,. «т, п, қ» сияқты тым келте қайрылатын дыбыстарды сөз аяғындағы түйін буыннан айырсаң жеңілірек болады. Мысалы: «ақ, ат» деген сияқты. Осылай айрылған дыбыстар соңынан сөздің аяғында, ортасында да, басында да келуі керек.

Буындар, сөздер, дыбыстар біріне-бірі ұқсас болса, оқуға, айыруға жеңіл болады. Адамның көзі, тілі, құлағы тез жаттығады. Мәселен: «бар, баз, базар, баралық» деген сияқты. «Жә, алуан-алуан, жүйрік бар; асың-асың асыңа» деген сияқты. Мұнда бір ыңғай суретке көз тез үйренеді; тез жүгіртіп оқи алады. Бірыңғай дыбысқа құлақ тез жаттығады; бірыңғай дыбыстарды тіл тез айтып үйренеді. Бұл әліппені оқығанда есте болу керек. «Сауатты бол» жазылғанда да бұл есте болды.

Тұтас мақалалар оқылғанда оқушылар мәнісін түсінуі керек, оның үшін сұраулар қою керек, диаграм салғызу керек, сызық сыздыру керек. Сұраулармен сол мақалада не оқығанын сұрағаннан пайда жоқ. Сол мақаланың мақсатын түсініп, өз бетімен сол мақала жайында ой туғызса ғана пайда бар. Мәселен, әліппеде әйелдер мейрам күнін оқыған екен делік. «Не оқыдың, не жайында оқыдың» деп мақаланың әр сөйлеміне сұрау қойып сұрағаннан ке-

лер кетер түк жоқ. Оның орнына: «Әйел қоғам жұмысына шаруашылықты мандытуға кірісуі керек екен» деген ой туғызатын сұраулар қойылғаны дұрыс.

Бұл айтқандарымыз – тұтас сөз әдістеріне де, дыбыс әдістеріне де ортақ кеңестер. Тұтас сөз әдісінің бұл айтқандарымыз арасында келетін бөлек жұмыстары бар. Олар жазып үйрету жағында ұсталды. Тұтас сөз әдісімен толық танысу үшін оқытушылар «Жаңа мектептің» №2-ісінде Жүсіпбектің «Ана тілін қалай оқыту керек», №3 Малдыбайұлының «Сөз әдісі», №14-15, Жүсіпбектің «Хат таныту әдістері» №2 (17) Жүсіпбектің «Қазақша хат таныту әдістері» деген мақалаларын оқысын.

Салғаннан жалғыз-жалғыз әріпті көрсетіп, жалғыз-жалғыз әріптен бірден сөз құрастыратындар да бар. Мұндай әдістен қашу керек. Ол дыбыс әдісіне, иә, сөз әдісіне де жатпайды.

МАҚАЛАЛАРЫ

БІРІНШІ МАЙ МЕЙРАМЫ

Бірінші май – жер жүзі пролетариатының жұмыскерлер табы мейрамы. Бірінші май – жер жүзі пролетариатының бір жолда, бір тілекте екендігін білдіретін, капиталға, озбырлыққа қарсы соғыс ашқан пролетариаттың күш-шамасын көрсететін сын мейрамы.

1889 жылы жиналған екінші интернационал (жер жүзі пролетариатының ұйымы) әр жыл бірінші майда жер жүзі пролетариаты мейрам қылсын, жұмысын қойып, тұрмысы түзелуі, жұмыс күні 8 сағаттан аспауын тілеп ұран салып көшеге шықсын деп бекітті.

Міне, сол жылдан бері жер жүзінің пролетариаты бірінші майды мейрам қылып келеді. Капитал қоршауында қан жылаған пролетариат сол жылдан бері капитал мен күресті жеңбей тоқтатпайтынын білдіріп, әлемге ұран салып, жер жүзін жаңғыртып келеді.

Бірінші майды бастапқы жылдарда күнбатыс Еуропа һәм Америка пролетариаты ғана мейрам қыла алды. Себебі, олардың пролетариаты ерте оянған, ерте ойланған.

1890 жылы Англия, Франция, Германия, Австралия пролетариаты бірінші май күні жұмысын қойып, қолдарына ту алып, революция жырларын жырлап, түрлі тілектермен көшеге шығады.

Капиталистер оларға қарсы әскер, полиция, жандарм, топ, пулеметтерді даярлап қояды. Көп жерлерде екі жақ ереуілге келісіп қалады? Американың Чикаго қаласында

8 кісі өлім жазасына бұйрылды. 1890 жылдың бірінші майында бірінші ұран, бірінші құрбан.

Жыл соңынан жыл өтті. Жерге жан беретін жазбен бірге пролетариат қырмызы туын желбіретіп, май сайын мейрам жасай берді. Талай қалалардың көшесі қанға боялды.

Пролетариат қанды көріп қорыққан жоқ. Құрбанды көріп қорғалаған жоқ. Бірінші май мейрамын жамылған пролетариат қозғалысы жер жүзіне тараганнан тарады.

1891 жылы Россия пролетариаты да жарыққа шығып, күресшілер қатарына тізіліп, бірінші майды мейрам қылады. Бірақ, бұл бірінші мейрамшылар жалғыз Ресей пролетариаты ғана еді. Мұнан соңғы мейрамшыларға Россияның басқа қалалары да қатынаса бастайды.

1903 жылы Россияның 6 қаласының пролетариаты мейрамға қатынасады.

1905 жылдан соң бірінші майды барлық Россия пролетариаты мейрам қыла бастады деуге болады.

31... жыл кішкене ғана тілекпен майданға шыққан пролетариат жыл сайын кеңейте, тілегін арттыра берді. Жер жүзіндегі мұңдастарын қатарына қоса берді. Ту басында тар ауданда саяси азаттық қана сұрап шыққан пролетариат бұл ауданды кеңейткеннің үстіне «адамзат тұрмысында теңдік, ортақтық негізін құру» деген жаңа жалынды тілек қосылды.

Осы жаңа ұранмен Россия пролетариаты 1917 жылы ақсүйек капиталистер құрсауын бұзып, билікті өз қолына алды.

Пролетариаттың талай төгілген қаны босқа кеткен жоқ екен. Талай берген құрбаны қабыл болмай қалған жоқ екен. Соң туса да оң туған Россия пролетариаты.

Қазақ елі адамзат тұрмысында өз бетімен жол салу дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Үміт – келешекте. Осы күні қазақтың ел болуы жер жүзі пролетариатының бағына байлаулы. Олардың бағын ашса, қазақ бағы да ашылмақ. Россияда билік пролетариат қолында тұрса ғана қазақ көгіне күн шықпақ. Қазақ пролетариат қатарына кіріп, теңдік ұранын бірге салса ғана құлдықтан құтылмақ. Жылдар өтер, адамзаттың келешек ойын әділдік, азаттыққа қызмет сіңірген ерлер-әйелдер таптардан таспық тізіп, соларды құрметтеп тәкбір етіп, сәждеге құлар.

Сол тізілетін таспықтың бір тасы болуға ұмтыл. Қазақ, әділдік туын көтерген пролетариат қатарына қосыл! Оның қайғысы – сенің қайғың! Оның қуанышы – сенің қуанышың! Бірінші Май мейрамы – сенің де мейрамың.

Сыйын да қуан, сыйын да мейрам қыл. Өркендесін, Бірінші Май мейрамы!

Жәжеке

ЖАЗЫЛАШАҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ ҺӘМ МЕКТЕБІМІЗ

Қазақстан үкіметінің ағарту комиссары һәм ҚССР госиздаты алдындағы жазушылар ұйымының 14 январда болған кеңесінде қазақтың I, II басқыш еңбек мектебіне оқу құралдарын даярлау туралы шығарған қаулыларын газеттерден оқыдық. Сөздің іске асатын кезі келген шығар, іске сәт!

Қаулыда «I, II басқыш қазақтың еңбек мектебіне пәлендей құралдар пәлендей уақытта жазылып бітсін» деген. Бірақ, ол құралдар қандай негізде құрылу керек, қандай түрде болу керек, бұл көрсетілмеген. Көрсетіл-

меуі сөз жоқ қолайсыз. Ағарту комиссариаты ресми бұйрықпен көрсетсе, сөз жоқ, қолайлы болар еді.

Бұл сөздің мәнісі мынау: оқу құралдарының құралатын негізі – мектеп. Оқу құралдардың мінезі – мектеп мінезінің айнасы. Түрлі пәннің (предмет) мектепке қай шамада, қай түрде кіруі де мектептің өзінің қандай негізге құрылуына, қандай мінезді болуына байлаулы нәрсе. Олай болса, жазылашақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті. Ойлауға мүмкін, үстеріне кітап жазу міндеті артылған азаматтардың ішінен көз жұмып, «әйтеуір жазылып кітап бола берсін» деп іске кіріскендері сықылды, ана «байлаулардың» басында басы қаңғырып, дағдарып отырғандары да болар. Осы дағдарыстың болуында тамаша жоқ.

Әңгіме былай: әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебін де салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе. Бұл – ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да ақтарған кісі мұны біледі. Бисмарк айтса, айтпаса да неміс елінің соңғы біраз заман ішіндегі дәуірлері мектебін құра білуден болған еді.

Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барын тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт.

Қазақ мектебі осы күні үш жолдың әрелігінде тұр. Біреуі – артында. Оны жүріп шықты деуге болады. Екеуі – алдында.

10-15 жыл бұрын біздің мектебіміз сиыр көзді, сәлделі молдасы, балдырлаған балаларды шыңғыртатын көк шыбықтарды, бисынба, биясынби, битүрүлері, уал, қадір, кире үшремін, аллатағалылары, тағы толып жатқан бірдеңелерімен тұп-тура өлімнің ұясы еді. Жан, денені бірдей улайтын схоластикалық сасық зынданы еді. Тұрмыс, жаратылыс туралы балаға ешбір білім бермейтіні былай тұрсын, оқу, жазуды да білдіре алмайтын еді.

Соңғы 10 жыл ішінде қазақ оқыған азаматының біраз жандануымен мектебіміз де біраз жандана бастады. Мектеп төрінде тізгінсіз тәңірілік құрған әліпби орнына «ғылым» мол кіріп отырды. Ми шірітуден басқаға жарамайтын мектебіміз хат танытатын мектепке (школа грамоты) айналды. Бұл – мектебіміздің 1917 жылға шейін жүріп шыққан жолы.

1917 жылғы үлкен толқын қалғып отырған қазақ азаматын да қағып оятты. Саясат һәм шаруашылық жағынан елінің қолын жеткіземін деп ұмтылған азамат қазақ мектебін де жаңа жайлы, таза негізге құрмақшы болды. Қала сайын дерлік курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқыны бар мұғалімдер шығарылды. Мектеп пен тірі дүние ортасындағы «қытай қорғанын» бұзып, мектепті білім беріп, тұрмысқа даярлайтын, келешекте ел ісінің иесі болатын азаматтар шығаратын жер жасауға, мектепке тұрмыс һәм жаратылыс ғылымдарын кіргізуге бет алды.

Тіпті құр қампиту емес, 1917, 1918, 1919 жылдар қазақ мектебі үшін күнбатыс Еуропа мектебіне ояну (ренессанс) дәуірінің істеген қызметін істемек еді.

Ояну дәуірінде мектептен схоластика қуылып, мектеп тұрмыс һәм жаратылыстың айнасы болсын деп, Ребле, Муннен, соңғы таман Каменскийлер шықса, өткен 2-3 жылдың ішінде қазақ мектебін жаңа негізге құрмақшы болған азаматымыз да кішкене дүниесінде кішкене Ребле, кішкене Муннен, кішкене Каменскийлер еді.

Бірақ басталған жыр бітпей үзілді. Қолға алынған іс тиянақталмай қалды. Төңкерістен төңкеріс болды. Толқыннан толқын қақты.

Тегінде «тағдыр жазған» жолымен қалтақтап келе жатқан қазақ елі Россия революциясы толқынының екпінімен кете барып қанша ұтты, қанша ұтылды, бұл істері жұмбақ, анық шешуін тарих берер. Қазіргі күнде екпіндеп бара жатқанымызда өзімізге өзіміз есеп беруге қол тимейтін түрі бар.

Бірақ мектеп ісімізге аз ба, көп пе есеп беруге болады. Мектебіміз белгілі берік бір негізге құрыла алмады. Бір жақтан – әліпби һәм ғылым – ол, екінші жақтан – ұлт тілі, жаратылыс, үшінші жақтан – орталық һәм машина (социальный индустриализм) негізіне құрылған еңбек мектебі. Міне, қазақ мектебі осы күні осы үш оттың ортасында отыр. Әліпбиді иллалла қырық молдамен зорға етіп, екінші жолға аяқ баса бергенде, үшінші от жарқ ете түсті.

Дұрыс, еңбек мектебін совет үкіметі тіпті жоқ жерден шығарып алған жоқ. Мектепті еңбек негізіне құру – педагогика дүниесінің көптен бері көксеген ізгі тілегі болатын. Еңбек мектебінің Совет кезінде атой беріп шыға келу себебі – совет үкіметі һәм коммунизм жолындағы адамдар еңбек мектебін саяси күреске құрал қылып отыр. Дұрысы, құрал қылайын деп отыр.

Жоғарғы сөздердің қорытындысы – үш тарау жолдың ортасында дағдарып тұрған мектебімізді белгілі бір жолға нұсқап жіберу – ертеңге қалдыруды көтермейтін міндетіміз. Қалай да мектебімізге берік бір негіз салу керек.

Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескеретін іс – соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады. Еліміздің саяси, ынтымағы һәм шаруашылық тұрмысын жаңа жолға қоймақшы болғанда да біз еліктеу ауданында жүрміз. Қазақ жанын қайшылап отырып жат қалыпқа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру яки жаңа қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай қорқытады. Мектебімізге негіз салғанда біз тағы осы жолға түсіп кетпесек игі болар еді.

Дұрыс, бізге жақын жерден үлгі болатын – орыс мектебі. Бірақ орыс мектебінің өзі осы күнде тоғыз жолдың торабында тұр.

«Жалпы адамзат өсіп-өну тарихында не істесе, бір адам да өсіп-өну тарихында соны істейді. Тарих таңында жалаңаш, тағы адамды жан, ақыл билеген жоқ, дене биледі. Бері келе-келе жан мен ақыл денеден тізгінді ала берді. Мектеп те осылай құрылуға тиісті. Қол еңбегі, дене еңбегі, әрқилы мектеп бас кезінде тізгінді баланың денесіне берсін, ілгерілей келе жанның, ақылдың әкім болуына қызмет қылсын. Яғни, мектеп биогенетический негізге құрылсын» депті Гансберг, Рубинштейн.

Кітап – мәдениеттің негізі емес, мәдениеттің негізі – қол еңбегі, олай болса, кітап әншейін көмекші болып, мектеп басынан аяғына шейін қол еңбегі негізіне, яғни мануалистический негізге құрылсын депті Диюби Зидель.

«Жоқ, мәдениеттің қол-аяғындағы құрсауды тасталқан қылып, оны ерікке шығаратын – машина, олай болса кітаптың керегі шамалы, мектепке түскен адам бітіріп шыққанша машинаны айналдырсын, соны үйренсін, яғни мектеп индустрия негізіне құрылсын» депті аналардың шәкірті орыстың Блонскийі.

Есебі Блонский адамды машинаға тас байлап, машина жанды қылып шығармақ. Адам жанын байлап, машинаның құрбаны қылуға ұмтылу – адамзат дүниесінің соңғы ауруы.

«Машина мәдениетімен көбік шашып күресіп жүргендер – сол мәдениетпен нағыз уланғандардың өзі деп ойлауға күшті дәлелдер бар[3]», – деген профессор Рубинштейн сөзі дұп-дұрыс деуге болатын шығар.

Тағы-тағы толып жатқан деділер... Қысқасы – тоғыз жолдың торабы...

Жалғыз-ақ осы толған тораптың арасынан ашық көрінетін нәрсе – біздің дағдарып тұрған мектебімізді бастап алып кететін талассыз даңғыл жоқ. Сол жолдардың біреуін талассыз деген күнде де, сынамай, икемдемей, даяр қамытты қазақ баласының мойнына кигізе қою – тарих алдында, еліміздің тағдыры алдында кешірілмес күнә болар еді.

Бұл мақала – педагогика дүниесінде мектеп құрылысы туралы қандай ағымдар бар, һәм біздің мектебіміз қандай негізге құрылуға тиісті – осыларды осы бірнеше сөзбен аша қою ойымен жазылып отырған

[3] «Есть все основания думать, что машинная культура особенно глубоко пустила корни именно у тех, кто наиболее просто воюет с ней ...» (Проф.М.М. Рубинштейн. Основы трудовой школы. Иркутское отделение. Иркутск, 1920, стр.53). (М.Жұмабаев ескертпесі).

емес. Мақаланың мақсаты – ескерту. Оқу құралдарын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады, сол туралы ой жүгіртсе игі болар еді деген үміт. Һәм қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза, пәк кезінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келу дұрыс болар еді деген ой ғана.

Сахразада

САЙЛАУ

Газетіміздің өткен санында да хабар айтып едік: Ақмола губернасында 15 августан қалдырмай губерналық ревком таратылып, болыстық, ояздық һәм губерналық исполкомдар құрылмақ болды. Екінші түрлі айтқанда, губернамыздың барлық ісі жоғарыдан белгіленіп, уақытша отырған адамдардың қолынан алынып, елдің өзі білетін, өзі сенетін, өзі сайлаған адамдардың қолына тапсырылмақ.

Тегінде ұғу керек: советтің негізгі заңы бойынша, жалғыз Россия республикасының һәм республикадағы әрбір ауданның топ иесі, анық қожасы ревкомдар емес, исполкомдар, ревком – төңкеріс комитеті деген сөз. Оның мағынасы – әр жер төңкеріс болып, жаудан жаңа алынса, яки сол жерде аяқ астынан бір күшті көтеріліс шығып қалса, міне осы сияқты істердің артынан төңкеріс комитеті, яғни ревком құрылмақ. Мұндайда уақыт та, іс те тығыз болғандығынан ревком мүшелерін ел сайламайды, жоғарғы өкімет белгілеп қояды. Бір жерде төңкеріс яки көтерілістен кейін болатын жүгенсіздіктерді жөнге салу үшін жоғарғы айтылған түрде құрылатын ревком,

әрине, нағыз қолайлы мекеме. Бірақ, ревком мүшелері жоғарыдан, көбінше, шет жер адамдарынан белгіленетін болғандықтан, мүшелер жергілікті тұрмыспен жақсы таныс болмай, кей уақыт жергілікті елге жағдайсыз істер істеп тастауы мүмкін. Және адамның бәрі әулие емес, кей мүшелер төңкеріс комитетінде отырған соң төңкеріс жолымен елге күшін төрелік, орынсыз әкімдік көрсетіп жіберулері де ықтимал.

Ал, енді исполком қандай мекеме, бұған мүшелерді кім сайлайды? Жауабы мынау: исполком жоғарыдан жасырып беретін мекеме емес, елдің өзі құратын мекеме, һәм оның мүшелерін ел жиылыс қылып өзі сайламақ. Жақын болсын, жат болсын ел өзі білетін, өзі сенетін адамдардан сайламақ. Жоғарыда исполком елдің түп иесі дегеніміздің мәнісі осы.

Биыл Ақмола губернасы Қазақстан республикасына көшкен соң, түрлі толқынды себептермен біздің губернамызда ревком да құрылып еді. Болыстық, ояздық һәм губерналық. Бұл күнде губернамызда ревкомдар құрылуға себепші болған жағдайлар жайланды. Толқындар басылды. Сондықтан уақытша қожа ревкомдар таратылып, түпкілікті исполкомдар сайланайын деп отыр.

Ақмола губернасының қазағы! Өзіңе қолайлы, жағдайлы мекеме керек болатын болса, ерте күннен даярланып, күніңе, шаруаңа пайда келтірер деген азаматтарыңды кіргізіп, мына исполкомдарыңды сайлап ал. Іс басында жүргендер әрбір әу дегендерін істеп, өз адамдарын сайлап қояды, бізге тізгін бермейді деп қарадай қажуға орын жоқ. Россия республикасында барлық істі жүргізіп отырған коммунист (большевик) партиясы

биыл жазғытұрым болып өткен 10-жиылысында бұдан былай іс басына коммунист партиясында болмаған адамдар да кіруі мүмкін, мүмкін емес, кірсін, болмаса яғни партияда болмаған елге сенімді адамдар іс басына отырмаса, мемлекет ісін жақсы алып барарға болмайды деп қаулы шығарып отыр. Міне, осы сөз – сөз. Жергілікті жолдастардың бұл сөзді аңдап оқып, енді билікке салулары мүмкін емес, сондықтан иеңді тап, ие тапқанда, кім болса о болсын, пайдалысын, адалын тап.

Бұрынғы аурулары аздай-ақ соңғы бір-екі жыл ішінде біздің ел тағы бір ауру жамап алды. Пысықша бір адам бір жиналыста делегат болып сайланады. Жиналыста болып, сайлаған елдің жай-күйін айтып елге пайдалы іс етейін деген оймен емес, жұмысқа айдамасын, лау тартқызбасын деген сықылды ұсақ ойлармен. Осындай пысықшалардың елге келтірген зияны аз емес. Сайланып тұрып бармай қалып, талай жиылыста қазақ делегатының саны аз болып, қазақ осы талай ұтылып жүр.

Ел сені адам деп сайлаған соң ерінбей жиылысқа барып, елге пайдалы адамдарды сайлап, жағдайлы мекеме құрып бер. Пәлен-түгендер «төре» болып алып, қиындап барады деп зарлайсыңдар. Құр көз жасымен не біткен? Алма өзі ауызға қашан түскен? Түгендердің төре болмауы ел өзіңнің қолыңда. Ел, даярлан. Түпкілікті исполкомдарыңды сайлап ал.

АВТОНОМИЯ КІМДІКІ?

Россия төңкерісінің тау-тау толқындары тарих теңізінің қараңғы түкпірінен Алаш елінің алдына бағасыз асыл зат шығарып тастады. Бұл Қазақ республикасы

енді қазақтың қыбырлаған оқиғаны белсеніп іске кіріссе керек еді. Төңкеріс тастаған сынды, тарих тастаған жүкті Алаштың ауыр гирдей оқиғаны қол ұстасып бірге тартса, терге, қанға бірге батса, өлсе болады, бірге жатса керек еді. Қазақтың қазіргі хәліне, тарихына қырағырақ қараған кісіге басқа жол көрінбеске тиісті еді.

Бірақ бұл күнге жиын іс күткен күйге түскен жоқ. Оқыған азамат жұмыла автономия ісіне кірісе қойған жоқ. Оқығандар арасына ұғыспағандықтан түскен көңілсіз, орынсыз жік әлі жойыла қойған жоқ. Ұғыспау әлі бар. «Бұл автономия менікі емес, сенікі! Сенікі емес, менікі!» деген сияқты ұнамсыз сөздерді әлі істеуге болады. Кеше 17-18-19 жылдарда «автономия» деп атқа мінген азаматтардың біразы қазіргі автономияға үмітсіз, салқын қарайды. Кіріскісі келмейді. «Тілегенің осы емес пе еді, неге кіріспейсің» десек, «бұл біздікі емес, жолдастікі дегендей. Қазіргі хәлдің қожасы кейбір жолдасқа жолықсаң, автономия менікі, мен болмаған кісі аулақ жүрсін» дегендей. Мұның аты ұғыспау, ұқпау ғой. Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт Алаш мырзасының, яки бірліжарым жолдастың бостандығы болмақ емес. Бостандық елдігі – автономия елдігі. Автономия жолында малды, басты құрбан қылдым деп, қазақ автономияның қайсысының болса да, айтуға хақы жоқ.

Шынында, байқалық, автономия деген пікірге оқығандар қашаннан бері ие болды. Тарихты терең тексерейін. Ешнәрсе жоқ, бәрі көз алдымызда. Ақ түйенің қарыны жарылып феодал төңкерісі болғанда, біз Алаш азаматында дағдарыстан басқа нәрсе көрмедік. «Жолың мынау» деп, жөңкілтіп, елді бастап кеткен кісі болмады.

Дұрыс, феодал төңкерісі күтілмеген уақытта көтерілгені рас. Бірақ, уақытсыз көтерілді деп қай ұлт дағдарып отырып қалды? Финландия, Польша, Украиналарды былай қояйық, Башқұртстан, Әзірбайжандардың да «ә» дегенінен «ағузу биссмилласы» автономия болған жоқ па?

Айтуға ауыз ұялады. Феодал төңкерісінің жалынды айларында, басқа ұлттардың азаматтары жан беріп, жан алып, ұран шақырып жатқанда, қазақ азаматы мүсәпірдей ғана білді. Елінің тағдыры туралы даңғыл жол ұстаған азамат осылай дер ме еді? Автономия деген пікірді қазақ азаматының басына октябрь төңкерісі еріксіз салған жоқ па? Большевикті құбыжық көріп, Россияның шет-шектері тігесінен сөгіле бастаған кезде, Қазақ автономиясы деген пікірі жарға ұмытылған толқынның күшімен ғана жарық көрген емес пе еді? Бүгінгі күн автономияны бауырына басып алып, тірі жанды жолатқысы келмей отырған жолдастардың әжептеуір бір табы күні кеше «Сайлауға» өкпелеп, елден безіп, төрелік іздеп кеткен «ерлер» емес пе еді? Алашқа автономияны анық алып беретін мен едім деп, өзін іргелі автономияшыл санайтын мырзалардың көбі 1917 жыл Орынборда, декабрь айында ғана тумап па еді?

Енді, бүгінгі күн төңкеріс толқыны мен тура қалған автономияны біреуі – менікі емес, сенікі, екіншісі – сенікі емес, менікі дегілері келеді.

Бұл – опат, ар жолына сыймайтын жұмыс автономия декабрде туған мырзанікі де емес, жолдан қосылған жолдастыкі де емес, автономия – қазақтікі. Айлы, күнді, отты отты тарихы бар, кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар, басқаларға үйлеспейтін тұрмысы, шаруасы бар қазақтікі. Шөл далада жаратылыстан жапа көрген, алдындағы

малымен бірге жусап, бірге өскен, тыныштық көрмей күңірене күш тартқан, мал баққан еңбекшіл қазақтікі. Жүз жылдар орыс ақсүйектері, байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. Аязды күні айналған, бұлтты күні толғанған, құрығын найзадай таянған, қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы, бұл!

Міне, қазақ оқиғаны, осыны анық ұғу керек.

Автономия бір-бірін ұғыса алмай жүрген үркердей оқығандікі емес, кең қолтық, жуан қоныш алты миллион Алаштікі екенін ұғу керек. Оқығандар сол алты миллион елдің қызметшісі екенін ұғу керек. Аз ғана оқығандар еңбекшіл еліне қызмет жолында ынтымақтарын біріктіре алмаса, жаңа құрылған жас республика әлдекімнің қорлық, сасық табаны астында езіліп қалуы мүмкін екендігін ескеру керек. Төрелік қана болса, сөзім жоқ. Болмаса, көксегендерің езілген елге қызмет болса, қол ұстасып, тізе қосып, іс істейтін заман келді.

Қане, іске жаңа жолдастар, ел керек болса, іске!

Жәжеке

ДОСТЫҚ СӨЗ

Біз газетіміздің осы санында «Ақ жолдан» алып «Қазақ-қырғыз бірлігі» деген мақаланы басып отырмыз. Қазақстан хүкіметі үстіне тасталған бұл ауыр сөздерді басқанда, біз әдейі айызымыз қанып, «шоқ-шоқ сол керек» деп қуанышпен басып отырғанымыз жоқ, қайғымен басып отырмыз. Ащы сөз жүрегімізге улы оқтай келіп қадалса да, асырмай, жасырмай айтылған шын сөз болғандықтан «Ақ жолдың» ащы сөзі күйдіріп айтқан

достық сөз болғандықтан басып отырмыз. Жарамызды жасырсақ, тәтті айтқанды «құп» деп, қатты айтқанды кектейтін болсақ, «мынауың теріс» дегенді шаншу көрсек, екі дүниеде біз оңамыз ба?

Түркістан республикасының Кіндік Басқарма комитеті һәм Түркістан ортақшылдар партиясының Кіндік комитетінің тілі «Ақ жол» мынау мақаласында: «Сырдария һәм Жетісу облыстарын Қазақстанға қосуға біз негізінде қарсы емеспіз. Бірақ қазіргі күнде қосып бере алмаймыз» дейді.

Бұған себеп қылып, Қазақстан республикасында қазақ үшін деп басын сындырмағаны, Қазақстан республикасының басында бірталай қолайсыз адамдардың отырғанын көрсетеді. Түркістан қырғыз-қазағын көре, біле тұрып тағдырын Қазақстанда адам қатарында санап, саясат иесі болып жүрген ұйқысырап сандырақтап жүрген «ортақшылдардың қолына бере алмайды» дейді. Адамшылық арынан біржола жұрдай болған болса, мынау «Ақ жолдың» ауыр, ащы сөзін шын сөз деп айтпауға амалымыз жоқ шығар. Қазақстан республикасы құрылғаннан бері «КССР» деген қағаз бетіндегі құр аттан басқа қазақ үшін пәлендей іс істелді деп ұяты бар ешбір қазақ айта алмас.

Жерге орныққан қазақ жоқ. Жүріп кеткен оқу жоқ: Дәуірлеп кеткен баспасөз жоқ. Түзелген шаруа жоқ... ешнәрсе жоқ. «Не бар?» деген құр ат бар. Ашаршылықтан қырылып жатқан Қазақстан төрт облыс ел бар. «Қойды бұзатын шартық бар, елді бұзатын қортық бар».

Осылардың бірі жоқ деп таласқандай арсыз болмасақ «Ақ жолдың» мынау ащы сөзін, жаны ашыған достың сөзі деп ұғып, бұдан былай Қазақ респуб-

ликасында қазақ үшін іс қылуға кірісу керек. Болмаса бұрынғы берекесіз айқаймен жүре берсек, Қазақ республикасында қазақ елінің денін, күнін көркейту жолында жұмыс қылмасақ күнәміз тамұқта мың жыл күйсек те кешірілместік болар. Елден де алғыс алып отырғанымыз жоқ. Көрші бауырлас елден естіп отырғанымыз мынау ғой. Жазаласа ордадан, Мәскеуден, коммунист партиясының өзінен де әдемі сабақ алғалы отырған түріміз бар. Коммунист партиясының бір көсемі былтыр Түркістан жұмысын жөңкілтіп жіберген Сапаров жолдас «Правда» газетінде Қазақстанда істің бәрі әлі күнге отаршылық уысында жүргендігін, Қазақстан қазақ үшін ешнәрсе істелмегендігін, Қазақстанда саясат, билік тізгінін ұстап отырған адамдардың қазақ елінің денін, күнін көркейту жолында іс істеуге ынтасы жоқтығын айқын жазып отыр (Сапаров жолдастың бұл мақалалары келесі сандарда басылар). Елімізден қарғыс алсақ, көршімізден сөгіс естісек, ордамыздан ұрыс естісек «Қазақстан» деген құр атты құшақтап, ешкімге керегі жоқ қазақшыл болып отыруда не қасиет?

«Бостандық туының» бетінде біз бұрын талай рет жазып едік: «Қазақстан республикасы бірнеше адамға бақ алып беру, тақ алып беру үшін құрылған емес, мал баққан қазағының күні үшін, ел хүкіметі үшін емес, хүкімет ел үшін» деп. Тағы да айтамыз Қазақстан республикасында қазақ елінің денін, күнін көркейту үшін кейін қалған қазақ елін қатарға кіргізу жұмысы қылынсын.

Болмаса қазақ еліне де, Коммунизм партиясына да пайдасы жоқ құр қазақшылдықтың мағынасы жоқ құр

аттың керегі болмасқа тиісті. Тағы ескертеміз: «Ақ жолдың» мынау ауыр сөзін жаны ашыған достың сөзі деп ұғу керек. Достың күйдіре айтқан ақылын алудың орнына желқомды бауырымызға алып туласақ, әрі арсыздық, әрі есалаңдық болар. Ақылды бере білген есті болса, ала білген де есті.

Сахразада, «Бостандық туы»

ГОЛОД В САРЫ-АРКЕ

«Воды Волги покрытая льдом, всем будет путь через нее. Если умрет хан Волги, мудрейший Едиге, умрет все живое на свете», так гласит историческая пословица киргизского народа. Злая воля истории веками хранила эту пословицу в памяти Киргизского народа, как будто для того, чтобы лишний раз доказать, что судьба киргизской Желтой Равнины – Сары-Арки на веки связаны с судьбой многоводной Волги.

Родившийся на берегах Волги царь-голод, опустошив ее цветущие долины, давно уже достиг к молчаливой Сары-Арке. Большая часть киргизского народа, население Оренбургской, Букеевской, Актюбинской, Уральской и Кустанайской губерний давно уже изнемогают в неравной борьбе с немым царем-голодом. В тех губерниях уже два года киргизы вместо любимой кобылятины едят мышей и собак, а вместо «белого» кумызу пьют воду вонючих колодцев и луж. Там киргизы белые и бледные, как тени бродят по беспредельной желтой равнине и ловят сусликов, а суслики ловят их. В тех губерниях, уничтожив почти весь скот, заставив людей высоко разборчивых в пище, киргиз ест грязных животных и даже

друг друга, беспощадный враг голод безшумно вошел и в нашу губернию.

С осени 1921 года наша Акмолинская губерния сделалась ареной смертного шествия немого царя. С тех пор киргизы нашей губернии на почве голода переживают те же испытанья и страданья, каковым в течение двух лет подвергнуты их братья в верхних губерниях Киргизской Республики.

Передо мной лежат оффициальные отношения нескольких Киргизских волисполкомов Петропавловского и Кокчетавского уездов. Именалинский волисполком пишет: «В нашей волости голод начал сильно чувствоваться с ноября 1921 года. Все бедное население волости до осени, сьев весь свой скот, всю зиму поголовно занималось скотокрадством. Небывалый джут прошлой зимы скосил почти весь скот, каковой сократился до 70 процентов. Люди пухнут и умирают. С ноября по май месяц волисполкомом зарегистрировано 270 случаев голодной смерти...». Сарайгырский волисполком пишет: «С января по май месяц зарегистрировано 72 случая голодной смерти. Голод все возрастает. Масса скота погибла от апрельской ледяной бури. Чрезмерно усиливается скотокрадство.

Мугаллим 26-й киргизской школы товарищ Избасаров о положении аула Байгабул, находящегося в 18-ти верстах от Петропавловска, пишет следующее:

«Аул Байгабыл состоит из 40 кибиток жатаков-бедняков. Джутом прошлой зимы хозяйтсво их окончательно разрушено. За зиму от голодной смерти умерло 17 человек. В хозяйстве в настоящее время не имеет ни одной головы скота. Многие пришли в город и бродят нищими

по улицам...». Из Баимбетской и Айыртавской волостей Кокчетавского уезда сообщают почти тоже самое.

А из Акмолинского и Атбасарского уездов пока никаких сведений не имеется. Только недавно в ташкентской газете «Акжол» мне удалось видеть сообщение, где две киргизских волости Акмолинского уезда, Чуйского района перекочевали в Аулиеатинский, Чимкентский и Туркестанский уезды Туркестанской Республики.

Я думаю, что эти выписки безусловно могут засвидетельствовать степень бедственного положения киргиз нашей губернии. Словом, кроме одной Семипалатинской губернии вся Киргизская Сары-Арка от Каспийского моря до Иртыша находится во власти голода. Разрушаются хозяйства, уничтожается скот и не будет преувеличением, если скажем – вымирает несколько миллионный киргизский народ.

Однако, многие ли знают об этом? К сожалению, знают не многие и знают непростительно мало. Причина такого незнания кроется в следующем. В прошлом году как только постигло бедствие Поволжья заволновалась вся Россия. Широкошумная Волга заставила зашуметь всю страну. Ибо, во-первых, Волга – ближе к центру, во-вторых, население Поволжья гораздо культурнее чем киргизы. А, культурный человек, всегда сумеет заставить других услышать свой голос. Напротив, молчаливая Сары-Арка покорно приняв царя-голода, ведет с ним безмолвную борьбу и безмолвно и безропотно умирает в этой неравной борьбе.

Криклив и суетлив человек голода, что он не замечает тихой смерти сына Сары-Арки. Шумлив город культурного человека, что он своим шумом заглушает тихий

стон Сары-Арки. Вот одна из причин незнания русского общества об ужасах голода в киргизской степи.

Словом, каких бы то причин не было, но факт остается фактом. На почве голода разрушается киргизские хозяйства и сам народ подвергнут нравственному разложению.

Этими словами я вовсе не хочу сказать, что голод в Сары-Арке сильнее чем на Поволжье. Это было бы совершенно несоответствующим истине преувеличением. Я хочу сказать только следующее: молчание Сары-Арки вовсе не дает право признать ее спокойной и сытой.

Пора же отказаться от старого взгляда Екатеринских времен на Сары-Арку, как на сказочную Киргиз-кайсацкую орду, как край, «где все обилием дышит», где кумыз льется рекой и где копченое мясо под открытом небом завялено горой.

Пора услышать стон Сары-Арки и понять полное страданий жуткое молчание киргизского народа.

Магжан. 11 июня, 1922 года.

АҚАН СЕРІ

Ақын туралы білгендерін айтып һәм жазып берген Мырзалыұлы Баялы, Шыңғысұлы Қоқыш, Бозайұлы Ысмағұл ақсақалдарға һәм Самыратұлы Қазыға көп рақмет айтамын.

Мағжан

Ұшы, қиыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау – Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көк-

шетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді. Соңғы 50-60 жыл ішінде алты алашқа атағы шыққан ақындарымыздың бірталайы сол Көкшетаудың маңайында туып-өскен. «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай», екі аяқты адамның ділмәрі, улы тілді соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, үні зарлы Атығай соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері – осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар. Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатын – Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен.

Ақынның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір. Сондықтан, біз Ақанның алдымен өмірін жазып, онан соң сөздерін тексереміз.

Ақанның өмірі

Ақанның сүйегі – орта жүз арғын ішінде қарауыл. Ұлы әкесі Қарауылда – нар шөккен Жарқынбай. Жарқынбай бір ұл, тоғыз қызы болған. Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен Көгеннің бұршағын мойнына салып Тәңіріден немере тілейді. Сол тілектің артынан жалғыз ұлы Қорамсаның қосағы Жаңыл жүкті болып, одан ұл туады. Ұлдың атын Ақжігіт қояды. Біздің Ақанымыз осы. Ақан 1843 жылы Көкшетау қаласынан күнбатыс пен солтүстік әрелігіне қарай 70 шақырым жердегі Қоскөл деген жерде туған. Ақанның әкесі Қорамса бай, саудагер адам болған. Ол маңайда ол кезде ақша ұстаған қазақ сол Қо-

рамса болды. Әрі малға бай болса, әрі ақша болса, әрине, Қорамса елге қадірлі болмақшы.

Ақан 13 жасқа келгенше Бұқардан оқып қайтқан Күнту деген бір молдадан сабақ оқып жүреді. Бірақ, біраз ес кіре бастаған соң, молданың балдыр-батпағына зерек Ақанның көңілі отырмай бастайды. Сөйтіп, 13 жасында Ақан молдасымен бір шариғатқа таласып, «маған қарсы келдің» деп молдасы оны ұрған соң, «шыбыққа сүйенген шариғатыңды ұрайын» дейді де, оқуыменен қоштасып кете барады. Осыдан былай Ақанның жалпақ жұртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бүлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында – бұлғақтаған үкі, қолында – домбыра, аузында – ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші. Бірақ, Ақанның әні өзгеше. Даланы күңірентіп Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырап тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қара көздері «Ақанның әні-ай!» деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Шомат қожаның қызы Бәтиманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтимадан бір ұл, екі қызы болады. Бірақ, ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтиманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан

да үдетеді. Құлақ естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйрік жияды. Зілғараның баласы Әлібек батырдың бір жылда алпыс түлкі алған Қараторғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген итті алады. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Тап сол кезде Ақанның қолына алты алашқа аты шыққан Құлагер түседі.

Құлагер көбей-қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан. Жабағы тай күнінде Құлагер кез-келген жерде хатта, күртік үстінде өлген малдай серейіп ұйықтай береді екен. Шөкетайдың ағасы Әбілторы сыншы Құлагерді тай күнінде «тұлпар» болады деп сынаған екен. Құлагер дөненінде қарауыл ішінде алдына қара салмай, сол Құлагерді Ақан сол күнде жүз сомға сатып алады. Бестісінде Құлагер Шабан асында дара келеді. Бұдан былай шет елдерге Ақан мен Құлагердің аты бірге шығады. Ақан қолында Құлагер Арқаның талай зор астарында азумен құс тістеген сан жүйріктерден озып жүреді. Арғын-алтай Аққошқар-Сайдалының (Сайдалысының) асында Құлагер 300 аттан жеке-дара келеді. Бірақ, сол аста бір көңілсіз әңгіме болып қалады. Құлагердің артынан Барақбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Белгі алуға шыққан Барақбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстаңқырап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Барақбайға тілі тиеді. Осы уақиғадан Барақбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады.

Осылай Ақанның атағы талай жерге жайылып тұрған кезде мұның өмірінде бір өзгеріс болады. Желдей ұйытқыған серінің жүрегіне мін деуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айнып, қарауыл Тінәлы қажының

қызы Ұрқия сұлуға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алып қашады. Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзақ отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүниеден қайтады. Жаның сүйген жар нажағайдай жарқ етіп дүние салса, жанға жеңіл жара бола ма? Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасіретке орала бастайды. Ұрқия өлген жетінің ішінде Ақанның жақсы көрген бір інісі өліп, қасірет үстіне қасірет жамалады. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы махаббат іздейді. Ақан айналып Ақтотыға келеді. Енді айналып иілгенде Ақтоқтының ұзатқалы жатқан шағы болады. Ақтоқты өкпесін айтып, разы еместігін білдіреді. Ақан қалай да Ақтоқтыны алмақ болады. Ақтоқтының беріліп отырған күйеуі ақсақ екен, қыздың көңілін күйеуден қайтару үшін Ақан сықақ қылып улы өлеңдер шығарады:

Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекеңе таққаныңа.
Бұдан артық Құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа... –

деп, мысқыл қылады Ақан. Бірақ өкпесі күшті Ақтоқты бұрылмайды. Ақан танысып келе жатқан қызды жалғыз өзі Құлагерімен алып қашады. Қыз қалай да разы болмайтындығын айтқан соң, алдында келе жатқан қыздың сүбесіне сапыны сұғып алып, бір томардың қабағына тастап кетеді. Бірақ Ақтоқты тірі қалып, берілген күйеуіне барады. Ақанның жүрегінде махаббат та, ашу да күшейеді:

– Ақтоқты, кеткенің бе шыныңменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.

Басыңды Сарымида кесіп алып,
Өмірімше даулассамшы құныңменен...
Дарияның қайраңындай қалқа бала,
Зарланып ән шырқаймын уайымменен, –

деп ашулы зар шығарады Ақан.

Ақан енді көңілін мал да болса жолбарыстай қолындағы Құлагерімен көтермекші болады. Құлагерді (тағы) астан асқа алып жүріп отырады. Ұрқия, Ақтоқты уақиғасына бір жыл шамасы болғанда, керей Сағынайдың асы болады. Ақан сол асқа Құлагерді қосады. 323 аттың алдында Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтіреді. Асқа жиылған құмырсқадай қалың ел шуылдасып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отырады. Күн былай тұрсын, түн бойы күңіреніп Құлагерінің, сандалкерінің, еркесі, үркеккерінің басын құшақтап отырады. Жан жолдасын қолымен өлтірген адамдай күйінеді. «Әлде қайдағы Ерейменге неге алып келдім? Мал да болса адамнан есті жануар-ай, шабуға жіберерде салбырап, басын төмен салып, кәдімгідей көзінен жасы бұршақтап тұрды-ау! Осы сұмдықтың боларын білген екен ғой ерке керім»,– деп өкінеді. Керейдің игі жақсыларының өздері келіп көңіл айтып, қол қусырып ауылға шақырғандарына жұбанбай, бармай, күңіреніп, бір күн, бір түн далада өлген еркесінің басында отырады. Сол отырғанда өзі мен сандалкеріне өлең шығарады:

Жануар Құлагерім қолдан кетті,
Дұшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, қанжығалы, керей, алтай,
Қуандық, сүйіндік боп намыс етті.
Тамам жұрт көтермекке аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай маған нетті?
Жиыннан жеке келген, тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дұшпан қағып өтті.
Қырмызы, қара құлпы құйрығың-ай,
Суырылып топтан озған жүйрігім-ай,
Жеріне Ерейменнің айдап келген
Тәңірінің айналайын бұйрығын-ай... –

деп күңіренеді Ақан[4].

Жараға жара қосылып, ауыр қасіретпен Ақан еліне қайтады. Тағдыр шіркін, тас бауыр ғой, тап сол жылы Ақанның алғыр қыраны – Қараторғай һәм Базарала тазысы өледі. Қазақ: «ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұңқардың қияғымен, сылдыр қаққан судың бойымен, алма мойын сұлудың қойнымен жұбанады» – дейді екен. Енді Ақанға өмірде жұбанарлық не қалды?.. Жан сүйген жары Үркиядан өлі айрылған, «талай жерде тіліменен бал берген» Ақтоқтысынан тірі айрылған, тұлпарын көмген, сұңқары мен құмайы өлген, енді не қалды? Енді Ақанға теңізден терең ой қалды. Қорғасыннан ауыр, түннен қараңғы қайғы қалды. Удан ащы қасірет қалды. Жасы да отыздың ішіне кіріп қалған. Өмірдің жайнаған гүлін көріп келген Ақан өз өмірінің бықсып-күйіп күлге айналғанын көре бастайды...

[4] Ертеңінде Құлагердің басын кәдімгідей кебіндеп жерге көмеді (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен өзгеріс болады. Бұқардан оқып қайтып, Көкшетауда дәріс айтып тұрған, белгілі Науан қазіретке анда-санда барып сабақ алады. Дінге, сопылыққа беріледі. Хақ асығы дуанадай малдан, елден безіп, дінменен жан тазартуға кіріседі. Бұрын судай сұлу махаббатты жырлайтын Ақан сопылықпен жан тазарту жайын жырлай бастайды. Бірақ сүйегіне біткен серілік серіліп кетпейді. Бәлки, серіліктері жұртқа жат, ұғымсыз түрге кіріседі. Ақанда мынадай кенет ірі өзгеріс көрген соң, ел күңкіл қыла бастайды. Күңкілдің түбі «Ақанға пері иеленіпті» деген сөзге айналады. Шынында Ақанның құлқының, істерінің жай адамның құлық-істеріне үйлеспеуі мұндай сөздерді еріксіз шығаратындай.

Жаз шығып, жан-жануар қыбырлап, қалың ел қайта жайлауға көшкенде, Ақан сақау баласымен Қоскөлдің сыртындағы – Сарыкөлдің жағасындағы ағаш үйде жалғыз қалады. Қалың қамысты көл. Қою қалың, иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. Түн болады. Жел шығады. Қою қамыс зуылдайды, сықыр-сықыр қалың қайың шайқалады. Иесіз үй күңіренеді, үй ішінде Ақан күңіренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап Ақанға қарайды да отырады... Күндіз де сол...

Ішуге де, дәретке де суды Сарыкөлден ғана алады. Сарыкөлдің суына тірі тышқан түкірмейді. Мінген атын да суармайды. Мал келе жатса, алдынан шығып айдап жібереді. Ақан анда-санда жайлаудағы елді аралайды. Астындағы – жүзіктің көзінен өткендей жаратып тастаған бедеу. Екі жағында – екі сұлу ат. Қайда барса бір елі қалмайды. Шақырса екеуі екі жақтан келіп, тізесіне иектерін сүйеп тұрады. Ақанның өзінен басқа тірі жан-

ды маңдарына жолатпайды. Өздері туғалы жүген-құрық кимеген шу асау. Ақан бір ауылға түссе, далаға барып оттап, Ақан аттанарда келеді. Ақан кез-келген ауылға түсе де бермейді. Қалың қарауылдың ішінде өзінің таңдап алған белгілі ордалары бар. Сол ордаларға ғана түсіп, солардың ғана асын ішіп, солардың ғана төсегіне жатады. Болмаса қазы-қартаға бөлеп қойса да, кез-келген үйге түспейді Ақан. Түсіп отырған үйінің ыдыс-аяғында кір, қыл көрсе, яки сол үйдің әйелінің бір былықтығын байқап қалса, пісіп тұрған дәмді тастап, рұқсат алып, аттанып кете барады. Киімі кір адаммен отырғанда, тізелесіп те отырмайды. Төсегі кірлеу үй болса, үйге жатпай, далаға жатады. Жаз болса, көлдің жағасына барып, қыс болса, үюлі шөптің ішіне барып, кейде Алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. «Жанды дінмен тазарту керек» дейді. Ал, енді кейде Алланы ұмытқандай болып, дінін, намаз, оразасын бәрін қойып кетеді. Күні-түні күңіреніп өлең жазады, ән шығарады. Далада болсын, ауылдың жанында болсын, өзінің зарлы сарынымен ән шырқайды.

Ақанның осы мінездерінің, осы істерінің бәрі жат, бәрі жұмбақ, бәрі ұғымсыз, ел не деуге де білмей қалады. «Жынды» деп-ақ қояр еді, қалың қарауылда Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім бар? Ермін деген ерлер шеше алмаған түйінді Ақан шешеді. Екі жақсы бас қосса, сөзді Ақан бастайды. Қандай ұшынған дау болса да Ақан бітіреді. Ендеше, Ақан жынды емес. «Оған мұсылман перісі иеленген болар» дейді жұрт. Күн-күн сайын осы сөз өседі.

Бастан еміс-еміс боп, өлімсіреп туған өсек, барған сайын бойы өсіп, бұғанасы қатып дәуірлей береді... Ақан

Ерейменде Құлагердің басында түнеп отырғанда, таң алдында салқыншалау жел шығады. Ақан тоңазығандай болады, шерлі Ақан күңіреніп отыра береді. Сол арада болар-болмас қобыздың қылын, домбыраның шегін шерткендей нәзік мұңды дауыс жан-жаққа жайылғандай болады. Әлгідей болмайды, жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай бұраңдаған, жүзіне кәдімгі айдың нұрындағы нұр төгілген бір әйел шыға келеді. Ол келген мұсылман перісінің ханның қызы екен. Адамзаттың еркесі Ақан сері қалың шерге душар болған соң, ханның қызы, ерке сұлу Ақанды жұбату үшін желге мініп, ұшып келген екен. Келіп жұбатады... Сол күннен былай Ақан мен пері күндіз айрылып, түнде қосылатын болады... Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен. Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы – Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен. Қорамсаның өзі де бірнеше күндеп, айлап ешкімге тіл қатпай, үйден шықпай, бұқбанау жасап аулақ отырып алатыны бар екен. Сол уақытта оның пері жары келеді екен. Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінің өзі екен. Осылардың бәрі құр «екен» ғана емес, ап-анық нәрсе, көзбен көрген де кісі бар...

Шұңғырша қарауыл Әбіш деген жігіт күзді күні шөп шапқалы қыстауға барып, іңірде шошалада балта қайрап отырады. Ортада от бықсып жатады. Шошаланың іші қара көлеңке. Бір мезгілде жел шыққандай, қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның жапырақтары сыбдырлағандай, қораның төбесіне жапқан қамыстар судырлағандай, сырғауылдар сықырлағандай болады. Желмен ашылғандай ақырын ғана есік ашылып кетеді. Үйге

үш әйел кіреді. Алдыңғысы денелі, ұлғайған, бір бәйбіше, екіншісі – орта жастағы әйел, үшіншісі – талдай нәзік, талдырмаш бір қыз. Үшеуінің де жүзінен сорғалаған сәуле төгіліп тұрғандай. Киімдеріне көз тоқтамайды. Үшеуі де қолдарымен жүздерін тасалай бергендей. Келіп босағаға отырысады. Әбіш қалтырап, тоңғандай, тісі сақылдап «Құл хуа Алланы» оқи бастайды. Мұсылман пері Құраннан қаша ма, үш әйел отыра береді. Біраздан бәйбіше сары іңгендей ыңыранып сөз бастайды. «Шырағым, Әбіш, танымаған соң сен бізді жатсынып отырған шығарсың. Мен – Қорамса атаң үйіндегі шешеңмін. Мынау – Ақан ағаң үйіндегі жеңгең, анау – менің кіші балам еді. Таза жүретін, мұсылман адамға беруге ойым бар еді. Үй-ішіміз болып сені ұнатысып, саған қосқалы келіп отырмын»,– дейді. Бәйбіше соңғы сөздерін айтқанда, сұлу қыз қағынған аққудай күлімдеп, керіліп қояды. Әбіште құт жоқ, зәре жоқ. «Әлхамду, құл хуа Алладан» қайран болмаған соң, Әбіш жандәрмен тізесінің астында жатқан балтаны ала ұмтылады. Сол уақытта үш әйел күбір-күбір сөйлескендей болып, судырап үйден шыға жөнеледі. Әбіш оттың басында талып қалады. Есін жиған соң аулына қайтып, ауруға айналып, өмір бойы шала естілеу болып қалады...

Жоқ, жалғыз Әбіш емес, басқа да көрушілер болған. Ақанның қыстауының сыртындағы тоғайдан өткенде перілердің шулап, сақ-сақ күліп, ойнап жатқанын талайлар-ақ естіген. Шөбектің немересі Жаналы мырзаға да сол перілердің біреуі қара мысық болып келіпті-міс деседі. Бұл «еміс-емісті» қоя тұрып, Ақан ұйықтап жатқанда алысырақ тұрып қараса, әркім-ақ оның перімен жатқанын көруге болады. Ақан жатқанда көрпенің астында ылғи екеу болып жатады екен...

Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айрылғанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге байлайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі – Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу, таппаса да, шешпесе де сұлу.

Дұрыс, «Ақанға пері иеленіпті» деген сөзді әдейі таратушы, өлімсіреп туған өсекке әдейі жан беруші, жел берушілер де болған. Әсіресе, «қалың қарауылдың қыдыр орнаған ордасы» – Шөбек балалары. Перғауынсыз Мұса бола ма? Бірақ, Мұсаның өзі перғауынға соқтықпаса тиер ме еді? Тағы бірақ маңайындағы перғауындарға соқтықпаса Мұса болар ма еді? Қарауылдың сөз білем деген ерлерін, әсіресе, көршісі – Шөбек балаларын Ақанға қас қылған – улы тілі. Шынында, Ақанның тіліндей улы тіл сирек болар. Тиген жерін удай ойып жібереді-ау! Ақан бір жерде отырып, Шөбек немерелері туралы мынау өлеңді айтады:

Тас мұрынды – Бегалы,
Сар тоқалы Сердалы,
Іскен басы – Сералы,
Қотыр ауыз Мұқанәлі,
Көнтек ауыз Нұралы,
Бос сопағы – Баялы,

Ералы, Жаналы, Сайдалы –
Сауытбектің сарала иті сықылды,
Енеңді ұрайынның балалары...
Боқтыбай айтқандай, пәлі-пәлі[5]...

Мынадай сөзді есітіп отырып, Шөбектің көп баласы қалай намыстанбас, қалай Ақанды қорлап өсек тарат-пас?..

Қысқасы, Ақан туралы өсектің тарап кетуіне алдымен оның мінезінің жаттығы себеп болса, екіншіден, оның ащы тілі де қосымша болған. Қалайда, қазақ баласының шешені, сөз тапқыры Ақанға ешкім досы да, қасы да бетіне келіп, «ісің жат-ау, саған пері иеленіпті» деген сөз бар деп айтуға бата алмаған. Достары түгіл, қастары да алдында «Ақан аға» деп жорғалайды екен.

Осылай жұмбақ өмірмен Ақан елуге таялып келе жатады. Сұлу өмір жарқ етіп, нажағайдай өте шыққан. Өткен күн қиял туғызған ертегі сықылды. Көп ішінде көпке ұсамайтын бір өзі, көп ішінде жалғыз. Қалың қарауылдың ішінде жанын ұққан жан жоқ. Жұбатарлық досы жоқ, жаралы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқанда бетпақ шөл, бетпақ шөлде жалғыз жол. Сол жолменен жалғыз жан табанын тасқа тілдірін, маңдайын күнге күйдіріп кетіп бара жатқандай. Қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, не үшін бара жатқанын өзі де білмейді. Тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ. Түннен қараңғы, қорғасыннан ауыр ой ғана бар.

Осындай күйде келе жатқан Ақан кәріліктің босағасынан бұрылып кетіп, қайтадан өмірдің сұлу жолына

[5] Боқтыбай – екі сөзінің бірінде «пәлі-пәлі» деп отыратын бір шал екен (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

түспек болады. Оймен ойланып семген қайғының қары қарып сөнген жүрек тағы тіріле бастайды. Елу жыл жасап талай күйіп күл болған, талай талып есін жиған жүрек тағы отқа, махаббатқа, жарға ұмтыла бастайды.

Махаббат іздеп тағы аласұрып, шарқ ұрады. Қанды көз қыран қияға қонып, қиянға қарай бастайды. Ол күнде қалың қарауылдың ішінде аты ауыздан түспейтін үш ару бар. Шөбектің немересі Ұрқия, аға сұлтан Шыңғыстың немере қарындасы, Абылай тұқымынан Жүсіп төренің қызы – Жамал. Сұлулыққа қырағы Ақан үш сұлуды қиядан көреді де, қанатын қағынады. Жүйрік жүрек үш аруға да шеңгел салғысы келеді. Үзілген үміт жалғанғандай болып, Ақан тағы махаббатты жырлай бастайды. Үш аруға «Үш тоты» деп ат қойып, өлең шығарады. Бірақ бір нәрсеге байланбай жүрек тұра алмақ емес. Бір аздан Ақан үш арудың біреуіне ауа бастайды. Ол ауғаны – Жамал. Жамал он алты жаста-ақ, Жібек желден жаратылғандай ару, Жиреншеден тәлім алғандай шешен, Едігеден бата алғандай данышпан. Қалайда Ақан Жамалды осылай сипаттайды. Осы жас Жамалға Ақанның жүрегі байлана береді. Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, күлден кебін кимей тоқтай ма? Ақан бара-бара жас Жамалды біржола берік сүйеді. «Үш тотының» ішінен «қалқа бала» деп Жамалды бөліп алады. Бұл сүйгенін:

Қыздарды мен не қылам қылам-сылам,
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?
Жаңартқан өмірімді қалқа бала,
Басы – жым, ортасы – мим, аяғы – лем[6], –

[6] Жым, мим, лем – араб әріптері, Жамал дегенді меңзегені.

деп жұртқа өзі жария қылады. Кірсіз махаббат көптің көңілін не қылсын?!

«Өмірде екі сүю болмайды» дейді жұрт. Жұрт не демейді? Өзіндей болмаған үшін Ақанды «пері соққан» дейді. Жұрт аспанға өрлеген жүйрік жүректі мойнына құрқ түссе, құлағы салынып тұра қалатын мұжықтың мәстегі болсын дейді. Жұрт желден жүйрік жүрекке мойныңа түскен бұғалықтан бұлқынып шығам деуші болма деп, шіріп қалған шындықтан сабақ береді. Жүйрік жел ұшпай тұра ала ма? Жүйрік жүрек құшпай тұра ала ма? Жүрек сүюі болмаса салқын, бос қуысқа айналмай ма?! Жиһанда жалғыз мәңгі нәрсе – махаббат емес пе, өлген махаббат екінші түрде екінші түсте қайта тірілмек емес пе?!

Ендеше, Ұрқияны сүйген Ақанның Ұрқия өліп, көп жыл өткен соң Жамалды сүюінде де ешбір таң нәрсе жоқ. Кім біледі, Ақан жас Жамалда тіріліп келген Ұрқияны көрген шығар... Қалайда, Ақанның Жамалды сүюі барған сайын арта береді. Жасы елуден асып, кәрілікке барып қалған Ақан іштен сүйіп, іштен күйеді. Бастап сырттан өлең шығарып жүргені болмаса, Жамалдың өзіне білдірмейді. Екі жастың арасы қыс пен жаздай болған соң, бұл сүюдің пайдасыз екенін ойлап күйінеді. «Жамал жүректі құр өртейтін әйел болып туғанша, ұл болып неге тумады екен» деп назаланады.

Тал бойың Құлагердің сағағындай,
Тамағың піскен алма сабағындай.
Қаз мойын, мөлдіреген қарақат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.
Ішінде өз жұртыңның еркелейсің,
Айдынның ақ қайраны, шабағындай.

Осынша жүрегімді жандырғанша,
Ұл боп тусаң не етеді, қарағым-ай?... –

дейді Ақан. Бірақ қалың оттай жүректе заулаған махаббат сыртқа шықпай тұра алмайды. Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ қой: өлім һәм махаббат. Адам өзгені айналып өтсе де, өлім мен махаббатты айналып өте алмақ емес. Ақан өзін қанша тыймақшы болса да, сол күшті махаббаттың күйдіруімен өзіне-өзі ие бола алмай, сүйгенін ақыры Жамалға білдіреді:

Бұраң бел, жазық маңдай, сүмбілден шаш,
Тартылған бойың сымдай, қиылған қас.
Ақ жүзің түстік жерден көрінеді,
Секілді жарқырайсың брилиант тас.
Сипатың жұмақтағы Қорылғайын,
Көрген жан жамалыңа болады мас.

Сайраған қапастағы тоты құссың,
Білмейді қадіріңді бұл күнгі жас.
Айтуға тура түйреп жасың кіші,
Сыртыңнан иемдеймін, ей, қарындас.

Тау-тасты шабыт қылған ақиықпын,
Болмайды сені ойласам ішкенім ас.
Жорытқан түс секілді жіберейін,
Бұл сөздің пайымын біл де, түндігін аш...
Алдына далбай тастап шырғаладым,
Шабытқа келе алмасаң, қылғаның қас, –

деп жазады Ақан. Бір ғана емес, көп жазады. Желдей екпінді албырт жастай, өрт болып жанған жүректен шыққан жалынды өлеңдер жазады. Бірақ қанша есті

болғанымен, жас Жамал Ақанның жанын қайдан ұға алсын? Оның сүттен таза махаббатына қайдан баға бере алсын? Кім біледі, баға берген де шығар-ау, бірақ жұрттың сөзін аттап өтіп, елуден асқан адаммен қалай өмірін қоса алсын. «Қара қазақтың, жабайы адамның қызы болса, бірсәрі. Жүсіп төренің қызы мұны істесе, біткен төренің сүйегіне таңба емес пе?» Қалайда, Жамал Ақанға жылы жауап бермейді. Жамалдың бұл мінезі Ақанның өзегін тіпті өртейді. Махаббаты бұрынғыдан мың есе күшейеді. Ақан Жамал маған жылы жауап бермеген екен деп өкпелеп, ғашықтығын тоқтатпайды. Шынында, ғашықтық деген алып-салмалы қолдағы нәрсе емес қой. Жамалдың сүюін білдірмеуіне көзі жеткен соң, Ақан іштен сүйіп, іштен күюге айналады. Күн-түн күңіреніп өлең шығарады. Ән шығарады. Ақанның Жамалға қатты ғашық екендігі, оған арнап ылғи өлен, ән шығаратындығы, Жамалдың ол ғашықтыққа ілтипат қылмауы жұртқа жайылып кетеді. Замандастары ұшырасқан жерде мысқыл қылыңқырайды. «Ақан-ау, қыз саған мойнын бұрмайды, осы ғашықтықтан не пайда?» – деседі екен.

Осындай сөздерге Ақан: «Менің ғашық болуым үшін оның ғашық болуы шарт па екен, ғашықтық бір нәрсеге байланып жүре ме екен?» дейді екен. Ғашықтықты дұрыс ұғу деген осы болады ғой. Не керек, жоғалтқан тәңірісін кәрілік босағасында қайта тапқан Ақан, сол тәңіріге таза ниетті құл болып табынуға арланбайды, қажымайды. Сүюден-күюден, күндіз-түні күңіреніп махаббатты толғаудан талмайды. Барған сайын махаббат тереңдей береді. Сөйтіп жүргенде, жас Жамалдың ұзатылатын шағы болып қалады. Жамал ұзатылады. Алыстан көрінсе де, көңілге медеу болып жүрген Жа-

мал енді жоғалады. Мал берген жабайы күйеу сұлу Жамалды меншіктеп алуға келген. Жамал танысып жүр, айдынның дөңіндегі ауылда ойын-той, айдынның қара толқындары арасында қанаты сынып, құс төресі – аққу отыр. Аққу әлдеқайда алыста алтын сәуле көреді. Ескі күші есіне түсіп ұмтылады, қағынады. Көтеріліп кетуге дәрмен жоқ. Жырлайды да, жылайды, жылайды да жырлайды. Алыстағы алтын сәуле оған ілтипат қылмай, созылып, күлімдеп өз жолына бара жатыр. Соңғы минут, сәуле жоғалып барады. Тұңғиық айдын. Құтырған толқын. Жаралы аққу. Қалған барлық күшін жиып ұмтылады. Пайда жоқ, толқын күшейгендей. Хал біткендей. Сәуле сөніп бара жатыр. Енді Аққудың аузынан жыр төгіледі. Мұңды үн құйылады: өлім менен өмірдің үні. Үзіліп бара жатқан жүректің жыры... Жамал ұзатылардағы Ақанның шығарған «Сырымбет» әні – сол өліп бара жатқан құс төресі аққудың әні. Біздің зарлы әндеріміз көп. Бірақ, «Сырымбеттей» терең зарлы ән сирек болар. Жердің жүзіндегі мұң, адам баласының барлық зары сол «Сырымбетке» жиналғандай. Жамал ұзатылатын күндерде Ақан күндіз-түні күңіреніп «Сырымбетін» шырқайды да жүреді. Ақан түндерде «Сырымбетті» шырқағанда, кім ғана жыламаған, қалың қарауыл жылаған. Жас пен кәрі жылаған, әсіресе, нәзік жанды жас Жамал жылаған.

Аулың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.
А-а-а--ау, сәулем!
Қарындас-ау, енді есен бол...

Бидайыққа лайық қалқа бала,
Бөктергіге қор болып барасың да...
Аулың қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.
Дариға, қайрылмадың, қалқа бала,
Жүректің енді ем жоқ қой жарасына...
Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.
Қоскөл жаққа таныса киіп барған
Бешпетіңді бер, қалқа, түймесімен.
А-а-а.., сәулем,
Қарындас-ау, енді есен бол...

Сырымбет тауы – Жамалдың әкесі Жүсіп төренің қонысы. Ақанның Жамалға ғашықтығын жүйрік жүректің соңғы соғылуы, «Сырымбетті» Ақан жырларының ең соңғы сұлу жыры деуге болады. Жамал ұзатылған соң, Ақан тұңғиық қайғысын құшақтап, қалың елдің ішінде жалғыз қалады. Ақанның мұңды соңғы өмірі гүлсіз, үнсіз, жырсыз, түрсіз өмірге айналады. Бұрынғы жат мінездері тіпті жат, ұғымсыз түрге кіреді. Бірақ, дариға, жүйрік жүректің қайғымен жылынып, сенгенін, терең жанның оймен уланып өлгенін кім ұққан?!

Ақан алпыстан асқан кезде қазақ даласында қарашекпендердің қаптап келіп жатқанын айқын көріп, жақсы жерінен айрылған соң, елдің кедей болғандығын, елдің алды қараңғы екендігін жырлай бастайды. Әсіресе, қарашекпендер Ақанның атамекені Қоскөлдің желкесіндегі Сарыкөлге қол салғанда, Ақан ылғи жүректен шығатын жырларымен қазақтың жерін жоқтай бастайды. Ақанның соңғы өмірі жырмен жер жоқтауға, Сарыкөлді

іздеуге жұмсалған деуге болады. Бірақ қанша ізденсе де, Көкшетау мен Қоскөлдің арасын жүре-жүре жол қылса да, Сарыкөлді өзіне қалдыра алмаған, Сарыкөлге мұжық қаласы түскен. Туған жері мұжыққа кеткен соң, Ақан 50 шақырым жердегі Сасыққөлдегі бір күйеуіне көшіп барады. Сол күйеуінің қолында алты алашқа аты шыққан Ақан сері сұлу жырларымен, зарлы әндерімен, әсіресе басқа адамға үйлеспейтіп жат мінездерімен аты шыққан Ақан ауырып, жетпіс жасында 1913 жылында дүниеден қайтады. Сөйтіп, аласұрған ұшқыр жан, шарқ ұрған жүрек, жабайы жұртқа ұғымсыз, жат мінезді ірі жүрек, сұлулық іздегі, өмір бойы от болып заулап жанған жүрек мәңгі мұзға айналады.

Ақанның жат мінездерін, өмір бойы тәңірі көріп сұлулыққа табынуын көз алдыма алып келсем, менің есіме Англияның ақыны – Оскар Уайльд келіп түседі. Оскар өмір бойы сұлулықты жырлаған, жалпы жұрттан сері деген лақап алған. Жұрт оны да сері деген. Сол серілігі үшін абақтыға жапқан... Ақан да сұлулыққа табынған. Алты алаштан сері деген ат алған... Бірақ Ақанның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі – мұң мен зар. Сол сұлулыққа табынудан туған мұң мен зар. Егер Ақан Оскар Уайльдтай өнерлі елдің ішінде туса... бұл тілекке жауап табу қиын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң, еліңнің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара тұман келешегі көз алдына келіп, Ереймен тауында бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күңіреніп отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...

Ақан сері сөздері

«Ақан серінің сөзінен өмірі сұлу» деп біз Ақанның өмірін жазған мақалада ескерткенбіз. Алайда, оқушыға Ақан туралысы аз ба, көп пе қоғамдық ұғым беру үшін Ақанның сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді керек деп білдік.

Тағы бір ескертетін нәрсе – біздің қолымызға Ақанның барлық өлеңдері түскен жоқ. 1922 жылы жаз бірер ай әдейі Ақанның сөздерін жинамақ үшін Көкшетау оязын аралағанымызда, Ақан өлеңдерінің қорлы болып жиналған жеріп ұшырата алмадық. Әркімнің аузынан бірекі ауыздан жиюға тура келді. Жалғыз-ақ Шыңғысұлы Қоқыш ақсақал мен Самыратұлы Қазыдан біраз жазылған өлеңдер ала алдық. (Қазының айтуына қарағанда, бұл өлеңдердің бірталайы Ақанның өз қолымен жазылған болса керек). Сонда да қолымызда Ақанның 3-4 жүз ауыздан өлеңі бар. Аз да болса, осы өлеңдері бойынша оның ақындығын шолмақпыз.

Жалпы жолға қарсы болса да Ақанның сөздерін мағына жағынан тексермес бұрын, біз Ақанның тілінен бастамақшымыз. Бұған себеп – Ақанның тілінің таза еместігі. Қазақ ақыны Ақанның қазақ тіліне араб, парсы (жазаласа) орыс сөздері көп кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе, сурет жағынан сұп-сұлу өлеңдерінің тілдері шұп-шұбар. Ақан бұл шұбар жолға өзі қалап түскен емес, оны заман түсірген.

Адамның бір атаның баласы екені рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз. Ақан – заманның баласы. Ол заман – өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар, қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының

келіп басқан заманы. Біреуі – Бұқардан ишандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, «учительдердің» қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген орыс албастысы. Ол дәуір – осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі. Ол дәуір халфелердің:

Фараухун уә райханун әнфісәк сәнік,
Болғанда хуснун уәс абиз тәнің, –

деп тілмаштардың:

Көйлегің сексен теңге серо-бурый,
Дамбалың московский материя, –

деп учительдердің:

Милая, тебя вижу қырандаймын,
Без ответ все таки ұрынбаймын, –

деп қыздарға хат жазатын дәуірлері. Ақан қазақ тілінің сол тарғылданған дәуірінде өмір сүрген. Оның үстіне өмірден соққы жеген Ақан «сопылық, дін жолына түсіп, жан тыныштығын табамын» деп жүріп Бұқардан оқып қайтып, талай елдің осы күнге шейін көзін аштырмай кеткен көкшетаулық Науан қазіретке шәкірт болған. Ақанның тілінің тарғыл болуының себебі – осы. Оның тарғыл тіліне ең ашық мысал мынау өлең:

Хат жаздым қағаз алып қалам, сия,
Көптен-көп сәлем айттым, Гүлназия,

Тағрифын тамам қылып таныған дай,
Ділбардан ділмар керек шаһбазия.

Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия,
Шеризат дұхтар саһи гүлнахия.
Әр нақыш мәдахымды түсінерсің,
Діл арай, діл хафзаи гүлнахия.

Сәдафтың шашыраған жауһарысың,
Көңілімнің зәһрасына салған ұя.
Гасударин секілді бент махбуб,
Ксения секілді кінәзия.

Көптен-көп поклон айттым, скажия,
Сырымды кімге айтамын, сізден зия.
Именной, искренный ескеріңіз,
Хорошенко, сестра, сватия.

(Құдаша, қарындас дегені ғой!) Мынау шұбар тіл үшін, әрине, Ақанға рақмет айтарлық ештеңе жоқ. Бірақ Ақанның сол тарғыл тілді өлеңдерін адам ұғып оқыса, тегінде суреттеуге шебер. Ақанның сол тарғыл тілмен де суреттей алғандығын көруге тиісті. Ақан бір өлеңінде Қалқа баласына былай дейді:

Тағрифін тамам қылып жеткізе алмас
Қамыстар болса – қалам, бахр[7] – сия.

Мынау Құранның Құдайды суреттеген сөзімен ақын Ақан қалқа баласын суреттегені ғой!

Тағы ақын Ақанның молдадан үйренген мұсылмандықпен, арабша үйреніп молда болғандығымен қалап

[7] Бахыр – теңіз (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

пайдаланғанын мынау суреттеуі шешіп береді. Ақан қалқа баласын былай суреттейді:

1. Қасың қара қаламның сиясынан,
Қолың нәзік өзеннің миясынан...

2. Ақша бетің үстіне нәркес көзің
Ақ қағаз нүктесіндей нүнға тартқан...

3. Сымбатыңды қарасам, қалқа бала,
Мем секілді «машайық» шыңға тартқан...

(Мінсіз басың «машайықтың» мемі секілді, бұраңдаған бойың мемнен соң бұраңдаған «машайықтың шыңы» секілді дегені ғой). Мынадай суреттер екіден бірден-ақ қолынан келетін нәрсе.

Онан соң Ақанның өлең ұйқастыруына да «молдалықтың шарапаты» тимей қалған емес, сол жолда Ақанға, әсіресе, әсер қылған – атышулы «Мұхаммадия[8]» болған. Мұсылманша оқығандар біледі, «Мұхаммадияның» өлеңдері ылғи ұйқас қуып кетеді. Мысалы, бір өлең «я»-ға ұйқастырылса, сол өлең бір-екі бетке созылса да «я»-ға ұйқастырылады да отырады. Ақан өлең ұйқастарында көбінесе осы «Мұхаммадияның» жолына түскен. Бұлай ұзақ ұйқастырудың өлеңнің сырт сұлулығына пайдасы болғанмен, лайықты сөз табылмай қалып, мағынасы аз сөз кіріп кету қаупі де зор. Ақанның да ұзақ ұйқастырылған өлеңдерінде осы себептен мағынасы аз сөздер әжептәуір орын алады. Бірақ, өлең ұйқастыру ауданының кеңеюі көзінен қарағанда Ақанның бұл тәжірибесін онша мінеуге болмайды.

[8] Мұхаммадия – пайғамбарлар өмірі туралы кітап.

Қысқасы, қазақ тілінің қуғын көрген дәуірінде өмір сүрген Ақанның тілінің тарғыл екені рас. Бірақ, тарғыл тіл шын Ақанның тілін тұтықтыра алмаған. Ақын Ақан қауырсын қаламын сықырлатып жазатын «н» харпінен, жазаласа, ишанның машайығынан, Құранның аятынан шәкірттің қағаз-сиясынан, молданың мың бейнетпен, өзіне керек суретті жасай білген.

Енді Ақанның сөздеріне мағына жағынан келгенде оның өлеңдерін беске бөлуге болады:

1. Сықақ. 2. Ғашықтық. 3. Айтыс һәм мақтау. 4. Сопылық. 5. Қазақ қайғысы туралы өлеңдер.

Бұл бөлімдердің сықақтан басқасы Ақанның өмірінің түрлі дәуірлеріне байланған.

Бұл туралы Ақанның өмірін жазған мақалада айтып өткеміз. Жалғыз-ақ сықақ – Ақанның сүйегіне біткен сипаты. Ақан өмір бойына өзінің көңіліне ұнамаған адамды сықақ қылып, іліп тастамай қойған емес. Ілетін орны келгенде пәленше-түленше деген атына, затына қараған да емес. Қарауылдың ақсақалдары осы күнге шейін Ақан десе, алдымен оның улы тілін есіне түсіреді.

Ұнамаған адамға Ақанның тілінен құйылған у талай-талай заман шыбжыңдатса керек.

Тілінің уының күшті екенін Ақан өзі де білген.

– Қағысқанды қыламын под надзором,
Патшаның мизамындай мен де сотпын, –

дейді Ақан.

Достыққа баға бере алмай, сыртынан өсек жүргізгені үшін Жүсіп деген белгілі бір төреге Ақан былай дейді:

– Жүсіп-ау, төрелік жоқ баяғыдай,
Дәрежең қара қазақ аяғындай.
Досыңды дұшпан көріп айбаттайсың,
Мінезің әзәзілдің таяғындай.

Жүсіп-ау, неше мысқал басыңда ми,
Айдаған – мал, үстіңде – тігулі үй.
Қиямет таразысы құрған шақта
Айса, Ермек, Тортай болады би.
Мүңкір-нәңкір бесеулеп ұрған шақта,
К...іңнен шығады ғой сонда бір қи.

Майын мінген аттай ғып қайтарарсың
Күңшеңнің[9] арқасынан шығармай ши.

Қарауылдың белгілі Шөбегінің немересі қотыр ауыз Мұқанәлі деген «Ақанды періге иеленген» деп жамандап өлең шығарады. Ақан оны білмейді.

Бір жерде ол өлеңді ести салып, сөздің ыңғайынан кім шығарғанын біле қойып Ақан айтыпты:

– Адамды сырттан айбат жарамайды,
Айбатсыз ақымақ асы тарамайды.
Мына өлеңді шығарған ақымақтың
Аузына жағар ма еді қара майды.

Бір жиында Ғалиянұр деген бір ноғай молда Ақанмен айтыспақ болады. Ақан ноғайдың ормақ мұртына тисе сөз бастайды. Ноғай «мен ормақ болсам, пайғамбар да ормақ мұрын болған» десе керек.

Сонда Ақан:

[9] Күңше – Жүсіп төренің қатыны. Айса, Ермек, Тортай – қарсы партиядағы адамдар. Күңше сол тұқымнан болса керек (М. Жұмабаев ескертпесі).

– Мұхамбет – Құдай досы, пайғамбары,
Пайғамбарды көрген жоқ жұрттың бәрі.
Пайғамбардың сипаты сендей ме екен
Ормақ мұрын, шегір көз, ақжал сары, –

дейді.

Ақанның ғашықтық өлеңдеріне келсек, басқа өлеңдерімен салыстырғанда оның шеберлігі сонда көрінеді. Сері Ақанның мұндай өлеңге шебер болуының, әрине, таңы жоқ. Ғашықтық өлеңдерінде Ақанның әрбір сөзінен ақындық иісі аңқып тұрғаннан, ұсатусыз, суретсіз сөз жоқ деуге болғандай:

Оралдың мен ақ иық сыр андағы,
Сен сәулем – қызыл түлкі қыр аңдағы.
Қия қас қиынына кетсең дағы,
Қамшылап қанатымды бұрам дағы.
Қия тас қиынында бекінсең де,
Тәуекел майданында тұрам дағы.
Асыл зат, алқызыл гүл қарындасым
Сәруайдың[10] саясында ерем дағы.
Есілдің құба талы, шынарым-ай,
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы...
Көріндің хордай болып жұмақтағы,
Өткірсің наркескендей қынаптағы.
Сөзіңді ешбір жанға ұстатпайсың
Қалбырға құл ғып қойған сынаптағы.

...Жігіттің ғасы болған пері едіңіз,
Аспанда ұшып жүрген сіз ақ тұйғын.

[10] Ағаш (Жұмабаевтың ескертпесі).

Екіден үшке жеткен түлегіңіз
Сұқсұрдай су ішінде мекен етіп,
Ілінбей қармағыма жүр едіңіз.
Көрініп қолға түспей жүрсің, қалқа,
Қай жерде мекен еткен түнегіңіз.
Түн қайтып, түнегіңнен ұшқаныңша
Үзілмес, сірә, сізден күдеріміз,
Жұмысым көңілімдегі бітер еді,
Артылса ақ төсіне білегіміз...

Ақанның ғашықтық өлеңдерінің ішінде көп жерге тарап кеткені – «Ақ көйлек» өлеңі. Бұл – Ақанның ең сұлу өлеңінің бірі. Ту басында жүз бірнеше өлең болса керек, бәрі «Ай көйлек» деп басталған.

Бір ауызы:

...Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
Қастарың қаріп мәддей сүрмеленген.
Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа,
Іш-бауырым ғашық отпен тілмеленген...

Мынау өлеңдеріне қарағанда, ғашықтыққа Ақанның көзқарасы мен жай бозбаланың көзқарасы арасында артық айырма жоқ сықылды. Алайда, Ақан – ғашықтыққа тереңірек қараған адам. Ол ғашықтықты «ақ төске білектің артылуы, артылмауымен» ғана байлап қойған емес. Бұл – Ақанның өмірінен белгілі – бір. Екінші, мынау өлеңдерінде ишара бар:

Кісідей өкпелеген мойның бұрмай,
Білдің бе кемшілік деп ғашықтықты?..
Жоқ болса айтар сөзің жұбайыма,
Жүрейін, амалым не, өз жайыма.

Обалың айнымасам маған емес
Жаратқан жақсы қылып Құдайыңа.

«Сен сүймей кетсең де, мен сүйе бермекпін. Сені мендік болғаның үшін емес, жақсы жаратылғаның үшін сүйемін...» дегені ғой.

Ақанның айтыс һәм мақтау өлеңдері туралы ешнәрсе деуге мүмкін емес.

Мұндай өлеңдері менің қолыма түспеді. Жұрттың айтуына қарағанда, бірнеше ақынмен ауызбен де, жазысып та айтысқанға ұқсайды. Өзгесін жеңді, бірақ Орынбайдан жеңілді деседі. Орынбайға Ақан былай дейді (Орынбай жиында әйелдер отырған үйге кіріп шықса керек):

– Ореке, сөз бастайын, жолың қисаң,
Мүрит боп ең ғой пірге, сен, Зейнолла ишан.
Жаңа тағы өңкеңдеп қол тапсырдың
Шулаған ақ сәлделі бұ қай ишан?

Сонда Орынбай қартың:

– Ақыл – аста, күш – атта, сөз – малдыда,
Ақыл, айла болмайды жоқ-жарлыда.
Парыз, уәжіп баршасын тамам қылып,
Жалғыз-ақ әйел деген сөз қалды ма? –

деп Ақанның ораза, намазға салақтығын бетіне басып, тоқтатып кетті деседі.

Ақанның сопылық туралы өлеңдері де менің қолыма жөнді түспеді. Алайда, серілік пен сопылықты қоса білген, намаз, оразаны жанының тілеген уақыттарында ғана атқаратын Ақанның сопылығы жанына жын ұялаған,

сиыр көзді соғылғандардың сопылығынан бөлек болған десек, құрғақ сәуегейлік қылған болмаспыз. Бұл пікірге алдымен Ақанның өмірі күшті дәлел болса, мынау өлеңі де ишара қылады:

Дүниенің қызығын кешіп өтіп,
Тәттіліктің алмадық еш ләззатын.
Пәраудигар сопылардың жолыменен
Құдайға құлшылықта ғибадатым
Айырушы Алла бар, не қамым бар,
Адамның ішкі сырын заһир-батин.

Енді Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдеріне келсек, оның сері Ақан болумен бірге жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді. Дұрыс, бұл өлеңдер таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас теру жағынан басқа өлеңдерінен көбі төмен. Бірақ, бұл төмендікті озық ойлы азаматтығы жуып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген, сол қайғының себебін таба білген. Ол қайғы – қазақтың ата тұрмысының аз дәуірдің ішінде көріне көзге қираған, қираудың себебі – қазақ даласына қарашекпендердің құжынап келіп орнағады. Ақан соны жырлайды. Жерінен айрылған елдің көзінің жасы болғанын айтады. Қарашекпеннен көрген қорлықты санайды. Үкіметтің орыс, қазақты ала ұстайтынын білдіреді.

Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,
Соятын крәсиянға лақтай боп.
Патшаның сүйікті ұлы келгеннен соң,
Шетке шығып қалдық қой брактай боп...
Қор болып крәсияның табанында,

Қалайша құп көрерміз дәурен кешіп?
Темір айыр, ақ балта қолдарында
Тілге келмей ұрады өңмеңдесіп.
Іштен келген тоң мойын, надан халық,
Бұл жұртты ойран қылмай ма төбеленіп!
Осы күнде мағлұм сұрасаңыз,
Талай жанның тастап жүр басын кесіп.
Қасиетті аға, баба зиратының
Үстіне егін салды, жайлап есіп.
Тірі түгіл, өлінің көрін алып,
Бұлайша іс қылады ерегісіп.
Қай дума, комиссия болса дағы
Бұған закон сұраймыз төрелесіп.
Жетпіс екі миллатта жол бар ма екен
Сүйекті, дінді қорлауға тепкілесіп?
Құдайдан кітап келген халық болса,
Іс қылмас айуандарша көрді тесіп.
Россия патшасының мизамында,
Мұндай іске «Інжілде» закон нешік?
Бұларға патша мизам білдірмеп пе,
Надандықпен қыла ма гуілдесіп?
Бір орыстың тимейді моласына
Қазаққа әдейі қыла ма дүрілдесіп?
Қазақтың халқынан да крәсианға
Ит баласы қадірлі бір көк күшік.
Жыртқыш, айуан мінез халықпенен
Қалай отыр дейсіздер біргелесіп?
Қалайша күн көресің, қазақ байғұс,
Күнде сот, күнде бунт боп, зар илесіп?

«Інжілдің[11]» аяты шіркеуде ән салуға ғана жарап қалғанын, үкіметтің төбе-төбе, том-том закондарымен іс қылатынын, олар болса бір сәрі-ау, жандаралдардың «тауығыңның тұмсығы қанаса, көршіңдегі қазақты қырат» деп шығарған бұйрықтарымен қарашекпендердің қимыл қылатынын Ақан сорлы қайдан білсін!

Қазақтың мұндай күнге түскенін Ақан «ә» дегенде жергілікті әкімдердің надандығынан, қаралығынан деп біледі.

Патша алыс, жете алмаймыз Петрборға
Және де сегіз санат алыс қия, –

дейді «Ақ патша» сегіз санат қазақ даласындағы мынау зомбылықты білмей отыр ғой, білсе олар аяр еді дейді бала елдің бала ақыны.

...Мал өсірген халықпыз егін екпей,
Аз жерге сия алмаймыз сызғандай-ақ.
Шеттен келген төрелер норма қылған
Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.
Петрбордан шафқатты санат келсе,
Патшадан жарлық алып Құдай қалап.
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
Ол мейірбан ер болса ұялмай-ақ.
«Қойдай қоңыр не қылған халық еді» деп,
Көз жасын қайтар еді тия алмай-ақ.

Есті Ақан ұзамай-ақ мынау аққөңілділіктен құтылады. Бәленің басы Петрбордағы «патша ағзамда» екенін біледі. Енді Ақан Петрбордан жай мархамат күтудің орынсыз екенін ұғып, «ақ патшаға» баяғы жеріне ти-

[11] Інжіл – діни кітап, Библия. Діни наным бойынша Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі.

меймін деген уәдеңнен тайдың деп, қыр көрсетіп, өкпе айтады. Мұндай қыр, өкпеден де ешнәрсе өнбейтінін біліп, үкіметке тіпті бізді аямай-ақ қой, өз мемлекетіңнің пайдасын ойлашы. Өзің үшін қазақ жерін, қазақ малын құртпағаның пайдалы ғой дейді. Мұндай негізді пікірге ол күнде екінің бірі-ақ ие болған шығар:

Пара-пар крәсиянға тең болмадық,
Тартылып қай жараға ем болмадық?
Малымыз, жерімізден пайда тиіп,
Қалайша патшамызға дем болмадық?
Орыс, ноғай, сарт-сауан саудагерге
Қалайша малмен, жермен тең болмадық!
Сексен бес жыл болыпты бодандыққа,
Қайырсыз патшамызға ел болмадық.
Құр мен қоян секілді алуға оңай,
Қай жұртқа аңқаулықпен жем болмадық.
Қазақ малы азайса, халқың азар,
Қалайша бай-көпестер дүкен жазар?
Патшалық дүкендердің бәрі кемір,
Сезімнің дәлеліне салсаң назар.
Қазақ малы кемісе, бәрі кемір,
Ірбіт, Мәскеу, Мәкаржі – күллі базар.
Сиыр, қой, жылқы, қылы, май, терісі.
Фабрик те асыл пұлды жүннен тозар.
Шолақ мәстек, қу бөшке крәсиян
Қазақтың байлығына бермес ажар.
Сендер үшіп қазақ малы азайды деп,
Фабриктер крәсиянның шашын күзер,
Зираттың тақтайларын ұрлап алып,
Айуанша қараңғыда қазып мазар,

Үстіне егіп шықса қырқып алып,
Аузына не түскенін итше қажар.
«Біз солдат патшаға бердік» дейді,
Омырауға салады өңкей ожар.
Қай жауды әскер беріп мұқатыпты,
Соғыста солдаттары жүреді әзер.
Күллі халық кәсібі қазақпенен,
Қисап неге қылмайды думашылар?
Пайдасы крәсияннан кейін бе екен
Қазақтың қайран малы көлге жүзер?
Әскерге де ат керек, тамақ керек,
Данышпандар қисапты қылса сезер.
Жер, суын, баққан малын алдыңыз да,
Қазақтан бұл уақытта болдың безер.
Дариға, дертті заман келгеннен соң
Қаламға жөн қалмады тізгін тежер...

Газет, журнал оқымаған, пікірлі азаматтың бетін көрмеген надан Науанның шәкірті – Ақанның мынадай пікірге келе білгендігі шынымен тамаша, өз миымен шаруа түрлерінің арасындағы байламды көре білген Ақан, не десең де, тым-ақ жабайы жан емес.

Соңғы кезде Ақан патшаға «көшіп кетеміз» деп қоқанлоқы қылады. Өзі шынында құтсыз қоныстан ауу керек деген пікірге келеді:

Бостаншылық берсе егер басымызға,
Патшамыз мархамат қып ризаласып.
Бетімізбен біз де өлмес күйін көріп,
Тынышты жай іздер ек арып-ашып.
«Құрметті» крәсианға жер кеңісін,
Орнымызды сол алсын ehілесіп.

Өлтірсе – құн, сатылсақ – пұлымыз жоқ,
Құр елді не қыласыз «құрметтесіп»?

Ақанның соңғы сөзі:

Мархабат патшамыздан ала алмадық,
Иә, Бұхар кетеміз бе, иә, Түркия?
Ворон иттің астында қалғаныңша
Тірлікте ізденіңіз исламия,
Бір үш кез жер тимейді өлгеніңе...
Бұ не кеп, бұ не қасірет, ғамкіния?

Соңғы сөз: «бұл не кеп, бұл не қасірет, ғамкіния». Шерлі Ақан осы сөзбен дүниеден қайтқан.

Ақанның сөздері осы. Соңғы өлеңдерінің мағынасы дұрыс екені даусыз. Ілгергі өлеңдерінде бірталай сұлу сурет бар екені рас. Сонымен бірге, соңғы өлеңдерінің тілі тұтқыр, барлық өлеңдерінің тілі тарғыл екені рас. Осы өлеңдерді шығарған Ақанның өз өмірі жалпақ елге жат болғаны, жұмбақ болғаны тағы рас. Бұлардың бәрінің себебі Ақанның өмір сүрген дәуірінде. Ол дәуір – Нұхақтың толқындары арасында қазақтың қайығы қалтылдап батып бара жатқан дәуір. Ойы – тұман, тілі – тарғыл да жасыған, тілі де жасыған. Қалың қазақ қайықтың батып бара жатқанын білмейді. Бірақ, Ақан сықылды бірен-саран сезімпаз ұлдары ғана болар-болмас сезген де, көпке алдымен өзінің өмірімен ереуіл жасаған, оның өзінің – сері, жолдасының – пері атанғаны осыдан. Тұманды дәуірдің ұлы – Ақанның тілінің таза болмауы тағы осыдан. Ақанның барлық кемшіліктерінің үстіне бір сұлу сипаты – елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе, өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді

өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек.

Біздің міндетіміз – өткенді аударып, ішінен көрнектілерін аршып ала білу, кешегі милы қазақтың «ескісіз жаңа болмайды» деген мәтелін киімнің қолтығына ғана қамап қоймай, балапан әдебиетімізге де қабыстыру.

Сөз соңында Ақанның сөздерінің тегіс жиналмағандығын ескертеміз. Көкшетаудағы Біләл жолдас жинауға кіріссе дұрыс болар еді.

Мағжан

БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ

29 январьда Қазанда жас ақынымыз Бернияз Күлеев өзін-өзі атып, дүниеден қайтты. Жиырма-ақ жаста екен.

Бернияз Ақтөбе уезіне қарайтын кіші жүз әлім руынан. 11 жасына шейін үйінде молдадан сабақ оқыған. 11-16-да Тұмаркөл болыстық школында оқыған. Туған әкесі Бекен ол школдан алып, Ақтөбе гимназиясына берсе де, шығынын ауырсынып, қайтып алып, Бөрте болысындағы екі класты школға кіргізген. Бұл школды бітірген соң Бернияз 16-жылы Орынборға барып, даярланып, 18-жылы учительский школға түскен. Апалаң-топалаң заман тәртіпті білім алуға ырық бермей, онда бір-ақ жыл оқып, жас бала жеке тұрмысқа, әлеумет ісіне кіріп кетеді. 18-жылы Торғайдың облыстық комитетіне мүше болады. 20-жылы «Ұшқын» газетінің бір жазушысы болады. 21-жылдан былай қарай Қазақстан елді ағарту комиссариаты қызметімен Орынбор жаққа анда-санда аз уақытқа келіп-кеткені болмаса, ылғи Қазанда болады. Сол Қазанда қайтыс болып отыр.

Бернияздың өмірінің соңы осы. Жас жанның өмірінің ыстық асқары да болмақшы. Бірақ бұл асқарда елге үлгі болатын нәрсе аз болар. Біз әлі біреудің тұрмысы мен талантын айырып үйренгеніміз жоқ. Сондықтан, біз әрбір үлгілі өмірден талант іздейміз, әсіресе, жиырма жасында қайтқан Бернияздың өмірінен үлгі іздеу, әрине, қисынсыз. Оның ел алдында аз ба, көп пе бағасы болса, оған бұл бағаны беруші оның өзі емес, сөзі.

Бернияз төңкеріс заманында туған ақын. Бірақ, төңкеріспен дүниеге шыққан жағы бір келгені болмаса, төңкеріс туғызған ақын емес еді?! Тегінде, әдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Әдебиет елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы. Төңкеріске шейін жаңа оянған жас баладай елімізді әдебиеті алаңынан тәй-тәйлап жетектеп келе жатты. 15-20 жыл бұрын еліміздің көзі жасты еді. Әдебиетіміздің де көзі жасты болды. Бірақ алдында келе жатқандығын ақтап, жұбата білді. Соңғы 10-15 жылдарда пейілімізге елдің мұңы, елдің сезімі кіре бастады. Алыста үміт елестей бастады. Сондықтан, әдебиетіміз де екпінді, отты мінез алды. «Көктегін көксеп» алдағы үмітті жырлай бастады. Әдебиетіміздің жүріп келе жатқан табиғи жолы осы еді.

«Ұшқын» бетінде шыңдалып шыққан жас Бернияз әдебиетіміздің табиғи жолымен шықты. Оның қысқа өлеңдерінде әдебиетіміздің жаңа екпіні бар еді. Бірақ екпін тым күшті еді. Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалғап еді. Екпін тым зор еді. Оқушының үміті де зор еді. Оның екпіндерінде әдебиетіміздің ескі екпініне төңкерістің әсері жаңа күш қосылған сықылды. Бірақ, біздің жалпы әлеумет тәрбиесі нашар болғандықтан, 21 жылдарда Бернияздың өлең-

дері еш жерде көрінбеді. Жалғыз-ақ 22-жылдың аяғында «Еңбекші қазақ» пен «Өрнекте» бірнеше өлеңдерін һәм «Қызыл Қазақстанда» бір поэмасы басылды. Бұл өлеңдерінде, әсіресе, поэмасында Бернияздың бұрынғысынан бірталай ілгері кеткендігі, ой-қиялының тереңдігін, әсіресе сөзге шеберленгендігі көрініп-ақ қалып еді.

А деп бұл қалам ұстап шыққанда оянған үмітіміз біржола бекіп еді. Бернияздың әдебиетіміздің берік бір бағанасы болуына сеніп едік. Бағытты бір қылып, таспиқ болып тізіліп келе жатқан аз ғана жазушыларымыздың қатарына жас Бернияз да келіп тізіліп еді. Бірақ, не лаж, таспиқтан сол тас үзіліп түсті.

Бернияздың өз өмірін өз қолынан бітіруіне қандай себеп болғаны бізге мағлұмсыз. Алайда, жастықпен, әсіресе, тәртіпті дұрыс тәрбие алмаудан туған бір себеп болуында шүбә жоқ. Олай болса, жас жанның мұндай жолға түсуіне өзінен бетер әлеумет айыпты. Түзу жолға сала білмеген, дұрыс тәрбие білмеген. Әлеумет аласұрған жас жанның қолына мылтық беруші сол. Соны ұғыну керек. «Үмітті жасымыз бекер ерте кетті» деп емес, «неге ерте кетті» деп ренжу керек.

Күнә сенікі емес, көптікі,
Жаның тыныш болғай еді, жас ұлан!

Мағжан

БАЗАР ЖЫРАУ

Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғиық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмы-

тылған. Желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылатын ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ болып қалған. Талай жүйріктердің тұңғиық таза толғаулары – араб, парсы, сарт-сауанның сөздері араласып, балдыр-батпаққа айналған.

Бірақ, талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлде болса да ауыз әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдыменен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті болам десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті. Мағына аз десе де, түр аз десе де (бұл туралы толық пікірді екінші бір уақытқа қалдырдық).

Осы күні біздің оқушыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі әдебиетті ғана ойлайды, қазақ ақындары десе, Абайдан бергі ақындарды ғана көреді. Әдебиетті білсе де, ақындарды білмейді. Білсе де, білгісі келмейді. Ақындардың қатарына қосқысы келмейді. Ауызға алынбайтын олардың жазасы не? Жазалары – шығарған нәрселерін Қазандағы Кәримовтерге, Орынбордағы Хұсайыновтарға, яки осы күнгі Госиздаттарға бастырмағандықтары ма? Бұл ауыр жаза емес қой. Шынында, сол өткен ақындардың көбінен жаңа ақындар әлі ұзап кете алды ма? Өзгені қоя тұрайық, жұрт келемеж қылатын Шайхысламұлы Жүсіпбектің «Қыз Жібегіндей» кім не нәрсе жазды? Бұл ойланатын әңгіме.

Сол «бейкүнә» ұмытылып бара жатқан ақындардың біреуі – менің бір-екі сөзбен таныстырайын деп отырғаным Базар жырау. Базардың дәл қанша терең ақын екендігі туралы мен бұл жерде толық пікір айта алмаймын. Қолымда Базардың 4-5-ақ өлеңі бар. Мұндай өлеңмен ақынды өлшеуге болмайды ғой. Бірақ, осы төрт-бес өлеңінде-ақ Базардың сөзге жүйрік, ойлы ақын екендігі сезілетін сықылды.

Базар Қазалы үйезіне қарайтын кіші жүз шөмекей-балқы руынан болса керек. Жуырда, 10-15 жылдың ішінде өлгенге ұқсайды. Қазалылық Жомарт молда Базар жырауды жоқтаған бір өлеңінде былай суреттейді:

Кеңесі кеңінен келген кертағы еді,
Үш жүзге орман-дария ортақ еді.
Иіріліп, толықсып аққан дариядай
Шалқыған шартарапқа тарқап еді.

Бұл Базардың ақындығының кеңдігін, тереңдігін, сөзге жүйріктігін айтқаны ғой. Шынында, Базарың көржерді өлең қылып, көрінгенді мақтайтын құр мал тапқыш болмай, асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған «кеңесі кеңінен келетін» ақын екендігі өлеңдерінен байқалады.

Базар жырау сол Шөмекейдің ағасы өлген біреуіне мынадай деп көңіл айтыпты:

Бұл заманда би бар ма
Темір тұяқ Мұраттай,
Белі жуан құр аттай
Ақылыңа болайын
Тасты жарып қайнаған,
Баһардағы бұлақтай.

Олардың айтқан сөзіне
Халқы салар құлақты-ай,
Жапырылып құрақтай.
Бешенемде өткен дүниеден
Атаңның салған жолы деп,
Анамның пішкен тоны деп,
Бейшараны жылатпай,
Жылатқанды ұнатпай
Анадан туған сен едің,
Тай жолбарыс сияқты-ай.

Тиген жерің тілетін,
Айбалтаның бауырына
Болаттан салған қияқтай...
Жоқтамайтын ер бар ма
Атасы бірге бауырды?
Шын арнайы қаса нар
Қабырғадан саз кешсе,
Қайғырмай тартар ауырды.
Қабағын қағып білдірмес
Арқадағы жауырды.
Алдыңда аға барында
Атандай бұтыңды алшайтып,
Жарасты керсең ауыңды.
Байтаққа керек сен едің
Тілейміз Хақтан сауыңды.

Бұл өлеңде Базардың қазақы сөзге шеберлігі көрініп тұр. Сонымен бірге бір ескеретін нәрсе мынау: оқушылар бұрынғы ақындардың бәріне, қанша ақындығы күшті болғанымен, мақтауға тұрса-тұрмаса да байды, мықтыны мақтамайтыны жоқ деп қарайды. Бұл пікірде бірталай қате бар. Тегінде, ақын біткеннің бәрі мықтыны,

бай біткеннің бәрін мақтай берген емес. Шын ақындар өздерінше мақтауға тұрарлығын ғана мақтаған. Мысалы, Базар жырау «Темір тұяқ Мұратты» мақтаса, халқы «құрандай жапырылып» сөзіне құлақ салғаны үшін яғни жалпақ елдің ақылгөйі болғаны үшін мақтап отыр. «Пішекеңді» бейшараны жылатпағаны, жылатқанды ұнатпағаны үшін мақтап отыр. Мынау көңіл айтқан мырзаның өзіне, байтаққа керек болған соң ғана, саулығыңды тілейміз деп отыр. Қысқасы, қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаған емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаған. Ылғи қарадан шыққан қазақтың ақыны еш уақытта қарасын ұмытқан емес. Өткеннің бәрін өртеп жібереміз дей бермей, мұны біз де ұмытпауымыз керек.

Жоғарыда біз Базар жырауды «асса, елдің қамын ойлаған, қалса, өзінің ойына терең бойлаған ақын» дедік. Бұл сөзді төмендегі өлеңдермен шешуге болады. Базар жырау орыс Түркістанды жаңа алған кезде өмір сүрген адамға ұқсайды. Ол кез – Шабдан сықылды қырғыздың соғылғандары, Байзақ, Құдайберген сықылды қазақтың құдай ұрғандарының шенді шекпенге қарық болып, жалпақ елдің «аузы түкті кәпір, жеті басты обыр» деп қан жылап жүрген кезі ғой. Сол кезде кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық «елім» деп жортып жүріп Шөмекей ішіне барса керек. Сонда Сыздық бастаса кәуірден құтыламыз деп жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанға ұсайды. Базардың ә дегенде Сыздыққа айтқаны:

Кенеден туған Сыздық жүр,
Көрмеймін деп кәуірді.
Қорлығына көнбен деп,

Қолдан тізгін бермен деп,
Көңілі осылай бөлінді.
Сыбанып батыр білекті,
Қайтпаған қайсар жүректі,
Тәңірі оңғарса тілекті,
Кенеден туған ер Сыздық,
Келтірер өзі реңді.

Дариға, бірақ Құдай бергендерін, Құдай атқан азған елге жалғыз Сыздық не қыла алсын? Жалғыз өзі «ретті» қалай келтіре алсын? Аласұрған ер Сыздық ойдан қырға жортумен өмірі озады. Жалпақ елдің де иманы бәсеңдей береді. Сонда көкірегін ыза кернеп Базар жыраудың жырлағаны:

Қызыл тілін безеген,
Дұспанға оғын кезеген.
Сауытын киіп салынып,
Қызыл қанға малынып,
Наз бедеуін бежеген.
Бес қаруын белсеніп,
Көмілген жолды кезеген.
Дариядай толқып кернеген
Бенде еркіне көнбеген,
Дұспанның жолын зерлеген,
Көзі бір қанды ер Сыздық
Қайраты тола ашумен,
Қияда жүрді-ау қашумен...
Бізде жүрді аз ғана,
Жолбарыстай ыңыранып.
Қанаға сыймай тасумен,

О, дариға, дүние-ай!
Өкси-өкси күн өтті-ау,
Аласұрған жүректі
Екі қолдап басумен...

Қартайған кезде Базар жыраудың ақындығына өзінің ойына терең бойлау сазы қосылғанға ұқсайды. Оның жалынды жастығы болған. Оның да аспанға үрлеген үміті болған, оның да іздеген бағыты болған. Жете алмаған, қажыған. Жеттім деген, алданған... Осыларды жырлайды Базар. Бірақ, шерлі елдің шын баласы ғой Базар. Өз шерін толғап отырып елдің шеріне түсіп кетеді:

Дүниені құдым ізденіп,
Ұстамаққа кезденіп,
Дүние қырын салмады,
Ешбір маған еміреніп.
Бұл жалғанға келген соң
Әр тарапқа толқытты
Көңіл мұздар желденіп.
Дүние қызық көрінді
Алтайыдан алдымда,
Соқпаққа көрдім серменіп,
Құлпырған қара құндыз деп
Тұңғиыққа, тереңге
Талай құлаш сермедік.
Жолбарыстай ыңыранып,
Қайрат сыймай қанаға
Нар бурадай көлбедік...
Опасы жоқ дүние,
Түспеді қолға қуғанмен,
Неше бір алуан түрленіп.

Өткіздік өмір ғафлатпен,
Атаңа нәлет дүниенің
Алдағанын шын көріп.
Хақ шариғат ойламай,
Дүниенің кірімен
Қалды бір көңіл кірленіп..
Талма-тал түс болғанда,
Талықсығанға ұқсаймыз;
Дүние – киік, адам – ит,
Қуа-қуа ізденіп,
Елдерге азап шектірді
Атаның мекен қонысын
Кеуір алып жерленіп,
Ғазаттыққа қару жоқ
Қараусыз жауға бару жоқ!
Осы күнде біз тұрмыз
Саңлау таппай көздейтін...
Бұрынғы өткен ерлердің.
Еске түссе істері,
Іш толады шерленіп...
Көкіректің қабы тарылып,
Ретімен шығарға
Сөз сыймайды кернеліп...

Өлім босағасында тұрып Базар жыраудың айтқан ұзақ өлеңінің ішінде мынадай сөздер бар:

Дүние, бір толқыттың, бір қорқыттың,
Ар басып аждаһадай ақыр жұттың.
Болғанда бізге жолдас сертің қайда
Достықты құшақтасқан неге ұмыттың?...
Құлаштап дүние сені қармансам да,
Кері келгенге ұқсайды-ау Қорқыттың...

Осы аз ғана өлеңдерден Базардың бірталай терең ақын екендігі байқалуға тиісті. Бірақ, Базар туралы толық бір пікірге келу үшін оның барлық өлеңдерімен таныс болу керек. Бұл менің қолымда жоқ. Менің мақсұтым – сұлу сөздері бар Базар атын білдіру еді. Түркістандағы әсіресе, Қазалыдағы хат білетін азаматтардың Базардың сөзін жинаулары тиіс. Әсіресе, Базарды «кеңесі кеңінен келген кертағы» деп әдемі жоқтай білген Жомарт молданың тірі болса жазып беруі игі болар еді.

Мағжан. 5 ноябрь, Мәскеу.

ӘБУБӘКІР АҚСАҚАЛ ДИБАЕВ

Елге еңбегін сіңірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда, қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында, ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында.

Әбубәкір ақсақал – қазақ-қырғыз елімен қаны дәл бір болмаса да, жанын бір қылып, шамасы келгенше еңбек қылған адам. Қырық жыл бойына арымай жапанда жатқан қазақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан адам, қырық жыл қазақ-қырғыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам.

Әбубәкір ақсақал қазақ-қырғыз елімен қаны дәл бір болмағанымен, түбі бір түрік баласы, қазақ-қырғыздың бір бауыры – башқұрт тұқымынан. Атамекені – Үпі губернасы, Істерлітамақ уезі, Тоқай ауылы. Өзі Орынбор қаласында 1855 жылы туған. Жасынан орысша оқып, Орынбордағы кадетский корпусты бітіріп шыққан соң,

жиырма жасында әскерлік қызметімен Түркістанға келген. Бірер жылдан соң әскерлік қызметінен босанып, Сырдария облысы губернаторының кеңсесіне тілмаш болып кірген. Ол күнде Сырдарияның губернаторының Гродеков деген адам екен. Бұл – қазақ-қырғыз елін орыс үкіметіне әбден бағындырып, ноқталап алу үшін қазақ-қырғыз елінің жайын, күйін бұзық оймен тексеріп жазып жүрген орыстың шенқұмар бір төресі. Өмірде себепсіз іс болмайды. Әбубәкірдің қазақ-қырғыз елінің жайын тексеруге кірісіп кетуіне сол Гродековтің бұзық оймен болса да осындай жолда жүруі. Губернатор кеңсесіне келген соң Әбубәкірдің қазақ-қырғыз елімен араласа бастауы һәм өзінің тұрмысы қазақ-қырғызға жақын башқұрт баласы болуы себеп болған.

Осы себептерден Әбубәкір 1883 жылдан былай қазақ-қырғыз елінің жай-күйін тексеруге кірісіп кеткен, бірақ Гродековше қазақ-қырғыздың азат басын ноқтаға кіргізе беру үшін емес, қазақ-қырғыз елін жауына жақсы жақтан таныстыру үшін қазақ-қырғыз еліне тұмсығымен су тасыған қарлығаш болу үшін. Қарлығаштың қымбаттығы тасыған суының молдығында емес, жүрегінің адалдығында. Әбубәкір ақсақалдың да қазақ-қырғызға қымбаттығы еткен еңбегінің ұшан-теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында.

Алайда, Әбубәкір ақсақалдың еңбегі бір адамның өміріне татырлық. Әбубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жорасы. Қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әбубәкірдің әдебиет, жол-жора жинау жолына кіруінің

мәнісі осы. Ол күндерде қазақ-қырғыз тілінде газет, журнал жоқ болғандықтан, Әбубәкір жинаған әдебиет орыс тіліне аударылып, орыстың газет-журналдарында бастырып отырған. Ол күндерде қазақ-қырғыз елін ауызын арандай ашып, жұтып жатқан орыс елі қазақ-қырғыз елінің жақсы жағымен, терең жанымен, сұлу сөзімен Әбубәкір бастырған әдебиет арқылы танысқан. Түрік халқын тексеріп, таза ғылым жолында жүрген орыстың Радлов, Катанов, Бартольд, Самойлович сықылды ғалымдары Әбубәкірдің қазақ-қырғыз туралы жазған мақалаларына кең орын беріп, қабыл алып, сол Әбубәкір мақалалары арқылы қазақ-қырғыз елінің жайын арғы Европа ғалымдарына да білдірген. Сөйтіп қырық жыл бұрын Сырдария губернаторының кеңсесіне тілмаш болып кірген Әбубәкір қырық жыл бойына жапанда қазақ-қырғыз елі мен орыс һәм Еуропа арасына адал тілмаш болған.

Қазақ-қырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың бұл ұзақ уақыттың адал еңбегін бағаламай қойған жоқ һәм қоймақ емес. Бағалаудың қымбаты – алдына айдап мал салу емес, шын көңілден разылық білдіріп, елдің оны «Сен – менің ұлым» деуі.

Осы 1923 жылы 22 мартта Ташкентте Қазақ-қырғыз білім комиссиясының бастауымеп қазақ-қырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың қырық жылдық еңбегіне ұлы той (юбилей) жасап, өзінің шын ризалығын білдіріп, Әбубәкір ақсақалға: «Ұлым...» деді. Ердің еңбегін ел ақтады һәм ақтамақ. Ақтағаны – шын көңілмен мақтағаны, елге ер қымбат, елге ердің адал жүрегі қымбат.

Әбубәкір ақсақал осы күні 68 жаста отыр. Әлі де болса қайратын жоймаған, қолынен қаламын тастамаған қа-

рия. Әлі де болса қазақ-қырғыз елінің әдебиетін жинау, байыту, өзі қазақ-қырғыз елінің мәдениетті болуын тілеу.

Өмірдің сары белінен ел үшін еңбек қылып асып бара жатқан ақсақалдың қасиетті тілегі қабыл болғай еді.

Қазақ-қырғыз білім кеңесінің мүшесі Мағжан Жұмабайұлы.
1923 жыл, 30 май. Тәшкен.

ҚЫРҒЫЗДЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Түрік елдерінің әдебиетін тексерген белгілі ғалым Радлов ауыз әдебиет жағынан қазақ пен қырғызды салыстырып, «қазақты сыршыл, қырғызды әңгімешіл» дейді. Яғни, қазақтың жоқтау, ғашықтық өлеңдері, жар-жар сықылды сыршылдық әдебиеті мол. Қырғыздың батыр жырлары, ертегі сықылды әңгіме әдебиеті мол дегені. Сол Радлов «Семетей», «Манас» сықылды батыр жырлары бар қырғызды Гомердің «Иллиада», «Одиссеясын» туғызған Троян соғысы уақытындағы грек еліне ұқсастырады.

Шынында, қырғыз әнші емес әңгімешіл, сыршыл емес қоңыр салқын. Кеңесшіл қырғыздың бұл мінезі ауыз әдебиетінде айқын көрінеді. Қырғыздың ауыз әдебиетінің дені һәм сұлуы – әңгіме әдебиет, мұның ішінде батыр жырлары мен ертегілер сықылды. Қырғыздың батыр жырлары мен ертегілері – әрі терең, әрі сұлу. Енисей бойына үдіре көшкен күннен Тянь-Шань алабының қойнауынан қоныс алғанға шейінгі толқынды ұзақ өмірін қырғыз елі әрбір сөзінен ақындық аңқып тұрған әдеби әңгімеге айналдыра білген.

Қырғыз батыр жырларынан «Манас», «Семетей», «Сейтек» жырлары аз ғана қырғыз елінің ұзақ заман

бір жақтан Қытай, Моңғолмен, екінші жақтан Ауған, Иранмен алысқанын жырлайды. Бұл батырлар өмірдің «Иллиададағы» батырлары сықылдыТәңіріден тумағанымен, істері, мінездері Тәңірге тең. Бәрі де ел қорғаны – ерлер. Бұл жырларда қырғыз батырларының соғыстарын, жауларын жеңуін, жеңілуін ғана жырлап, желіп өтпейді, сол замандағы елдің тұрмысын, жол-мұрасын ерлері жорткан тау-суды, хатта, әр шөптің атын атап-атап, тегіс суреттейді.

Ертегілерінде қырғыз көбінесе өлең мен неше түрлі аңды, неше түрлі құсты, тәтті қылып, дәл сипаттап суреттейді. Қысқасы, қырғыздың өте бай ауыз әдебиетінен батыр жырлары мен ертегілері қалса, жалпы түрік әдебиеті ішінен аса, жалпы жаһан әдебиеті ішінен күмәнсіз қадірлі орын алуға хақы бар. Еуропадан сабақ алған қазақ-қырғыз азаматы молдасының сөзін қостап, аузының суы құрып, Иллиаданы мақтайды, Иллиаданы жаттайды. Мақтасын, жаттасын. «Иллиадасын» ешкімнен қызғануға болмайды. Бірақ, өзіміздегі «Иллиаданы» ұмытпауымыз керек еді. Өкінгенімізден пайда шыққай еді. Өкінбелік.

Радлов сықылды бірен-саран Еуропа адамының жинағаны болмаса, қырғыздың бай әдебиеті жиналмай ұмытылып, жойылып барады. Бір күндерде қалың қырғыздың еңкейген шалынан еңбектеген баласына шейін жатқа білетін Манас, Семетейді, Сейтек жырларын бұл күнде екі-үш-ақ шал айтады дейді. Мынау екі шал мәңгі суын ішкен жоқ шығар. Бұлар өлсе әдебиетіміз бағасыз, қымбатынан айырылып қалғаны да. Осыны ойлап жинауға кірісетін қырғыз-қазақ азаматы болу керек еді. Бірақ, бұл күнге шейін соған кіріскен азамат көрінбейді. Үкіметтің, білім мекемелерінің белсеніп кіріскен түрі

жоқ. Тәшкендегі қазақ-қырғыз білім комиссиясының жиырма бірінші жылы әдебиет жинау үшін Жетісуға шығарған экспедициясы Жетісудағы қалың қырғыздың аузынан бір-ақ ертегі жазып алып қайтыпты. Күлерсің бе, жыларсың ба? Құдайға мың жүгірдік, абиырды ақша өтеу шайды дегендей.

Осы ұяттан Әбдіқайым Мүптақов деген бір татар жігіті аз жиғандай болып тұр. Жетісу қырғыздың арасында молда болып жүріп, Мүптақов мұғалім екі-үш жылдың ішінде ауыз әдебиет түрлерінің бастыларынан дәптер жетімен екі мыңнан аса әдебиет жинайды. Әдебиетті арқалап, еліне қайтып бара жатқан Мүптақов Тәшкенде қазақ-қырғыз білім комиссиясына кез келіп, жуырда жинаған әдебиетін қазақ-қырғыз комиссиясына сатты. Екі мың жарым бет шамасындағы бұл әдебиет түрлерінің бәрі дерлік басты сүйекті, маңызды сегіз дәптер болып тігілген. Бұл – әдебиет түрлерінің ірілері.

1. Семетейдің Айшөрекке баруы.
2. Қарарлар, ақырзаман, тар заман, зар заман, замана һәм басқалар. Атақты Арыстанбек пен Қылыш ақын сөздері.
3. Зекет байлар, көшкендер, ғашықтық жырлар, жүйе шумақ ертегілер.
4. Толғау жырлары, сәнат, терме жырлар, қошықтылар (жоқтау), сықақ жырлар.
5. Мақал, жұмбақтар.
6. Манастың балалық уақыты.
7. Манастың бірінші аттануы.

Қазақ-қырғыз білім комиссиясы бұл әдебиет ішінен сайлап, биыл баспаға бере бастамақшы. Бірақ, Мүптақов мұғалімнің сегіз дәптерімен қырғыз әдебиетінің жиналып болмағанына сенеміз.

Әсіресе, «Манас», «Семетей», «Сейтек» жырларындай жырларынан жүзден бірдей-ақ бөлім бар. Қырғыз азаматтарының айтуына қарағанда «бұл жырларды осы күнде айтатын екі-үш шал түгелімен бір ай айтады» дейді. Сондықтан, бұл жырлар әлі жазылмағанға есеп болып отыр. Ендігі айтылатын сөз, әсіресе қырғыз азаматтары қолдарын тигізіп, уақыт оздырмай, ауыз әдебиетті жинау керек. Анау шалдар өліп қалмай, әсіресе үш батырдың жырын жазып алып қалу керек. Және Мүптақов жолдастың айтуына қарағанда, оның жинаған әдебиетінің тағы бірталайын Алматыдағы партияның инскомы алып қалған көрінеді. Бұл рас болса, инскомына елдің ауыз әдебиетінің онша керек бола қоймас. Алматыдағы азаматтар сол әдебиетті ұзатпай, тезінен Тәшкенге, қазақ-қырғыз білім комиссиясына жібергені мақұл болар еді.

Сөз соңында қазақ-қырғыз білім комиссиясы атынан әдебиет жолында еңбек қылғаны үшін Мүптақовқа рахмет айтамыз.

Мағжан Жұмабаев

ЖЕТІ БАТЫР

Бұрынғы әдебиетімізді жинап бастыру деген сөз бізден бірталайдан бері айтылып келе жатқан еді. 10-15 жылдан бері құрылған түрлі ұйымдарымыз мақсаттарының негізгі біреуі қылып, осы мәселені қылушы еді. Шіркін, бұрынғы әдебиетіміз бай-ау деп сілекейін шұбыртып, аузын көпіртіп әңгіме соғушы еді. Бұл мәселе газеттерімізде аз жазылған еді. Соңғы жылдарда хүкіметтен, елді ағарту комиссарияттарынан да талай жарлықтар шығып еді. Бірақ, алдымен сүйегімізге сің-

ген жалқаулықтан (сөз жоқ басқа себептер де бар) бұл мәселенің бұл күнге шейін тұйық жатқан жайы бар еді. Еліміздің тарихы үшін, тіліміздің баюы үшін, әдебиетіміздің өркендеуі үшін, жалпы айтқанда еліміздің ел болу үшін негізгі себептердің бірі болған бұл мәселені шешуге Түркістанның қазақ-қырғыз комиссиясы кірісе бастаған көрінеді.

Түркістанның қазақ-қырғыз білім комиссиясы Түркістанның баспа сөз мекемесі арқылы белгілі этнограф Әбубәкір Дибаев материалдарынан сұрыптап, сайлап «Жеті батыр» жырларын бастырып шығарған. 1) Қобыланды батыр, 2) Нәрікұлы Шора, 3) Бекет батыр, 4) Қамбар батыр, 5) Шора батыр, 6) Алпамыс батыр, 7) Мырза Едіге батыр.

Түркістан қазақ-қырғыз комисссиясының әдебиетімізге берген бұл сыйы – зор сыйы. Біздің жаңа әдебиетіміздің тым жас, тым бос, тым таяз еді. Жаңа әдебиетіміз кестелі сұлу, сөзі кем, тұтықпалау еді. Сайраған даңғыл жолы жоқ, басының ауған жағына кететін әңгілеу. Қыздың көзі қызылда дегендей еліктегіш еді. Бұлардың бәрі – жаңа әдебиетіміздің болаттай берік, бұрынғы әдебиеті яғни классик әдебиеті болмағандықтан, болса да жарыққа шықпағандықтан еді. Бұл күймен барғанда жаңа әдебиетіміз естен кететін ұшқалақтықтан шығып, еліміздің жанын, идеялын, қайғы-қасіретін толық суреттейтін терең әдебиет болады деп күтуге де мүмкін емес еді. Дұрыс ешбір әдебиет шетке еліктеуден құтылмақ емес, бірақ, еліктеу үстем ғана болып, әрбір елдің әдебиеті сол елдің жанына үйлесетін негізге қойылуға тиісті.

Біздің қазақ әдебиетінде берік негіз бұрынғы әдебиетіміз арқылы ғана салынбақ. Бұрынғы әдебиетімізде

еліміздің жүз жылдар, мың жылдар бойы жүрген жолы, көксеген идеялы, сол идеял жолында көрсеткен ерлігі, шеккен зоры, төккен жасы, қысқасы еліміздің өткен өмірі таста басылғандай, өлең болып өлшеніп, жыр болып құйылып қалған. Қазақ елінің өткен заманда кім болғанын білу үшін оның осы күнгі түріне қарау керек емес. Аузындағы жырына қарау керек.

Оның жанынан, жүрегінен шыққан сол жырларына қарап қана біз еліміздің не көксегенін, һәм не көксейтінін біле аламыз. Сол уақытта ғана елді дұрыс бастауға болады. Сол уақытта ғана міндеті ел бастау болған әдебиетімізге берік негіз салуға болады. Сондықтан елін сүйетін әрбір Алаш баласының ерінбей, қажымай бұрынғы әдебиетімізді жинауға міндетті екендігі, ұлт үкіметтеріміздің баспа сөз мекемелері елдің жайына үйлеспейтін «айқайларды» бастыра беруден тыйылып, шын әдебиет өрнектерін, әсіресе бұрынғы әдебиетімізді жинап, бастыруға борышты екендігі күндей ашық нәрсе болуға тиісті. Түркістан хүкіметінің елді аңғарту комиссариятының алдындағы қазақ-қырғыз білім комиссиясы бұл жолда бірталай көрнекті істер істеп тастаған көрінеді. Жоғарыда айтылған «Жеті батыр» жырларын бастырған һәм өткен жылы Жетісу, Сырдария облыстарынан жиналған бұрынғы әдебиетімізді сұрыптап, баспаға дайындап жатқан түрі бар.

«Жеті батыр» жырлары, заманның тарлығын еске алғанда, өте сұлу басылған. Қағаздары қалың, әріптері ашық, әрбір кітаптың сыртына батырлардың суреті салынған. Бәрі де қабағынан қар жауған, қабағынан қан жауған ерлер, үстерінде темір сауыттары, қолдарында қанішер қайқы қара болаттары, астарында төрт аяғы сом болат тұлпарлары. Әрқайсысы әр күйде салынған. Біре-

уі жапан түзде, орғытып барады. Біреуі алыстағы аналығымен қоштасып жатыр, һәм басқалар «Жеті батыр» жырларының бағалары пошта шығынсыз. 1) Қобыланды батыр 158 бет. 200 сом. 2) Нәрікұлы Шора 23 бет. 45 сом. 3) Бекет батыр 27 бет. 4) Қамбар батыр 39 бет. 70 сом. 5) Шора батыр 59 бет. 70 сом. 6) Алпамыс батыр 56 бет. 70 сом. 7) Мырза Едіге батыр 24 бет. 45 сом.

Алдыру үшін адрес: г. Ташкент, Түркистанское издательство. Угол. ул. Карла Маркса, Ирджарская.

Х.А. Бұл жырлардың әрқайсысы туралы өз пікірімді екінші бірде жазуға өзімді борышты қылып кетем.

Жажеке

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНІҢ ТҰРМЫСЫН, ЖОЛ ШАРАСЫН СУРЕТТЕГЕН ҺӘМ БАСҚА АУЫЗДА ЖҮРГЕН ӘДЕБИЕТТІ ЖИНАУ ҮШІН ПРОГРАММА

1. Құда болу, үйлену.

Жақын болғанда неше атаға шейін құда болуға болады. Ақсүйек пен қара бұқара құдалығының арасындағы айырма. Қыз айттыру, құда түсу қалай болады һәм сол уақытта істелінетін түрлі ырым, қалың мал, төре мен қараның, бай мен кедейдің қалың малы, босаға аттау һәм сол уақытта істелінетін түрлі ырым һәм жыртыс, күйеудің қалыңдығын алғалы келгенде орын алатын ырым, жол-жора. Қызды ұзату, танысу, сыңсу, қыздың жасауы һәм басқаша құдалық пен үйленудің жайы, сыңсу өлеңі.

2. Балаға ат қою.

Атты қалай қояды, ұлға, қызға қандай аттар қояды, һәм аттарды қандай мақсатпен қояды?

3. Бесік жыры.

Бесік жырының бір түрін жазып алуға.

4. Балалардың ойыны һәм ойыншықтар.

Балалар қандай ойын ойнайды һәм қалай ойнайды? Ұл һәм қыз балалардың бірге ойнайтын, һәм бөлек ойнайтын ойындары. Қай ойын қай уақытта ойналады? һәм неше жас шамасындағы бала ойнайды? Қандай ойыншықтар бар, оларды кім жасайды? Неден жасалады һәм басқалары.

5. Қыз, бозбаланың ойындары.

Қыз, бозбаланың қандай ойындары бар, қалай һәм қай уақыттарда ойнайды? Бойжеткен қыздардың һәм бозбалалардың бірге ойнайтын һәм бөлек ойнайтын ойындары. Әзіл, қайым, бәдік, салдық, серілік, қандай салдар, серілер болған, қалай жүрген, қалай тұрған, не істеген һәм қулардың қулықтары.

6. Кісі өлгенде істелінетін ырым, жол-жора.

Көму, қара салу, жоқтау, жоқтаудың түрлері. Кімді жоқтаған, жоқтауды кім шығарып берген? Қалай, қай уақыттарда, қанша жоқтайды?

7. Бақсы.

Бақсылық кімге қонады, қалай қонады? Қандай бақсылар болған, һәм не істеген? Осы күні бақсы бар ма? Бақсы қандай ауруларды бағады? Қалай бағады? Бақсының ойыны һәм сарыны. Жындарын шақыруы, жындардың аттары, сипаттары һәм басқалары.

8. Ауру һәм ем.

Қандай аурулар бар, қалай болады? Әрбір аурудың емі һәм емдеу түрі, кім емдейді?

9. Мақалдар, тақпақтар.

Естіген мақал, тақпақтарды жаза беруге, айтушысы мәлім болса, ол адамның атын һәм қандай уақытта айтқаның жазып алуға. Шешендердің суырып салған сөздері, билердің қағысқаны.

10. Түс һәм жору.

Қандай түстің қандай жоруы бар? Білікті түс жорушылар түске сене ме, жоқ па?

11. Көк, жер.

Көк, күн, ай, жұлдыздарды, бұлтты не дейді? Қандай жұлдыздар бар? Не үшін олай аталған? Жалпы көк туралы ертегілер. Жерді не дейді? Жер туралы ертегілер.

12. Жел, ай, күн.

12 жылдың 12 айдың аттары. Аттарының мағынасы һәм не үшін бұл ат берілген? Жылдың, әр күннің қасиеті, кесірі.

13. Қияли әңгіме (легенда).

Әруақты, киелі, (Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Ескендір Зұлқарнайын, Абылай, Асан қайғы, Қорқыт, Ұлықбек, Жошы, Алаша хан, Жәнібек хан), адамдар, кереметті әулиелер туралы. Киелі жерлер, обалар, таулар, тастар, ағаштар туралы әңгімелер.

14. Қияли ырым.

Түрлі ырымдар: от туралы, ай көргенде, жұлдыз аққанда, жел шыққанда, және шаруаға байлаулы бие, байлағанда, құс шығарғанда, желі аттау һәм басқа түрлі ырымдар.

15. Қарғау, алдау, арбау.

Қандай қарғыстар бар? Қандай алғыстар бар? Қай уақытта айтылады? Желді арбап шақыру, желді арбап тоқтату сөздері. Бүйіні, қарақұртты, жыланды, шаянды

арбау. Дауыл түсіру, бұлт көшіру, күнді арбап жаңбыр жауғызу.

16. Өлең-жырлар.

Қыз, бозбаланың ғашықтық өлең-жырлары. Той-бастар, беташар, жар-жар осылардың әр түрі һәм басқа түрлі өлең-жырлар. «Қаратаудың басынан көш келеді» сықылды тарихи өлең-жырлар. «Мінәжат» сықылды дінге байлаулы өлең-жырлар. Өтірік өлең, қалжың өлең, сыпайылыққа сыймайтын өлең, түрлі мақтау, жаттау өленděрі.

17. Батыр жырлары, қиссалар.

Мысалы, «Қобыланды», «Семетей-Манас» сықылды батыр жырлары, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сықылды қиссалар. Бұларды кім шығарған, яки кім айтып береді?

18. Айтыс.

Шын һәм қалжың айтыстар, атақты ақындардың айтыстары.

19. Ертегілер.

Жануарлар жайынан һәм елдің тұрмысы жайынан ертегілер. Шығайбай, Алдар көсе, Тазшалар, «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», ата-ана, бала, бәйбіше, тоқал, өгей бала, туысқандар жайынан, қияли батырлар, мергендер, алыптар, балалар ертегілері. «Түйе, түйе, түйелер» деген сықылды ойын, ертегі бастары.

20. Мысалдар.

Жануарлар тұрмысынан алынған қысқа мысалдар.

21. Жын, пері.

Жын, пері, диу, албасты, қара албасты, сұмырай, жезтырнақ, марту, үйір, көр, қап, әруақтар туралы әңгімелер.

22. Тарих, шежіре әңгімелер.

Түрлі елдер жайынан, қазақ-қырғыз елінің қайдан шыққаны, қалай ат қойылғаны, рулар, аталар, оларға ат қоюдың себебі. Елдің өміріндегі ірі уақиғалар туралы. Ел егесі, ру атасы, өмірлер жайлы әңгіме.

23. Жұмбақтар.

Қара сөзбен, өлеңмен айтып жұмбақтайтындар, олардың шешулері, жаңылтпаштар.

24. Бата.

Түрлі бата мәлім болса, айтыс жиынында жазып алуға.

25. Үй, ас-су, ыдыс-аяқ, киім-кешек.

Киіз үйдің бөлімдерін, бау, ши, түрлі ас-судың аттарын, олар қалай жасалатынын, ыдыс-аяқтың неден жасалатынын, түрі киім-кешек аттарын, неден һәм неден тігілетінін жазуға.

26. Заң.

Басты қылмыстарға, басты кесім атақты билердің кесімдері белгілі заң алдында төре, қара, бай, кедей, жергілікті мен келімсек, кірме, ата-ана, ананың баладан һәм керісінше хақтары. Жасқа толу, жиендік қылу, асыранды бала, уәкіл күйеу, енші мұра, тамыр, анда болу, неше қатын алуға болады. Әмеңгерлік неке, талақ, ықтияр, заң алдында әйел құқығы. Ойнастан туған бала, жер-сумен пайдалану, көші-қон, қонағасы, көмек, жылу, жәрдем, жалшылық, аманат, сый, сауда, борыш, әр малдың құны, сүйінші, ант, ұрлық, барымта, айып, күніне қосақ, мойнына тіркеу, тоғыз, құн, құнның түрлері, төре, қара, ер-әйел құндары. Қалың кілем, қара нар, ат-тон, салауат, дүре, жүзі қара қылу. Осылар туралы елдің заңы, әдеті.

27. 1916 жыл.

Қазақ-қырғыз елінің басына соңғы 200 жыл ішінде 1916 жылғы соғыс майданына жігіт алудың уақиғасынан зор уақиға болған жоқ. Осы уақиға туралы елдің аузында

бар сөзді, әдебиетті толық жинауға, қоштасулар, сәлем хаттар, түрлі өлеңдер һәм жай әңгімелер.

28. 1917-18 жылғы төңкерістен бері.

Елде төңкеріс туғызған әдебиетті толық жинауға ақ-қызыл, түрлі көтерілістер, патриоттар, жалпы заманды мақтау, жамандау сықылды сөздер, өлең-жырлар.

29. Мал.

Малдың түліктері, әрбір малдың жасына қарап аттары, жейтін оттары, киелі мал туралы әңгімелер.

30. Жануарлар, өсімдіктер.

Қандай жануарлар, аңдар, құстар бар? Түрі, түсі, тұрағы, өмірі, мінезі, балалауы, аттары. Өсімдік аттары, сипаттары, пайда-зияны һәм басқалары.

Ескерту: Бұл программа жөн сілтеу үшін жазылып отыр. Өзінің ынтасы бар адам «программамен қолым байланды» деп сылтау қылмас. Біздің өтінішіміз мәдениетке қызмет қыламын деген қазақ-қырғыз баласы осы программаны жоба қылып, материал жинап, қазақ-қырғыз білім мекемесіне жіберсін. Бұрын жиналған материал сұрыпталып, баспаға дайындалып жатыр. Жинаушылар, жазушылар, таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырыссын. Қазақтардан елдің өткен тұрмысын сұрастырсын, һәм әрбір материалдың қай облыс, қай үйез, қай болыста кімнен алынған, яки істелгені жазыла берсін.

Еліміздің қағаз білетін һәм елге қызмет қылуды өздеріне міндет санаған азаматтарына өтінішпен:

Түркістандық Қазақ-қырғыз білім комиссиясының уақытша бастығы: Мағжан Жұмабаев, мүшесі: Әбубәкір Диваев.
1923 жыл, 5 май, Ташкент.

[ШОЛПАНҚҰЛ ҚАЖЫ ӘҢГІМЕСІНЕН]

...көп кесепат кесір, оғаш істер істесе керек, елге тізесін қатты батырса керек. Содан бері қырғыз жалпы мықты шыққан адамдардың бәрін сол манапқа ұқсатып «манап» деп кетіпті-мыс дейді.

Екінші – қырғыз бір кезде қалмақтардан қашып, Алатаудан ауып, Бұқар барған. Бұқар елі қырғыздың кім екенін білмей «сен кімсің?» деп сұрайды. Қырғыз мен «аб», яғни мен «су» депті (аб – парсы тілінде су деген сөз болады). Қырғыздың бұл мен «аб» дегеннің мәнісі мынау: Арабта Әнәл-хақ, Минәл-хақ әулие болған екен. Хақ деген Алланың аты еді. «Әнәл-хақ, Минәл-хақ деп сен өзіңді-өзің Тәңірге теңедің» деп, сол елдің ханы Әнәл-хақ пен Минәл-хақ әулиелерді тірідей отқа салып, күйдіріп, күлін өзенге ағызып жіберген екен. Ол күл аға-аға көбік болып, бір ханның қызына оңаша салып берген сарайдың шарбағының ішіндегі көлге ағып келіпті. Ханның қызы серуендеп жүріп, көлдің бетіндегі көбікті көріп қызығып, алақанымен алып жұтып қойыпты, содан қыз екіқабат болып қалып, қызының мұндай масқара болған хабары ханға жетіп қалыпты. Хан қаһарланып, тексеріп келсе, қызының сарайында бір қызыл иттен басқа еркек жыныс болмаған екен. «Адам болса, бірсәрі еді. Иттен айналысқан қызымды қалай бала деймін» деп хан назаланып, қатуланып, кәрленіп, құрсақты қызын суға ағызып жіберіпті. Қыз ағып жүріп-жүріп, бір заманда қырға шығып, қырды мекен қылып, қырдың қызы «қыр қызы» аталыпты. Сол қыздан туған бала да «қырғыз» аталып кетіпті.

Қырғыздың Бұқар еліне «мен Абпын» дегеннің мәнісі осы екен. Арқадан кетіп, Шөже ақын Молқы Бәйтік батырға мына сөзбен амандасқан екен:

Болдың ба сау-саламат, Бәйтік бегім,
Кеткен жоқ тірі жанға сенің кегің.
Құдай артық жаратқан асыл затым
Әнәл-хақ пен минәл-хақтан болған тегің.

Үшінші, «манап» деген сөз арабтың «манаф – қатал, мықты» деген сөзінен шыққан деп айтысады екен.

Төртінші, (бұл Шолпанқұл қажының өзінің мақұлдаған пікірі). Манаптың лұғат мағынасы белгілі емес. Бірақ, қырғыз «манап» деп кірмеден, Бұқарадан басқа асыл қырғыздың өз сүйегінен тарағанның бәрін айтса керек. Қырғыздың арасында нағыз қырғыздан кірме көп. Сол көп кірмеден түп қырғызды айыру үшін айтылған болар. Бұл сөзге бір дәлел манаптар жақын уақытқа шейін қалың бұқарамен қыз алыспай келген. Қалайда манаптық қырғыздың соңғы 5-6 атаның заманында Бұқар ауып жүріп, сарттан алған үлгісі болса керек. Манаптар соңғы дәуірде ғана сарттардың хандары, бектеріндей өздерін мейлінше ірі ұстап, жандарына жолатпай, Алдашының інісі айтқандай күндіз-түні ұйықтап, еңбек қылмай, елдің малын талайтын мінез шығарыпты. Болмаса ілгері дәуірде мұндай арамтамақ манаптардың болғанын ел білмейді.

Манаптарды қазақ ішіндегі тұқымы төрелердей хан тұқымы деуге де болмайды. Өз арасынан хан шығып, хан билегені қырғыздың есінде жоқ. Шолпанқұл қажы айтады: «Қырғыз ілергі кезде қалмаққа бағынған. Жеңген жұрттың тілі, жеңілген жұртқа кіріп қала бермек қой, қы-

рғыздың осы күнгі «қоқиы» деген сөзі қалмақ сөзі екен. «Қоқи» деген қалмақтың бір бұрханның құдайының аты екен. Соңғы кезде қырғызды Қоқан билеген. Бұзық мінез, сорақы манаптық осы дәуірде шыққан, орта кезде қырғызды би билеген. Қырғыз биі менен қазақ биін әуелі «Құдай қалап», онан соң халық қалайтын болған. Олар жасынан ақыл парасатын елден асырып барып-барып би болады екен. Ал, қырғыз биді хан орнына сайлап қоятын болған. Хан қашан өз тұқымы кесілгенше, билік ата мұрасы болып тұқым қуалай берген екен. Ел аузындағы:

Хан жайлаған Қаратау,

Би жайлаған Алатау, – деген сөздің мәнісі «Қаратаудағы қазақты хан билеген, Алатаудағы қырғызды би билеген деген болады», – дейді Шолпанқұл қажы.

Бір күндерінде манаптығын жүргізіп, аюдай ақырып, ел билеген, дұрысы қырғызды билеген. Бұл күнде сары қымыздың орнына қауын-қарбызбен сусындап, Оштың ғана сағасын паналаған Шолпанқұл қажы кешегі күнде манаптардың жан, малына зорлық қылып, елді еңіреткенін, олардың сарттың бектерінен бетер паңдығын кеңес қылып келіп мынаны айтады: «Әрбір асқанға, бір тосқынның» болуы Тәңірінің әділдігі ғой. Кешегі күндерде біз Тәңіріні танымай, шариғаттың жолынан шығып кеткен екенбіз. Мына, Совет хүкіметі шығып, бізді хақ мұсылмандық жолына салғандай болды. Осы күні кісі жұмсамай, өз әрекетімізбен тұрып жатырмыз. Мұхаммед пайғамбарымыз өзі біреуге малай болмаса, малай жалдаған емес қой. Мұндай күнді бізге көрсеткені үшін Тәңірге мың-мың шүкір», – дейді Шолпанқұл қажы.

Бұл сөздер өмірдің ащы-тұщысын тартқан қарияның өлім босағасында тапқан шын иманы ма екен, болмаса,

өмірдің ұзақ қалған көкжалдың дағдылы, бір жолында шабылып, бұлтарысы ма екен? Кім білсін? Қалай да өмірдің өзін тауысып отырған есі бар адамға әлде болса да алдап отырсың дей беру де қисынсыз-ау!

Жажеке

АЛҚА

Табалдырық

Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торауында тұр. Артында – бір жол, алдында – мың жол. Мың жолдың ішінде – өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың торауына алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Қазақ тұрмысы, орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Европа тұрмысымен соқтығысуы – қазақ әдебиетінің орыс әдебиеті екпініне, орыс әдебиеті арқылы Европа әдебиеті екпініне кез келуі, тас пен жапалақтың – жапалағы өлмек. Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті еліктемек.

Бірақ, бізге молда болатын Европа әдебиетінің өзі – бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Европаны қоя-ақ қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық. Осы күнде, пролетариат төңкерісі дәуірінде, Кеңес үкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық сықылды. Алайда, искусство, һәм оның бір саласы болған әдебиет туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар – «искусство бар һәм болмақ» деген бағыттан бастап, «искусство жоқ һәм болмақ емес», «бұрын болса да, бұдан былай болмақ емес», «болуға тиісті емес» деген бағытқа шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестең болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, ертең өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз: әйеліміз, ерлеріміз, саясаткерлеріміз, шаруашылдарымыз, әдебиетшілеріміз – тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс те осыны тілейді. Тұрмыс та осыны тілейді. Бірақ, майдандағы әскердің әрбір тобының, әрбір табының дербес міндеті болмақ. Әр топ өз міндетін дұрыс атқарса ғана, жалпы әскер соғысты ұтып шықпақ. Бұл топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айқай-аттанының желімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ.

Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты, үркердей бір тобы. Бұлардың мойнында, жалпы әскерлік міндетінен басқа да дербес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса – ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе – әскер емес.

Қазақ елі, Еуропа мәдениеті көзімен қарағанда, мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз не әскерлік, не азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қамалып қалуы мүмкін, әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айқайдың екпінімен кетуге мүмкін. Әдебиетті айқай ғана деп, ақындықты үгіт-насихат қана деп ұғуға. Мысалы, әдебиет – не діншілдік «бәдуамы», не дінсіздік «бәдуамы», әйтеуір, «бәдуам» деп ұғынуға мүмкін. Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуі мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз, тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – абылайша. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне абылайша керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, абылайша қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл – келешектікі. Әзірге баспана – абылайша.

Оқушы, жақсы келдің, «Табалдырықты» аттап төрге шық! «Алқаға» кір.

Әдебиетіміз. «Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі техника мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды», – дейді Маркс[12]. Осы пікірін бекіту үшін Грек тарихының Гомер заманы мен Еуропа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында, Гомер заманындағы гректің, Шекспир заманындағы еуропа техника мәдениетінің балаң болғаны рас.

Алайда, сол дәуірлерде Грек пен Еуропа әдебиеті құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру – әдебиет тарихшысының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне табыстырсақ, «Қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған, сондықтан да әдебиеті да жоқтың қасында болған» деген пікір ұстау – қате. Шынында, қазақтың өзінше терең әдебиеті болғаны хақ һәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі-қыры, қайғысы-қуанышы, ойы-қиялы әдебиетінде түсіп отырған. Әзір, тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді ал-

[12] К. Маркс. Введение. К критике полит экономии. – Изд-во Москва. – Рабочий, 1922.

сақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой, қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар – қазақ даласына бет алған еуропаның, орыстың қара жүз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап өмірден үміт үзуге, тұңғиық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да, тереңдігі де – осында. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолымен екі өмірмен алысқандығы, сондықтан, қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі.

Абай жиын-тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе, баспасөздің жоқтығынан Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе, түрі елге тарай алмайды. Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре береді, ел езіле береді. Әдебиетте бағыт та, түр де қалмайды. Әдебиет «ғизатлул – оқу – мұтырлы», «Биссимиллаһ деп башлайын сөздің басын» сықылды балдыр-батпаққа айналады.

Бірақ, Еуропа отаршылдығының бір қасиеті – «құлды көп қуып батыр қылуы», өлімге бұйыруы мен өмірді сүйгізуі, езілген елдің ұлттық сезімін оятуы. Осы заң бойынша 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сүлесіз жатқан қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанның есін жия бастағанда бірінші үні – ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905-інші жылдан соңғы әдебиетіміз – «Оян, қазақ», «Қырық мысал» сықылды, елім, жұртым деген әдебиетіміз сол күңірену. Сол зар ете күңірен-

ген жаралы жанның көзіне әлгінде ғана қылышынан қан тамып майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ел кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Әдебиетіміз да мынау «оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасынан елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Әдебиетіміз осы күйде тұрғанда, біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік.

Бұл күнге шейін төңкеріс һәм әдебиетіміз. Үстіміздегі зор төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Европа тарихы тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен біздің әдебиетіміз бастапқы жылдарда төңкеріс туралы ешнәрсе жаза алған жоқ, әдебиетімізде төңкеріс туралы қолға аларлық еш нәрсе болмағаны даусыз. Әдебиет өзінің бұрын келе жатқан бетімен жүре берді. Бір жағынан, орыс отаршылығының зардабынан елге кірген бүліншілік, бұзықтықты суреттеп, екінші жақтан, елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты. Марксшіл зор ғалым Плеханов: «Шаруа – тұрмыс-салт төңкерісіне бейімделуі болмақ», – дейді[13]. Төңкеріспен қазақ тұрмысының сырты ғана соқтыққан сықылды болғанымен, санасы дағдылы жолымен келе жатты. Сондықтан, әдебиетіміз төңкерістің бастапқы дәуірінде де өзінің табиғи жолымен өсіп келе жатты.

Осы жолда жаңа әдебиетіміз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай,

[13] Бельтов. К вопросу о развитии монистического взгляда на историю. – СПб., 1825 г. 1-е издание.

тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша табиғи жолымен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі әдебиетімізді қарғауға емес, алқауға міндеттіміз. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадың» деп томпиып өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз. Әдебиетімізге төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибелерде теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі – төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, соңынан емес, солынан кіруі алақандағы нәрсе ғой, мұны бүркеп қоюға болмас. Маркстің «Санаға сипат беретін салт» деген асқар пікірін де аттап кетуге болмас. (Төңкерістің оң жағын түсірем деп ұмтылған әдебиетіміздің тәжірибесі соңғы бірер жылдың ішінде ғана басталды).

Сондай-ақ, «Желдің *жыбыр-жыбыр сөйлегенін*, дауыл, боранның адасқан аңдай ұлығанын естігің келсе, сорлы қазақтың қысқы үйіне кір» – «*ызыңын*», «Жер *әбден саз*» – «Жер *еденсіз*», «Бізді *жұбататын* ақынның әлгі өлеңі» – «Бізді *жұбаныш* ақынның әлгі өлеңі» 1992 жылғы басылымда (23-24 б.) деп өзгертілген.

Қолдан асырау. «Қолдан асырағанда балаға лайықты тамақ – *есек сүті мен ешкі сүті*. Бұл *екеуінің бірі болмаған* күнде сиыр сүті» деген сөйлем 2022 жылғы жинақта (27-б.) «Қолдан асырағанда балаға лайықты *тамақ – ешкі сүті*. *Бұл болмаған* күнде сиыр сүті» делінген. Және осы аталған басылымда «*Цельцей бойынша 35-37, Рьюмен бойынша 26-28*» деген сөйлем түсіп қалған.

Аралас тамақтандыру. «жұмыртқа *һәм* сорпа» 2022 жылғы жинақта «*һәм*» деген сөз жоқ.

Тамақтандыру тәртібі. «Баланы ананың *өзі емізсе де, яки қолдан асыраса да*, баланы белгілі бір тәртіппен тамақтандыру керек» деген сөйлем 2022 жинақта (29-б.) «Баланы ананың *өзі емізсе* баланы белгілі бір тәртіппен тамақтандыру керек» делінген, «*Жазаласа, баласын басып өлтіріп те тастайды*» деген сөйлем аталған жинақта жоқ және «баласын» деген сөзді (30-б.) көпше түрде, «*тазартушы*» – «*тазалаушы*» (31-б.) деп өзгертілген.

Осы бөлімдегі «Ит тию сықылды бала аурулары сол тәртіпсіз тамақ беруден» деген сөйлем аталған жинаққа енбеген.

Түпнұсқадағы «...емшегін алып барып баланың аузына сала қояды» деген сөйлемді 1992 жылғы басылымда (28-б.) «*емшегін баланың аузына сала қояды*» деп жазса, «Бір жасқа толмаған жас *бала* түгіл...» деген сөйлемдегі *бала* деген сөз 1992 жылғы басылымда (29-б.) «*нәресте*» делінген.

Баланы шомылдыру. «*Аузы иісті болмайды, тісі бұзылмайды. Қазақ қатынының баланы тұзды сумен шомылдыруын теріс деуге болмайды. Еттің пісуіне, шығуына тұзды судың пайдасы бар*» деген түпнұсқадағы сөйлем 2022 жинақта былай деп өзгертілген: «*Аузы иісті болмайды, тісі бұзылмайды. Пісуіне, шығуына тұзды судың пайдасы бар*».

Киім. «*қасиет жоқ*», «*жібермейтін*» деген сөздерді 2022 жылғы (32-б.) басылымда «*қажеті жоқ*», «*жібермейтіндей*» деп берген.

Бөлеу һәм бесік. «Жабу бесіктің бір жағына, айталық, 6-7 баумен байланған болса, баланы жөргегіне орап, төсегіне салып, әлгі жабуды жаппай жауып, бесіктің екінші жағынан алып келіп, тағы 6-7 баумен байласақ» деген түпнұсқадағы сөйлем 1992 жылғы (32-б.) басылымда былай деп өзгертілген: «*Жабу бесіктің бір жағына, айталық 6-7 баумен байланған болса, баланы жөргегіне орап, төсегіне салып, 6-7 баумен байласақ*». Ал, «...қысу бар денеге тегіс түскендіктен...» деген сөйлем 2022 жылғы (33-б.) жинақта түсіп қалған.

«*Қыс болса...*», «*бесік тұр*», «бос үйде бесіктің жанына жас баланың жеті жасар *апасын* отырғыз» деген сөйлемдер

1992 жылғы (33-б.) жинақта «*Қақаған қыс*», «*бесік қарауытады*», «*әпкесін* отырғыз» делінген. Және «Түн» деген сөз түсіп қалған.

Қозғалуы. «Үсті-басы күл-топырақ, нәжіс қолын аузына салады, көзін уқалайды. Жағының жүні үрпиіп, сызда, сазда отырады» деген сөйлем 2022 жылғы жинақта былай өзгертіліп жазылған: «*Үсті-басы күл, топырақ, үрпиіп ылғи сызда, сазда отырады*» (37-б.).

Түпнұсқада «*Итарба да баланың жанында жай тұрсын. Жүргісі келсе бала өзі де жүреді. Шеше бірақ байқап отырып, баланы арбаға дұрыс ұстатқызып жіберсін*» делінсе 1992 жылғы басылымда (38-б.) «*Итарба да баланың жанында жай тұрсын. Шешесі, бірақ, байқап отырып, баланы арбаға, дұрыс ұстатқызып жіберсін. Жүргісі келсе бала өзі де жүреді*» деп өзгерткен.

Тісеу. «Балаға тісі төмендегі ретпен шығады» деген сөйлемді 1992 жылғы жинақтың 39-бетінде былай өзгертілген: «Балаға *міс* төмендегі *тәртіппен* шығады». Сонымен қатар, «Біраз есейген соң беруге мүмкін, бірақ аз һәм сирек беру керек» деген сөйлемдегі «*есейген*» деген сөз 2022 жылғы басылымда «*өскен*» деп жазылған (39-б.).

Психология (Жан тілі). «...*қылып*», «*сол*», «*сықылды*», «бірлігі», «һәм басқа», «білмекші» деген сөздер «...*етіп*» (1992, 40-б.), «*бұл*» (2022, 41-б.), «*сияқты*» (1992, 41-б.), «бөлігі» (1992, 41-б.), «һәм *барлық*» (2022, 42-б.), «білгіш» (1992, 41-б.) деп берілген. «Екінші пікір – жан деген дене іскерлігінің әсіресе нерв системасы мен ми іскерлігінің бір түрі дейді» деген сөйлем 1992 жылғы жинақта (41-б.) «*Екінші пікір – жан дене іскерлігінің бір түрі дейді*» деп қысқартылған.

Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам. «*сипап*», «...*сонда біз біліп қойғанбыз*», «бір уақытта *болмайды*», «бірі *болады*», «*бір-ақ уақытта*» деген сөйлемдер 1992 жылғы жинақта (42-43 б.) «сезіп»,

«*Сонда біз білгенбіз ұялғанның не екенін*», «*болмайтыны бар*», «бірі *өтеді*», «*бір мезетте*» деп өзретіп жазған және «Жоқ. Дұрыс, кей уақытта» деген сөйлемде «*дұрыс*» сөзі түсіп қалған.

Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам. 1992 жылғы басылымда (44-45 б.) «ауырған – *отырған», «*бірінші – *бізше»* деген сөздер өзгертіп жазған.

Өзін бақылау жолы. «...яғни ашудың тууына не себеп болды...» деген сөйлем 1992 жылғы жинақта (45-46 б.) былай өзгертілген: «...яғни ашудың тууына не себеп *болғанын қарастырсам...*». Сондай-ақ, «ашу *деген* – ашу *кірген*», «*есеп* беру – *себеп* беру» деген сөздер 1992 жылғы кітапта (46-б.) өзгертілген.

«Адамның өзін-өзі яғни өз қатасын өзі көре білуі оның жанының енді алға, қасиетті қияға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді» дегендегі *енді алға* деген сөз тіркесін 2022 ж. жинақта (48-б.) «*идеалға*» деп өзгерткен.

Бақылау. «Біз егер өзін бақылау жолы мен *өзіміздің жан көріністерімізді ғана бақылап, мына бақылау жолымен басқа адамдардың жан көріністерін бақыламас*ақ, біздің жан көріністері туралы біліміміз толық болмас еді», «*пішінші*л «физиономист»» деген сөйлемдер 2022 жылғы жинақта (49-б.) «Біз егер өзін бақылау жолымен *басқа адамдардың жан көріністерін бақыламасақ*, біздің жан көріністері туралы біліміміз толық болмас еді», «*шыншыл* «физиономист»» деп өзгертіп берген. Және «Сондықтан *бұл бақылау әбден керек нәрсе. Бақылауы,* байқауы көп адам бір адамның пішінінен, жүріс-тұрысынан, бір-екі ісінен, біраз сөзінен ол адамның қандай мінезді екенін біліп ала қояды» деген сөйлемдегі курсивпен жазылған сөйлем аталған басылымда (49-б.) түсіп қалған.

Нерв системасы. «Нерв системасы екі бөлімнен тұрады: *1) Орда бөлім (ми жұлыны) һәм бұтақ бөлімі, яки «перрифериясы*» деген сөйлем 2022 ж. жинақта (50-б.) былай деп

өзгертіліп жазылған: «Нерв системасы екі бөлімнен тұрады: *орда бөлім (ми, жұлын) һәм бұтақ бөлім»*.

Әсерлену көрінісі қалай болады? «*Қан майданда көзіне қан толып жан алып, жан беріп жүрген жауынгер денесіне түскен жараны сезбейді дейді. Грек ғалымы Архимед туған, өскен шаһарына жау кіріп, шаһар іші азан-қазан, айғай-ұйғай болып жатқанда, ешбір дыбыс естімей, өзінің ойына батып, бір сызықтарын сызып отырды дейді*» деген сөйлем 1992 жылғы жинаққа енбеген.

Әсерленудің іші, күші һәм тоны. «...келіп *отырмайды*», «Қоңыр *әуен*», «өзі тас-талқан *жара қылса да*» деген сөйлемдер 1992 жылғы басылымда (57-б.) «...келіп *отырады*», «Қоңыр *үн*», «өзі тас-талқан *жараласа да*» деп өзгертілген.

Әсерленулерді орындастыру. «Міне, осы әсер денеміздің қай жерінде болса, сол жерге әсерленуді орындастыру» деген сөйлем 1992 ж. (58-б.) басылымда өзгертілген «Міне, осы әсер денеміздің қай жерінде болса, сол жерге әсерленуді орындастыру *яки локализация деп аталады*». Және осы тақырыпша (*Әсерленулерді орындастыру*) аталған жинақта «*Әсерленулерді орындастыру яки локализация» деп берілген.*

«Перцепция» деген тақырып 1992 ж. (58-б.) басылымда «*Перцепция яки локализация»* делінген.

Жалпы сезім яки дене әсерленулері. «*...тәрбие қылуы...*», «қылынбағандығынан» деген сөздерді 1992 жылғы жинақта (60-б.) «*тәрбиеленуі*», «*алмағандығынан*» деп береді.

Көру сезімін тәрбие қылу. «...зиянды *нәрселерден* сақтау», «қаратпау *тиіс*», «Баланың жүре *қыли болуы* да осыдан», «*бәлки*», «*ойнау* үшін» деген сөйлемдер 1992 жылғы (63-64 б.) басылымда «...зиянды *заттардан* сақтау», «қаратпау *керек*», «Баланың жүре *алмай қалуы* осыдан», «*бәлкім*», «*ояну* үшін» деп өзгертілген.

Есту сезімі. «...құлақта есту нервтері *бұтақтанады*», «әннің *әуені»* – 1992 жылғы (65-б.) басылымда былай өзгерген: «...құлақта есту нервтері *бұтақтанған*», «әннің *үні*».

Баланың есту әсерленулері. 1992 жылғы (66-б.) басылымда «ай» – «*апта*» деп көрсетілген.

Есту сезімін тәрбие қылу. Түпнұсқада «*Құлық* ағып...», «ғылым иесі д*окторға*», «жанды *заттардан*» деп берілсе, 1992 жылғы кітапта (66-б.) «*Құлақ* ағып...», «ғылым иесі *дәрігерге*», «жанды *нәрселерден*» деп өзгертілген. Және «... *біраздан балаға түрлі...*» деген сөйлем түсіп қалған.

2022 жылғы жинақта (68-б.) берілген «Бесік жырының» мына жолдары түпнұсқада жоқ: *Қызық іздеп, Қыздар көздеп, Елдер кезерсің. Тарлан шүйіп, Сұлу сүйіп, Үйден безерсің.* Сондай-ақ, *«Күтем, күйем, Көрсет, ием, Сол алтын күнін»* деген шумақтар *1996* жылғы басылымда кездеспеді.

Есту сезімінің жан тұрмысына керектігі. «Жанның терең түкпірінде жатқан *ойларды, жүректің жеті қабат астында жатқан ыстық* сырларды ашып, шешіп беретін адам сөзінен дүниеде не қымбат нәрсе бар?» – «*ойларды, жүректің жеті қабат астында жатқан ыстық»* деген сөйлем 2022 жылғы жинақта (69-б.) түсіп қалған.

Сипау сезімі. Түпнұсқадағы мына сөйлем: «*Сипау сезімі жақсы тәрбие қылынса, тіпті өткір болады*» 1992 жылғы жинақта (70-б.) былай берілген: «*Сыйпау сезімі тәрбие алса, тіпті өткір болады*».

Ет сезімі. «...таза ауада *болсын*...» – 1992 жылғы жинақта (71-б.) «таза һауада *өткізілсін*».

Иіскеу һәм тату сезімдері. «Біраздан *соң* көру» – 1992 жылғы басылымда (72-б.) «Біраздан *кейін* көру».

Дененің һәм жанның шаршауы. «*Сыныпта* отырғанда баланың» – 2022 жылғы басылымда (78-б.) «*Класта* отырғанда баланың» – «Ән мен гимнастиканы бір *келтіруге* де болады» – 1992 жылғы басылымда (77-б.) «Ән мен гимнастиканы бір *өткізуге* де болады» деп жазған.

Суреттеу ұғымы. «...оның жанда *ізі* қалады...», «...суреті *қалады*» – 1992 жылғы басылымда (77-б.) «...оның жанда *өзі* қалады...», «...суреті *болады*».

Суреттеу мен әсерлену арасындағы айырма. «...біз естіп отырғандағыдай *қорықпаймыз*» – 1992 жылғы кітапта (77-б.) «...біз естіп отырғандағыдай *қорқамыз*».

Баланың суреттеулері. Түпнұсқада «...осы *сабақтардан*...» – 2022 басылымда (81-б.) «...осы *себептерден*...».

Суреттеу ассоциациясы. Түпнұсқада «...*жанастырып* алмаймыз» – 1992 жылғы кітапта (81-б.) «...*шатыстырып* алмаймыз» деп жазған.

Орында бірлік ассоциациясы. Бұл тақырыпшаны 1992 жылғы кітапта (82-б.) «1) *Көршілестік* ассоциациясы» деп берген. Және мына сөйлем: «...ірі харіппен басылуы *және осыдан*» аталған басылымда «...ірі харіппен басылуы *ұнайды*» делінген.

«Ұқсастық ассоциациясы» бұл тақырыпты да 1992 жылғы басылымда (84-б.) былай деп өзгерткен: *Ұқсату ассоциациясы*. **«***Концентр – бір пәнді басқыштап, кеңейтіп оқыту деген сөз*» деген түсінікті аталған жинақта былай жазған: «*Концентр бір пәнді бөлек-бөлек қылып, бірақ бірте-бірте зор қылып байлап, басқыштап кеңейтіп оқыту деген сөз*».

Адам өмірі үшін естің керектігі. «Адам адам да *болмас* еді» деген сөйлемдегі *болмас* сөзі 1992 жылғы (86-б.) басылымда *білмес* деп өзгерген.

Баланың есі. «*Жеткен* адамның» – 1992 жылғы (86-б.) кітапта «*Ересек* адамның» деп жазған. «9-12 жасар бала шетелде ана тілін біржола ұмытып қалады» деген сөйлемде аталған жинақта баланың жасын «*9-10 жасар*» деп жазған.

Еріксіз һәм ерікті қиял. «Адам неғұрлым білімді, тәжірибелі болса, қиялы да сонша бай болмақ. Міне, осы себептерден баланың қиялы терең, бай болсын десек, оның білімді болуына ыждиһат қылу керек» деген сөйлемдегі «*болмақ. Міне, осы себептерден баланың қиялы терең, бай*» деген жолдары 2022 жылғы жинақта (94-б.) түсіп қалған.

Жалқы һәм жалпы ойын. «Сондықтан абзалы ойынның екі түрін кезекпен ауыстырып отыру» деген түпнұсқадағы сөйлем екі жинақта да өзгертілген. 1992 жылғы жинақта (95-б.): «Абзалы – *осының екеуін* кезекпен ауыстырып отыру». 2022 жылғы басылымда: «Сондықтан *дұрысы* – ойынның екі түрін кезекпен ауыстырып отыру».

Ұғым мен суреттеу арасындағы айырма. «*Белгілі бір түрсіз жалпы адамды суреттеу мүмкін емес*» деген сөйлем 1992 жылғы жинақта (98-б.) табылмады. «...не көк, *не қара*» – аталған жинақта «не көк, *не торы*» деп берілген.

Ұғымдардың ішіне қарап бөлінуі. Жалаңаштау. «Егер де ұғымның бір ғана сыны *болса*», «*екінші* ұғымның», «*жауыздық* сықылды», «сының *бөліп* алып» деген сөйлемдерді 1992 жылғы (99-100 б.) басылымда «Егер де ұғымның бір ғана сыны *болмауында*», «*ескіше* ұғымның», «*жамандық* сықылды», «сының *біліп* алып» өзгертіп берген.

Жалпылау һәм шектеу. Түпнұсқадағы «*Мысалы, біз сындарды қоса-қоса қайың деген ұғым жасаймыз*» деген сөйлем 1992 ж. (101-б.) басылымда былай деп өзгертілген: «*Мысалы, біз өсімдік деген жалпы ұғымға сындарды қоса-қоса, қайың деген дербес ұғым жасаймыз*».

Түпнұсқадағы **«Уақытта бірлік ассоциациясы»** деген тақырыпты 1992 жылғы (82-б.) басылымда «*Замандастық* ассоциациясы» деп көрсеткен.

Жанның жайын жарыққа шығару жолы. Түпнұсқадағы «*Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді» деген сөйлем* 1992 жылғы жинақта түсіп қалған.

Ішкі сезімдердің сыртқа шығуы. 1992 жылғы жинақта (120-б.) берілген мына сөйлем түпнұсқада жоқ: *Яғни ішкі сезім уақытында жүректің қызметі күшейеді.*

Баланың ішкі сезімдері. «Жап-жас ойын баласы бір нәрсеге езу тартып күлсе, салып жібереді» деген сөйлем 2022 жылғы жинақта жоқ.

Ұялу сезімі. *«Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый (наград) беру, «афарин», «тахсин» үлестіру тіпті дұрыс емес»* деген сөйлемдегі *афарин, тахсин* деген сөздер 2022 жинақта (129-б.) берілмеген.

Баланың жалпы жаратылысы. «Ұзын сөздің қысқасы, бала кәдуілгі адам болғанымен, баланың жаратылысында көп басқалық бар. Мұхамбет пайғамбар: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле», – депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек» деген сөйлем 1992 жылғы басылымда былай деп қысқартылған: «Ұзын сөздің қысқасы, бала кәдуілгі адам болғанымен, баланың жаратылысында көп басқалық бар. *Балаға тәрбиені* өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек».

Түпнұсқаның соңғы бетіндегі Абайдың «Ұстаздық *еткен* жалықпас, Үйретуден балаға» деген сөзі 1992 жылғы жинақта (155-б.) «Ұстаздық *қылған* жалықпас» деп берілген.

1992 жылғы жинақта мына өзгертілген: іскерлік – *абай,* әуен – *үн,* қазба – *қазия,* мимика – *ым,* данышпан – *ақылды*.

Мәтінді дайындау барысында түпнұсқаны барынша сақтауға тырыстық. Тек кей сөздерді бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес өзгерттік. Мысалы: хата – қате, haya – ауа, хиял – қиял, хұкім – хүкім, т.б.

Академиялық жинаққа мәтін Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба және сирек кітаптар қорында сақтаулы 1922 жылғы нұсқа бойынша дайындалды.

Бастауыш мектепте ана тілі

Мағжан Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегі 1923 жылы Ташкентте, 1925 жылы Мәскеуде төте жазуда жарық көрген. Еңбекте төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жүргізілетін жаттығулар мен қалыптастыру дағдылары жүйеленген.

Кітап негізгі үш саланы қамтиды. Атап айтқанда: бірінші, кеңес елінде және Қазақстанда мектеп ісінің бұрынғы және қазіргі жайын, Қазан төңкерісінің ағарту мекемелеріне қоятын талабы, екінші – ана тілінің мектеп қабырғасындағы орны, үшінші саласы – бастауыш мектепте ана тілінен сабақ беруді жолға қою жолдары сөз болады. Нақты методикалық нұсқаулар беріледі.

Оқулық 1925 жылы Мәскеу қаласында Қара Қырғыз автономиялық облысы Ревкомының тапсырысы бойынша «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» деген атпен қырғыз тілінде басылып шыққан. Кітаптың алғысөзін «Сөз башы» деген атпен Е.Арабайұлы деген жазушы жазған[30].

Аталған еңбекті алғаш рет 1993 жылы «Жұлдыз» журналында филология ғылымдарының докторы, ғалым Ш. Елеукенов қазіргі әріпке түсіріп жариялаған[31]. Жинаққа 1923 жылғы Ташкентте жарияланған басылым бойынша түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Қызыл әскер әліппесі

«Қызыл әскер әліппесі» – Мағжан Жұмабайұлының XX ғасырдың басындағы сауатсыздықты жою науқаны кезінде әскерлерге арнап жазған оқу құралы. Оқулық осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған, ақын жинақтарына енбеген. 1926 жылы «Мемлекеттің әскерлік баспасынан» төте жазуда жарық көрген, мұқабасында «Тізген: Жұмабайұлы Мағжан» деп жазылып, керней тартып тұрған қызыл әскердің суреті бейнеленген.

[30] Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі.Оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2008. – 293-б.

[31] Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. – Жұлдыз. – №1 – 1993. – 3-13 б.

«Қызыл әскер әліппесі» ақынның оқу құралын жазудағы алғашқы тәжірибесі болуы керек. «Сауатты бол» кітабын осыдан кейін қолға алуы мүмкін. Себебі, екі әліппедегі сөздер бірдей болғанымен, «Сауатты болда» (1926 ж.) оқу-жаттығу тапсырмалары бөлек. «Қызыл әскер әліппесінде» басым бөлігінде қазақтың мақал-мәтелдері мысалға алынса, «Сауатты бол» кітабында сол кезеңдегі саясатқа, өркениетке байланысты сөздер, сөйлемдер берілген.

Мысалы: *Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме. Ер жаңылып қолға түсер, құс жаңылып торға түсер. Көп қорқытады, терең батырады. Қара арғымақтан жал кетсе, қарға адым жер мың болар. Еңбек аздан өнбек аз. Еңбек қылсаң емерсің. Жасыңда қалжың болсаң, өскенде мылжың боларсың.*

Мұзға сүйенбе, жауға сүйенбе. Жауды аяған жаралы болар, жанын аямаған жау алады. Ер өтірік айтпайды, еп өтірік айтады. Жаман шынын айтамын деп, сырын айтады. Ақ бөкенді жатыр деме, көшпелі елді отыр деме. Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ. Қолы ойнағанның аузы ойнар. Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық.

Оқулықта әскери адамның қоғамдағы маңызы, қызметі, тәртібі туралы мәтіндермен қатар, ауылшаруашылығына байланысты пайдалы кеңестер топтастырылған. Кітаптағы әскерлерге арналған танымдық мақалалар сол кезеңдегі «Еңбекшіқазақ», «Сәуле» сияқты баспасөз құралдарынан және А.Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш», «Оқу құралы» еңбектерінен алынып, соңында оқу-жаттығуға арналған мәтіндерге ауыз әдебиеті үлгілері: «Нияз қыпшақ Жауғаш би сөзі», «Жөн сұрау», «Қобыланды батырдың Алшағырмен айқасқаны» және Жүсіпбек Аймауытұлының «Ерлер» атты әңгімесі, Махамбет Өтемісұлының өлеңі берілген.

1926 жылы 200 данамен жарық көрген бұл оқулық ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының Сирек кітаптар қорынан алынып, жинаққа түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Сауатты бол

«Сауатты бол» – XX ғасырдың басындағы сауат ашу мектептерінің қысқа курсына бағытталып дайындалған оқулық. Оқу құралы Мағжан Жұмабайұлының көзі тірісінде Мәскеуде үлкен таралыммен 4 рет басылып шыққан (1926, 1928, 1929, 1930). 1926 және 1928 жылдары араб әрпінде, ал 1929 (50 мың), 1930 жылдары (65 мың тиражбен) латын әліпбиімен жарық көрген.

1925 жылдың соңында Қазақстанда сауатсыздықты жою науқаны басталғаны белгілі. Осы науқанға байланысты «Хат танымайтын бірде-бір коммунист, комсомол, кәсіподақ, қосшы мүшесі болмасын!» деген ұрандар күнделікті баспасөзде жарияланды. Бұл ағартушылық істерге Мағжан Жұмабайұлы да атсалысты. «Ақын алдымен өз нысанасын белгілеп алды. Сонау «Шолпан» жинағында «Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме» деп жар салғаны есіне түсті. Ендеше, бүкіл елі сауатын ашайын деп жатқанда ол қалайша үлкен істен сырт қалмақ? Бұған Мағжан секілді ыспар педагог араласпағанда, кім араласпақ? Ол «Күншығыс кіндік баспасы» басшыларына барып, ұсыныс енгізді. «Оқулықсыз ешқандай сауат аша алмайсың. Үлкендерге арнап оқулық жазуға керек. Осы аса жауапты істі мойныма алып, жазуға отырсам, қарсы болмайсыздар ма?» деді. Баспа басшылары бұл ұсынысты қуана қарсы алды», – деп жазады филология ғылымдарының докторы, мағжантанушы Ш.Елеукенов[32].

Оқулықтың мазмұнын негізгі үш бөлімге бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлімде – әліппе, әріптану, сөз құрау, екіншісі бөлімде – саясатқа қатысты танымдық мәтіндер, үшінші бөлімде – шаруашылық, тұрмыс саласына қатысты мақалалар қамтылған.

[32] Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі.Оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2008. – 70-б.

Алғашқы әріптану бөлімінде автор 1926 жылғы төте жазу әліппесімен таныстыра отырып, оқытушыларға мынаны ескертеді:

1. Дыбыстың жазылуы оқушы үшін жеңіл болатын болсын.

2. Осындай дыбыстарды бірге қосқанда оқушының көп естіген, көп көрген затын білдіретін жеңіл бір сөз шығатын болсын.

Әр жылдары жарық көрген кітаптардың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, салыстыра келе арасында айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге болады. 1926 жылғы оқулықтың мұқабасында ең жоғары жағында ірі әріппен «Главполитпросвет. Всероссииская чрезвычайная комиссия по ликвидации неграмотности» деген сөздер жазылған. Оның астында төте жазумен автордың аты-жөні «Жұмабайұлы Мағжан» деп көрсетілген. Кітап оқып тұрған кедейдің (сол заманғы түсінік бойынша) суреті берілген. Соңғы бетінде М.Жұмабаев (Составитель М.Жумабаев. Букварь для взрослых. На языке казах. Центральное издательство народов Союза ССР) деп орыс тілінде жазылған. Көлемі – 64 бет.

1928 жылғы басылым төте жазуда жарық көрген. Кітаптың мұқабасындағы мәліметтер (автор, редактор есімдері, кітап, баспа атаулары) екі әліпбиде араб, латын әріптерінде қатар жазылған. Редакторы – Тоқтабайұлы Кәрім. Автор қазақтың жаңа графикасы енгізілуіне байланысты жаңа тарау енгізген. Ол тарауда жаңа графиканың оқылуы туралы әдістемелік нұсқау, жаңа әліппенің жазу, баспа түрлері, соңында латын әрпінде мақал-мәтелдер мен Қожанасыр әңгімелері берілген. Көлемі – 96 бет.

1929 жылғы кітапта «Қазақстан білім ордасы ұнатқан. Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясы басқаруымен, ең соңғы баспасынан латыншаға аударылып

басылды» деген жазу бар. Және Лениннің суреті, қазақ тұрмысына байланысты суреттер (жылқы, атты қазақ, қозысын емізіп тұрған саулық қой, ауыл маңында жайылып жүрген үйірлі жылқы, тымақ киген қазақ) штрихпен орындалған. Ал 1930 жылғы кітап осы 1929 жылғы басылым бойынша жарық көрген. Соңғы екі жылда жарық көрген басылымдардың көлемі бірдей – 97 бет.

1930 жылғы басылымда сол кездегі Қазақстанның сауатсыздықты жоюшы төтенше комиссиясының инспекторы Бурабайұлы кітаптың алғысөзінде: «Мұны оқытқанда, мұғалімдердің өте-мөте ескертуі, кітапқа жазылған сөздерді ғана оқытып қоймай, басқа да жуан-жіңішкелі болып айтылатын сөздерді қатарластырып айтқызып, оқушыларды жаттықтыруы керек. Екінші, ескертетін нәрсе – бұрын сөзді жіңішкертіп айту үшін сөздің басына дәйекші қойса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп оқылатын еді. Болмаса, сөздің ішінде бір жіңішке дыбыс болса, сол сөздің бәрі жіңішкертіліп оқылатын еді. Енді олай емес: бір сөздің ішінде әлденеше буын болып, олардың бірі жіңішке, бірі жуан болса, сонда жуанына жуан, жіңішкесіне жіңішке дыбыстар қойылып отырады», – деген ескертуі бар.

1928, 1929, 1930 жылғы басылымдардың соңында протокол, өтініш жазу, поштамен ақша жіберу тәртібі яғни іс-қағаздарды жүргізу тәртібін үйретеді. Бұл 1926 жылғы басылымда кездеспейді.

Алғашқы 1926 жылғы төте жазумен және соңғы 1930 жылы латын әрпімен жарық көрген кітаптарды салыстырылу барысында 1930 жылғы басылым мәтіндермен толықтырылған, редакция тарапынан көптеген өзгерістер енгізілген. Және әр тақырыпқа сай суреттер берілген.

1926 жылғы басылымның әліппесінде мысалдар барынша молынан берілсе, 1930 жылғы кітапта мысалдар қысқартылып, сол заманға сай саяси сөздер қосылған. Мысалы:

П

апан	*ақпан*	*пұл*	*тарпу*
тапал	*оспан*	*план*	*серпу*
арна	*дұспан*	*топыр*	*бөпе*

Біз тең болмадық кем болдық, неліктен?
Надан болғандығымыздан.
Шаруамыз нашар, кедейміз. Бұл неліктен?
Надан болғандығымыздан.
Біздің қазақ халқының әрбір жүз адамының тоқсан алтысы хат білмейді. Мұжықтың жүзден 72-сі хат білмейді. Қала халқының жүзден 41-і ғана хат білмейді.
a. Қала халқына қарағанда қыр халқының сауатсызы неге көп?
a. Қазақтың сауатсызы неліктен көп?
b. Жас күндерінде сендер не себеппен оқымадыңдар?
c. Болыстарыңда жүз адамның нешеуі сауатты, нешеуі сауатсыз?
Қазақстанда 2 мың 6 жүз 43 баулу мектеп бар. Бұларда оқушы барлық баланың саны 156 мың 865.
Қазақ мектебі – 776. Оқып жүрген қазақтың жас баласының саны – 46 мың 977.

П

Оспан сауатын ашады

Доп қап апа арпа пұл
Топыр жапан ақпан Оспан
«Арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен».
«Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер».

10	20	30
40	50	60
70	80	90

Барлық халық хат танып, сауатты болса, саналы болар.

Ң
Кеңес тобы

аң	*жаңа*	*ың-жың*	*кеңес*
таң	*соң*	*аңқау*	*төңкеріс*
таңы	*соңы*	*ыңырсу*	*зеңбірек*

Кеңес мемлекеті жасасын!
Кеңес мемлекеті, патша, жандарал, төрелер мемлекеті емес, бұқара халықтың мемлекеті. Бұқара халық мемлекет құрып, қоғамдасып, ынтымақтасып, тұрмысын түзеп жатыр. Жасасын, Кеңес мемлекеті!

Ң
Кеңес тобы

Аң-таң заң соң соңы
Мұңы мұңдас кең кеңес
Кеңес мемлекеті патша жандарал төрелер
Мемлекеті емес,
бұқара халықтың мемлекеті

Октябрь төңкерісін жасаған жалшы мен еңбекшілер табы.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, алғашқы басылымдағы әріпті есте сақтау үшін берілген мысалдар, соңғы басылымда қысқартылған, өзгерген. «П» әрпіне арналған мәтінде сол кезеңдегі қазақ мектебінің жағдайынан хабар беретін мәліметтер 1930 жылғы басылымда қысқартылған. Оның орнына мақал-мәтелдер мен тоқсанға дейінгі ондық сандардың тізбегі берілген. Екі басылымдағы әліппе бөлімінен жоғарыдағыдай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Екінші бөлімде әртүрлі баспасөзде жарияланған Халел Досмұхамедұлы, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Сара Есқызының танымдық мақалалары берілген. Сонымен қатар, XX ғасырдың басындағы сауатсыздық жайы, халық ағарту жүйесіндегі қазақ, орыс мектептерінің жай-күйі, олардағы оқушылардың саны туралы, және өкімет орындарының төменнен жоғарыға дейінгі сатылары: партия, кәсіподақ, комсомол, пионер, кооператив, қосшы ұйымдары туралы түсініктер, тазалық пен денсаулық, әйелдің босануы, т.б. тақырыптар мен дәрігерлік кеңестер қамтылған.

Үшінші бөлімде мал, егін шаруашылықтары бойынша дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін мысалға ала отырып, егіншілікті жаңа заманауи тәсілдер арқылы дамытуға арналған пайдалы кеңестер ұсынылған.

Екі басылымды (1926, 1930) салыстыру барысында екінші, үшінші бөлімдердегі бірнеше мәтін тақырыптарының өзгертілгенін көруге болады. Мысалы: 1926 жылғы басылымдағы «*Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау»* тақырыбы 1930 жылы «Сиыр асырау» болып, «*Жоңышқа егу керек» (1926 ж.)* – «Жоңышқа шаруашылықтың кілті. Жоңышқа егіңдер» (1930 ж.) болып, «*Қазақ республикасы» (1926 ж.)* – «Қазақстан» (1930 ж.), *«Қосшы» ұйымы» (1926 ж.)* – «Қосшы» ұйымы мен жер-ағаш жұмыскерлерінің одағы» (1930 ж.) болып редакцияланған.

Мәтіндердегі көбінесе соңғы қорытынды бөлімдері, нақтылай айтқанда, Қазақстанға байланысты деректер 1930 жылғы басылымда қысқартылған. Қысқартылған мәліметтер:

1) *Қазақстанда 1916-шы жылы 10 миллионға жуық қой болған. 22-ші жылы қойдың саны кеміп 2½ миллион шамасына түсіп қалған. Соңғы жылдарда қой тағы көбейіп келеді. Осы күні 6 миллиондай қой бар. (Бұл есептің ішінде Сырдария мен Жетісу губерниялары жоқ).* **«Қойды жақсылап бақ»** (1926 ж.)

*2) Соңғы кезде үйір-үйір мал түгіл жалғыз сауын сиырға да қолы жетпей қалған қазақ аз емес. Тұралап қалған кедейді сиырдың орнын басып аш қылмайтын мал – ешкі. Тегінде ешкі пайдалы мал. Пайдасы мынау: «***Ешкі асыра»** (1926 ж.)

*3) Қазақстанда барлығы 874 ұйым дүкені бар. Мұның 210 ғана қазақтікі. «***Ұйым дүкені»** (1926 ж.)

4) Қазақстанда 1924 жылы қара шаруаға 2 миллион сомдық машина-сайман сатылған. Бұл машинаның жартысына жақыны қара шаруаға қарызға берілген. **«Машина серіктестігін қалай жасауға болады?»** *(1926 ж.)*

5) Қазақстанда 1924 -ші жылы 1 миллион 913 мың 215 десте егін егілген. Ал 1925-ші жылы 2 миллион 439 мың 714 десте егілген. Сөйтіп, Қазақстанның егіні жыл сайын көбейіп келеді. **«Пар болса, егін шықпай қалмайды»** *(1926 ж.)*

6) Қазақстанның орда комитетінің төрағасы, Қазақстанның ақсақалы Мыңбайұлы Жалау жолдас. Жалау жолдас бұрын жұмысшы болған. Қазақстанның халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығымет жолдас.

*Қазақстанның астанасы, Орда комитет, Совнарком тағы басқа орда мекемелердің тұрған жері Сыр өзені бойындағы Қызыл Орда қаласы. Қазақстанның астанасы бұрын Орынбор қаласы еді. Орынбор қалың кедей бұқараның қатынауына қашық деп былтыр қалың елдің ортасындағы Қызыл орда қаласын астана қылды. «***Қазақ республикасы»** *(1926 ж.)*

Сонымен қатар, 1930 жылғы кітапта бірнеше мақалаға сөйлемдер, мәтіндер қосылған:

1) Октябрь төңкерісін жасаған жұмысшылар мен қара шаруалар. Бұлар өкіметті өз қолына алды. Жер мен фабрика-зауытқа ие болды. Байлар үстемдігін жойды.

СССР орысша «Социалдық Кеңестер Республикаларының Одағы» деген төрт сөздің бас әріптері.

Сұраулар: Октябрь төңкерісін жасаушылар кім? Кеңес өкіметі қашан құрылды? Кеңестер өкіметі бұрын езілген ұлттарға не берді? Кеңес өкіметін не үшін қорғау керек? **«СССР»** (1930 ж.)

2*) СССР-дағы алты республиканы және Қазақстанды жоғарғыдағы системадан көрсетіңдер.* **«СССР-ға кіретін республикалар»** *(1930 ж.)*

*3) Сұраулар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Оған адамды кім сайлайды? Сайлауға кім қатыса алады? Кім қатыса алмайды? Байлар, молда-қожалар, саудагерлер неге сайлауға қатыса алмайды. «***Кеңес Ресейін кім билеп отыр?»** *(1930 ж.)*

Екі басылымдағы мәтіндерді салыстыру барысында кейбір мәтіндердегі сөздің, сөйлемдердің өзгертілгенін байқауға болады. Мысалы: 1926 жылғы басылымдағы «Қара шаруаның бір тұлғасы сиыр асырау» атты мәтіндегі «Шаһардан ұзын мойын қашық жатқан, жүк кіресі қымбатқа түсетін, не қалаға жеткенше ыстықта май ағып кететін жердегілер сиыр малын базарға сататын түрде ұстау керек» деген сөйлемдегі *«Шаһардан»* сөзі 1930 жылғы кітапта «*Қаладан»* болып, «Қазақ Республикасы» атты мақаладағы (1926 ж.) «*Қазақстанның жер ауданы – 2½ миллион шаршы шақырым. Қазақстанның барлық халқы 5 миллион, 265 мың 300 адам. Мұның 2 миллион 929 мың 156-сы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек және басқа елдер. Қазақ Республикасында 8 губерния және автономиялы (ішкі билігі өз қолында) қарақалпақ аймағы бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша еш бір губернияға бағынбай Орда комитеттің тура өзіне қарайды»* деген мәліметтер 1930 жылғы басылымда: «Қазақстанның жер ауданы 3 миллион шаршы километрдей. Халқы 6 миллион 677 мың 400 адам. Мұның 4 миллион шамасы қазақ. Өзгесі орыс, украин (хохол), өзбек, қарақалпақ, тараншы, татар, түрікмен, дұнған, қырғыз, тағы басқалар. Қазақстанда 13 губерния (Орал, Теңіз,

Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар, Ақмола, Сырдария, Қызылорда, Кереку, Семей, Қарқаралы, Алматы) және автономиялы қарақалпақ бар. Адай уезі жер ыңғайы бойынша еш губернияға бағынбай кіндік комитеттің тура өзіне қарайды. «Қазақ» деген сөзде неше буын бар? Неше дыбыс бар? Өздерің екі-үш, төрт буынды сөз табыңдаршы» болып, «Кеңес Ресейін кім билеп отыр?» атты мәтіндегі (1926 ж.) «*Кәне, айтыңдар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер?»* деген сұрақ (1930 ж.) «Сұраулар: Кеңес өкіметінің губерниядағы, уездегі, болыстағы жоғарғы мекемелері қандай мекемелер? Оған адамды кім сайлайды? Сайлауға кім қатыса алады? Кім қатыса алмайды? Байлар, молда-қожалар, саудагерлер неге сайлауға қатыса алмайды» деп өзгертілген.

1926 жылғы басылымда жарық көрген, 1930 жылға енбей қалған мақалалар: *«Қазақ малының тұқымын асылдандыру», «Қазақ малының саны», «Тұқымды аңызға сеппестен бұрын шығымдылығын айыруға болады», «Тары ек», «Қазақ тілі», «Жұмыскер мен қара шаруа бауыр», «Дала мен қыр».*

1930 жылғы басылымға *«Шаруашылықты өркендету», «Сүт артелі», «Малды қауіпсіздендіру», «Қарыз», «Шаруа қарызы», «Трактор», «Қазақстанда машина сайман тарату», «Шарт жасасу», «Көп нәубетті егіс», «Кәлектип шаруашылығы», «Кеңес шаруашылығы», «Қазақстанда жұмысшылар», «Қазақстанда өнерлі кәсіп құрылысы», «Кеңес өкіметі – малай жалшының өкіметі», «Көзі ашылған кедей», «Кеңес Ресейін кім билеп отыр?», «Асабиақым қоғамы», «Төрешілдік – бюрократтық деген не?» «Қазақ төрешілдігі», «Әйел босануы», «Жүкті әйелге ақыл», «Бала асыраған әйелге ақыл»* атты мақалалармен қатар *«Жаңбырлы күн», «Ертеңгі ұран», «Егінші»* атты өлеңдер де жаңадан қосылған.

«Сауатты бол» кітабының мазмұны сол заманғы кеңес саясатын дәріптеуге арналған тақырыптарды қамтылғанына, төрт рет басылым көріп, ең көп тиражбен тарауына (1929 жыл 50 мың, 1930 жылы 65 мың тираж) қарап, қарапайым

халықтың сұранысы жоғары және мемлекет тарапынан зор қолдау болған еңбек деп болжауға болады.

Оқулық көп жылдар бойы жарияланбады. Ақын мерейтойларына арнап дайындалған таңдамалы жинақтарға, көптомдықтарға да енбеген. Алғаш рет 2013 жылы филология ғылымдарының кандидаты, профессор Б.Қанарбаеваның құрастыруымен 1926 жылғы төте жазуда және 1929 жылғы латын әрпіндегі басылымын біріктіріп, қазіргі қолданыстағы қаріптер нұсқасында жарыққа шыққан[33]. Құрастырушы алғысөзінде төрт басылымның екеуіне қолы жетпегенін атап өтеді (1928, 1930) және екі басылымның да ерекшеліктерін сақтай отырып, өзгеріссіз бастырған.

Сонымен қатар, 1926 жылғы басылым «ҚарЛаг» – тарихтан тағылым, өткенге тағзым» атты ғылыми-ағарту жобасы аясында 2015 жылы жарық көрген[34]. Төте жазудан қазіргі әріпке түсіріп, баспаға әзірлеген – филология ғылымдарының кандидаты Ж.Шекен.

Жинаққа 1926 жылы араб әрпінде, 1930 жылғы латын әрпінде жарық көрген түпнұсқа негізінде ұсынылды. 1930 жылғы басылым алғаш рет жарияланып отыр.

Бірінші май мейрамы. Мақала «Бостандық туы» газетінің 1921 жылы 1 мамыр күнгі 4-санында «Жәжеке» деген бүркеншік атпен жарияланған. Ақын бұл мақаласында халықты күреске үндейді. Қазақ елі өз бетімен даму жолына әлі жете қоймағанын, болашақтан үміт көп екенін түсініп, жер жүзі еңбекшілерінің бағы ашылса, қазақтың да бағы ашылатынына сенеді. «Қазақ, әділдік туын көтерген пролетариат қатарына қосыл! Оның қайғысы – сенің қайғың! Оның қуанышы – сенің қуанышың!» деп жазды.

Бұл мақала 1990 жылы «Бастауыш мектеп» журналында басылған, және М.Жұмабайұлы шығармаларына арналған 1989, 1992, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

---

[33] Жұмабайұлы М. Сауатты бол [Мәтін]:оқу құралы /жауап. ред. Б. Қанарбаева. – Алматы:Экономика, 2013. – 124 б.

[34] Жұмабайұлы М. Сауатты бол [Мәтін] – Қарағанды:Болашақ-Баспа, 2015. – 121 б.

Жинаққа «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы жарияланымы бойынша дайындалды.

Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз. Мақала «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 5-санында «Сахразада» деген бүркеншік атпен жарық көрген. XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың тапшылығына байланысты Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлы мәжіліс шақырып, кеңес ашқан. 1921 жылы 14 қаңтарда Елдес Омарұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы т.б. сияқты зиялы қазақ азаматтары қатысқан мәжілісте қазақ тілінде бастауыш мектептер үшін оқулықтар жазу мәселесі көтерілген. Осы мәселеге қатысты М.Жұмабайұлы үн қосып, өз мақаласында қазақ ұлттық мектебі, оқулығы жайында құнды пікірлерін ортаға салады.

1922 жылы «Ақ жол» газетінде (№158, 7 сәуір) аталған мақала «Оқу құралдары һәм мектебіміз» деген атпен, алғашқы азат жолы қысқартылып жарық көрген. Сонымен қатар, 1989 жылы «Қазақстан мектебі» (кирилл әрпіне түсірген З.Ілиясов), «Социалистік Қазақстан» (баспаға дайындаған Х.Абдуллин) газеттерінде, 1993 жылы «Қазақстан мектебі» журналында жарияланған. Және ақын шығармаларына арналған 1989, 1992, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

Томға енген мәтін «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 5-санында жарияланған мақала бойынша дайындалып, ұсынылды.

Сайлау. Ақынның «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 13-санында жарияланған мақаласында «Ақмола губерниясында 15 августан қалдырмай губерниялық ревком таратылып, болыстық, ояздық һәм губерниялық исполкомдар құрылмақ болды исполком жоғарыдан жасырып беретін мекеме емес, елдің өзі құратын мекеме. һәм оның мүшелерін ел жиылыс қылып өзі сайламақ. Жақын болсын, жат болсын ел өзі білетін, өзі сенетін адамдардан сайламақ...», – деп жазды. Мақала 1990 жылы «Социалистік

Қазақстан» газетінде жарық көрген және 1989, 1992, 2008, 2013 жинақтарға енген.

Жинаққа «Бостандық туы» газетінің 1921 жылғы 13-санында жарияланған мақала бойынша ұсынылды.

Автономия кімдікі? «Кедей сөзі» газетінде 1921 жылы 12 ақпанда басылым көрген. Мақалада автор Алаш оқығандарына халықтың жағдайын арттыруға, мемлекеттік құрылымын арттыруға шақырады. Бұл мақала туралы бірқатар ғалымдар еңбектерінде атап көрсетеді[35]. Ақынның шығармаларына арналған көптомдықтарға енбеген. Мәтіннің түпнұсқасы РФ Ресей мемлекеттік кітапханасы, «Диссертация, газет» бөлімінен алынды.

Жинаққа түпнұсқа негізінде дайындалды.

Достық сөз. Мақала 1922 жылы «Ақ жол» газетінде (№178, 8 маусым) жарияланған. Газеттің алдыңғы санында жарияланған«Қазақ-қырғыз бірлігі» атты мақалаға түсіндірме ретінде жазылған. Мақаланың соңында «Сахразада» деп көрсетілген. Аталған еңбек осы жылы «Бостандық туы» газетінде де басылған. XX ғасырдың басында Қазақстандағы саяси ахуалдан хабар беретін аталған мақала түпнұсқа негізінде дайындалып, жинаққа ұсынылды.

Голод в Сары-Арке. М.Жұмабайұлының орыс тіліндегі бұл мақаласы «Мир труда» газетінде 1922 жылы 11 маусымда жарық көрген. Сол кезеңдегі Қазақстандағы аштықтың қазақ халқына қауіп төндіріп тұрғанын, аштықпен алысып, діңкесі құрыған елдің хал-жағдайын, шындықты жеткізуге тырысқан. Аштықтың нақты себептерін іздейді. Ақын жан айқайы жоғарыдағыларға тезірек жетсін деген оймен орысша жазған болуы керек.

Аталған мақала ақынның осы күнге дейінгі жарық көрген таңдамалы жинақтарында (1989, 1992, 2008, 2013) жарияланбаған. 2018 жылы Мағжан Жұмабайұлының 125 жылдығына

[35] Қамзабекұлы Д. Мағжанның еленбеген екі еңбегі // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 27 мамыр; Тайшыбай З., Мәлікова С. Мағжан – «Кедей сөзі» мен «Бостандық туында» // Солтүстік Қазақстан. – 2019. – 19 қараша.

арналған «Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі» атты жинақта жарық көрген[36]. Кітапта орысша түпнұсқасымен қатар қазақша аудармасы берілген.

Жинаққа 1922 жылы «Мир труда» газетінде жарияланған түпнұсқа негізінде ұсынылды.

Ақан сері. 1923 жылы Ташкентте «Сана» журналының 1-санында М.Жұмабайұлының «Ақан сері» зерттеу мақаласы жарияланды. Журналдың 2, 3-сандарында ақын «Ақан сері сөздері» деген тақырыппен жалғастырды. Мақала үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде зерттеуші ақынның өмір сүрген кезеңіне, өскен ортасы мен мекеніне, ол жөніндегі ел арасындағы аңыз-әнгімелерге шолу жасайды. Автор Ақан серінің көзін көріп, жырын жаттап, жазып алуға көмектескен Мырзалыұлы Баялы, Шыңғысұлы Қоқыш, Бозайұлы Ысмағұл, Самыратұлы Қазы т.б. сынды ел ақсақалдары алғысын білдіреді. «Ақанның өмірі» деген бөлімде оның оқып, сауат ашуынан бастап, серілік құрып, ән шығарып, жыр жаза бастағанын, өмірінде кездескен қилы-қилы тағдырға байланысты туған жыр толғауы жайында толық ғылыми деректер келтіріледі. Ал «Ақанның сөздері» (шығармашылығы деген мағынада) деген бөлімде ақынның қолда бар жырларын талдайды.

М.Жұмабайұлы Ақанның серінің өлеңдерін талдағанда әрбір ой-пікіріне жауапкершілікпен қарап, нақты мысалмен дәлелдеуге тырысады. Ол серінің шығармашылығын мазмұндық жағынан бес түрге бөліп қарастырады: 1. сықақ; 2. ғашықтық; 3. айтыс һәм мақтау; 4. сопылық; 5. қазақ қайғысы туралы өлеңдер. Осы түрлерге жататын өлеңдерді талдай келе автор басқа өлең түрлеріне қарағанда ғашықтық өлеңдерінде шын шеберлік екенін, мұнда тіл мен мазмұн анықтығын ерекше бөліп атайды. Ақынның махаббат лирикаларының теңдесі жоқ талантты және еуропалық лирика

[36] Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Г.Б. Ахметжанова, С.З. Мәлікова, К.Қ. Оспанов., З.С. Тайшыбай. – Петропавл: «Северный Казахстан» баспасы, 2018. – 110-115 б.

деңгейінде екендігін, бұл өлеңдердегі стильдік ізденістердің танымдық, суреткерлік, бейнелегіштік қасиеттердің құндылығын ерекше атап көрсетеді.

Ақынның бұл еңбегі өзі ақталғаннан кейін 1992 жылы «Ақ Орда» газетінде, 1993 жылы «Егемен Қазақстан» газеті мен «Парасат» журналында және орыс тіліне аударылып, «Простор» журналының 2003 жылғы №3 санында жарияланды. Сонымен қатар, М.Жұмабайұлы шығармаларына арналған 1989, 1992, 2008, 2013 жылғы жинақтарға енген.

Томға енген мәтін 1923 жылы «Сана» журналындағы жарияланым бойынша дайындалды.

Бернияз Күлеев. М.Жұмабайұлы бұл мақаланы (азанама) Бернияз Күлеевтің қазасына байланысты жазып, 1923 жылы 22 қаңтарда «Ақжол» газетіне жариялаған.

Мақала 1996 жылы шығармалар жинағының 2-3 томдарында (348-б.), 2008 жылы Ш.Елеукенов құрастырған Мағжан Жұмабаев шығармалар жинағында (219-б.), 2013 жылы С.Жұбаниязов құрастырған әдеби басылымның екінші томында (189-б.), 2020 жылы Х.Есенқарақызы құрастырған «Ақжол» (газеті) көптомдықтың 10-томында (118-б.) берілген.

Түпнұсқа мен 1996, 2008, 2013 жылғы басылымдардың мәтіндері салыстырылды. Нәтижесінде мына сөйлемдердің түсіп қалғандығы анықталды: «...пейілімізге елдің мұңы...», «Оның қысқа өлеңдерінде әдебиетіміздің жаңа екпіні бар еді», «һәм баспа ісінде тәрбие аз болғандықтан болар», «Оқушының үміті де зор еді», «...ой-қиялының тереңдегендігі, әсіресе сөзге шеберленгендігі».

Сонымен қатар, 1996, 2008, 2013 жылғы басылымдарда кейбір сөздер өзгертілген (курсивпен көрсетілген): «*11-16*-да *Тұмаркөл* болыстық школында оқыған – *11-12-де Томаркөл»,* «*18* жылы – *17* жылы», *«білім – ғылым*», «Бернияздың өмірінің *соңы* осы – *сырты*», «...жиырма-ақ *жасында* қайтқан... – *жаста»*, «...әдебиеті алаңынан... – *алдынан*», «*елдің* сезімі кіре бастады – *елімізге елдік* сезімі кіре бастады», «Көк-

тегін көксеп алдағы... – *Кекті кексей алыстағы*», ««Ұшқын» бетінде *шыңдалып*... – Ұшқын» бетінде *жарыққа*...», «*Бірақ* екпіні *тым күшті* еді – Екпін *зор* еді», «*21* жылдарда – *21-22* жылдарда», «...*әсері* жаңа күш *болып* қосылған... – «*әсерімен* жаңа *күш* қосылған...», «*Өрнекте – Өртеңде*», «Үмітті жасымыз *бекер* ерте кетті – Үмітті жасымыз *неге* ерте кетті», «неге ерте *кетті* – неге ерте *кетірдің*».

Алғашқы жарияланым мен 2020 жылғы көптомдықта еш айырмашылық жоқ.

Академиялық жинаққа мәтін «Ақжол» (1923 ж., 22 қаңтар) газеті негізінде жарияланған мақала негізінде дайындалды. Газеттің түпнұсқасы микрофильм түрінде, Орталық ғылыми кітапханаңың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған.

Базар жырау. Бұл мақала М.Жұмабаевтың ұйым мүшелері алдында жасаған баяндамасының қысқартылған нұсқасы. Алғаш рет «Ақжол» газетінде 1923 жылы 5-қарашада жарыққа шыққан. Мәтіннің соңында «Мағжан. 5 ноябрь. Мәскеу» деп көрсетілген.

Мақала 1996 жылы шығармалар жинағының 2-3 томдарында (349-б.), 1989 жылы Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, З.Жұмабаевалар құрастырған «Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер» жинағында (340-б.), 2008 жылы шығармалар жинағында (220-б.), 2013 жылы әдеби басылымның екінші томында (191-б.), 2020 ж. «Ақ жол» (газеті) көптомдықтың 13-томында (370-б.) жарияланған.

1996, 1989, 2008, 2013 жылғы басылымдардағы мақала мәтінінде еш айырмашылық жоқ. Ал, 1923 жылғы газетте жарияланған мақаланы араб әрпінен кирилл әрпіне түсірген кезде аталған басылымдарда кей сөздер өзгертіліп, сөйлемдер түсіп қалған: «Талай түндерге *созылған – созылатын»*, «Жазба әдебиетіміз *негізді, берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті* – Жазба әдебиетімі*зге қайтуға міндетті*», «*ұзап – озып*», «*орқап – тарқап*», «*болмай – болмас*», «айтыпты – айтады»,

«Мұраттай – *Мұрындай*», *аңдай – аттай*, *арнайы – аруана*, «Базар жырау *орыс Түркістанды...* – Базар жырау *патша, Арыс, Түркістан...*», «*Шабдан – Жайдан*» «*үбір – ауыр*», «*Құдайбергендерін – Құдай бергенмен*», «*ер етті – реңді*», «*бежеген – жебеген*», «*Қайраты – Қайданы*», «*қашумен – қажумен*», «*кезденіп – кездесіп*», «*еміреніп – әмір ғып*», «*мұздар – мұндар*», «*Түспеді – түспей*», «*Ғазат – азат*», «*тарылып – жарылып*», «*Ар басып – Айрылып*», «*қармансам да – қармансақ та*», «*ер Қорқыттың – Қорқыттың*».

Түпнұсқадағы «*Қартайған кезде Базар жыраудың ақындығына өзінің ойына терең бойлау сазы қосылғанға ұқсайды», «Оның да аспанға үрлеген үміті болған...*» деген сөйлемдер 1996, 1989, 2008, 2013 жылғы жинақтарда түсіп қалған.

Мақала бұл жинаққа «Ақ жол» газеті (1923 ж., №374) негізінде дайындалды.

Әбубәкір ақсақал Дибаев. 1924 жылы М.Жұмабайұлы Ташкент қаласында этнограф, фольклортанушы Ә.Дибаевтың жинаған қазақ әдебиетінің үлгілерін «Тарту» деген атпен құрастырып шығарғаны белгілі. Кітапта «Әбубәкір ақсақал Дибаев» деген тақырыпта алғы сөз жазылған. Соңында «Қазақ-қырғыз Білім кеңесінің мүшесі. Мағжан Жұмабайұлы. 1923 жыл, 30 май. Тәшкен» деген дерек көрсетілген.

«Әбубәкір ақсақал Дибаев» деген алғы сөз 1996 жылы шығармалар жинағының 2-3 томдарында (354-б.), 1989 жылы шыққан Мағжан Жұмабаев шығармаларында (345-б.), 2008 жылы шығармалар жинағының үшінші томында (226-б.), 2013 жылғы әдеби басылымның екінші томында (198-б.) мақала боп жарияланған.

«Тарту» кітабының түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба және сирек кітаптар қорынан алынды. Кітап араб әрпінде жазылған. Көлемі – 216 бет.

Мәтін бұл жинаққа түпнұсқа негізінде дайындалды.

Қырғыздың ауыз әдебиеті. Мақала 1923 жылы «Ақжол» газетінің 318 санында жарияланған. Автор қазақ-қырғыз

ауыз әдебиетінің жиналмай, жылдан-жылға ұмытылып бара жатқанына өкініш білдіреді. Әсіресе, қырғыздың «Манас» жырын түгелдей жазып алуға күш салу керектігін ескертіп, жырды әлем әдебиетіндегі «Иллиада» жырымен теңестіреді. Және қырғыз ауыз әдебиетін жинаушы Қайым Мифтаховқа алғыс білдіреді. Мақалада Қайым Мифтахов – татар азаматы Әбдулқайым Мүптақов деп берілген. Қайым Мифтахов (1982-1948) – манастанушы, қырғыз ауыз әдебиетін жинаушы. 1911-1919 жылдары қазақ ауылдарында (Қостанай, Семей, Торғай, Жетісу облыстарында) мектепте сабақ берген.

Түпнұсқада автор Қ.Мифтахов «Тәшкенде қазақ-қырғыз білім комиссиясына қазақ ауыз әдебиеті түрлері жинақталған сегіз дәптер өткізді» деп жазады, бірақ тізімде жеті дәптерді көрсетеді.

Мақала алғаш рет жарияланып отыр.

Жеті батыр. Түркістанның қазақ-қырғыз білім комиссиясы Әбубәкір Диваевтың жинаған материалдарынан сұрыптап «Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Бекет батыр», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр», «Мырза Едіге батыр» жырларын жеке-жеке кітап қылып шығарған. Бұл – М.Жұмабайұлының осы еңбектерге жазған пікірі. Мәтіннің соңында «Жеті батыр» жырының бағасы, сатылатын орыны және «Х.А. Бұл жырлардың әрқайсысы туралы өз пікірімді екінші бірде жазуға өзімді борышты қылып кетем. Жәжеке» деп жазылған. Алғаш рет 1923 жылы 19 желтоқсанда «Ақ жол» газетінде жарияланған.

Бұрын-соңды ақынның шығармаларына арналған жинақтарға аталған мақала енбеген. 2020 жылы Х.Есенқарақызы құрастырған «Ақ жол» (газеті) көптомдықтың 9-томында (206-б.) жарияланған.

Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа. М.Жұмабайұлы қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мәселелері туралы мақалалар жазғаны бел-

гілі. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә.Диваевпен бірігіп дайындаған бұл бағдарлама 30 бөлімнен тұрады. Бағдарламаның соңында авторлар төмендегідей ескерту берген: «Бұл программа жөн сілтеу үшін жазылып отыр. Өзінің ынтасы бар адам «программамен қолым байланды» деп сылтау қылмас. Біздің өтінішіміз мәдениетке қызмет қыламын деген қазақ-қырғыз баласы осы программаны жоба қылып материал жинап, қазақ-қырғыз білім мекемесіне жіберсін. Бұрын жиналған материал сұрыпталып, баспаға дайындалып жатыр. Жинаушылар, жазушылар, таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырыссын. Қазақтардан елдің өткен тұрмысын сұрастырсын һәм әрбір материалдың қай облыс, қай үйез, қай болыста кімнен алынған, яки істелгені жазыла берсін.

Еліміздің қағаз білетін һәм елге қызмет қылуды өздеріне міндет санаған азаматтарына өтінішпен: Түркістандық Қазақ-қырғыз білім комиссиясының уақытша бастығы: Мағжан Жұмабаев, мүшесі: Әбубәкір Диваев. 1923 жыл, 5 май. Ташкент». Бағдарлама 1923 жылы «Ақ жол» газетінде (№302, 10 мамыр) жарияланған. Жинаққа түпнұсқа негізінде дайындалды.

[Шолпанқұл қажы әңгімесінен]. Мақала мазмұнына сүйенсек, М.Жұмабайұлы Шолпанқұл қажы атты қырғыз азаматынан қырғыз халқының шығу тарихы және «манап» сөзінің мағынасы, шығу төркіні туралы аңыз-әңгімелер жазып алған болуы керек.

1923 жылы «Ақ жол» газетінің №348 нөмерінде жарияланған еңбектің атауын, мақаланың басқы бөлігін табу мүмкін болмады. Газеттің алғашқы беттері сақталмаған. Авторын «Жәжеке» деп көрсеткен.

Мәтін академиялық жинаққа түпнұсқа бойынша ұсынылды.

Алқа. Табалдырық. Төте жазуда жазылған еңбек алты тақырыптан тұрады: «Табалдырық», «Әдебиетіміз», «Бұл күнге шейін төңкеріс һәм әдебиетіміз», «Енді төңкеріс һәм

әдебиетіміз», «Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксшілдік һәм әдебиет не жазуға». Түпнұсқада автор туралы мәлімет немесе басқа деректер көрсетілмеген.

«Табалдырық» – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (1916-1919 ж.) кезекті жеңіліске ұшырағаннан кейін қалыптасқан тарихи жағдайда ұлттық көркем ойға теориялық негіз беріп, оны жаңа сапа және сатыға көтерген ұлы туынды. Мағжан ақын оны өзі құрмақ болған «Алқа» ұйымының бағдарламасы, идеялық ұстанымы ретінде 1924 жылы жазғанын айтады[37]».

2011 жылы аталған еңбек «Табалдырық. Манифест» деген атпен жарық көрді. Кітаптің құжаттық материалдарын мұрағат қорларынан алып, баспаған әзірлеген – тарих ғылымының докторы, профессор М. Қойгелдиев пен тарих ғылымының кандидаты Ш.Тілеубаев.

Түпнұсқаның көшірмесі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Тілеубаев Шәмек Баянұлының жеке мұрағатынан алынды.

Академиялық жинаққа мәтін түпнұсқа бойынша өзгеріссіз дайындалды.

Наурыз. Мақала алғаш рет 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған. Кейін 1996 жылы шығармалар жинағының 2-3 томдарында (356-б.), 1989 жылы «Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер» жинағында (347-б.), 2008 жылғы жинақта (227-б.), 2013 жылы әдеби басылымның екінші томында (201-б.) жарық көрген.

Мәтін жинаққа «Жаңа мектеп» (1926 ж. №3-4) журналының негізінде ұсынылып отыр. Мақаланың түпнұсқасы ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында сақталған.

Н.Мұрсәлімова, Ж.Салтақова

---

[37] Қойгелдиев М. Жаңаотаршылдыққа қарсылық манифесі // Жұмабаев М. «Табалдырық. Манифест». – Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. – 5 б.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845 – 1904) – ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, реформатор. Жаңа тұрпаттағы қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық мәселелерін арқау еткен, Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Абылай хан (Әбілмансұр) (1711 (Ресей деректерінде 1713) – 1781) – қазақ ханы, көрнекті мемлекет қайраткері. Тарихта терең саясаткерлігімен, кемеңгерлігімен танылды. Арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, кейін Еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі. Абылай 1730–40 жылдардағы шайқастарда батырлығымен, қолбасшылық қабілетімен ерекше көзге түседі. 1738–41 жылдары Абылай бастаған қазақ қолы Жоңғар басқыншыларына қарсы бірнеше дүркін соққы береді. 1771 жылы оның басқаруындағы қазақ әскері жерімізді жоңғарлардан біржолата азат етеді. Абылайдың жорықтары туралы «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлер сақталған.

Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) – қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөл маңында дүниеге келген. Сал-серілік дәстүрді барша сән-салтанатымен ұстанған Ақан сері жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазыны жан серігі еткен. Мұндай өмір-салт оның әншілік-ақындық шабытына тұғыр болып, «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжендет», «Екі торы ат», «Алайкөк», «Тер қатқан» сияқты тамаша әндердің дүниеге келуіне себепші болған. Сондай-ақ, оның «Көкшетау», «Сырымбет», «Кербез сұлу» деп аталатын әндері туған жерге, өскен елге деген перзенттік махабаттың

жарқын айғағы. Ақан сері өз кезінде Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты ақын-әншілермен бастас болып, халықтың мәдени-рухани өміріне айырықша ықпал еткен.

Аристотель (б.з.б. 384 – 322) – ежелгі грек философы, логиканың негізін қалаушы. Басқа да ғылымдардың негізін қалаған.

Архимед (б.з.б. 287–212) – ежелгі грек ғалымы, математигі, механигі. Ол Сицилия аралындағы Сиракуз қаласында туып, сонда өмір сүрген.

Ахмет Байтұрсынов (1872–1937) – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі.

Әбубәкір Ахметжанұлы Дибаев (1856–1932) – башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны – Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақалмәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды.

Әзірет Әлі – Оспаннан кейін билікке келген төртінші халифа (656–661 жылдары билік құрған). Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы. Әли ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киелі бейнеге айналған.

Базар жырау (1840–1911) – ақын, жырау. Қызылорда облысы, Қазалы ауданына жақын Қызылқұм өңірінде, бұрынғы Қуаңдария бойындағы Шірік-Рабат деген жерде дүниеге келген. Руы – Шөмекей ішіндегі Балқы, сондықтан ел арасында Балқы Базар жырау аталып кеткен. Базар өлеңдері алуан салалы. «Халық үшін туған қайратты ер», «Жігіттік», «Жиырма бес», «Назекеңе», «Ғашық жарым», «Дүние» т.б. өлеңдерінің мәні ерекше.

Бейімбет Майлин (1894–1938) – жазушы, ақын, драматург, журналист. Қазақ совет әдебиетінің классигі. Ол поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді еңбек етіп, өз дәуірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамының санасындағы өзгерулер мен жаңаруларды, халықтың бастан кешірген күрделі оқиғаларын, әлеуметтік өмірдің шытырман қайшылықтарын көрсетті. Ол 1923–1937 жылдарда елуге жуық кітап, жинақ жариялаған.

Бернияз Күлеев (1899 –1923) – ақын, саясаткер. Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрте болысында дүниеге келген. 1917-1918 жылдары Орынбор мұғалімдер семинариясында білім алған. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының кітаптарды бастырушы өкілі ретінде Қазан қаласында қызмет істейді. Осы жылдары (1922 жылы) ол Мағжан Жұмабаевтың бір томдық жинағын шығарып, оған «Бастырушыдан» деп түсінік жазған. Мағжан мен Бернияздың өте жақын араласқандықтарына ақын қайтыс болғанда жазған «Бернияза» өлеңі мен «Бернияз Күлеев» деген қазанама мақаласы мысал бола алады.

Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – қазақтың ірі мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы. Қазақ халқының 1837–1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. Шыңғыс ханның 27-інші ұрпағы, Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның баласы. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдерінің жиынында қазақ халқының ханы болып сайланады. Кенесары әскерінің ең көлемді әрекеті 1838 жылы Ақмола бекінісін өртеуден

басталады. 1844 жылы 21 шілдеде Кенесары қолы Ахмет Жантөреұлының әскерін тас-талқан етеді. 1847 жылғы Қырғызстандағы шайқаста Кенасары ұсталып, үш ай тұтқында болады. Осы жерде өлтіру туралы шешіп қабылданып, басын алуға бұйрық беріледі. Кенесарының басы Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа сыйланады.

Қошке Кемеңгерұлы (1896–1937) – Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. Бүркеншік есімі «агроном». Ғалымның 1924 жылдан кейінгі еңбектерінде осы бүркеншік есімді қолданғаны байқалады. Қ. Кемеңгерұлы ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы, т.б. тақырыптарда да көбірек зерттеулер жазған.

Ленин В.И. (Ульянов) (1870–1924) – орыс революционері, марксизмнің ірі теоретигі, шешен, философ, кеңестік саяси және мемлекет қайраткері, Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының (большевиктер) негізін қалаушы, Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің бас ұйымдастырушысы және жетекшісі, бірінші төрағасы Ресей КФСР Халық Комиссарлары Кеңесін және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесін, адамзат тарихында тұңғыш социалистік мемлекетті құрушы.

Манас – қырғыздың осы аттас батырлар жырының басты қаһарманы. Қазақтың «Ер Көкше», «Қырымның қырық батыры», «Көрұғлы» т.б. жырларында да кездеседі. «Ер Сайын» жырында оның есімі Қобыландымен қатар аталады.

Міржақып Дулатов (1885–1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған.

Наурызбай Қасымұлы (1822–1847) – батыр, Кенесары ханның туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбай Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды

бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету сияқты істермен айналысқан. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Наурызбай 1847 жылы тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза табады.

Орынбай Бертағыұлы (1813–1891) – айтыскер ақын, жырау, әнші, сазгер. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Көлдей елі, Дауқара ауылында туған. Ол өз тұсында Жанақ, Балта, Шөже, Тоғжан, Серәліқожа, Арыстанбай, Шортанбай, Сақау, Қожабек, Кемпірбай, Тезекбай, Өтеулі, Дана, Байкөкше, Нұркей, Ақан Сері, Құлтума, т.б. ақындармен айтысқан. «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі» Ы.Алтынсарин құрастырған «Киргизская хрестоматия» (1879) оқулығында жарияланды. Ш.Уәлиханов «Қазақ халықтық поэзиясының түрлері жөнінде» деген зерттеуінде ақын өлеңдерінің құрылымын, жүйесін талдады. В.В.Радлов (1870), Я.Я.Лютшъ (1888), С.Сейфуллин (1931), С.Мұқанов, Е.Ысмайылов т. б. зерттеушілер жоғары бағалап, шығармаларын жинап, жариялаған.

Платон (б.д.д. 427-347) – ежелгі грек [иунан] философы, идеализмнің негізін салушы. 407 жылы Сократпен танысып, оның ең сүйікті шәкіртінің бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып, лекция оқыған. Платон жөнінде оның өз шәкірттері мен Аристотельдің атақты шәкірті Аристоксен көп жазған. Қазақтар оны көбінесе «Аплатон» деп атаған.

Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгелм) – (1837-1918) – шығыстанушы, түркітанушы, этнограф. Петербург ҒА-ның академигі (1884). 1858 ж. Берлин университетін бітірген. Азия (1885-1890), антропология және этнография (1894-1903) мұрағаттарының директоры, Орта және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың

бірі және оның төрағасы (1903-1918). Он томдық «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи» жинағының үшінші томы қазақ фольклорына арналған.

Ушинский Константин Дмитриевич (1824 – 1871) – орыстың педагог демократы. Ресейде педагогика ғылымының негізін қалаушы. Оның «Педагогикалық әдебиеттердің пайдасы туралы», «Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы», «Мектепті құрайтын үш мәселе» атты еңбектері бар.

Халел Досмұхамедұлы (1883–1939) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. Ақпан, Қазан төңкерістерінен қатысып, кейін Алаш қозғалысына араласқан. Отандық ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан ғалым. Табиғат, жануарлар дүниесі мен денсаулық сақтауға арналған көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, ғылыми зерттеулер жариялады. «Шернияз шешен», «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат», «Алаш не сөз», «Бұхарадағы Көгілташ медресесінің салынуы туралы әпсана», «Диуани лұғат аттүрік», «Кенесарының соңғы күндері» т.б. еңбектерін жазды. «Мұрат ақын сөзі» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) жинақтары шыққан.

Шәңгерей Сейіткерейұлы (1847–1920) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасып, дамыған қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің бірі, ақын. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің немересі, Бөкей ханның тұқымы. Батыс Қазақстан облысының қазіргі Орда ауданында Хан ордасында дүниеге келген. Орданың Жәнібек жағындағы Көлборсы деген жерді өз меншігі етіп, сол жерге ағаштан, тастан сәулетті үйлер, мектеп, медресе, мешіт салғызып; туыстарының балаларын оқытқан. Өлеңдерінің кейбірі «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Он ғасыр жырлайды» топтамаларына енген.

Шекспир Уильям (1564–1616) – ағылшынның ұлы драматургы әрі ақыны, әлемнің ең әйгілі драматургтарының бірі. 12 трагедия, 16 комедия, 6 тарихи хроника, соның ішінде бірнеше бөліктен тұратын 4 поэма және 154 сонеттен құралатын циклдар авторы. Оның пьесалары әлемнің түгел дерлік тірі тілдеріне аударылып, басқа авторларға қарағанда ең көп қойылады.

Шөже Қаржаубайұлы (1808–1895) – халық ақыны. Жастай ауруға шалдығып, екі көзінен бірдей айрылған ол бала кезінен қобыз, домбыра тартып, той-думандарда ақындық талантымен танылған. Шөже – ірі айтыс ақыны. «Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ» деуіне қарағанда, ол өз заманындағы аты мәлім ақындардың біразымен айтысқан делінеді. Шөже – белгілі эпик ақын, әнші әрі композитор. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көркем әрі толық нұсқасы Шөженің айтуымен таралған. Оның халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілері мен ел шежіресінің асқан білгірі екенін кезінде Ш.Уәлиханов атап көрсеткен. А.Құнанбаев, С. Торайғыров Шөженің ақындық талантын жоғары бағалап, жасқанбай тура айтатын өткірлігін құрмет тұтқан.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмола – Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың ежелгі атауы, облыс орталығы.

Ақтөбе – Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қалалық әкімшілігінің орталығы, қала (1932). Қазақстанның ірі өнеркәсіп және мәдени орталықтарының бірі. Теміржол, әуе және автомобиль қатынастарының маңызды торабы. Мұғалжар тауының оңтүстік батысында Елек өзенінің сол жағалауын айнала орналасқан.

Америка – батыс жарты шардағы екі құрлықтан тұратын дүние бөлігінің бірі. Атлант және Тынық мұхиттары аралығында орналасқан. Оның құрамына Солтүстік Америка мен Оңтүстік Америка құрлықтары, дүние жүзіндегі ең үлкен арал – Гренландия және тағыда басқа жағалауға жақын аралдар кіреді.

Түркістан – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталады. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Бұхар (санскритше вихара – монастырь) – б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Дания – Солтүстік Еуропадағы мемлекет. Ол Ютландия түбегінде және Дания архипелагында орналасқан. Дания Орталық еуропа жазығының солтүстігінде Еуропа мен Скандинавия түбегі аралығында орналасқан. Бұл корольдік IX ғасырдан бастап өмір кешуде.

Еділ (Волга) – Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби – тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын – жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

Ереймен – Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап. Ақмола және Қарағанды облыстары аумағында орналасқан.

Еуропа – Еуразия құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы.

Көкшетау – Қазақстанның солтүстігінде орналасқан тарихи-географиялық аймақ. Қазіргі Ақмола облысының солтүстік бөлігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Тайынша, Ғ. Мүсірепов, Ақжар, Ш. Уәлиханов аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан.

Қызылжар – Петропавл қаласының кең қолданылып жүрген қазақша атауы. Солтүстік Қазақстан облысының қаласы, облыс орталығы (1936 жылдан бері). Қаланың негізі Есіл өзенінің оң жағалауында 1752 жылы қаланған. Қаланың іргесі 1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатында әскери бекініс ретінде қаланған. Алғашында әскери форпост, кейіннен сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солтүстік және Орталық Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды.

Қырым (Қырым таулары) – Қырым түбегінің оңтүстік бөлігіндегі тау. Қара теңіз жағасын бойлай жатқан Бас қырқа – Яйладан және Куэста түбегіндегі орта, солтүстік қырқалардан тұрады. Қырым тауларын адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени үдерістерге өз әсерін тигізді. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады. Сол-

түстік бөлігі – жазық даламен, оңтүстік жағы Қырым таулары-мен ұласады.

Петрбор (Петербург, Санкт-Петербург) – Ресей Федерациясындағы халық саны бойынша екінші қала. Солтүстік-Батыс федералды округінің әкімшілік орталығы.

Ресей (Ресей Федерациясы) – Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан, аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекет. Жерінің ауданы – 17,1 млн км². Батыстан шығысқа қарай – 9 мың км, солтүстіктен оңтүстікке қарай – 4 мың км. Он бір елмен шектеседі, Ресей мен Қазақстан арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

Сарыарқа, Арқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Қарағанды, Ақмола облыстарын толығымен, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігін, Павлодар, Қостанай облыстарының біраз жерін қамтиды. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта жатыр. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, одан ары Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Ташкент – қазіргі Өзбекстанның астанасы. Қазақ хандығы дәуірінде Ташкент қазақ хандары үшін айрықша геосаяси маңызы бар өңірлердің бірі болған. Тарихи деректер Ташкенттің Тәуекел және Есім хандары тұсында қазақ билеушілерінің ықпалында болғанын аңдатады. XYIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде де Ташкент бірде басқыншылардың, бірде қазақ халқының қолына өтіп тұрған.

Үпі губернасы (Уфа) – Башқұртстан Республикасының астанасы. Ағидел өзенінің бойында орналасқан.

Чикаго – Америкадағы Иллинойс штатының ең көп қоныстанған қаласы және Америка Құрама Штаттарындағы халық саны бойынша Нью-Йорк пен Лос Анджлестен кейінгі үшінші қала.

СӨЗДІК

Абылайша – жорық кезіндегі әскери қос.

Артел – топ, ұжым.

Афазия /грек/ – адамның сөйлеу қабілетінен жартылай не біржола айырылуы.

Әлхамду /а/ – «Аллаһқа мадақ болсын!» деген сөз. «Әлхамду лилләһ» көбінесе Аллаһқа шүкіршілік қылғанда, бір нәрсеге қол жеткізгенде айтылатын зікір сөзі.

Баһар /а., п./ – аса жоғары; ғажайып; көктем.

Бәдуам – әліппе.

Бейғам – қамсыз, апаңсыз, жайбарақат.

Бұрхан /қалмақ/ – Құдай.

Гир – өлшеген кезде қолданылатын масса өлшемі.

Губерналық исполком /о/ – губерниялық атқару комитеті.

Ғафлат /а/ – ынтасыздық; елемеу; көңіл қоймау; салақтық; ұқыпсыздық; ақымақ; жайбарақат; бейқам.

Декламация – 1. өлеңді немесе қарасөзді мәнерлеп оқу өнері; 2. музыкада – вокалды шығармадағы ауызша сөзді әуенмен нақтылы түрде жеткізу тәсілі.

Десятина – 0,9 га-ға тең жер өлшемі.

Дюйм – ұзындық өлшемі.

Жағрафия, жағрафиа /а/ – жерді, жер бетін зерттейтін ғылым, география.

Закон /о/ – заң.

Заһир-батын /а/ – анық-жасырын.

Иллалла (*Илла Алла лә иллаһа)* /а/ – Алладан басқа Құдай жоқ.

Искусство /о/ – өнер.

Картина /о/ – сурет.

Кәуір /а/ – Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул китаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа – қолдан жасалған мүсіндерге, отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да жаратылыстарға

табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кебеже – өрнектеліп жасалған жәшіктің бір түрі.

Команда /о/ – кем дегенде үш және одан да көп адамнан құралған топ.

Қадақ – халықтық салмақ өлшемі.

Құл хуа Алла /а/ – айт; ол Алла.

Локализация /о/ – жайғасу орны.

Лұғат /а/ – сөз, лебіз; тіл

Мақсұт /а/ – мақсат.

Миллат /а/ – халық, ел, ұлт

Мин әл-хақ /а/ – Хақтан, Құдайдан

Мұжық – шеті мұжылған, кемірілген; тозған.

Мүрит /а/ – тыңдаушы, ізін қуушы; сопылардың шәкірті.

Наглядно /о/ – көрнекі түрде.

Паралич /о/ – салдану, сал болу.

Пәруардигар /п/ – Тәңірі, Құдай.

Перғауын – көне дәуірдегі мысыр патшаларының атағы, титулы. Олар елді басқарумен қатар тәңірі қызметін де атқарған. Өздерін құдаймыз деп, халыққа өздеріне табынуды талап еткен.

План /о/ – жоспар.

Потребитель /о/ – тұтынушы.

Пролетариат – жеке меншігінде өндіріс құралдары болмайтын, жалдамалы жұмысшылар санаты.

Пұт – 16 келіге тең салмақ өлшемі.

Підие – Ислам діні бойынша өлген адамның күнәсін сақтау үшін молдаларға берілетін құдайы (мал, ақша т.б.).

Ревком – Революциялық комитет.

Сажын – үш кезге парапар ұзындық өлшемі.

Сарф, наху /а/ – «морфология», «грамматика» сөзінің арабша баламасы.

Скульптура /латын/ – әртүрлі заттарды (балшық, балауыз, тас, металл, ағаш) кесу, ою, жабыстыру арқылы жасалған сәулет өнері.

Спиритуализм (латынша spinitus – рух) – дүниенің алғаш негізінің руханилығы туралы идеалистік ілім.

Тағриф /а/ – мән, мағына, түсінік, анықтама.

Термометр – дене қызуын (температураны) өлшейтін құрал.

Фантазия – арман, ойдан шығару, қиял.

Хақ /а/ – әділдік, әділеттілік, туралық; рас; шындық, дұрыстық; ақиқат.

Халфе – мұсылманша оқудың белгілі кезеңін аяқтағандарға берілетін атақ, ишанға дейінгі дәреже.

Харіп – әріп.

Хатта /а/ – тіпті, не болмаса.

Хүкім /а/ – үстемдік, қожалық; үкім, кесім, билік, билеу; бұйрық, басқару.

Һәм /п/ – және, тағы, сондай-ақ.

Шаһбаз, шаһбазия /п/ – кең пейіл, ер жүрек.

Школа /о/ – мектеп.

Ыждиһат /а/ – ынта, талап.

Ықтиһат /а/ – илану, сену, нану, бойсұну.

Ықтият /а/ – мұқият болу; сақтану.

Інжіл – діни кітап, Библия. Діни наным бойынша Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Орынбор, 1922. – 94 б.

2. Жұмабаев М. Педагогика. – Ташкен, 1923. – 108 б.

3. Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. – Түркістан республикасының баспасөз таратушы мекемесі. – Ташкент, 1923. – 20 б.

4. Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. – Мәскеу, 1925. – 20 б.

5. Жұмабайұлы М. Сауатты бол. – Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 64 б.

6. Жұмабайұлы М. Сауатты бол. – Мәскеу, Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1930. – 97 б.

7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 140 б.

8. Жұмабаев М. Пидагогика (баланы тәрбие қылу жолдары). / Құрастырған Ұ.Әбілдаұлы. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.

9. Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 160 б.

10. Жұмабаев М. Таңдамалы. Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.

11. Жұмабаев М. Шығармалар. 2-3 том. – Алматы:Білім, 1996. – 512 б.

12. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

13. Жұмабаев М. Шығармалары. Том 3. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

14. Жұмабаев М. Сауатты бол. – Алматы: Экономика, 2013. – 124 б.

15. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Балжан, 2013. – 320 б.

16. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). Том 2. Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. Құр.: С.Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

17. Жұмабай М. I том. Өмірі мен шығармашылығының шежіресі. – Петропавл: Северный Казахстан, 2018. – 384 б.

18. Жұмабаев М. «Табалдырық. Манифест». – Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. – 108 б.

19. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз: зерттеулер мен мақалалар / М. Базарбаев. – Алматы: Рауан, 1994. – 368 б.

20. Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. Оқу құралы. – Астана: «Астана полиграфия», 2008. – 293-б.

21. Қанарбаева Б. Мағжан шығармаларының фольклорлық қырлары. – Алматы, 1995. – 155 б.

22. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 1-25 том. /Құрастырған Х.Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020.

23. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / құраст.Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.

24. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969.

25. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15 том. – Алматы, 2011.

26. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева, Қ.Күдеринова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

27. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.

28. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған І.К. Кеңесбаев. – Алматы, 1977.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған академиялық басылымының үшінші томына «Педагогика» (1922 ж.), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1923 ж.), «Қызыл әскер әліппесі» (1926 ж.), «Сауатты бол» (1926, 1930 ж.) қатарлы еңбектері мен мақалалары топтастырылды.

«Педагогика» еңбегі осы уақытқа дейін бірнеше мәрте жарық көрді: 1922 жылы Орынборда, 1923 жылы Ташкентте, 1992, 1993, 1996, 2008, 2013 жылдары Алматыда, 2022 жылы Астана қаласында. 1922-1923 жылғы басылымдар араб әрпінде жарияланған. Аталған еңбек 1923 жылы баспаға екінші рет ішінара түзетулермен берілген. 1992 жылғы жинақ та 1923 жылғы басылымның негізінде дайындалған. «Педагогика» кітабының 1922 және 1923 жылғы басылымдарын мәтіндік салыстыру барысында кейбір сөздер мен сөйлемдердің түсіп қалғаны анықталды. Жинаққа 1922 жылғы Орынборда жарық көрген мәтін негізге алынды.

«Бастауыш мектепте ана тілі» еңбегінде М.Жұмабайұлы төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес бала тілін дамытуға арналған жаттығулар мен дағдылар жүйесін жасаған. Еңбек негізгі үш саланы қамтыған. Бірінші тақырып – Кеңес елінде және Қазақстанда мектеп ісінің бұрынғы және қазіргі жайы, Қазақ төңкерісінің ағарту мекемелеріне қоятын талабы болса, екіншісі – ана тілінің мектеп қабырғасындағы орны жайлы, үшінші бір саласы – бастауыш мектепте ана тілінен сабақ беруді жолға қою жолдары сөз болады. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге нақты әдістемелік нұсқаулар беріледі. Бұл еңбек 1923 жылы Ташкентте, 1925 жылы Мәскеуде араб әрпінде жарық көрген. Аталған кітапты алғаш рет 1995 жылы «Жұлдыз» журналында ғалым Ш. Елеукенов қазіргі әріпке түсіріп жариялаған. Томға 1923 жылғы жарияланым негіз болды.

«Сауатты бол» – XX ғасырдың басындағы сауат ашу мектептерінің қысқа курсына бағытталып дайындалған оқулық. Бұл оқулық Мағжан Жұмабайұлының көзі тірісінде Мәскеуде үлкен таралыммен 4 рет басылып шыққан (1926, 1928, 1929, 1930). 1926

және 1928 жылдары араб әрпінде, ал 1929 жылы 50 мың, 1930 жылы 65 мың тиражбен латын әліпбиінде жарық көрген. Оқулықтың мазмұнын негізгі үш бөлімге бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлімде – әліппе, әріптану, сөз құрау, екіншісі бөлімде – саясатқа қатысты танымдық мәтіндер, үшінші бөлімде шаруашылық, тұрмыс саласына қатысты мақалалар қамтылған. Әр жылдары жарық көрген оқулықтың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, олардың арасында айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге болады. 1926 жылғы төте жазумен және 1930 жылы латын әрпімен жарық көрген кітаптарды салыстыру барысында 1930 жылғы басылым мәтіндермен толықтырылғанын, редакция тарапынан көптеген өзгерістер енгізілгенін байқауға болады. Әр тақырыпқа сәйкес суреттер берілген. 1926 жылғы басылымдағы «Әліппе» бөлімінде мысалдар барынша молынан берілсе, 1930 жылғы кітапта мысалдар қысқартылып, сол заманға сай саяси сөздер қосылған.

Екі басылымды (1926, 1930 ж.) салыстыру барысында екінші, үшінші бөлімдердегі бірнеше мәтін тақырыптарының өзгертілгені анықталды. «Қызыл әскер әліппесі» (1926 ж.), «Сауатты бол» оқу құралының 1926, 1928, 1929 және 1930 жылдардағы басылымдары өзара салыстырылды, әр жылғы басылымдағы мәтіндік айырымдар талданды. Еңбектің алғашқы (1926 ж. төте жазуда) және соңғы басылымы (1930 ж. латын әрпінде) арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, аталған екі басылымды қатар беру ұйғарылды.

Сонымен қатар үшінші томға «Бірінші май мейрамы» (1921 ж.), «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» (1921 ж.), «Сайлау» (1921 ж.), «Автономия кімдікі?» (1921), «Голод в Сары-Арке» (1922 ж.), «Ақан сері» (1923 ж.), «Бернияз Күлеев» (1923 ж.), «Қырғыз ауыз әдебиеті» (1923 ж.), «Базар жырау» (1923 ж.), «Жеті батыр» (1923 ж.), «Әбубәкір ақсақал Дибаев» (1924 ж.), «Наурыз» (1926 ж.) атты мақалалары енді. Бұрынғы жинақтарға енбеген «Автономия кімдікі?», «Қырғыз ауыз әдебиеті», «Достық сөз», «Голод в Сары-Арке», «Жеті батыр», «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын,

жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программа», «[Шолпанқұл қажы әңгімесінен]», «Алқа. Табалдырық» атты мақалалары түпнұсқа негізінде дайындалып, алғаш рет жарияланып отыр.

Ұсынылып отырған үштомдыққа ақынның осы уақытқа дейін ғылыми ортаға мәлім шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтану ғылымының сарасынан өткізіліп, әр мәтінге енгізілген өзгертулер мен толықтырыла дәйектелген ғылыми түсініктер берілді. Мәтіндерде кездесетін жер-су атауларының, есімдердің көрсеткіштері, сөздіктер, пайдаланған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйіндемелер сияқты қосымшалармен жасақталды. Жинақтың соңында еңбектердің түпнұсқасы ретінде мәтіні ұсынылған басылымдардың факсимилесі қоса берілді.

Еңбек Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығын зерттеп жүрген ғалымдар мен докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ барша оқырман қауымға арналған.

РЕЗЮМЕ

В третьем томе академического издания Магжана Жумабайулы, изданном к 130-летию со дня рождения, собраны такие труды и статьи, как «Педагогика» (1922 г.), «Родная речь в начальной школы» (1925 г.) и «Основы грамоты» (1926,1930 г.).

Работа «Педагогика» («Пособие для воспитания детей») издавалась в общей сложности несколько раз: первый раз в 1922 году в Оренбурге, второй раз в 1923 году в Ташкенте, в 1992, 1993, 2013 годах в Алматы и в 2022 году в Астане. Издания 1922 и 1923 годов выходили в арабской графике. Издание 1923 года было опубликовано с некоторыми поправками. Сборник 1992 года, в свою очередь, был подготовлен на основе издания 1923 года. При текстовом сравнении изданий «Педагогики» 1922 и 1923 годов обнаружилось отсутствие некоторых слов и предложений в публикации 1923 года. В основу настоящего сборника лег текст, опубликованный в 1922 в Оренбурге.

В работе «Родная речь в начальной школе» М. Жумабайулы разработал систему упражнений и программу оценки навыков развития речи детей для каждого года обучения четырехлетней начальной школы. Работа включает в себя три основных направления. Первое направление – прошлое и настоящее состояние школьной системы: до и после установления Советской власти и требования учреждений просвещения к учебным заведениям. Второе направление – место родного языка в школе. Третье направление включало в себя разработку методики преподавания родного языка в начальной школе. Для учителей и воспитателей были подготовлены конкретные методические инструкции.

Эта книга была издана в 1923 году в Ташкенте и в 1925 году в Москве в арабской графике. Работа была впервые опубликована в современной кириллице в 1995 году в журнале «Жулдыз» учёным Ш. Елеукеновым. Для публикации тома использовалась версия 1923 года.

Учебник «Основы грамоты» был подготовлен для краткого курса школы грамоты XX века. Этот учебник издавался в Москве 4 раза

при жизни Магжана Жумабайулы (1926, 1928, 1929, 1930 гг.). Он был опубликован в арабской графике в 1926 и 1928 годах. Учебник увидел свет на латинице тиражом 50 000 экземпляров в 1929 году и тиражом 65 000 экземпляров в 1930 году. Содержание учебника можно разделить на три основные части. Первая часть включает в себя алфавит, орфографию, словообразование. Вторая часть состоит из учебных текстов, связанных с политикой. В третьей части учебника можно найти бытовые и экономические статьи.

Несмотря на то, что содержание учебников, изданных в разные годы, на первый взгляд кажется одинаковым, в них можно найти различия. Сравнивая учебники, изданные в 1926 году в арабской графике, а в 1930 году на латинице, можно заметить, что издание 1930 года было дополнено новыми статьями, содержание учебника подверглось изменениям. К каждой теме появились иллюстрации. Если в разделе «Алфавит» издания 1926 года было много примеров, но в книге 1930 года примеры были сокращены и добавлены политические слова, соответствующие духу времени.

При сравнении двух изданий (1926, 1930 гг.) были обнаружены изменения некоторых заглавий текстов во второй и третьей частях. Проведено сравнение учебников «Азбука Красной Армии» (1926 г.) и «Основы грамоты» 1926, 1928, 1929 и 1930 гг., а также проанализированы текстовые различия в изданиях каждого года. Принимая во внимание различия между первым изданием (1926 года в арабской графике) и последним изданием (1930 г. в латинской графике), было решено опубликовать оба издания.

Кроме того, в третий том добавлены статьи «Первое Мая» (1921 г.), «Письменные учебные пособия и наша школа» (1921 г.), «Выборы» (1921 г.), «Голод в Сары-Арке» (1922 г.), «Акан сери» (1923), «Бернияз Кулеев» (1923), «Кыргызская устная литература» (1923 г.), «Базар жырау» (1923 г.), «Семь батыров» (1923 г.), «Абубакир аксакал Дибаев» (1924 г.), «Наурыз» (1926 г.). «Кыргызская устная литература», «Достык соз», «Голод в Сары-Арке», «Жети батыр», «Литература, описывающая быт и традиции казахско-киргизского народа и другая устная литература», «[Из рассказа Шолпанкул

кажы]», «Алка. Табалдырык» и другие не вошедшие в предыдущие сборники были подготовлены на основе оригинала и публикуются впервые.

В представленном трехтомном труде собраны все известные до настоящего времени научному сообществу произведения поэта, все они научно и текстологически сопоставлены, а к внесенным в каждый текст изменениям и дополнениям даны научные пояснения. Добавлен указатель топонимов, имен и названий, встречающихся в текстах. Представлен словарь, список использованной литературы, аннотации на русском и английском языках. Прилагается факсимиле издания, текст которого представляет собой оригинал работы.

Труд предназначен для ученых и докторантов, магистрантов и студентов, изучающих творчество Магжана Жумабайулы, а также для широкой читательской аудитории.

SUMMARY

The third volume of the academic edition of Magzhan Zhumabayuly, which is being published on the occasion of the 130th anniversary, the works and articles such as «Pedagogy» (1922), «Native language in primary school» (1923), «Red army alphabet» (1926), «Be literate» (1926, 1930) have been collected.

The work «Pedagogy» has been published several times so far: first time in 1922 in Orynbor, second time in 1923 in Tashkent, in 1992, 1993, 1996, 2008, 2013 in Almaty, in 2022 in Astana. The editions of 1922-1923 were published in Arabic. This work was published for the second time in 1923 with partial corrections. The 1992 collection was also prepared on the basis of the 1923 edition. During the textual comparison of the 1922 and 1923 editions of the «Pedagogy» book, it was found that some words and sentences were omitted. The collection was based on the text published in Orinbor in 1922.

In the work «Native language in the primary school», M. Zhumabayuly created a system of exercises and skills for the development of children's language by each year of the four-year primary school. The work includes three main areas. The first topic is the past and present state of school work in the Soviet Union and Kazakhstan, the demands of the Kazakh revolution on educational institutions, the second topic is the place of the native languages in schools, and the third topic is the ways to start teaching the native language in elementary schools. Specific methodical instructions are given to the teachers and mentors. This work was published in 1923 in Tashkent and in 1925 in Moscow in Arabic script. This book was published for the first time in 1995 in «Zhuldyz» magazine by scientist Sh. Eleukenov published in modern typeface. The volume is based on the 1923 publication.

«Be literate» is a textbook prepared for the short course of literacy in schools at the beginning of the XX century. This textbook was published 4 times in Moscow during the lifetime of Magzhan Zhumabayuly (1926, 1928, 1929, 1930). It was published in Arabic script in 1926 and 1928, and in Latin alphabet with a circulation of

50,000 copies in 1929 and 65,000 copies in 1930. The content of the textbook can be divided into three main parts. In the first part – alphabet, spelling, word formation, in the second part – educational texts related to politics, in the third part there are articles related to economy and life. Although the internal content of the textbook published in different years seems to be the same at the first sight, it is possible to make sure that there are differences between them. Comparing the books published in 1926 with the shorthand and in Latin letters in 1930, it can be seen that the 1930 edition was supplemented with texts, and many changes were made by the editors. There are pictures corresponding to each topic. In the «Alphabet» section of the 1926 edition, examples are given as abundantly as possible, but in the 1930 book, the examples are shortened and political words which were appropriate to that period are added.

During the comparison of two editions (1926, 1930), it was found that several text titles in the second and third parts were changed. The editions of «Red Army Alphabet» (1926), «Be Literate» textbooks in 1926, 1928, 1929 and 1930 were compared, and the textual differences in the editions of each year were analyzed. Taking into account the differences between the first edition (1926 in shorthand) and the last edition (1930 in Latin script) of the work, it was decided to publish these two editions at the same time.

In addition, in the third volume the articles «May Day» (1921), «Zazhylchak educational manuals and our school» (1921), «Election» (1921), «Cold in Sary-Arka» (1922), «Akan Seri» (1923), «Berniyaz Kuleyev» (1923), «Kyrgyz Oral Literature» (1923), «Bazar Zhyrau» (1923), «Seven Heroes» (1923), «Abubakir aksakal Dibayev» (1924), «Nauryz» (1926) were added. «Kyrgyz oral literature», «Dostyk soz», «Hunger in Sary-Arka», «Zheti batyr», «Literature describing the life and traditions of Kazakh-Kyrgyz people and other oral literature», «[...From the Sholpankul kazhy story]», «Alka. Tabaldyryk» and others not included in the previous collections were prepared on the basis of their original and are published for the first time.

In the presented trilogy, the works of the poet which are known to the

scientific community have been listed as much as possible, they have been examined in terms of textology, and the changes and additions made to each text have been scientifically justified. The index of place-names, names found in the texts, dictionaries, list of used literature, summaries in Russian and English were added. A facsimile of the publication which text is presented as the original of the works in the collection is attached.

The work is intended for the researchers and PhD students, graduate students and students studying Magzhan Zhumabayuly's creativity, as well as for all readers.

М А З М Ұ Н Ы

ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

ПЕДАГОГИКА (1922 ж.) 7

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АНА ТІЛІ 143

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ӘЛІППЕСІ 164

САУАТТЫ БОЛ (1926 ж.) 224

САУАТТЫ БОЛ (1930 ж.) 280

МАҚАЛАЛАРЫ

БІРІНШІ МАЙ МЕЙРАМЫ 348

ЖАЗЫЛАШАҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ ҺӘМ МЕКТЕБІМІЗ 350

САЙЛАУ 356

АВТОНОМИЯ КІМДІКІ? 358

ДОСТЫҚ СӨЗ 361

ГОЛОД В САРЫ-АРКЕ 364

АҚАН СЕРІ 367

БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ 402

БАЗАР ЖЫРАУ 404
ӘБУБӘКІР АҚСАҚАЛ ДИБАЕВ 412
ҚЫРҒЫЗДЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ 415
ЖЕТІ БАТЫР 418
ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНІҢ ТҰРМЫСЫН, ЖОЛ ШАРАСЫН СУРЕТТЕГЕН ҺӘМ БАСҚА АУЫЗДА ЖҮРГЕН ӘДЕБИЕТТІ ЖИНАУ ҮШІН ПРОГРАММА 421
[ШОЛПАНҚҰЛ ҚАЖЫ ӘҢГІМЕСІНЕН] 427
АЛҚА 430
НАУРЫЗ 448

ФАКСИМИЛЕЛЕР 451

ҚОСЫМШАЛАР

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР 659
ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ 691
ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ 698
СӨЗДІК 701
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 717
ТҮЙІНДЕМЕ 719
РЕЗЮМЕ 722
SUMMARY 725

Мағжан

Шығармаларының академиялық толық жинағы

Үшінші том

Қазақ тілінде

Дизайнер ????
Техникалық редактор Ж.Бәделұлы
Беттеуші А.Сқақова

Басуға қол қойылды 08.10.2023.
Пішімі 60x90$^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі таймс. Шартты баспа табағы 47,5.

Түркі Академиясы
Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қаласы, Есіл ауданы,
Е-179 көше, Дипломатиялық қалашық, 32-үй
Тел.: +7 (7172) 57-49-04; E-mail: ITApressa@gmail.com